



**КӨКШЕҢІ АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ**  
**СЛАВНЫЙ СЫН**  
**ЗЕМЛИ КОКШЕТАУСКОЙ**

В гар меморандум  
бийшілдек күрістегінде  
7-нш.

Сыныпов Багырбек.

7. 1. 2020 г

Он

Дисертация оғанындағы  
түрліліктірдің салдарынан  
және олардың үзіндігінен  
жариялданылған.

Серкін атасының дүниеге  
нұрадағы есептерді.

Он

**Ақмола облыстық ардагерлер кеңесі  
Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесі**

**КӨКШЕНИҢ  
АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ**



**Көкшетау – 2020**



### *Еркін Нұржанұлы ӘУЕЛБЕКОВ*

Ол Көкшетау облысының даңқын асырып, Қазақстанның және Кеңес Одағының ірі астықты өлкесіне айналдырды және Көкшетау қаласын республиканың ең көрікті облыс орталықтарының бірі етті.

Ол Торғай өңірінің тыңдаласын қайта түлетіп, облыстың жан басына шаққанда астық өндіру бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне алып шықты.

Ол Қызылорда облысына басшылық ете отырып, оның экономикасын едәуір биік деңгейге көтерді, сұын тартылып

семіш бара жатқан Арал теңізіне қайтадан жан бітірді, КСРО кезеңінде ерекше мәртебеге ие болған және Мәскеуге тікелей бағынышты Байқоңыр қаласының әскери әкімшілігін облыс басшылығының пікірімен сапасуға мәжбүр етті.

Оның өмір жолы мен еңбек өмірдерегі – туған халқының және Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы ерлік істері, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өнегелі үлгісі.

Кеңес Одағының және Қазақстанның мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Жогарғы Кеңесінің 8-11 шақырылымдарының депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің тұракты мүшесі, Қазақ КСР-нің Жогары Кеңесінің депутаты Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің туғанына 2020 жылдың 22 маусымында 90 жыл толды.

К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылығы академиясын ойдағыдан бітірген соң Е.Н. Әуелбеков Солтүстік Қазақстан облысындағы МТС-тің алдымен бас агрономы, содан соң директоры және «Марьевский» кеңшарында директор болып еңбек жолын бастады.

1961 жылы 31 жасында аудан деңгейіндегі буынды айналып етіп, Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитетті төрағасының орынбасарылығына тағайындалды, одан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

1965 жылы Қазақ КСР-нің Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, ал 1968 жылы Республиканың астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі болып тағайындалды. 1968 жылы – Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1978 жылы Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1985 жылы – Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. 1989 жылы КСРО Жогары Кеңесі Ұлттар Кеңесінің ұлттық саясат және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары болып сайланды.

Уш мәрте Ленин орденімен, Октябрь революциясы орденімен, үш рет Еңбек Қызыл Ту орденімен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Елі мен жеріне, халқына берері көп, арманы асқақ атпал азамат жасы 69-га қаражан шағында мезгілсіз дүниеден өтті.

## **ӨЗ ХАЛҚЫНЫң ҰЛЫ ПЕРЗЕНТИ**

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков – XX ғасырдағы Отанымыздың тарихындағы аты аңызға айналған биік тұлға. Ел ішінде ондай адамдарды «Ұлылар өмірге жүзжылдықта бір рет келеді», - дейді. Жылдар өтер, ондаган жылдар артта қалар, бірақ бұл халық ардақтысы, ұлы Адамның есімі ел жадында мәңгі сақталады, қарапайым халықтың арасынан шықкан оның биік тұлғасы шынайы басшының ғажайып кейпін бейнелейді. Халқының игілігі жолында ол бар өмірін, қызметін арнады, биліктің ұлан-гайыр өкілеттілігін қалайша дұрыс пайдалану керектігінің жарқын үлгісін танытты. Сондықтан да Еркін Нұржанұлының аяулы есімі ол қызмет еткен өнірлердің және бүкіл Қазақстан халқының тағылымды тарихы және игілігі болып қала бермек.

Еркін Нұржанұлы туралы өткен шақта айтудың өзі қын, ал оның 20 жылдан астам уақыттан бері біздің арамызда, оның туган киелі Көкше жеріндегі және оның енбекшор халқының ортасында жоқ екендігіне сену тілтен қын болса керек. Біз өзіміздің талантты басшы, мемлекет, саяси және қоғам қайраткері, тенденсі жоқ занғар тұлғамыздан тым ерте айырылып қалғанымызды енді гана түсінгендейміз.

Өткен уақытқа кез жүгіртіп, бүтінгі күннің ағымымен салыстыра қарасақ, біз оның ең алдымен бұрынғы Көкшетау облысы мен Көкшетау қаласының және өзі бірінші басшы болған өзге өнірлердің дамуына қосқан ұлан-гайыр енбегінің жемісін көріп, тиісті бағасын бере аламыз. Өкінішке орай, оның үзенгілестері мен пікірлестері, сенімді серіктерімен бірге ондаган жылдар бойы өз қолдарымен тұрғызып, жасампаздықпен құра білген көптеген адами және қоғамдық құндылықтары ұшты-күйлі жоғалып келмеске кетті, дәл қазір жана мемлекетті қалыптастыру кезеңінде оның іскерлігі мен сабырлылығы, асқан көрегендігі, қоғамды жаңартуға мемлекеттік тұрғыдан қарай білуі, еңбек адамына, жалпы халыққа деген қамқорлығының аудай қажеттігі айқын сезіліп отыр.

«Табиғатынан ақылды, білімдар, терен ойлы және ой-талғамы ерекше ауқымды, талантты үйимдастырушы, көрнекті саясаткер және мемлекет қайраткері. Өнір және республика

денгейінде саяси, халық шаруашылығының күрделі мәселелерін бірлесе шешіп, онымен қызметтес болған жерлестері де, өзгелер де оның дәл осындай екенін жақсы білді және олардың сана-сезімінде ол дәл сондай болып сақталып қалды. Еркін Әуелбеков – бар ғұмырын Отаны мен халқына қызмет етуге, туган өлкесінің гүлденуіне арнаған Қазақстан Республикасының адал ұлы, зангар тұлғасы. Ал оның өмір жолы жайлы және бірқалыпты болды деп айта алмаймыз, тіптен кейде уақыттарда «ыны да болды», - дейді онымен Тимирязев Академиясында бірге оқыған жерлесі Токтар Есенеев.

Бүгінде, өзінің бас пайдасын, отбасының, жақындарының, тамыр-таныстарының гана қамын ойлайтындар аз емес, Еркін Әуелбековтей адал, ақжарқын, әділетті, елге жаны аштын адамдардың арамызда ете тапшы екені көнілімізде өкініш пен реніш сезімін ұялатады. Өндірістін, экономика, мәдениет және білімнің бүкіл салалары бойынша оның ұлан-гайыр танымы, терен теориялық және практикалық білімімен ұштасып жататын керемет іскерлігі, ауқымдылығы, шапшандығы мен тиянақтылығы әрқашан таң қалдыратын. Оның нақты белшектерге жете көніл аударып, көкейтесті мәселелерді шешуде және оларды іс-жүзінде орындауда біруақытта ауқымды жол табуымен сәйкес келетін. Ұмырасызық, талапшылдық, қатаандық пен принципшілдік оның бойындағы қарапайымдылығымен, жеке басының кішіпейділігімен, күй талғамайтындығымен ғажап үйлесімдік табатын. Өзінің табиғи қалпын сактап, қашанда ұстамдылық танытып, көптің алдында көзге түсуге тырыспайтын. Лепіріп сөйлегенді, шұбыртпа сөзді, асыра мақтаганды, бей-берекеттілікті, шарттылықты ұнатпайтын. Өзі физикалық тұрғыдан жұмысқа жоғары қабілетті болған соң, өзгелерден де соны талап етіп, жұмысты жанын салып істеуге шақырды. Өзі қашанда жинақы, ширак болатын және өз-өзіне жоғары талап қоятын. Шеніне қарап бәйек болғанды жек көретін. Ал қазір шеніне қарап құрмет көрсету және бітпейтін жоспарлар мен тапсырмаларды, стратегияларды, талқылау бойынша сөз жарыстыру таусылмайтын болды. Өз істегенің үшін өз арынның алдында жауап беру – өлшеусіз жетістік ретінде бағаланатын ерекше қасиет. Ол кісінің ең басты қасиеті жауапкершілік, ар-

ождан мен парыз болатын. Бойындағы қарапайымдылығы мен ақжарқындығы, адамдарга, әсіресе қарапайым халықта деген сыйластығы мен қамқорлығы, жастарға деген әкелік мейірімі оны өңірлерде де республика көлемінде де зор бедел мен құрметке бөледі.

Еркін Нұржанұлы 1930 жылы 22 маусымда сол кезде Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Рузай ауданының Жаңасу ауылында мұғалімнің отбасында дүниеге келді. Ауыл мектебінің мұғалімі болған әкесі педагогика саласындағы еңбегі үшін, сол заманда өте сирек кездесетін, тіпті бұл санаттагы қызметкер үшін ерекшелік болып табылатын Қазақ КСР-нің еңбек сінірген ұстазы атағына ие болып, Ленин орденімен марапатталды.

Е.Н. Әуелбеков 1968 жылы Көкшетау облысының бірінші басшысы болып сайланғанда өз қолымен толтырган кадрларды есепке алу архивтік құжатында 1948 жылы орта мектепті алтын медальмен үздік бітіргеннен кейін Қазақстанның бір топ мектеп бітірушілерімен бірге атақты Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық Академиясына түсіп, 1953 жылы оны үздік дипломмен бітіргені жазылған. Оқу орны басшылығының оған Академияның аспирантурасында қалып, гылыми жұмыспен айналысу туралы берген ұсынысын қабылдамай, елге оралып, ата-анасына көмек көрсетіп, практикалық тұрғыда жұмыс істеуді жөн көрді. Жас маманның еңбек жолы, оның таланттының лайықты бағалануы, қызмет баспалдақтарымен биіктеге самғауы өзгеге сабак. Өз еңбек жолын 23 жасында ірі МТС-тің бас агрономынан бастап, 26 жасында оның директоры, содан соң осы шаруашылықтың негізінде жаңадан құрылған «Марьевский» кеңшарының алғашқы директоры болып тағайындалады. 31 жасында аудандық билік деңгейін айналып өтті, бұл сол кезеңде сирек кездесетін жағдай еді, Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, 33 жасында облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, 34 жасында сол облыстың атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарады. 35 жасында оны Қазақ КСР Ауылшаруашылығы министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындаиды, ал 1967 жылдың сәуір айында ол Қазақстан Республикасының астық өнімдері және құрамажем министрі болады. Ол өзіне тән шапшандықпен

және өз мінезіне лайық ширактықпен, бойындағы білімі мен тырнақтап жиган мол тәжірибесін іс жүзінде қолдана білетіндігімен, еңбек ұжымдарымен, жеке адамдармен ортақ тіл табысып жұмыс жүргізе алатын іскерлігімен, 14 жылда бас агрономнан бастап министр лауазымына дейін көтерілді. Алған білімі мен еңбекқорлығының, табандылығының арқасында ол осы жылдар ішінде өмірдің азы-тұщысын татып, жауынгерлік мінез шындалп, практикалық білім мен өмірлік тәжірибе жинақтады. Бұл оның жаңа биіктеге жетуіне жол ашты және шыгармашылық шабыт берді. 1968 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануы жап-жас, дарынды басшы үшін жұлдызды сәт болды. Өйткені ол сол кезде тек Қазақстан бойынша гана емес, бүкіл Кеңес Одағы көлемінде ең жас бірінші хатшы болатын. Осы жерде талантты жас басшыға сенім артып, оған үлкен өмірге жолдама берген Қазақстанның партия ұйымының көшбасшысы Д.А.Қонаевтың көрегендігін атап өткен дұрыс. 1944 жылы құрылған Көкшетау облысы, 1997 жылы жабылғанға дейінгі тарихындағы 53 жыл ішінде облыс басшылығында 16 облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары, әкімшілік басшылары мен облыс әкімдері болды. Солардың ішінде облысқа қатарынан 10 жыл бойы басшылық еткен тек Еркін Нұржанұлы. Егер басқа облысқа қызметі аудиспағанда одан да ұзақ басқарушы еді. Ал оның жемісті еңбегі мен шыгармашылық қызметінің толайым табыстарын бұрынғы Көкшетау облысының тыныс-тіршілігінен, оның көркем келбетінен айқын қөруге болады. Сол жылдары облыс тың алқабының атақты жаздық бидайының қатты және күшті түрлерінін жалпы алымын төрт миллион тоннадан асырды, сондай-ақ, картоп пен көкөніс өсіруде айтарлықтай жоғарғы жетістіктерге қол жеткізді, өнір ірі астық өндіруші деген данқа не болды, экономика, әлеуметтік және мәдени салалар қанатты қарқынмен дами бастады. Азық-түлік бағдарламасы мерзімінен бұрын орындалып, малшаруашылығы өнімдерін өндіру екі есеге үлгайды. Ал Көкшетау заманауи инфрақұрылымдары, жаңа әуежайы, теміржол вокзалы, автовокзалы, үй құрылышы комбинаты және қарышты қадаммен дамып келе жатқан атақты

«Қазақстанның Швейцариясы» - Шучье-Бурабай демалыс аймагы бар ірі облыс орталығына айналды.

Еркін Нұржанұлы өзінің туған елінің төрінде, киелі Көкше оңірінде, халқына сіңірген еңбегінің арқасында көрнекті мемлекет және саяси қайраткер дәрежесіне дейін көтерілді. Ерен еңбегінің нәтижесінде 43 жасында Социалистік Еңбек Ері атагына ие болды. Ол асқан талантты көшбасшысы атанды, халық шаруашылығын басқаруда Қазақстанның көптеген мемлекеттік басшыларынан кем түспейтін, терезесі тен, тіпті көбінен басым түсетін, шаруаны ұршықша иіретін керемет дарынды қолбасшы болды. Өз елінде табиғи таланттын одан әрі ұштап, көрікті Көкшені одан әрі ғұлдендірмек болған тамаша жобаларының ауқымды көлемі өкінішке орай жүзеге аспай қалды.

Е. Н. Әуелбеков 1978 жылы Торғай облыстық партия ұйымының басшысы болып сайланды. Ол башылық еткен жеті жылдың ішінде жартылай құладауда жатқан облыстың тыныс-тіршілігіне жан бітіп, өркендең өрге басып, Одак көлемінде өзінің болашағы зор екенін нақты істермен дәлелдеді. Ал жан басына шаққанда дәнді-дақыл өсіруде Торғай облысы әлемдік деңгейде алдыңғы қатарға көтерілді. Облыс орталығында заманауи әуежай, теміржол вокзалы, автовокзал, әмбебап дүкен, облыстық партия комитетінің 8 қабатты гимараты мен өзге де әкімшілік гимараттар салынды, тұрғын үй құрылыштары қарышты қадаммен дами бастады. Сол кезеңде облыс орталығы Арқалық қаласында авиамотор, жүк машиналарын шығаратын, кірпіш зауыты, ұн дийрмені, нан комбинаты, мал азығын шығаратын зауттар іске қосылды. Арзан көмір өндіретін Қызылтай көмір өндіру кешені мен Сұрган су электр стансасын салу жоспарланған болатын, Еркін Нұржанұлының Қызылорда облысының бірінші басшысы болып сайлануына байланысты бұл жобалар да жүзеге асырылмай қағаз бетінде гана қалды.

Қызылорда облысының еңбеккерлері талантты басшы, көрекен саясаткер Еркін Нұржанұлын ерекше мактандышпен еске алып, құрмет тұтады. Ол кісінің еңбегін жұрт әлі күнге дейін азыз қылып айтады.

Қызылорда облысы құрылғаннан бері (1938 жыл) оны 17 адам басқарған (1938-1941) еken, солардың арасында Е.Н. Әуелбеков облысты төрт-ақ жыл басқарса да (1985-1988) ел арасында ерекше сый-құрметке ие болды. Еркін Нұржанұлы Қазақстан басшыларының ішінен бірінші болып Арал теңізіндегі экологиялық апат мәселесін мемлекеттік және халықаралық деңгейде көтерді және оның бастамасымен сол апattyң кесапатын жойып, Аралга қайтадан жан бітіру мақсатында қауулылар мен шешімдер қабылдады, нақты атқарылатын істердің жобалары жасалды. КСРО Үкіметінің «Қызылорда облысын жедел дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын қабылдауға қол жеткізді, жалақы төлеу үшін шөл коэффициенттері енгізілді. «Құмкөл» мұнай кен орнын игеру және Оңтүстік Торғай кенішінде барлау жұмыстарын бастау, тоқыма фабрикасын, «Рисмаш» зауытын ашу, Шалқия кенішін пайдалану Е.Н. Әуелбековтің есімімен тығыз байланысты. Ол «Байқоныр» гарыш айлагының әскери басшылығының бақылаусызы әкімшілік саясатына табандылықпен түбегейлі қарсы тұрып, оларды облыс және тұрғындардың, гарыш айлагының маңында тұратын халықтың мұдделерімен санасуға мәжбүр етті.

Қызылорда облысында атқарған жұмысынан кейін оның бай өмірбаянындағы жарқын сәттерінің бірі КСРО Жоғарғы Кеңесінің халықаралық істер жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары болып сайлануы. Ол қысқа мерзім ішінде өзінің біліктілігімен және жұмысқа қабілеттілігімен Одақтың жогары басшылығының сеніміне ие болды. Ел алдындағы беделі мен халықтың сенімінің арқасында зейнеткерлік жасқа дейін қызмет істеген Еркін Нұржанұлының Одақ құлдырап, құлағаннан кейін де Мәскеуде қалып енбек жолын жалғастыруға мүмкіндігі болды. Өйткені оның жылдар бойы жинақтаған абырай-беделі мен оған білдірілген сенім қай қызметте болмасын өзінің оң ықпалын тигізетіні айқын еді. Бірақ, тәуелсіз Қазақстанның жогары басшылығы оны Отанына оралуға шақырды. Ал ол болса өзінің бай тәжірибесін жаңа тәуелсіз мемлекетті қалыптастыруға жұмылдырсаң деген оймен, бұл ұсынысқа қарсы болған жок.

Алайда, Президент Кеңесшісі лауазымы Еркін Нұржанұлының қызмет аясын кен көлемде жүргізуге шектеу

болды. Өйткені ол ешқандай міндеттер мен нақты тапсырмаларға жауапты болмады, дәлірек айтсақ, оған жауапты болуға мүмкіндік берілмеді. Өзіне деген мұндағы қарым-қатынасты жете түсінген ол басшыға тән өзінің зор мүмкіндіктері мен жоғары әлеуетін толық пайдалана алмаған соң құрметті демалысқа кетуге мәжбүр болды. Бірақ, құрметті демалысқа шықса да, біздің ел басқарған, тәжірибесі мол саясаткер, көрнекті жерлесіміз еңсесін түсірмеді, өйткені бұл оның жігерлі мінезіне жат болатын. Ол өзінің туган ауылы Жаңасуға келіп шаруа қожалығын құрып, өндірістік және әлеуметтік нысандар салды және шаруалар партиясын құруға бел шеше кірісті. Келешекте өзі басшылық жасамақ оймен партияның Жарғысы мен Бағдарламасын жасауға кіріседі. Өйткені оған барлық ауыл тұргындары, оның қызығы мен қындығы мол өмір жолында катар жүрген серіктестері мен жақтастары үлкен сенім артты. Шындығында сол кезеңде, одан кейінгі уақытта да мұндағы кесек тұлға болған жок! Бірақ, күтпеген жағдай орын алды. Жасы 69-ға қарабан шағында ол мезгілсіз дүниеден отті. Ұң-шыңсыз, жақсы адамның ақ ниетіндей жарық дүниеден өте шықты. Қатты науқастан да емес, тіпті оның аурухана парагын алғаны да ешкімнің есінде жок. Сұрқысыз іштарлық пен теріс пигыл осы бір киелі Адамның, барша Қекше жерінің сүйікті патриоты, асыл азаматы, біртуар дарын иесінің ғұмырын қысқартты. Бұрынғы Министр және Республика Үкіметі төрағасының орынбасары М. Ахметова айтқандай: «Еркін Нұржанұлының қайтыс болуы - орны толмас қайғы. Ол өз халқының көшбасышибы болатын, халқының бар қыншылығын арқалап өтті, халқының өмірін жақсарту үшін мәндай тер төгіл, қажырлы енбек етті. Оның рухы, ол туралы естелік, оның жарқын бейнесі мәңгілік бізben бірге, мұндағадар өлмейді. Халық тірі тұрганда, оны әрдайым есте сактайтын болады. Оның жарқын есімі Қазақстан тарихына, халық тарихына мәнгі жазыллады».

2020 жылдың 22 маусымында біздің көрнекті жерлесіміздің туганына 90 жыл толуына орай, біз бұл мақаламызben барлық денгейдегі басшыларға, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың басшыларына, жас үрпаққа оның өнегелі өмірін, өзінің жеке басы үшін емес, халықтың игілігі үшін атқарған

жасампаз еңбегін еске салғымыз келеді. Бұл тарих үшін, келешек ұрпақ үшін, осы жерде өмір сүріп отырган баршамыз үшін аса қажет.

Атаулы күнге дейін біз өз мақаламызды, оның бай өмірбаянын бүгінде ортамызда жүрген бұрынғы Көкшетау облысының еңбегі сіңген басшыларының, саяси қайраткерлерінің естеліктерімен, сондай-ақ, өмірден озған Көкшетау жерінің мақтанышы мен даңқына айналған Еркін Нұржанұлындай керемет адам туралы жазған адамдардың бір үзік сырларымен, сонымен қатар ел үшін еңбек етіп, өшпес із қалдырган өзге өнірлерден жиналған естелік-әңгімелермен толықтыруды жөн көрдік.

Ал оның анағұрлым толық жұлдызды еңбек өмірдерегін біз облыстық «Арқа ажары», «Ақмолинская правда», «Көкшетау сегодня», «Бұқпа» газеттерінің беттерінде 90-жылдық мерейтойы күні қарсанында жариялауды жөн көріп отырмыз. Оның үстіне біз Көкшетау қаласы мен бұрынғы облыс өнірлерінің тарихындағы бұл айтулы датаның қандай деңгейде өткізіліп, жарияланатынын білмейміз, ал еңбекші халық пен әсіресе жас ұрпақ осы көрнекті тұлғаның Қазақстан мен оның халқының тарихындағы рөлі туралы білуі тиіс.

*A. Татарский, A. Темірбаев, A. Мурzin, Ш. Әлиев, А.Дәулетов,  
Т. Махметов (Нұр-Сұлтан), Б.Рахымов, В.Брынкин (Мәскеу),  
Б.Балташев, И.Егоров (Омск), А.Положенцев, К.Щерба,  
партия және еңбек ардагерлері.*

## ОЛ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАДЫНДА МӘҢГІ САҚТАЛАДЫ

Әр жылдың 29 қантары көкшетаулықтар үшін орны толмас қайғы мен еске алу күні. 1999 жылдың 29-қантарында денсаулығы мықты, күш-жігерге толы, Көкшетау жерінің ерен ұлы, көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков өмірден өтті. Биыл 90 жылдық мерейтойын тойлайтын атпал азаматынан Көкшетау, жалпы Қазақстан жері тым ерте айырылып қалды. Оның жиырма жылдан астам уақыт біздің ортамызда жоқ екеніне сену қын, ал ол туралы өткен шақта айту мен жазу одан да қын. Қаншама жыл өтсе де ол туралы естелік ешқашан өшпейді, ал оның жеке тұлғасы мен жақсы істеріне берілген баға бұрынғыдан да жогарылап, манызы арта бермек. Халқының сүйікті ұлы, партия көшбасшысы, елінің иглігі үшін атқарған еңбек женістері үшантеніз, мінсіз абырайға, көзбояушылық пен айғай-шудан ада, таза даңққа толы, қысқа болса да жарқ өткен жарқын өмір сүрген, бойында әлі саяси, еңбек қажыр-қайраты сарқылмаған шағында өмірден өтті. Ол келешекке деген өзінің жоспарларымен, ойтұжырымдарымен алыстан қармайтын, өз халқы мен елінің ертеңін ойлайтын.

Біз, бұрынғы Көкшетау облысының партия және еңбек ардагерлері 1999 жылдың 29 қантарын, сол бір азалы аязды күнді әрдайым есте сақтаймыз. Бұл өз халқының құрметті де сүйікті ұлы, ең жоғары деңгейдегі саяси көшбасшы, дарынды ұйымдастыруши, іскер басшы, біртуар азаматтың өмірден мезгілсіз өткен күні. Қазақстан жерінде: Көкшетауда, Торғайда. Қызылордада және өзінің жұлдызды жолын бастаган Солтүстік Қазақстанда оның адал енбегінің куәгерлері болған ардагерлер тірі тұрғанда оның ұлы есімі әрдайым есте сақталады. Осы көрнекті тұлғага деген саяси әділетсіздік сарқылмайынша, заманауи Қазақстанның бүтінгі басшылары өз халқының, өнірлердің, жалпы елдің дамуына қосқан оның өлшеусіз үлесіне тиісті бағасын бергенше дейін еске алатын боламыз.

Оның ісі – осы жерде өмір сүріп, оның басшылығымен жасалған игліктерді пайдаланып отырган біз үшін және болашақ ұрпаққа қызмет ететін естелік. Және ол игліктер келер ұрпаққа

да әлі талай жылдар қызмет етеді. Оның мақтанышы – сол жылдары онымен бірге және оның басшылығымен жұмыс істеген еңбеккор жұмысшылар мен шаруалар. Бұл Көкшетау жерінде 10 жыл ішінде тәрбиеленген 9 Социалистік Еңбек Ері. Бұл – оның тәрбиесін көрген облыстық, қалалық және аудандық ұйымдардың еңбек сінірген партия, кенес, комсомол және қоғамдық жетекшілерінің легі. Бұл – ұлан-ғайыр елдің ірі астықты өлкелерінің бірі ретінде, мал шаруашылығы өнімдерін, картоп пен көкөніс өндіруші және сол өнімдермен тек өз халқын ғана қамтамасыз етіп қоймай, алыс, жақын шетелдерге де шығарушы ретінде Көкшетау облысының Қазақстанда да, Кенес Одағында да жогары беделінің мойындалуы. Оның тікелей басшылығымен ауылды әлеуметтік-мәдени қайта құру бойынша осы уақытқа дейін болмаган жұмыстар жүргізілді. Барлық елді мекендерде қажетті әлеуметтік-тұрмыстық және мәдениет нысандары салынды. Ауылда өмір сұру беделді болды және жұмыс істеуге бар жағдай жасалды, жастар ауылда қалып енбекке араласты, жұмыссыздық жойылды және кадр тұрақтылығы артты.

Көкшетаудың тың бидайының, бірінші басшының беделі мен табандылығының арқасында облыста қуатты агроенеркәсіп кешені құрылды, ал жаңадан құрылған құрылыш индустриясының базасы қысқа мерзім ішінде ірі өнеркәсіп орындарын, құрылыш, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық және сауда қызметін көрсету нысандарын салуға және іске қосуға кеңінен жол ашты.

Халыққа білім беру, денсаулық сактау, мәдениет және спорт салалары бұрын-соңды болмаган дәнгейге көтерілді, жаңадан салу және бар нысандарды қайта жаңарту есебінен олардың өндірістік базалары іс жүзінде толық жаңартылды.

Тұрғын үй құрылыштары уақыттан оза жогары қарқынмен жүргізілді. Көкшетау қаласының тұрғындары, олардың үрпактары құрылышты және облыс орталығын аббатандыруды дамытқаны үшін, провинциальдық қалашықты Қазақстанның гүлденген және аббатандырылған облыс орталықтарының біріне айналдырыған Еркін Нұржанұлына деген ыстық ілтиппаттары мен ақ алғыстары шексіз. Накты ол облысқа басшылық еткен жылдары қалада өндірістік, көлік және мәдени-тұрмыстық маңыздығы, күні бүгінге дейін қала тұрғындарына қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан аса маңызды нысандар салынды.

Оқінішке орай, объективті себептер бойынша және Қенес Одағының құлдырау тұсында болған өзгерістерге байланысты олардың басым көпшілігі бұзылып қираган және істен шықкан, ауылдардың инфракұрылымдары қатты зардап шекті.

Еркін Нұржанұлының өмірбаяны – бұл жарық дүниеге сирек келетін, бірақ халықының жадындағасырлар бойы сакталатын біртуар тұлғаның өмірбаяны. Оның бүкіл өмірі, Тұлға және Мемлекет қайраткері болып қалыптасуы – оның еңбек ерлігі, халқы мен елінің игілігі жолындағы ауыр және жауапты еңбегі. Пікірлестері мен тәрбиеленушілері үшін биік бедел, жогары мәртебе, өйткені кеменгөр басшы және саяси қайраткер, өзіміздің атақты жерлесіміздің қарамағында серіктес болып қызмет атқарғанымызды біз үлкен мақтаныш тұтамыз. Бірақ өкінішке орай, біз көкшетаулықтар оның дүниеден өткеніне 20 жылдан астам уақыт өтсе де, алі қүнге дейін оның биік тұлғасын ескерткіш бейнесінде көрсетуге, тіппен бюост қоюға батылдығымыз жетпей отыр, мәселен, жогары құрмет көрсетіп, жерлесіміздің мәртебесін көтерген солтүстік қазақстандықтар мен қызылордалықтар іспепті. Бізге абырой әпермейтін, орны толmas олқылықтың орнын көрнекті жерлесіміздің 90 жылдық торқалы тойы қарсанында толтырамыз деген ойдамыз... Заманының ұлы тұлғасы, іскер де дарынды басшы Еркін Нұржанұлының Қазақстан халқына, әсіресе жанаямай маңдай тер төккен Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстары тұрғындарының Ерекене деген үтіппаты мен ақ алғыстары шексіз.

Ал, оның өмірден озғанына 21 жыл толу қарсанында біз, оның тәрбиеленушілері, еңбек және өмір жолындағы серіктестері, оның басшылығымен қызмет еткен адамдар көрнекті жерлесіміз, патриот, Қазақстан халқының және Қекше жерінің адал ұлы Еркін Нұржанұлын сағынышпен еске алмамыз. Оның халқының игілігі үшін, тек халқы үшін ғана атқарған қажырлы еңбегін еске алғымыз келеді. Бұл тарих үшін, үрпақ үшін, баршамыз үшін қажет. Оның өмірі мен тәжірибесі – біздің асыл қазынамыз бер үтіміз, жас мемлекеттің бага жетпес байлығы, өйткені онсыз жаңа қоғам құру мүмкін емес. Қазақстандық жас буын өкілдері осындай кеменгөр адамның өсінетін ұстанып өмір сүруі керек. Зейнеткерлікке шықкан кезінде ол, өз жерлестері мен серіктестеріне, тұған-туысқандары мен

жақын ағайындарына ешқандай байлық, дүние қалдырмаймын деген екен: сендерге қалдыратын менде саяжайлар да, көліктер де, банктерде есепшоттар да жоқ: «Мен сіздердің баршаңызға кіршіксіз таза арымды қалдырамын, себебі бұл ең ұлken, ері баға жетпес байлық, сарқылmas мұра», - деп өсиет қылса керек. Қазақстанның өскелен ұрпағына ұлы тұлға өсиет еткендей өмір сүру керек. Тек осындай басшылармен ғана біз жаңа қогам мен іргесі мұқты, қуатты Қазақ мемлекетін құра аламыз.

Ал жыл сайын 29 қантар біз үшін қашанда асыл жерлесімізді еске алу және аза тұту күні бола бермек. Халықта «Ұлы адамдар жүзжылда бір-ақ рет туады» деген сөз бар, ендеше ол туралы естелік мәнгі сакталуы керек.

Еркін Нұржанұлын тек басшы ғана емес, сонымен қатар тәлімгер, саяси тәрбиеші ретінде таныған, оның тікелей басшылығымен ұзақ жылдар бойы қоян-қолтық еңбек еткен партия ардагерлері: А.Татарский, А.Мурзин, А.Дәuletov, А.Темірбаев, Ш.Әлиев, В.Брынкин (Мәскеу қ.), Л.Дятченко (Белгород қ.), П. Щерба, Д.Корябкин, Ю.Родвалт, А.Мельник, Б.Рахимов, Л.Ахметова, В. Косарев, Т.Махметов (Нұр-Сұлтан қ.), А.Балташев, А.Положенцев, Е. Қадыратаев, И.Егоров, Г.Пивоваров (Омск қ.), Г.Глухов, Р.Гайнуллин және т.б.

### I

2019 жылғы 3 қазандагы «Кокшетау сегодня» газетінде жарияланғандай, біз – ардагерлер көрнекті жерлесіміздін туганына 90 жыл, толуына орай естеліктер айдарын басып шығармақшымыз. Естеліктер оның өмірі мен халық игілігі үшін жасаган қызметі, бай өміrbаяны, беймәлім беттері мен жұлдызыды сәттері туралы болмак. Бүгінгі күні өз естеліктерімен белгілі мемлекет, саяси және қогам қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның қайта құрылған Коммунистік халық партиясының бірінші хатшысы Владислав Борисович Косарев бөліседі.

Владислав Косарев орта мектепті тәмамдағаннан кейін өзінің еңбек жолын бұрынғы Көкшетау облысы Рузай ауданының «Боровской» кеңшарында тракторшы болып бастады. Отан алдындағы әскери борышын өтегеннен кейін сол кеңшарда

жүргізуі болып жұмысын жалғастырды. Ұйымдастыруышылқ қабілеті үшін комсомол комитетінің хатшысы болып сайланады. Жеті жыл бойы Рузай ауданының үш ірі тың игеруші кеңшарларында ротация бойынша партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеп, өзін шебер саяси ұйымдастыруши ретінде, еңбек ұжымдарымен жұмыс істей алатын және ауыл адамының өмірін жақын билетін маман ретінде көрсетті. Қалыптасып келе жатқан партиялық ұйымдастыруши ретінде ол аудандық буынга соқпай, бірден облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы жұмысына шақырылды. Содан кейін облыстық комсомол комитетіне партия басшылығын нығайтуға жіберіліп, жастармен жұмыс жасауда оның ұйымдастыруышылқ және саяси дарыны айқын ашылды. Оның еңбек өміrbаянындағы ең маңызды кезең жаңадан құрылған Ленин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануы болды. Бұл сол уақытта екінің біріне бұйыра бермейтін, жауапты және беделді лауазым еді. Эрине, тың игеру ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып жеті жыл бойы еңбек еткен оның қабілетін ең алдымен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Н. Әуелбеков бағалады. Содан соң он жыл бойы агроОнеркәсіп кешені кәсіподагының ірі облыстық комитетін және жеті жыл, облыс таратылғанға дейін – Қекшетау облысының облыстық кәсіподактар кенесін басқарды. Аз уақыт коммерциялық құрылымда жұмыс істеп, кейін 1999 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 2004 жылдан 2013 жылға дейін Қазақстанның қайта құрылған Коммунистік Халық партиясын басқарды, ал 2012 жылдан бүгінгі күнге дейін – Парламент Мәжілісінің депутаты.

Оның бай өмірлік және еңбек жолы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков сиякты дарынды тұлғаның басшылығымен жұмыс істеуі оған Қазақстан тарихындағы талантты басшыға объективті, әділ баға беруге мүмкіндік береді.

*Александр Татарский.*

## **БОРЫШҚА АДАЛДЫҚ**

Рузай ауданының тұрғындары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып олардың жерлесі – Еркін Нұржанұлы Әуелбеков сайланганы туралы естіген соң оған сәлем беріп, құттықтауларын жеткізу үшін бір топ ардагерлер Көкшетауға келді. Обкомның кіре берісіндегі кезекші милиционер қомекшісі Ерсайын Каршаловқа қоңырау шалып, қонақтар туралы баяндағы. Қомекші ынғайлы сәтті пайдаланып, жерлестері мен туыстары келіп тұрғанын мәлімдеді.

- Менің мұнда туыстарыммен шай ішу үшін емес, жұмыс үстене үшін келгенімді жеткізіндер. Егер олар шын мәнінде менің туыстарым болса, менің үйіме барсын, әйелім өзі қарсы алып, қонақ етеді. Ал егер олар соншалықты жақындарым болмаса, онда үйіме бармас. Мақтау сөздерді жинамай, іспен айналысу керек, - деді қомекшісіне.

Содан кейін облыстық партия комитетінің табалдырығын аттауга ешкімнің батылы бармады.

Е.Н. Әуелбеков жұмысқа танғы жетіден аса келіп, облыстық газеттерді қарап, кейде бір, бір жарым сағат уақытын көркем әдебиет окуға бөлөтін. Бір күні мен үстелдің шетінде «Нева» журналы жатқанын байқадым, журналда А. Чаковскийдің «Победа» романы басылған жерінде бетбелгі бар екен. Журналдың бірнеше нөмірінде осы роман басылып жүрген. Ол менің қызығушылығымды байқап, «Оқыдың ба?», - деп сұрақ қойды. Мен «Кезегімді құтудемін», - деп жауап бердім.

Еркін Нұржанұлы өндірістегі жаңалықтарды ғана емес, мәдениет пен өнердегі жаңалықтарды да жіті бақылап отыратын. Ол бір күні Алла Пугачеваның өлеңіндегі сөздерді мысалға келтірді. Ол жылдары кейінгідей соншалықты танымал бола қойған жоқ еді. Сол жердегілер әнгіменің не жайлы болып жатқандығын түсінбей, бір-біріне қарады. Мен де бас кезінде түсінбей, кейінірек бұл кеңес эстрадасының жаңа жұлдызы екенін білдім.

Ол адамдар туралы көп білетін, себебі кадрларға деген қызығушылық адамдарды, олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін білу қажеттілігінен туындалды.

Бірде ол мәжілісте есеп беріп тұрған құрылысшыға былай деген еді:

- Бұл Сізге қыздарды белдігінен тартып ойнайтын ойын емес.

Байғұс инженер не істерін білмей, қызарактап тұрып қалды.

Тек кейіннен ол:

- Біз баспалдақпен жоғары қарай көтеріліп келе жатқанбыз, мен жерлес қызыды бүйірінен шымшып алдым. Күліп, одан эрі жүре бердік. Мен баспалдақтың келесі аралығына бұрылғанда, сол сатымен көтеріле бастаған Әуелбековті көрдім. Менің бұл қылығымды байқап қалған ол қанша уақыт өтсе де соны ұмытпаса керек.

Осындай жетекшімен қатар жұмыс істеу, өзінді әрдайым қатаң ұстап, бірінші басшыға өз іс-әрекетің туралы жаман ой тудырмауды қажет етеді. Еркін Нұржанұлы адамдармен жұмыс жасауда тек жағымсыз сабактарды ғана емес, жақсы мысалдарды жаман мысалдардан гөрі жиірек келтіретін. Бірақ ол біреуді көзінше мақтау үшін емес, өзгелерге үлгі ету үшін пайдаланатын.

Көкшетау қаласының маңынан ат спорты жарыстарына арналған жаттығу, жарыс алаңы жолы ашылды. Ол қазір де қажет болған кезде жұмыс істейді. Үлкен ат спорты мерекесі болды. Жарысқа облыстың барлық шаруашылықтарынан үш жұзге жуық ат қатысты. Көрмермендер саны жеті мыннан асты. Барлық жүгіру жолын жанқүйерлер мен жарыс әуесқойлары қоршап алды. Облыс басшылығы жабық мінбеке жайғасты, ал жандарында бірнеше қатар орындықтар орналастырылды. «Қыз куу» жарысы басталғанда бірінші жұп бір жақтан екінші жаққа шаба жөнелді. Бірақ қыз жігітті қамшымен салып қалып, кері қайтар жолға шыққанда, кенеттөн оларға қарсы үлкен жылдамдықпен кезекті жұп шыға келді. Сейтсе тәжірбесі аз төрөші жаңылысқан екен. Біз оларды шенбердің ортасына жеткенде бір-бірімен соғылыспайды деп ойлаганымызбен, олай болмай шықты. Тура мінбердің алдына келгенде қатты шауып келе жатқан төрт ат соғылысты. Аттар құлап, кейбір шабандоздарды басып қалды. Дүрбелен ұзакқа созылған жоқ. Басқа көрмермендермен бірге біз Амандық кеңшарының жігіті мен қызын жерден көтеріп алдық. Олар қарсы жұлқа қараганда қаттырақ зардап шеккен

екен. Жақын манда кезекшілік еткен жедел жәрдем жастарды ауруханаға апарды. Мен мінбеге оралдым. Сол уақытта Әуелбеков бірден сұрады:

- Олардың жағдайлары қалай?

Жаракаттары ауыр, бірақ қыз бер жігіттің түлге келгендерін және олардың аттары мен тектерін айттым. Бірінші аздал тынышталды, бірақ бірден аяқтары сынған жануарларды көрсөтіп, оларды дереу алып кетіндер, - деді.

Біз дереу көліктерді әкеліп, аяқтары сынған жылқыларды арқанмен байлан, тактайлардың үстімен машиналардың қораптарына арттық. Осының барлығына бес-жеті минут қана уақыт кетті.

Еркін Нұржанұлы бірден бас судьяга радио арқылы өзі жасаған ақпаратты беруді тапсырды. Оқига төрешінің тәжірибесіздігінен орын алды. Осыдан бір сағат өткен соң ол облыстық ауруханадан спортшылардың жағдайы туралы хабар сұратты, ал олар ипподромға қайта келген кезде оларды ашық төрешілер машинасымен мінбे бойымен алып журді, сол кезде диктор Амандықтан келген атбегілердің қандай зақым алғандығы туралы ақпарат берді.

Міне, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысын табанды, моральдық тұргыда ұстамды, салиқалы және батыл адам ретінде сипаттайтын екі шагын мысал.

Оның орнында басқа біреу болғанда жарысты тоқтатушы еді. Бірақ ол бәрін өз көзімен көріп, болған жағдайды жүртқа дұрыс жеткізуіді, тілті балалардың үйлеріне жетуіне қамқорлық жасауды тапсырды. Амандық кеншарынан келген ақсақал Ысқақ Қадыржанды шақыртып, спорттық жарыста жазым болған балалардың ата-аналарына көнілін жеткізуіді сұрады. Кейін бірнеше рет Амандықтан келген Зәуреш деген қызын денсаулығы туралы хабар алдырыды.

Бір басшымен ұзақ мерзім жұмыс істеген лауазымды тұлғалардың бойында басышыларына тән мінез-құлық, дауыс ырғағы қалыптасады. Қызметтестері өз іс-әрекеттерін Еркін Нұржанұлына қарап түзетуге тырысатын.

Есілдің сол жақ жағалауында орналасқан Рузай ауданының Дружбадан бастап Червонныйға дейінгі кеншарлары түгел кірген

Күйбышев ауданы құрылғанда, маган ауыл шаруашылығы белімі менгерушісінің орынбасары Богуславский Михаил Иосифовичпен бірге, аудан басшылығы түгел ауыстырылған I-ші Күйбышев партконференциясы мен Рузай аудандық партия комитетінің ұйымдастыру пленумын дайындауга тура келді. Біз Рузайда бір аптадан артық жұмыс істедік, бізben бірге облыстық партия комитетінің бірінші хатшысын тасымалдаған жүргізушінің экесі Қабдолла Нұғыманов болды.

Біз мұлдем қағазbastы болып кеттік, парторгтарды, шаруашылық басшыларын шақырттық, жаңа ауданда да, осында да баяндамалар үшін нақты материалдар жинадышқ. Таңертеннен кешке дейін отырдық.

- Мұндай іс-сапардың керегі қанша. Ешқайда бармайсындар, бір жерде отыра бересіндер. Қунде кешкілік ауылдарға барып кешкі ас ішіп, кеншарда балық сорпасына, кәуапқа тапсырыс беруге болады ғой. Бұл жергілікті тұрғындармен жақындастырады емес пе, - деп Қабдолла ақсақал ашуланды.

Біз күле отырып, құжаттардан бас көтермедік. Сенбі құні жана аудандық конференция өткен соң, біз сейсенбі құніне белгіленген пленумга дейін, қаладығы үйімізге барып қайтуды жөн көрдік.

Жексенбі құні таңертен Богуславский қонырау шалып, үрейлі дауыспен:

- Бірінші басшы бір сағаттан кейін Рузайға барады. Ол И.С.Смирновтан облыстық комитеттің қызметкерлері қайда, деп сұраганда, бізді сонда деген екен.

Енді бізге Рузайға Е.Н.Әуелбековтен бұрын қалай жетуге болады, деген жалғыз сұрақ мазалады. Қабдолланы шақыртқаннан пайда жоқ, өйткені ол үйінде демалып жатқан, оның жиналудына жарты қун керек. Михаил Иосифович таксимен бару керек, - деп шешті.

Жарты сағаттан кейін біз машинаға отырдық. Жүргізушіге жол ақысын екі есе төлейміз, тек екі сағат ішінде жеткіз, - деп шарт қойдық. Жүргізушінің түсінігі бар болып шықты. Оған облыстық комитеті хатшысының көлігін басып озу қызықты болып көрінді.

Біз сағат он екі жарымда аудан шекарасына келіп жеттік. Бірінші басшыны тосып тұрған Иван Семенович Смирновке біз үлгердік, аудандық комитетке кеттік деген белгі бердік. Көп ұзамай Е.Н.Әуелбеков келіп, дайындалған материалдарды көрсетуді сұрады. Құжаттарды алып:

- Кешке қараймын, ал қазір астық алқабына барамыз, - деді.

Олар тұнгі сағат үштер шамасында оралды. Жанбыр жауып, жолда батып, әрән дегенде тас жолға шықкан еken. Пленум барысында баяндамашының біз ұсынған мәтінді қаншалықты толық игергенін қызғанышпен бақылап отырдық. Нәтижесінде баяндамашы да, материалды дайындағандар да риза болды. Ен бастысы Еркін Нұржанұлы тарапынан ешқандай ескертгулер немесе қанағаттанбаушылық болған жоқ. Бізге алғысын айтып, жаңа бірінші хатшы Кәрімов Мәүлебтай Кәрімұлына қонақтардың (бізді мәнзеді) аш қалмауын тапсырды. Көп ұзамай өзі далалық жолмен Көкшетау қаласына кетті.

Сапарлар-жолдар... Облыстың бірінші басшысын қайда апармады... Бұл ауқымды іс-шаралар, пленумдар, активтер, сондай-ақ шағын елді мекендер еді.

1974 жылы Еркін Нұржанұлы жарты жыл бұрын мені бірінші хатшы етіп сайлаған Ленин ауданына келіп, ауылдарға, бригадаларға бардық. Сапарымыз еркін түрде өтті...

- Егістің қалай жүріп жатқанын көрейік, жолда кездескен ауылдарға согамыз, ал кешкісін уәделескендей сайлаушылармен кездесемін. Жоғарғы Кенес Одағының депутаты халық алдында есеп беруі керек, – деді Е.Н.Әуелбеков. Мұндай кездесу алдын-ала жоспарланған болатын.

Жанаауыл кеншарының бөлімшелерін, жеке екі қой фермасын аралап, біз тұске таман Найзатомар ауылына жеттік. Мұнда елу шакты үй, мектеп, дүкен, медпункт және пошта бар еken. Дүкен алдына бірнеше адам жиналды. Тұргындар біздің келетінімізден хабардар болып, облыстың танымал көшбасшысымен кездесуге келіпті.

Е.Н.Әуелбеков барлығына жылы лебізін білдіріп, егістің қалай жүріп жатқандығын, мал қыстауының қалай аяқталғанын және басқа да тұрмыстық жағдайларды сұрады. Кездесу соңында карт адам әңгімеге араласып, үйінің құлауға жақын, ал жөндеу

жұмыстарын жүргізуге күшінің жоқтығын ренішпен айттып, өз үйін көрсетті.

Е. Әуелбеков көруге ниет білдіріп, сол үтеге бардық. Үй шынымен тозған, күтімсіз, бір бөлменің төбесі құлаған екен. Пештің жарылып кеткен жан-жағынан тұтін шығып жатыр. Үйіне жеткенше ардагер өзінің 1934 жылдың ақпан айында өткен Бірінші Бүкілодактық Колхозшылар съезінің делегаты болғанын айтты. Ол осы жердің тумасы екен, бірінші әйелін жерлеген соң, балалары жан-жаққа кетіп, енді тек зейнетакысына ғана күн көріп отырғанын жеткізді. Шаруашылық ұстауға шамасы жетпейді.

Е.Әуелбеков осының бәрін қатқыл жүзben қарап шықты, бірақ ешкімді кінәламады, тек кейіннен:

- Мемлекет тұргындардың меншікті үйлеріне жауапты емес, дегенмен қарияға пәтер алғы беруге жәрдем беру қажет, - деді. Мен бұл мәселені шешуге уәде бердім. Біріншіні шығарып салсымен, қайтып оралдым. Сейтсем, колхоз қозғалысының ардагері Амантай Бигожин кеңшардың орталық мекеніне көшкісі келмейді, оның "Коминтерн" бөлімшесінде тұргысы келеді екен. Мәселе, Майский ауылына көшкелі жатқан басқа тұргынға пәтер беруге уәде етіліп, оның тәп-тәүір үйін ақсақалға сатып әперумен шешілді. Директор үй иесімен келісіп, оған бірінші босаган пәтерді беруге уәде берді. Сол күні Амантай Бигожин кеңшар сатып алған үтеге көшті. Заттарды тиесуге жиналған әйелдер Амантайдың әйелінің үйді осындай жағдайға дейін жеткізгенін айттып:

- Ол бұл үйді де салақсытып жіберді, - деп сөз қылды.

Бірінші басшыға Амантайдың басқа үтеге көшкені жөнінде баяндағанда Еркін Нұржанұлы:

- Ол үй кезегінде де тұрган жок, ал өз үйін сондай жағдайға өзі жеткізді. Сейте тұра үй алғаның ауыл тұргындары қалай қабылдады? - деп сұрады.

Мен: Елде I Колхоз Съезіне қатысқандар көп емес, ал ауданда ол жалғыз ғана, – деп түсіндіруіме тұра келді дедім.

- Айтқандай, жеке тұргын үйлерді аралап, согыс және тыл ардагерлеріне, көп балалы отбасыларға және мүтедектерге тұргын үйді жөндеуге және күтіп ұстауға көмектесу керек.

Кеншар бұдан кедейленіп қалмайды, тұрғындардың алғысына ие болады, - деді облыс басшысы.

Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің жұмыс стилін, халық алдындағы жоғары парызын, партия мен оның орталық органдары алдындағы толық жауапкершілігін осындай жарқын сәттерімен еске алуға болады.

Көз көргендер Еркін Нұржанұлы өзінің еңбек демалысының есебінен Мәскеуге барып, Новоишимқадан облыс орталығындағы Урицкий жаңа теміржол вокзалағына дейін темір жол салу, Целиноградтан Көкшетауга дейінгі темір жолдарды электрлендіру мәселелерін шешу үшін екі апта жатқынайтын айтады.

1972 жылы елде астық шығымы тәмен болғанда, Солтүстік Қазақстанның астығы көңілге үміт ұялататын. Сол кезде Көкшетауга күтпеген жерден КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежнев ұшып келді. Ұшу-қону жолагы жаңадан салынған, екі күн бұрын техникалық рейс жасалған. Бас хатшыны Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бастап, Республиканың солтүстік облыстарының партия комитеттерінің бірінші хатшыларының қатысуымен қарсы алды. Қазақстандықтар ел басшылығын Канададан сатып алмау үшін астықты барынша мол тапсыратындықтарына сендерді. Аландашылықтың себебі, 2-3 күн бұрын облыстың көптеген орманды аудандарында қатқақ туспіл, қатты дымқылданған егінді жинауға тұра келгені еді.

Облыс штабын Е.Н.Әуелбеков басқарды, ал одактық үкіметтен астық дайындау Министрінің бірінші орынбасары мен қатынас жолдары. Министрінің орынбасары іссапармен келді. Астықты комбайннан тікелей вагондарға тиесу міндеті қойылды. Станцияларда темір жолдарға жақын жерде тиетін техникасы бар аландар жабдықталды. Қызылтудан бастап Новоишимға дейінгі әр станцияда 10-15 вагоннан эшелондар құралды. Вагондарда астықтың қызып кетуіне жол бермеу үшін жиналған эшелондар Саратов, Пермь, Ростовқа дейін тоқтамастан жүйіткіді. Операция майдан маневріне ұқсап кетті. Штаб сағат сайын эшелонның бағытын және астықтың жай-күйін біліп отырды. Біз үлкен көлемдегі астықты кептіруге үлгермей жаттық, ал эшелондар барған жақтарда астық болмай, элеваторлар бос тұрды.

Сол жылдары жұмыс істеген бір машинист бригадалары аудып отырып, тепловоздар жанаармай құйып алғып 3-5 тәуліктен тоқтаусыз жүргенін айтты. Мәселен, Щучье стансасы машинисінің тепловозы өз депосына екі ай өткен соң ғана оралған. Бұл темір жол желісі, сүйрету құралдары, вагон паркі мен техникалық қызмет көрсету нормативтері басшылықтың катаң бақылауында болғанын көрсетеді. Бұл мемлекеттік маңызы бар міндеттерді шешуге қатысы бар барлық қызметкерлердің тәртібінің, күш-куаттары мен жауапкершіліктерінің мықты болғанын көрсетеді.

Осындай мықты, пысық адаммен жақын жұмыс істей отырып, менің көптеген таныстарым мен жолдастарым өздері де ширап, жогары лауазымды тұлғага тән емес әдептерден арылды. Айтқандай, біз ұйымдастыру бөлімі қызметкерлерді жаңа лауазымдарға ауыстырған кезде, олардың ері қарай өсуін болжап отыратын едік және көп жағдайда біздің болжамдар расталатын.

С.Сейфуллин атындағы кеншардың директоры Ахметов Бижан Сауытбайұлын кенеттен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары етіп тағайындағы. Менің әріптесім Михаил Маслов, оны аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынатындығын, өйткені оның жасы, қызметтік тізімі сәйкес келеді, - деп болжады. Бір жылдан кейін Бижан Сауытбайұлы Уәлихан аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғаннан кейін 80-ші жылдардың ортасына дейін жемісті еңбек етті.

Бірде Еркін Нұржанұлы Мәскеуден ұшақпен ұшып келе жатқанда, жаңына "Огонек" журналының тілшісі отырып, облыс кеншарларының болашагы туралы сауалдар койды. Е.Н.Әуелбеков батыл және айқын пайымдал:

- Кеншар орталықтары су құбырларымен, орталықтандырылған жылуымен қамтамасыз етілген жайлар үйлері бар, көшелерінде асфальт, тротуарлар салынған агрокалашықтарға айналуы тиіс. Адамдар өздері қосалқы шаруашылық, бақшалар ұстаудан бас тартатын болады, өйткені кеншарлар өз жұмысшыларын етпен, сүтпен, көкөністермен өзіндік құны бойынша қамтамасыз ететін болады. Егістегі тракторлар электр тогымен жұмыс істеп, оларды радио бойынша

диспетчер басқаратын болады, тракторшылар тракторлар мен комбайндарға техникалық қызмет көрсетумен айналысады. Барлық алқалтар олардың агрохимиялық құрамына сәйкес тыңайтылады, ал тұқымдар топырақта табылған аурулардан, зиянкестерден қорғау құралдарымен өндөлетін болады. Егіннің түсімі екі-үш есе артады. Барлық қөктемі су қазан шұнқырларға жиналып, оларды жазда көкеністер мен жем-шөп дақылдарын суару үшін пайдаланылатын болады. Босаган механизаторларға агрохимиямен, суармалы егіншілікпен айналысу мүмкіндігі туады.

Мақала «Огонек» журналында жарияланып, көптеген мақұлдаулар мен наразылықтар тудырды. Бірақ мұның бәрі Е.Н.Әуелбековтің ондай деңгейге жақын арада жете қоймасымызды түсіне тұра, осындаи өзгерістердің болатынына көз жеткізгенін, әлде солай болғанын қалғандығын анық көрсетеді.

Мен Елордага барап жолда Прогресс кеңшарының (Макинка) бөлімшесі Қоғам ауыльнан өткенде, әрдайым облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қатысуымен өтетін цехтық партия үйімінен есептік-сайлау жиналысын дайындаған кезімді еске аламын. Кеңшар парторгымен бөлімшеге жиналысқа екі күн қалғанда келдім. Жиналысқа барлық коммунистердің қатысуын камтамасыз етуге тырыстық. Клубтагы шағын зал лық толды. Бөлімше парторгының есебін тыңдадық, бірнеше белсенділер сөз сөйледі. Барлығы астық пен шептің түсімі жақсы екендігін, басқа да жетістіктерін алға тартты, мұның бәрі сәтсіздіктер мен кемшіліктерді жасыру амалы болатын. Сонында облыстық комитеттің Бірінші хатшысы сөз алып, жайбаракттылық таныттып, өз енбегін асыра сөйлегендерді қатты сынға алды. Ол қоғамдықтардың көршілес КОКП ХХIII съезі атындағы кеңшардың Қаратал бөлімшесінен егін орагы бойынша артта қалып отыргандығын, шағын ауылдардағы дәстүрлі сала болып табылатын мал шаруашылығы да дамымай жатқандығын, тіпті салмақ өсімінің кемігендігін, сонымен қатар жем-шөптің ұрланаған жатқандығын баса айтты. Содан кейін жынга қатысып отырган ауыл кеңесінің төрагасынан:

- Сіздер автожол құрылсына жер бөлу мәселесіне қатыстыңыздар ма? - деп сұрады.

- Иә, - деп жауап берді ол.

- Онда Сіздер асфальт жолды сыртпен өткізбей неліктен ауылдың ортасына төседініздер? Сіздер өз ауылдарының болашагын ойлауларыңыз керек еді гой. Сіздер қалааралық жол қатынасын салдыңыздар. Енді оны ешқандай ақшамен сыртқа шығара алмайсыздар. Бұл республикалық маңызы бар жол, енді барлық карталарға түсіріледі, сол кезде ауыл екі бөлініп қалатын болады. Бара-бара бұл жерге кең магистраль салынып, бірде-бір адам, тіпті мал да жолдан өте алмайтын болады. Сіздерге жол құрылсын ауылдан 600-700 метр сырт жерден бөлуге болатын еді. Енді ауыл тұргындары көршісіне барып тұз да сұрай алмай, сіздерді кінәлайтын болады, - деп назаланды Е.Н. Әуелбеков.

Сол кезде біз мұны ауылдық кеңес төрағасына айттылған сын ретінде қабылдадық. Ал қазір біз жергілікті билікке немесе бүгінгідей жергілікті өзін-өзі басқару органына ескерту жасағанда, Е.Н.Әуелбековтің қаншалықты дұрыс айтқандығын көріп отырмыз.

Айтпақшы, Ақкөлден Щучьеге жол салынып жатқанда маган жол бойымен өтуге тұра келді. Сол кезде мен іштей құрылышыларды бір жылда жер қазып, қиыршық тас пен асфальт төсеп жатқандарына ұрысып едім. Біз жер төсемі бірнеше жыл тегістеліп, қиыршық тас, сосын ғана асфальт салынатындығына үйренгенбіз.

Облыстық тас жол басқармасының бастығы В.А.Чемель былай деуеші еді:

- Жол ең алдымен адаспау үшін қажет. Екіншіден, батпау үшін. Тек содан кейін ғана тез жеткізу үшін қажет.

Мұнда осы міндеттердің барлығы бір-ақ ретте шешіліп жатты. Ал бұрынғы жолдардың алты жолақты қозғалысы бар автомагистраль салған кезде де көп жылдар бойы мінсіз қызмет еткендігі таңқалдырады. Кеңейте отырып, бұрынғы төсемді колданатын. Сапаның аты сапа. Ол кезде ешкім күрделі құрылсты пайдаланып қалтаны толтыруды ойлаған емес-тін.

Облыс басшылары легінің алды болған бірінші басшылар Еркін Нұржанұлы Әуелбеков, Анатолий Радионович Никулин,

Виктор Иванович Моисеенко, Василий Никифорович Зуб, аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, екеуі де Социалистік Еңбек Ері – Баян Жангалұлы Жангалов, Николай Елисеевич Нижников, егіс бригадасының бригадирі Тұрлыбек Әбілпейісов, «Золотая Нива» кеншарының жылқышысы, Социалистік Еңбек Ері Баяш Қаутанұлы Әміренов және басқа да алтын жүлдyz изегерлері болған күндер келмеске кетті. Бақыбаева Күлән, Қадралин Есілбай, Жұмағалиев Сартай, Есмағанбетов Сүйіндік сол кездері еңбекпен шындалды. Олар ел үшін еңбек еткен, еңбектің қадірін ұққан, өз үлгісімен адамдарды кез келген қызын істерге бастай білген және өз еңбектері үшін мемлекетке, партияға ешқандай да наразылық танытпаган жандар еді.

Қанша жыл өтсе де, кез келген кездесулер кезінде, біз Еркін Нұржанұлының замандастары, облыстық партия комитеттінің бірінші хатшысы, Социалистік Еңбек Ері, аныз адам ретінде оны еске аламыз. Біздің жолдасымыз, әрі үзенгілесіміз Виталий Алексеевич Брынкин Көкшетауга келген кезінде міндетті түрде достарымен бірге Жанасу ауылына марқұм Ерекеннің басына барады. Бір келген кезінде біз бейітіне «Күрметті Еркін Нұржанұлы, сіздің атыңыз біз үшін қасиетті» деген жазуымен гүл шогын қойдық. Қасиеттілік мәнгілік... дәл солай болатын....Ол біздің өмірімізді де нұрландырады.

*Владислав КОСАРЕВ,  
ҚР Парламенттінің депутаты.*

\*\*\*

Қазақ халқының біртуар ұлы Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың жарқын бейнесі, биік тұлғасы, жемісті жетістіктері қазіргі Қазақстанның ортақ игілігі, өшпес тарихына айналды. Біздер, Қекшетау жері мен туған елі Қазақстан халқының игілігі жолында жасампаздық еңбектің үлгісін танытқан, бойындағы күш-жігерін жұмылдырып, бар ынгасымен, асқан шабытпен адаптацияның көзінде жаңа қоғамның іргетасын берік қалауга бағытталған сара жол. Өйткені кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертең болмайтыны хақ. Ол туралы оның серіктестерінің, мемлекеттік қызметте бірге жүрген ага жолдастарының, әсіресе, оның жанында жүлдізды жылдарында бірге еңбек еткен басшылардың шырайлы жылы лебіздері мен ілтипаттарынан айқын сезіледі, көбісі о дүниелік болғанымен, бірақ олардың ұмытылmas және мейірімге толы, кейде тіпті тамсана айтқан естеліктері сақтаулы. Бүгін біз оқырман қауымға солардың бірін ұсынамыз, және бұл жолғы еңбектің бағасын, партиялық конференцияда партияның облыстық комитеті бюросының құрамына бір мезгілде енгізілген: Еркін Нұржанұлы – бірінші, ал Василий Никанорович Загорский – екінші хатшы болып сайланған сәттен бір жайт есеке түседі. Біздің басты кейіпкер жайлы ең жарқын естеліктер қалдырыған да дәл осы жан.

Мұрагаттарда оның жеке ісі сақталмадықтан, ол туралы тек Воронеж облысының тумасы, Ұлы Отан соғысына қатысушы екендігі, жараланғаннан кейін ез елінде комсомол және партия органдарында жұмыс істегені ғана белгілі. КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Қазақстанға, сол кездегі көптеген замандастары мен серіктестері сияқты тың игеруге жіберілді. Қекшетау облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланар алдында (1968 жылдың наурыз айында) дәнді-дақылдарды өндіру бойынша Одақтың ірі аудандарының ондығына кіретін, Қекшетау облысына көптеген талантты басшыларды, саяси қайраткерлерді, Еңбек батырларын сыйлаған ірі Рузай ауданын жемісті басқарды (түзетусіз және толықтырусыз басылды, мәтін сақталған, 2000 жылы жазылған).

Александр Татарский.

## БАСТАМАШЫЛ КӨШБАСШЫ

1968 жылдың наурыз айының басында Көкшетау облыстық партия комитетінің кезекті пленумында Еркін Нұржанұлы Әуелбеков облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал мен – екінші хатшысы болып сайланғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтілті. Еркін Нұржанұлы Көкшетаудың тұмасы және сол уақытта, өзінің небәрі 38 жаста болғанына қарамастан, басшылық қызметтегі тәжірибесі мол болатын. Еркін Нұржанұлы облысты баскарған 10 жыл, ол үшін жұлдызды сағаты болғандығын ешбір артықшылықсыз айтуга болады. Ол үшін ғана емес, құллі облыс үшін, онымен аталмыш кезеңде бірлесе қызмет жасаған жандар үшін де жұлдызды сағат болғаны рас. Нак осы Көкшетау жерінде ол көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, Социалистік Еңбек Ері жогары дәрежелеріне дейін көтерілді. Дәл осы жылдары өнір ең үлкен экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуга қол жеткізді, атақты тың жаздық бидайының қатты және күшті сорттарын, сондай-ақ ет, сүт, жұмыртқа және жұн өндіруші өнірге айналды. Облыстың кеңшарлары мен ұжымшарларындағы ондаган және жүзденген өндірістік және мәдени-тұрмыстық нысандарды айтпағанда, осы онжылдықта облыс орталығында ауежай және ұшу жолалы, теміржол вокзалы, қонақ үйлер, бас пошта орталығы, мәдениет сарайы, мектептер, көптеген жайлы тұрғын үйлер салынды, осылайша облыс орталығы заманауи, әкімшілік және мәдени орталыққа айналғанын жергілікті тұрғындар ешқашан ұмытпайды. Бұның барлығы біздің бастамашыл көшбасшының ойлары мен істерінің шынайы ұлылығын тағы бір көрсетеді.

Біздің бірлескен жұмысымыздың алғашқы айларының өзінде жеке тұлға ретінде алдына үлкен міндеттер коя білетін, көздең мақсатына қол жеткізу жолында табандылық таныта алатын, тың бастамаларга толы біздің көшбасшымыздың ерекше қырлары көріне бастады. Бұл өз табиғатында адал, қарамағындағылармен қарым-қатынаста адамгершілігі терең, бір сөзben айтқанда, ерекше тұлға болды. Ол осы сөздердің кең мағынасындағы ете батыл және жасампаз жан еді.

Еркін Нұржанұлының облыстық партия комитеті бюросының мүшелері алдында бір маңызды артықшылығы болды: ол республикалық аппаратта, оның үстіне бірінші орынбасар және

министр деңгейінде үлкен өмір мектебінен өткен жалғыз адам еді. Ал біздер (өздеріміз туралы әзілдегітіндегі) аудандық басқару буынынан шыққан «аудандық ауқымдағы алыптар» болдық. Осы артықшылықтарының барлығы оған республикалық деңгейдегі жұмысты жақсы білуге, демек, туындаған мәселелер бойынша қажетті уақытта оның қандай да бір мәселені шешудегі мүмкіндіктегін алдын ала біле отырып, қажетті республикалық қызметкерге жүргінуге мүмкіндік берді. Егер бұған мәселені белгілеу және көтеру ғана емес, қойылған мәселелерді міндетті, терен, дәлелді пысықтауды, сондай-ақ нақты жағдайды объективті талдауды және біздің нақты тұжырымдалған ұсыныстарымызды қоссак, онда біздің қойған сұрақтарымыздың басым көшпілігі колдауга ие болып және республикалық деңгейде оң шешімдер тапқандығын елестету оқай.

Біздің көшбасшымыздың шақыруы бойынша республикалық ведомстволардың басшылары арасынан бірінші болып Қазақстан гылым академиясының президенті Есенов Шахмарданың облысқа келу фактісі өте қызықты болып табылады. Оның облысымызга келуі аса жемісті болып, өнірдің өндірістік қуатын зерттеу ісімен айналысатын көптеген академиялық гылыми-зерттеу институттарымен тығыз іскерлік байланыс орнатуға септігін тигізді. Дәл осы байланыстардың арқасында көп ұзамай қарқынды барлау, содан кейін белгілі Васильков кен орнының құрылышы басталды. Гылымның өндіріспен тұракты байланысын орнату облыстық ұйымдар басшыларының басты міндеттеріне айналды.

Республикалық министрліктер мен ведомстволардың бірінші басшыларының облысқа келу жүйесі келісіліп, жоспарланды. Осы ретте Республикалық Министрлер Кеңесі жаңындағы тас жолдар Бас басқармасының бастығы Гончаров Леонид Борисовичтің облысқа келгені еске түседі, оның ведомствоны тек жол салу кезінде ғана емес, әуежайлар мен басқа да маңызды халық шаруашылық нысандарын салу кезінде тапсырыс берушінің де, мердігердің де қызметін дербес жүзеге асыратын жалғыз ұйым еді. Қазіргі тілмен айтқанда, бұл сөздің жақсы мағынасында өте үлкен монополист болды. Бұл іскерлік қарым-қатынастардың нәтижелері көп күттірғен жоқ: облыс жол құрылышы бойынша бірінші орынға шықты, ал Қекшетау қаласында 1972 жылы қазіргі заманғы жолаушылар және ауыр

жүк ұшактарын қабылдауға кабілетті ұшу-қону жолағы бар әуежай салынды. Қеншарлар мен ұжымшарлардың орталық мекендері ғана смес, көптеген шалғай ауылдар мән слі мекендерде қара жабынды автожолдар пайда болып, бұл осы кенттердің тұргындарына жылдың кез келген уақытында аудан және облыс орталығымен байланыс жасауга мүмкіндік берді.

Біздің бірлескен жұмысымыздың бірінші жылында өңірге келіп жүрген министрлер М. Д. Даиров, Н. Я. Фомтев, Ю. А. Кроха, В.Г. Ибрагимов және басқа да іскер байланыстар нәтижелі және жемісті болды. «Алға койылған мәселелердің» барлығы дерлік көшбасшы тарапынан шыққанын ерекше атап ету керек. Аудандық комитеттер бойынша сапарда обком бюросының басқа да мүшелері ілесіп жүрсе де, бірақ қорытынды әңгіме әркез Еркін Нұржанұлымен өтетін. Бай өмірлік және партия жұмысын жүргізуде тәжірибелері мол Қазақстанның КП ОК хатшылары Г.А. Мельник, С.Н. Имашев, А.С. Қөлебаевтармен болған кездесулер біз үшін маңызды және ете пайдалы сабактар болып, жұмыстағы тәжірибелерімізді байыта тұсті.

Еркін Нұржанұлы сол кезеңде тәжірибелі инженер-механик Х.М. Молдыбаев басқарған «Казсельхозтехника» қуатты өндірістік бірлестігінің рөлін өзгелерден бұрын өзі жақсы түсінді. Аудандық ауыл шаруашылығы техникаларының бөлімшелерін, сондай-ақ инженерлік-техникалық қызметкерлердің жөндеу шеберханаларын ынғайту бойынша шаралар қабылданды. Ауыл шаруашылығы техникасының құрамында мал шаруашылығында ауыр еңбекті қажетсінетін үрдістерді кешенді механикаландыру бойынша арнайы трест құрылды. Дәл осы жылдары мал шаруашылығында азық дайындау және тарату, қиды жинау және фермаларды сүмен жабдықтау, сиырларды механикалық сауу, қойларды қырқу және т. б. еңбекті қөп қажет ететін үрдістерді механикаландыру бойынша ауқымды жұмыс қөлемі орындалды. Көптеген ауыр және қөп еңбекті қажет ететін жұмыс тұрлери әлектр моторларға, транспортерлерге және басқа механизмдерге ауыстырылды. Сол кезде жерді мелиорациялау және ауыл шаруашылығы өндірісін химияландыру бойынша жұмыстар өрістетілді.

Облыстың совхоздары мен колхоздарында шаруашылық есептеу элементтерін енгізу одан әрі дамыды. Енді партия, кенес және шаруашылық басшылары қандай да бір еңбек ұжымының

қызметімен танысып, міндепті түрде рентабельділік деңгейіне қызығушылық танытты, құрамдастарды, өндірілетін өнімнің өзіндік күнын талдады, пайданы арттыру жолдарын іздеді. Мұндай тәсіл, әрине, халық шаруашылығы салалары басшылығының экономикалық деңгейін арттырыды, кәсіпорындардың әкімшілігін және қоғамдық ұйымдарын тек қана өндіріс резервтерін іздеуге, табуға және дұрыс жолға қоюға ғана емес, сонымен қатар өзінің шаруашылық қызметінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға мәжбүр етті.

Біздің бастамашыл көшбасшы еңбекшілер қауымының ең бұқаралық және ең демократиялық ұйымы – кәсіподактардың жұмысын жақсартуға үнемі қамкорлық көрсетті. Ол үнемі аталмыш сайланбалы органдардың жұмысына қатысып, көптеген әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер бойынша олардың бастамаларына қолдау билдіріп, басшылық органдарды үлкен өмірлік тәжірибесі бар және әркез жұмысшылардың мұдделері мен құқықтарын қорғауда аянбайтын кадрлармен нығайтуға көмек көрсетті. Әрине, біздің кәсіподак комитеттерінің жұмысында шығармашылық бастамаларды арттыру, олардың бастамасын көтермелеу қажеттілігі қатты мазалады. Жұмысшылар мен қызметкерлердің қажеттіліктеріне формальды-бюрократиялық қарым-қатынасты жою бойынша кешенді шаралар қабылданды. Өкінішке орай, бұл құбылыстар жекелей әлі де орын алғанымен, бұқаралық сипатқа ие болған жоқ және әлеуметтік дертке жеткізбеді. Осы ретте біздің басшы органдар оларды жою бойынша қаншалықты жедел және ымырасыз шаралар қолданды, сондай-ақ болашақта аталмыш жағдайлардың қайталаңбауы үшін қандай алдын алу шаралары жүргізілгендігі қызықтырды. Осы уақытта біздің көптеген мамандарымыздың, жұмсақ айтқанда, салмақты интеллектуалдық жүгі, әсіресе әлеуметтік және экономикалық ойлау саласында жеткіліксіз екені және шешілуге тиісті міндептердің күрделілігіне сәйкес келмейтіндігінің беті ашылды. Және бұл негізгі басшы кадрлар құрамының жоғары білімді болғанына қарамастан осындай кемшіліктер орын алды.

Бүкіл партиялық жұмыстың тиімділігін арттыру, теориялық білімдерін толықтыру мақсатында біз әлеуметтану мен экономиканың нақты мәселелері бойынша ғылыми-практикалық конференциялар, түрлі мақсатта семинарлар мен кеңестер

өткізуі үйымдастырық. Оларды өткізу үшін Ш. Уәлиханов атындағы педагогикалық институттың профессорлық-оқытушылық құрамы, облыстық партия комитетінің лекторлық тобының мүшелері, сондай-ақ ғылыми білімді тарату жөніндегі қоғам өкілдері тартылды, лекциялар мен баяндамаларда әлеуметтік-экономикалық мәселелер, сондай-ақ педагогика мен психология ережелерін пайдалану мәселелері, партиялық жұмыс тәжірибесіне және қоғамдық үйымдардың жұмысына ғылыми көзқарасты енгізу туралы мәселелер қозгалды.

Осының арқасында біз практикалық қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық жоспарлау тәжірибесіне қызыгушылықтарының арта бастаганына күэ болдық. Кәсіпорындарда әлеуметтік жоспарлау жөнінде қоғамдық негіздегі зертханалар мен комиссиялар үйимдастырылды, олар өздерінің енбек үжымдарында белгілі бір білімді, нормаларды және қондырылыштарды пайдалану шенберінде сауаттылықты негіздеуге, әкімшілік пен кәсіпорындардың қоғамдық үйымдарының қызметін жақсарту бойынша нақты ғылыми ұсыныстарды әзірлеу үшін оған жеткілікті негіз табуға мүмкіндік ашатын әлеуметтік зерттеулер мен өлшеулер жүргізілді. Олардың мақсаттары магыналы және тартымды бола бастады. Идеялар мен ойлар да ескіріп, тозады. Олар жаңартылып, тың, әрі сенімді дәйектермен және дәлелдермен толықтырылып отырылуы керек.

Әлеуметтік-экономикалық жоспарларды әзірлеу процесінде тәжірибелің жинақталуына қарай олардың құрылымы нақты көрініс бере бастады. Ол, әдетте, кәсіпорынның өндірістік-экономикалық қызметтінің сипаттамасы мен негізгі нәтижелерін, осы өндірісте ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу жөніндегі іс-шараларды (өндіріс технологиясын жетілдіру, кешенді механикаландыру және автоматтандыру және т. б.), қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, еңбекті материалдық және моральдық ынталандыру, ұжымда тәрбие жұмысын жетілдіру, сондай-ақ қызметкерлерді әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуді жақсарту жөніндегі шараларды қамтыды.

Еңбек үжымдарының әлеуметтік даму жоспарларын әзірлеудің өзі және оларды әкімшілік пен қоғамдық үйымдардың жұмыс тәжірибесінде пайдалануы формализмнен құтылуға және олардың жұмысын шыгармашылық арнага бұруға көмектесті,

қолда бар резервтер мен қоғамдық белсенділік өндірісін жасампаздық қызметіне жылдам пайдалануға септігін тигізді.

Еңбекші қауымның билік құруы, қарапайм еңбек адамдарына, ең алдымен жұмысшыларға өндірісте еңбек етуге барлық қолайларды жасау үшін қажет. Біз өзіміз өмір сүрген буын өкілдерін мінсіз демейміз және кемшиліктегімізді копшілік жақсы білетіндігі де айқын. Бірақ, біздің буын кемшиліктегі мен олқылықтарға жол беріп қоймай, сонымен қатар жұмысшылар мен шаруалардың жемісті еңбек етуі үшін экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайлар жасауға қалай қамқорлық жасау керектігін іс жүзінде айқын дәлелдеп берді. Біздің танымал көшбасшымыз, тың әпопеясының батыры Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың бүкіл өмірі мен қызметі үлкен билік өкілдігін өз халқының мұддесіне пайдаланып, олардың тұрмыстыршыліктерін барынша жақасартуға қолданып, оларға орасан зор пайда әкелу үшін қалай жүзеге асырудың жарқын мысалы болып табылады. Оған ризашылықпен қарайтын болашақ ұрпақ, оның ігі істерін ешқашан ұмытпайды деп үміттенемін.

**Василий ЗАГОРСКИЙ,**  
*еңбек ардагері*

### **ЕЛ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛҒАН ЕСІМ**

Еркін Әуелбеков – XX ғасыр тарихында аты аңызға айналған тұлға. Ондай адамдарды: «Ұлы адам жұз жылда бір рет туады» деп айтады. Қекшетау қаласының гүлденуі сол жерде туып, өсken Еркін Әуелбековтің есімімен тығыз байланысты.

Мемлекет, қоғам және саяси қайраткер, Социалистік Еңбек Ери, Қекшетау қаласының Құрметті азаматы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 1930 жылы 22 маусымда Қекшетау облысына қарасты Рузай ауданындағы Жаңасу ауылында дүниеге келді. 1968 жылы Қекшетау облысын басқарған кезінде Е. Әуелбековтің өз қолымен толтырған кадрларды есепке алу жөніндегі архивтік паралдан 1948 жылы оның Тимирязев атындағы Мәскеу Академиясына түсіп, 1953 жылы агроном-экономист мамандығы бойынша бітіргені мәлім. Жас Еркін Әуелбековтің жеке қасиеттері оның кәсіби дәрежесінің қарқынды өсуіне ықпал етіп, 35 жасында ол

аудармашылығы министрінің бірінші орынбасары, содан кейін Қазақстанның астық әнеркәсібінің министрі болып КСРО-ның саяси жүйесінде айырықша орын алды.

Жұбайы Күлші Оспанқызы Әуслебекова тапсырган оның «Үздік дипломы» мен басқа да құжаттарының түпнұсқалары облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспозициясына ұсынылды. Осы құжаттар арқылы музейге келушілер Еркін Әуелбековтің есімімен байланысты Көкшетау аймағының он жылдық гүлдену кезеңімен танысады.

«Табиғатынан ақылды, білімдар, терен және ерекше ой-өріс иесі, дарынды ұйымдастырушы, көрнекті саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері. Онымен бірге оқыған жолдастары, өңірлік және бұрынғы үлкен мемлекет деңгейіндегі күрделі халық шаруашылық және саяси міндеттерді бірге шешкен қызметтестері, жерлестері оны осындай деп білді және сол қалпында естерінде сақтал қалды. Еркін Әуелбеков – өз өмірін Отанына және халықына қызмет етуге, туган өлкенің гүлденуіне арнаган Қазақстан Республикасының адал ұлы. Оның өмір жолы әрқашан жайлы болған жок, кейде тіпті қындыққа толы болатын», - дейді академияда бірге оқыған курсасты Тоқтар Есенеев.

Көкшетау қаласының мемлекеттік мұрағатында оның жеке қоры сақталған. «Қор Е.Н. Әуелбековтің облыс пен қаланың дамуына қосқан бага жетпес үлесін мәнгі есте қалдыру қажеттілігінен туындалды. Оның мақсатты іс-әрекеттері мен күннің жігері облысты өркендетуге, Көкшетау қаласын Қазақстанның заманауи және ең әдемі қалаларының біріне айналдыруға бағытталды», - делінген алғы сөзде.

Еркін Әуелбековтің ауылдарға жұмыс сапарларымен барғанда жазған, іскерлік кеңестерде жүргізген колжазбалары құнды болып табылады. Әр күні мен айлары минуттан жазылған Көкшетау облысы басшысының назарынан әлеуметтік мәселенің бір де бірі тыс қалған емес. Мәселен, 40 минут ішінде Еркін Нұржанұлы аудандық және ведомстволық бағынышты ұйымдардың ондаған басшыларын қабылдай алатын: 11.36 – Баян Жанғалов (төрт сұрак жазылған), 11.40 - Бугрянов қабылданды, 11.43 – Окунев (дестелегіштер жетіспейді, көлік аз, деп жазылған), 11.54 – Әбілмәжінов, 4 минуттан кейін – Проскуряков (200 автокөлік деп жазылған), 12.03 – Воронов, 12.12 – Рыжков, 12.20 – Каримов, 4

минуттан кейін – Алимов, 5 минуттан кейін – Щерба және в 12.46  
Моисеенко (447- қор, 1-тізім, 5-іс).

Әуелбековтың ұсақ жазуымен 1970 жылдың 10 мамырында «Күрделі құрылым бойынша мәселелер»: кірпіш зауыттарының құрылыштары – Көкшетаудагы №1 кірпіш зауытының, Гайыншадагы кірпіш зауытының (3 кеңшар) құрылышын қиравстырып, нығайту қажет. «Шучьедегі құс фабрикалары, жогарыда аталған ауданда және Қызылтуда жөндеу зауттары нашар салынып жатыр». Мектеп құрылышы – әр мектептің құрылышын мұқият қарастыру. Пайдалануга берілетіндер: Озерный - 320, Бостандық - 480, Қызылту – 960, сондай-ақ Арықбалық, Ақан, Сырымбет және т. б. (Н. Сәрсеноваға және А. Никулинге қарастыру). Мектепке дейінгі балалар мекемелері нашар салынып жатыр. Пайдалануга берілетіндер: Ақан – 140, Зеренде - 140, К. Маркс - 90 және т.б. Соңғы ауылда - қазіргі СКО Уәлихан ауданының Ақтүйесай ауылында салынған заманауи екі қабатты кешенде 70-80-ші жылдардағы ұрпақтың, оның ішінде осы жолдардың авторының балалары да оқыды.

1970 жылдың 30 қазанында Еркін Әуелбеков «Кезекті сұраптар» атты қысқа айлық жоспарын жазады. «Қызылту АК Пленумы – 1970 ж. 2 қарашасында. Мал қыстайтын айлықтың қорытындысы 3-4 қараша. Салтанатты мәжіліс – 5 қараша. Облыстық кітапхананың ашылуы – 5 қараша (қазақ халқының көрнекті ақыны М. Жұмабаевтың аты берілген Көкшетаудагы облыстық әмбебап кітапхана). Совет және Күйбышев атындағы көшелердің ашылуы – 6 қараша. Демонстрация – 7 қараша. Келлер ауданының Киров және Чапаев кеңшарларына іс сапар. Облыстық комитеттің бюросы – 16 қараша. Облыстық Кеңестің сессиясы-18 қараша. Мәскеуге сапар – 1970 ж. 20-29 қараша.

Аймақ басшысы Қазақстан аумагындағы материалдық өндірістің ежелгі салаларының бірі – мал шаруашылығына үлкен көніл бөлді. 1974 жылдың көктемінде өзінің есептік жазбаларында Е. Әуелбеков мал шаруашылықтарының жағдайын сынға алып, тиісті тапсырмалар береді: «1 мамырда 3 856 ІКМ мен 5 600 сиырга аз. Сиырларды тапсыруды тоқтату. Тыйым салу. Бұзаулар сатып алу». «Қой басы. Неліктен қозының аз алынғанын анықтау. Тарқатып жазу. Қызылту – 56, Ленинград - 67, Чкалов – 54, Еңбекшілдер – 69. Тағы қанша қозы аламыз?

Сақталуын қамтамасыз ету». Параптың төменгі он жақ бұрышында: «Мәселе неде? Қандай шаралар қабылдау керек? Облыс орталығына барлық мал өсірушілерді 11-і түстен кейін жинау». Мал шаруашылығының негізгі саласынан басқа, егіс науқанының, су қоймаларын тазалаудың, тұргын үй құрылсының, автомобиль жолдарының, медициналық мекемелердің, мектептер мен басқа да әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерінің проблемалары егжей-тегжейлі қаралып, шешілді.

Еркін Әуелбековтың жеке хат алмасуларының ішінде белгілі археолог-ғалым Әлкей Марғұланның және көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқовтың хаттары ерекше құнды. Ә. Марғұлан бірінші хатында Сырымбеттегі атақты қыстау – Айғаным қонысы кешенін қалпына келтіргені үшін Е. Әуелбековке алғыс айтып, Уәлихановтар руы мен ұлы хан Абылай туралы бірқатар тарихи мәліметтерді хабарлайды.

«Аса қымбатты Еркін Нұржанұлы! – 1975 жылы 2 қазанда Шәмші Қалдаяқовтың жазған хаты осылай басталады. – Мен Сіз жайында газеттерден оқимын, теледидардан көремін және Сіздің жетістіктеріңіз туралы естігінде куанышымда шек болмайды. Менде бәрі тамаша. Бала-шагам аман-есен. Жақында Ескендір Хасанғалиев эстрадалық оркестрмен бірге жиырма күннен кейін эфирге шығатын «Кел, Бурабайға» атты әнімді жазды. Басқа «Ақ бидай Маржан», «Биши қайын», «Көгілдір Көкше» әндерін оркестрлік аранжировканың сәтсіздігіне байланысты қайта жазуга мәжбүр болдым. Мұндай жағдай композиторлардың шығармашылығында болып тұрады. ...Мен Сізден кешірім сұраймын. «...Партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы шақырған кезде ешкім де бас тартпауы тиіс». Құрметті Ереке! Мен бас тартпаймын, керісінше, үлken алғыс айтамын, бірақ әр түрлі жағдайлармен Сізге келе алмадым. Алайда, мүмкіндік пайда болған кезде шақырусыз келемін. Сізге және отбасыңызға зор денсаулық және үлken бақыт тілеймін. Әрқашан сіз үшін. Ш. Қалдаяқов. 2 / X-1975 ж. ((Көкшетау қ. Мемлекеттік мұрагаты, 447 қор, 1 тізімдеме, 39 іс. Қазакшадан аударма – автордан). Айтпақшы, «қазақ вальсі королінің» Көкшетауга арнап жазған, отандық әншілер сирек орындағытын «Көгілдір Көкше» әні қазір ҚР енбек сінірген ертесі, облыстық филармонияның әншісі Бисара Мәкенованаң репертуарында шырқалады.

Еркін Әуелбеков туралы өз естеліктерімен Махмұд Мұқатаев ін белісті. Махмұд ағаның жастық шағы өткен ғасырдың 60-шы жылдарының аяғы мен 70-ші жылдардың басына түспа түс келді. Махмұд Мұқатаев 1970 жылы Қекшетау облыстық атқару комитеті тәрагасының бірінші орынбасары болып сайланған, оңірдегі белгілі басшысы-новатор жездесі Түзелбай Кирбаевтың отбасында тәрбиеленді. Еркін Әуелбековтің құрдасы және үлесігілесі Түзелбай Кирбаев та биыл 85 жасқа толар еді. Оның жұбайы Гүлшахра Мұқатайқызы Кирбаева тарихи-өлкетану мұражайына құжаттар мен сирек фотосуреттерді сыйга тартты. Гүлшахра Мұқатайқызының інісі Махмұд Мұқатаевтың шытуынша, кезекті кеңестердің бірінде Түзелбай Кирбайұлы шопандардың кой шаруашылығында демалыссыз еңбектенетінін, сондықтан олар үшін жылына бір рет мереке үйымдастырылса дұрыс болатынын айтады. Осылайша, Еркін Нұржанұлының қолдауымен жыл сайын шопан мен жылқышы күнін өткізу және 1975 жылы Мәдениет ауылында өткен малышлардың облыстық слетін өткізу дәстүрге айналды. Ертедегідей, кең жайлауда үш күн қатарынан нағыз қазақ тойы өтті. Қазак құресі, аламан бәйге, қыз қуу, көкпар, теңге алу сияқты ұлттық спорт түрлеріне барлық ниет білдірушілер қатысты. Слеттің құрметті қонағы, аймақ басшысы Еркін Әуелбеков әдептегідей ел-жұртпен бірге болып, мейрамға шын көнілімен қуанды.

«Тұрмыста, қарым-қатынаста оның бізден еш айырмашылығы жоқ еді. Біз бір үйде, бірақ бөлек кіреберістерде тұрдық. Еркін Әуелбеков пен Түзелбай Кирбаев жұмыстан тыс уақытта жақын дос болды», – деп еске алады Махмұд аға.

Еркін мен Құлше Әуелбековтердің отбасында екі бала тәрбиеленді. Ұлдары Бақытжан 1957 жылы туған және кішкентай қызы Сәуле 1968 жылы туған. Отбасында қазақ халқына тән қонақжайлыштың барлық дәстүрлері сақталды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетілді. Табиғат Еркін Нұржанұлына ерекше қасиеттер ғана емес, келісті келбет пен сұлу дene пішінмін де тарту өтті. Е. Ауелбеков спортпен жиі шұғылданатын. Жақсы шанғышы және жүзуші болды, волейбол мен шахматты жақсы ойнады, бос уақытында кешкі уақытта бильярд ойнауды және ауыр атлетикамен шұғылдануды жақсы көрді (оның пәтерінің кіреберісінде екі 24 килограммдық кір тасы тұратын). 1973 ж. Махмұд Мұқатаев

Нагипа Аманбайқызына үйленгенде, жас оқытушылар ретінде оларға бір бөлмелі пәтер берілді. Еркін Әуелбеков сол кезде КСРО Жогарғы Кенесінің депутаты болды, бірақ жас жұбайлар туралы ұмытқан жоқ, езі Мәскеуге, кезекті сессиялардың бірінің отырысына кетсе де, Құлше Оспанқызы арқылы үйлену тойына себет толы гүл мен үлкен хрусталь вазаны сыйға тартты.

Жаңа жыл мерекесінде кездесу дәстүрге айналды. Көкшетауға үкіметтік сапармен келген Дінмұхаммед Конаев Еркін Әуелбековпен Түзелбай Кирбаевтың үйлеріне бірнеше рет қонаққа келген. Оларды тек іскерлік қатынас қана емес, достық қарым-қатынас та байланыстырыды. Тағы бір қызықты естелік: Еркін Әуелбековке «Чайка» үкіметтік автомобилі алғашылардың бірі болып жеткізілді. Бұл машинаның қазіргі Сәтпаев және Ақан сері көшелері қызыпсызының аулага келіп кіруі көрші үйлердің балалар үшін үлкен оқиға болды. Көлікті қоршап алып, көлік пен оның жүргізуісі Нұрланға үлкен қызығушылықпен қарап тұрғанда, кенеттен екінші қабаттың балконынан «Нұреке, балаларды мінгізіп, Көкшетауды серуендер келіндер!», - деген Еркін Әуелбековтың дауысы шықты. Осылайша, көкшетаулық балалар қала көшелерін көлікпен арапап, Біріншіге тиесілі автомобильдің алғашкы жолаушылары болды.

Қазір Сәтпаев көшесіндегі үйдің қасбетінде екі мемориалдық тақта орнатылған. Біреуі Еркін Әуелбековтың, екіншісі Түзелбай Кирбаевтың құрметіне жасалған ескерткіш. Көкшетау мен Қазақстанда Е. Әуелбековті өз тәлімгері, өмірлік ұстазы және алтап азамат ретінде үлкен ризашылықпен еске алушылар көп. Жыл сайын Е. Әуелбековті еске алуға арналған классикалық күрес бойынша турнир өткізіледі. Жақында «Бурабай» спорт сараяында өткен халықаралық турнирге осы елден түгел және Ресей, Башқұртстан, Украина спортшылары қатысты. Қала мен аймақ жүртшылығы Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосқан, аты анызға айналған тұлғаны мәңгі есте қалдыру туралы ұсыныс жасайды. Болашақта Е. Әуелбековтің Көкшетау қаласындағы ескерткішін ғана емес, мұражайын да көргіміз келеді, себебі оның есімі «сeldің және бүкіл халықтың тарихына, игілігіне айналды».

**Бибігүл БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ.**

\*\*\*

Біздің атақты жерлесіміз, талантты басшының құрметіне естелік-айдарын мал шаруашылығы саласындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің еңбек сінірген маман басшыларының бірі КСРО ауыл шаруашылығының үздігі Александр Спиридонович Мельник жалғастырды. Ол он жыл бойы облысты басқарған Еркін Нұржанұлының басшылығымен еңбек етіп қана қоймай, сонымен қатар саланы дамыту жөніндегі кеңесшілерінің бірі болды, көп араласқан, іссапарларда бірге болған. Еркін Нұржанұлының көреген идеялары мен бастамаларын жүзеге асыруға атсалысқан Александр Спиридонович Мельник 40 жылдан астам еңбек өтілінің 36 жылын Кекшетау облысы ғаратылғанға дейін мал шаруашылығы саласында жемісті еңбек стүге арнаған. Өзінің еңбек жолын облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының аға зоотехнігінен бастап, мал шаруашылығы және мал тұқымын асылдандыру ісі бөлімінің бастығы, облыстық партия комитеттінің ауыл шаруашылығы бөлімі менгерушісінің орынбасары, облыстық партия комитеттінің аграрлық бөлімінің менгерушісі, мемлекеттік мал тұқымын асылдандыру инспекциясының және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Оның бүкіл еңбек жолы облыстагы мал шаруашылығын дамытудың курделі және жауапты саласымен байланысты. Ол өз еңбегімен және білімімен тек облыс басшылығының ғана емес, сонымен қатар барлық аудандық басқармалар мен ведомстволардың мамандары мен басшыларының алдында да үлкен беделге ие болды.

Оның осы саладағы беделі талас тудырмайтын, ал ұсынымдарының орындалуы міндетті болатын. Соңдықтан да, ол облыстың бірінші басшысының ерекше назарында болып, мал шаруашылығы саласындағы кеңесшісі болып істеді. Ал оның естеліктері Еркін Нұржанұлының көреген бағдарламаларын іске асыруши және көп жылғы қарым-қатынасына негізделіп жазылған.

*Александр Татарский*

## **ҰЛЫ АДАМНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ**

Мен Еркін Әуелбековпен Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданының «Путь Ильича» кеңшарында бас маман болып жұмыс істеген кезімде алғаш рет таныстым. Сол кезде мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнын төмендету және салаларды тиімді жүргізу бойынша үлкен жұмыс жүргізіліп жатқан. Жайларды қайта жабдықтап, барлық жерде сүтті сиырларды байлаусыз ұстауды енгізу ұсынылды.

Бізді, облыстың мал шаруашылығы кеңшарлары мен колхоздарының барлық мамандарын Солтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасына екі күндік семинарга шақырды. Семинар сонында, сол кезде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып жұмыс істейтін Е. Әуелбеков қорытынды сөз сейлеп, мамандардан жыл сонына дейін барлық жайларды сүтті сиырларды байлаусыз ұстайтын жайларға ауыстыруды үзілді-кесілді талап етіп, бұл тапсырманы орындағандардың жұмыстан шығарылатынын айтты. Әрине, бұл тұрғыда тер төгуге тура келді, және көп тапсырма орындалды.

1964 жылы мен Көкшетау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында маман болып жұмыс істедім және облыс басшысы лауазымына Е.Н. Әуелбеков сайланды. Ол барлығын бірден өз орнына қойды: ауыл шаруашылығы басқармасы облыстық партия комитетінің басты және негізгі штабы ретінде жұмыс істей бастады. Ауылдар бойынша барлық іс-шаралар тек басқарма арқылы және басқарманың ұсынысымен өткізілді. Ол кезде облыста мал шаруашылығымен ешкімнің мардымын айналыспаганын айта кету керек. Жаңа басшының келуімен ай сайын әр төртінші күн «малшылар күні» болып белгіленді. Бұл күні облыстық ұйымдардың барлық қызыметкерлері мен басшылары кеңшарлар мен колхоздардың фермаларына ұйымдастын түрде барып, мал есірушілермен жалпы жиналыстар өткізді. Аудандық қызыметтер де осы іс-шараларға қатысты. Жиналыстар аяқталғаннан кейін уәкілдер жұмыс нәтижесін аудандық партия комитеттерінде, ал одан кейін міндетті түрде хатшының қатысуымен облыстық партия комитетінде баяндалы. Баяндағамалардың қорытындысы бойынша нақты тапсырмалар мен

орындау мерзімі көрсетіліп әрбір аудан бойынша жеке хаттама жасалды. Сондай-ақ, аудандарға ай сайын фермалардың онімдерін өндіру, мал басының өнімділігін арттыру, мал басын осуры бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Мал шаруашылығының қатардагы қызметкерлерімен және мамандарымен тікелей қарым-қатынаста болу он нәтижесін берді. Адамдар өздеріне деген қамқорлықты және олардың енбегі сұранысқа ие екенін сезінді. Материалдық және тұрмыстық енбек жағдайлары едәүір жақсарды, фермаларда енбекті көп қажет стегін процестерді механикаландыру белсенді енгізіле бастады. Жастар мал шаруашылығына бет бұрды.

Сонымен қатар, облыстық партия комитетінде мал шаруашылығындағы жұмыс нәтижесі бойынша ай сайынғы есеп беру белгіленді. Есепті тапсыруға ауданның бірінші басшылары (үштік) шақырылды. Тиісті тапсырмалар хаттамалық түрде барлық аудандарға жолданды. Осылайша жергілікті жерлерде ғарпты орнатылып, әр басшының жеке жауапкершілігі күштейтілді. Және де обкомның бюросы мен облыстық атқару комитетінде саланы дамытудагы күмәнді мәселелермен қатар өнім өндірісі және өндіріс көлемі бойынша артта қалуға жол берген шаруашылықтар тұрақты түрде тындалды.

Барлық мәселелер бойынша Еркін Нұржанұлы бастамашылық танытатын, жағдайды жақсы түсініп, уақытылы дүрыс шешім қабылдайтын.

Онымен ұзақ уақыт бірге жұмыс істеген кезімде, менің есімде сақталғаны, оның енжарлық, немікүрайлық және саутасыз әрекеттерге жол бермеу бойынша кадрларға деген қатаң талабы есімде қалды. Сонымен қатар, ол адамдарды жақсы көретін, кең пейіл жан болды және әрқашан халықтың өмірін жақсартуға тырысты. Қаншама уақыт жаңында бірге жүргенімде ол ешқашан ешкімге айқайлап, қорлап, намысына тіл тигізген жан смес. Қашанда оған кез келген мәселе бойынша барып, толық жауап алуға болатын. Ол адамдарға тұрақты түрде қамқорлық танытты, әсіресе шалғайдагы және мал жайылымы участкесінде тұргындардың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін қатаң қадагалайтын. Әрдайым адамдардың медициналық-санитарлық жағдайын, дәрі-дәрмектермен және арнайы киіммен қамтамасыз етілуін үнемі бақылауда ұсталды.

Еркін Нұржанұлы басшылық еткен 1975 жылдан бастап, жыл сайын Мәдениет ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан Бурабай шатқалында алдыңғы қатарлы шопандар мен табынышылардың облыстық слеті өткізіле бастады. Облыстық слетке қатысадың шарттары алдын-ала әзірленіп бекітілетін, ал қыс мезгілі аяқталған соң әр отар және әр табын бойынша жұмыс қорытындысы шығарылатын. Жарыс женімпаздарына бағалы сыйлықтар, кілемдер, төсөніштер, тулыптар, қысқа тондар, самауырлар, шай сервисдері және т.б. табысталатын еді.

Слеттің тәртібі былай болатын: бірінші күні шаруашылық иелері киіз үйлер, шатырлар, вагоншалар экеліп, орнатып, ас дайындастырын. Екінші күні слетте баяндамалар жасалып, сыйлықтар табысталып, концерт өтетін. Келесі күні ат-спорттық жарыстары етіп, спортшыларды марапаттау рәсімі өткізілуші еді.

Кеңшар мамандары және жылқышылар мен шопандар өздеріне көрсетілген қамқорлық үшін риза болып, слет пен ат жарыс қорытындысын ұзак уақыт талқылайтын.

Бір кереметі, Еркін Нұржанұлы іс-шараларға үнемі өзі қатысып, сонына дейін болатын. Кейін малшылардың үйлеріне аман-есен жеткендігі мен бәрінің ойдағыдан тарқағаны туралы ол кісіні хабардар ететінбіз. Оның кек сақтамайтын ақжарқын мінезін ерекше атап өткім келеді.

Мерекелердің бірінде Көкшетау қаласының маңында ұлттық спорт түрлерінен ат-спорттық жарысын өткіздік. Ауыл және қала тұрғындары көп жиналды. Жарысқа старт беруде қателік кетіп, қарсы шабатын екі жұп бетпе-бет келіп қалып (бір салт атта қызы бала болатын), Е.Н.Әуелбеков түрган мінбенің алдында бір-біріне соғылып, мерт болды, ал шабандоздар жеңіл жарақат алды. Ат жарысты ұйымдастырушылардың зәрелері ұшты, трибунада үн жоқ. Бір сәтке тыныштық орнады. Содан Еркін Нұржанұлы: «Шабандоздарды жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізіндер, өлген аттарды алындар. Өздерін жарысты жалғастыра беріндер», - деді. Барлығы сәтті аяқталды. Келесі күні сөгіс аламыз деп ойладық. Алайда, бәрі тыныш өтті. Мен сонда оның табиғатынан ақылды, білімді, кеңінен ойлайтын, тығырықтан жол табатын, ірі ұйымдастырушы және қоғам қайраткері, есімін үлкен әріппен жазуға тұратын адам деген тұжырымға келдім.

Оның тікелей басшылығымен облыс басшылары және мемандарынан құралған облыстық комиссия жоспарлы түрде мал қыстауының жағдайы мен ауыл шаруашылығы бойынша жылдық жоспардың орындалу барысын тексеру үшін жылдың басында Қызылтүрк ауданының шаруашылығына шыққан сапары өмір бойы ссімде. Еркін Нұржанұлы аудандық партия комитетінің хатшысымен «Чернигов», Карл Маркс атындағы және Бидайық кеңшарларын аралауды жоспарлады. Эрине, жол трассасы дайындалған болатын. Алайда, сапар күні ауа райы желді, құбылмалы болды. Түстен кейін ГАЗ-69 жеңіл автокөлігімен жолға шықтық. Бірінші шаруашылыққа дейін жақсы жеттік, екіншісіне жету қындау болды, жолдың кей жерлерін қар алғып қалған, оның үстіне қалың қар жауды. К. Маркс атындағы кеңшардың басшылары ауа-райының бұзылып және де қас қарайып, жол нашар көрінетін болғандықтан, ері қарай жолға шықпай, қонаға жатып, сапарды тек ертецине жалғастыруды үсынды. Ақылдасып отырганда, кеңсеге Бидайық кеңшарының су тасушысы келді. Жүргізуіден: жол қалай деп сұрадық, ол-жақсы, - деп жауап берді. Содан басшылық келесі шаруашылыққа К-700 тракторы мен Бидайықтың су тасушысының сүйемелдеуімен келесі шаруашылыққа шығуды ұйғарды. Ал боран болса күшейіп, түк көрінбей кетті. Бірнеше шақырымнан соң грейдерді қар алғып қалған екен, су тасуши батып қалды да, қозгалтқышын қар алғып машинасы мүлдем сөніп қалды. Оны жолда қалдыруға тұра келді. Тракторшы қардың үдей тусуіне байланысты грейдерден түсіп, дала жолының дөң жерлерімен жүруді үсынды. Далалық жолмен кеттік: алдымызда трактор, сонынан ГАЗ-69 ілесіп жүрді. Қарға толған жыралар мен ойыс жерлер жиі кездесті, сондықтан бірде кейін шегінуге, бірде тагы да алға қарай жүруге тұра келді. Қоғамай автомобильді қар басып, жарығы сөнді, кейін қозгалтқышы да өшіп қалды. Жеті адам тракторга отырып, алға жылжыдық.

Қар үдете жауып трактордың моторын басып қалды да жарығы сөнді, бірақ трактор жұмыс істеп тұрды. Жол мүлдем көрінбейді. Тракторшы ауыл жаққа қарай жүретін жогары вольтты бағандар бойымен қозгалуды үсынды. Осылайша өте баяу, тіпті жолды қармалап қозгалдық. Аудандық комитеттенн кезекші кеңшарга конырау шалып, облыс пен аудан

басшыларының жеткен-жетпегендігі жөнінде сұрағанда, оған ешкімнің келмеген туралы хабарлайды. Кешарға шынжыр табанды тракторлармен жолаушыларға карсы шығып, көмек беру жөнінде жедел тапсырма берілді. Олар Бидайықтан Карл Маркске дейін грейдермен жүріп өтіп, ешкімді жолықтырмай кері қайтқандарын аудандық комитетке баяндайды. Облыстық партия комитетінен, шұғыл түрде бар техниканы жұмылдырып, іздестіруді қүшетту қажеттілігі жөнінде қатаң тапсырма беріледі. Облыстың бірінші хатшысын жоғалту оңай дейсіндер ме! Мүмкін болғанның бәрін аяқтарынан тік тұргызды. Бұл оқыс жағдай ғой. Эйтеуір, түннің бір уағында К-700 ауылға жетті. Бәрінің көнілі орнықты.

Шінші күні барлық облыстық және аудандық комиссиялар аудандық комитетке жиналып, қорытынды жасады. Алайда, нақты шешім қабылдауды ауа-райының қолайсыздығына байланысты кейінге қалдырыды.

Еркін Нұржанұлы түсіністіклен қорытынды шығарып, іс-шараны басқа уақытқа ауыстыру туралы ұсыныс жасады. Бұл оқиға өмірдің қыын жағдайында объективті шешім қабылдай алатын парасатты және білікті басшы, қойылған міндеттерге қол жеткізуде асқан қажырлы, батыл, өжет, тәуекелге бара алатын, мықты адам ретінде ол кісінің беделі мен оған деген халықтың құрметін одан әрі арттыра тұсті.

Еркін Нұржанұлы дәл осы қалпында халқымыздың жадында мәнгі сакталмақ.

Көкшетау облысының мал шаруашылығы саласын дамытуға көткесті айттар болсақ, Е.Н. Әуелбеков басқарған жылдары бұл сала уақыттан озып, көп ілгерілеп кетті, өйткені бұл дана басшыға тән қасиет болатын. Облыстың ерекшелігі мен оның жемшөп және өндірістік базасын ескере отырып, облысты мамандандыру іске асырылды. Әр түліктің түрі бойынша барлық ұсақ тауарлы фермалар таратылып, әр ауданда сүт өндірумен айналысадын ірі сүт-тауар кешендері салынып, барлық шаруашылықтарда сүт өндеу жолға қойылды, жас төлдерді, ірі қара малды өсіру және бордақылау бойынша шаруашылықтар құрылып, ірі шошқа өсіру кешендері салынды. 32 шаруашылығымен бір ғана Уәлихан ауданы айналысадын қой шаруашылығын дамытуға үлкен көніл бөлінді және Щучье құс

фибринкасы базасында облыстық құс бірлестігі құрылды. Мал шыны базасын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Барлық шаруашылықтарда азықтық егіс айналымы игерілді, мал азығын тиідіретін бригадалар құрылды. Мал шаруашылығы объектілерін сипу мен механикаландыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, копп сөбекті қажет ететін процестерді механикаландыру бойынша ішінші трест құрылды. Тұқымды жақсартуға, жас төлдің санын арттыруға және қолдан ұрықтандыруға облыстық асыл тұқымды станисасының ұжымы үлкен үлес қосты.

Сол жылдары облыстық партия комитеті мен оның бірінші биесшысының нық тапсырмасымен малшылардың еңбегі мен демалысы үшін бұрынғыға қараганда әлдеқайда жақсы жағдай жасауга, мал шаруашылығына жастарды тартуға баса назар пударылды. Осы іс-шаралардың барлығы облыс малшыларының Республикада алдынғы орынға ие болуына мүмкіндік берді. 1976 жылға қарай облыста ІҚМ басы-620 мыңға дейін есті, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықтарда 115 мың, сиыр-204 мыңға жуық, жеке шаруашылықтарда 66 мың, қой басы – 782 мың, жеке шаруашылықтарда – 91 мың және 32 мың жылқыға жетті. Осылайша, негізгі өндірушілер мемлекеттік қәсіпорындар болды, ал бүтінгі мал шаруашылығы туралы бұлай айта алмаймыз. Облыс сол кезде (1976 жыл) 100 мың тонна ет және 220 мың тоннадан астам сүт өндірді, бұл тек өз қажеттіліктеріне ғана жетіп қоймай, сонымен қатар облыстан тыс, алыс шетелдерге де шыгарылды. Азық-тұлік бағдарламасы мерзімінен бұрын орындалды. Білікті басшының және дана саясаткердің арқасында Қекшетау облысы Қазақстанның ірі астықты өлкесі ғана емес, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерін шыгаратын ірі өндіріс орнына айналды. Біз, ардагерлер, дана басшының қол астында біліміміз бен күшімізді аямай еңбек еткенімізді мақтан тұтамыз. Сол 10 жылдың ішінде облыстың жеткен жетістігін бағалау кын, ейткені жүлдіздай жанған оның дарынды басшысы тәрізді облыстың да әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жүлдізды жылдары болатын.

*Александр МЕЛЬНИК,  
еңбек ардагері,  
КСРО ауыл шаруашылығының үздігі.*

## ӨЗ ХАЛҚЫНЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ҰЛЫ

Табиғатынан ақылды, білімдар, озық және ерекше ойлы, дарынды үйымдастыруши, көрнекті саясаткер, мемлекет және қоғам қайраткері. Өнірлер мен кешегі үлкен мемлекет деңгейіндегі күрделі халықтық-шаруашылық және саяси міндеттерді бірлесе шешкен әріптестері, бірге оқыған жолдастары, жерлестері оны тұра осындаид адам деп білді және сол қалпында есте сақтап қалады. Еркін Нұржанұлы Әуелбеков – бар өмірін Отанына және халқына қызмет етуге, туған өлкесінін гүлденуіне арнаған Қазақстан Республикасының кеменгер ұлы.

Бұғандегі бұрынғы Рузай ауданындағы Жаңасу ауылының төл тумасының дүниеге келгеніне 90 жыл толар еді. Ауылдық орта мектепті бітіргеннен кейін Еркін Әуелбеков Еңбек Қызыл Тұжәне Ленин орденді Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясында бес жыл оқыды. Кейін Солтүстік Қазақстан облысына жұмысқа жолданған. Еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысының Коновалов МТС-да бас агроном, кеншар директоры болып бастап, кейін 23 жыл бойы шаруашылық, кенес және партия органдарында жоғары қызметтерде болды. Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрагасының орынбасары, ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, сондай-ақ, астық өнімдері және малшаруашылығы өнеркәсібі министрі болып тағайындалды, он жыл Көкшетау облысын басқарды. Облыстық партия үйымының бірінші хатшысы ретінде облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласын кетеру үшін көп еңбек етті. Жалпы, Еркін Нұржанұлы жұмысқа ете қабілетті адам болды және кез келген қызметте өнірдің дамуы мен адамдардың әл-ауқаты үшін ез білімі мен практикалық тәжірибесін сарп етті. Оның үстіне өмірдің көптеген киын қыстау сәттерін бастан кешірді. Бірақ оның мықты мінезі, ерік-жігері, жоғары моральдық ұстанымдары оған өмірлік киын жағдайларларда көмектесті. Қандай жағдай болмасын ойындағысын іске асырудан қайтпай, әрқашан өзгелердің пікіріне құлақ асып, жұмыстың нәтижелі орындалуы үшін бәрін жасайтын.

Мен Еркін Әуелбековті жақын білдім, біз бір академияда оқыдық, оны үздік аяқтап, екеуіміз де жақсы қарым-қатынасымызды қадір тұтатынбыз, жиі кездесіп, естеліктерімізben

және болашаққа деген жоспарларымызben бөлісегінбіз. 1965 жылы КСРО № 1 жоғары оқу орны деп аталағын Тимирязевка, Мәскеудің съездер сарайында 100 жылдық мерейтойын атап откесін ойыма оралды. Еркін Нұржанұлы бес адамнан тұратын Қазақстан делегациясын басқарды. Салтанатты шара жоғары деңгейде өтті. Содан кейін, біздің бәрімізді, қазақстандықтарды, оғи оқыған кезде тұрган жатақхана мен бөлмеге шақырды. Сол жерде, жатақханада оқытушылармен, бірге оқыған достарымызben жылы кездесулер өтіп, естеліктер мен ізгі тілектер бітпестей болып көрінді!

Одан кейін Еркін Нұржанұлы мені оперетта театрына «Орфей в аду» спектаклін тамашалауга шақырды.

Партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы аграрлық оңдіріске, атап айтқанда қой шаруашылығын дамытуға көп көңіл болді. Жетпісінші жылдары Қазақстан аграрларына қойдың санын 50 миллионға жеткізу міндеті қойылды, Көкшетау облысында бір миллионға жеткізу тапсырылды. 1977 жылы шімактың шаруашылықтарында қойдың саны 960 мыңға жетті. Жаңадан Уәлихан ауданының күрүлүни байланысты ғалымдардың алдына биязы жүнді қой өсіруді кроссбредті жүн менетті қой өндіру бағытына өзгерту міндеті қойылды. Еркін Нұржанұлы маган осы саладағы гылыми зерттеулерге басшылық етуді ұсынды. Облыстың бес өңіріндегі 32 қой шаруашылығының 14-і біздің зертханамыздың жаңа бағытын дамыту үшін бөлінді. Зерттеудің максаты ағылшын етті тұқымды қолдануымен кроссбредті және көп ұрықты қой массивін күру болды. Зертхананың ғалымдары тапсырманы орындал, 280 мың бас қойдың тұқымдық тобы күрьылды. Айта кетерлігі, кроссбредті жүн өндіру бойынша Көкшетау облысы Батыс Қазақстан облысынан кейін республикада екінші орынды иемденді. Біздің институттың данқы облыстан тыс жерлерге де тарады. Ен үздік шабан-орденшілер Шайдолла Хасенов, Петр Рай, Серік Магзұмов, Төлеген Қайырденов және басқалардың озық жұмыс тәжірибесімен басқа облыстардан, тіпті көрші республикалардан келген делегациялар танысты. Зертхананың гылыми қызметкерлері б қандидаттық және екі докторлық диссертация коргады. Айтпақшы, 1991 жылы Алматы қаласында Еркін Әуелбеков қонақ ретінде менің докторлық диссертациямды

қорғауға қатысты. Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері маған өңірдің қой шаруашылығы саласындағы біздін 14 жылдық жұмысымыздың нәтижесіне және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру үшін оның бастамасымен Көкшетау ауылшаруашылық академиясының «Көкшетау» ҮЕҰ құрамында жеті ғылыми-өндіріс жүйесінің құрылғанына толық разы болғанын айтты.

Еркін Әуелбеков облыста басшылық еткен жылдары егін шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылым, басқа да салалар айтарлықтай дамыды. Өндіріске жана технологиялар, үздік озық тәжірибелер енгізілді. Бір гектардан 14-16 центнерден астық алу қалыпты жағдайға айналды, тауар өнімінің көлемі артты, оның сапалы белгімен өндірілген басым белгіі әлемнің ондаған елдеріне экспортталды. Сол кезде облыста кеңшарлардың, колхоздардың, жұмысшы кенттердің көптеген орталық мекендері салынды, Көкшетау қаласында теміржол және автобус вокзалдары, үй құрылышы комбинаты, әуежай, бас пошта, «Достық» қонақ үйі, В. Ленин атындағы сарай («Көкшетау»), саяси ағарту үйі, «Юбилейный» және «Боровской» шагын аудандары салынды.

Еркін Әуелбеков қадр мәселесіне аса мүқият қарайтын, оларды жұмыс бабында шындал, қызметтерін жогарылатып отыратын. Осы тақырыпқа аз-кем тоқтала кету - айтылғандардың дәлелі. Оның Тимирязев түлектерінің тізімін жазатын қойын кітапшасы болатын. Ол түлектерді колхоздар мен кеңшарларға агроном, экономист, зоотехник лауазымдарына ұсина отырып, сол арқылы болашаққа қадрлар тәрбиелейтін.

Білікті маман және дарынды адам ретінде Еркін Нұржанұлы Әуелбеков қызметтік баспалдақтарға өз күшімен көтерілді, тағдырдың күтпеген тосын сыйларына қарамастан, бәріне қасқая қарсы тұрып кейде тілті қол жетпейтіндей көрінетін биіктіктерді асқан ырдахаттықпен бағындырыды. Осылайша ол адамдарға өзінің іс-әрекеттері арқылы қажеттілігін дәлелдеп, оларға өзінің күшін де, уақытын да аямады.

1973 жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауда үлкен жетістіктері үшін Е. Әуелбековке Социалистік Еңбек Ері атагы берілді. Ол адал еңбегі үшін үш рет Ленин орденімен, Октябрь Революциясы орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және басқа да үкіметтік наградалармен марапатталды.

Қала мен облыстың экономикасы мен мәдениетін дамытуға, оның әл-ауқатын арттыруға сінірген ерекше еңбегі үшін Еркін Нұржанұлы Әуелбековке 1998 жылы «Көкшетау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Облыс орталығындағы кошелердің бірі 1999 жылдан бері оның есімімен аталады.

Онымен ұзак жылдар бойы бірге жұмыс істеген адамдардың Көкшетау қаласында есімін мәңгілік ету мақсатында, Еркін Нұржанұлының мұсінін орнату және мұражай ашу жайлы көптеген өтініштеріне қосыламын.

*Тоқтар ЕСЕНЕЕВ,  
профессор, аудитор шаруашылығы  
ғылымдарының докторы,  
Халықаралық ғылым жөнінде ондіріс  
академиясының академигі  
(Ресей).*

\*\*\*

Дарынды басшы, саяси қайраткердің мақтанышы бұрынғы Көкшетау облысын 10 жыл басқарған уақытта өзі тәрбилиген халық шаруашылығының, әсіресе ауыл шаруашылығының талантты басшыларының плеядасы болып табылады. Олар өз естеліктерінде облыстың халық шаруашылығының барлық салаларының болашақ дарынды басшылары мен мамандарын тәрбиелеуге Еркін Нұржанұлының қосқан орасан зор еңбегі мен терең білімін айта алады. Ол өз пікірін тайсалмай ұсынатын және қоргай алатын батыл да ойшыл басшыларға құрметпен қарады. Осындаидардың бірі, мемлекет алдындағы айырықша еңбегі үшін бүтінгі таңда дербес зейнеткер Владимир Дмитриевич Корябкинның естеліктерін жариялагымыз келеді.

Владимир Дмитриевич біздің көрнекті жерлесіміз сияқты беделді Тимирязев ауыл шаруашылығы Академиясын бітірген, оны аяқтаганнан кейін тың игеруге Щучье ауданына келіп, сол ауданға еңбек жолының ең мықты, ең жемісті 25 жылын арнады. Сол үшін оған жақында «Бурабай ауданының Құрметті азаматы» деген атақ берілді. Тың игеру жылдары Веденов МТСның агрономы болып еңбек жолын бастап, кейін тағы да екі колхозда агроном болып, одан соң Веденов кеңшарының бас агрономы және он жыл бойы «Златополь» кеңшарының директоры болып еңбек етті. Адал еңбегі оны тек аудандаған емес, сондай-ақ облыста да алдыңғы қатарға шығарды. Ауыл шаруашылығын дамытып, өнімдерді арттырганы үшін Отанымыздың жоғары наградасы-Ленин орденімен және екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Кейіннен жеті жыл бойы Щучье ауданының ауыл шаруашылығы басқармасын басқарды, сол үшін оның кеудесіне «Құрмет Белгісі» ордені тағылды. Облыс басшылығының ұсынысы бойынша құрметті демалысқа шыққанға дейін 15 жыл жаңадан құрылған «Сельхозхимия» бірлестігін басқарып, «Халықтар Достығы» орденімен марапатталды. Мінекей, осындаидар еңбек сінірген және беделді басшы өзінің ұлагатты басшысы, Көкшетау жерінің мақтанышы Е.Н. Әуелбеков туралы естеліктерімен бөліседі.

Александр Татарский

## КӨКШЕ ЖЕРІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

Ағымдағы жылдың 22 маусымында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековке 90 жыл толады. А.В. Татарскийдің, А.Х. Мурзиннің және басқа да оның үзенгілестері мен пікірлестерінің бастамасымен осы тамаша адам ғуралы естеліктеге толы макалалар тоptамасын жариялады. Жолдастарыма шын жүректен қосыламын. Және қалай қосылмасқа. Әуелбековтың басшылығында аз да емес, көп те емес тұра он жыл жұмыс істедім.

Рас, мен ол кісімен обкомының қабыргасында иық тірестіріп отырып қызмет еткенім жок, мен Шучье ауданының ауыл шаруашылығын дамытуға 25 жыл өмірінді арнап шетте жүрдім. Сондықтан оның жұмыс стилі туралы ештеңе деп айта алмаймын. Мен оның қызметінің және мінезінің кейбір жақтарына ғана тоқталайын. Бұл «куәгердің әнгімесі» болсын. Белгілі шындықты қайталаамай, менің жеке өміріме қатысы бар, жаныма жақын болған тұстарын жазайын.

Алдымен «құпияны ашамын»: Әуелбековті мен көптеген әріптестерімнен бұрын шамамен 20 жасында көрдім. Өйткені, біз онымен бір жылы дүниеге келген құрдаспыз. Бірақ соғыс кезінде мен екі жыл оқымадым. Ал 1950 жылы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының экономика факультетіне түскенімде, жас Еркін сол факультеттің үшінші курсында оқып жүрді. Жоғары курс студенттері бізге «мектеп алды» оқушылары есебінде қарайтын, сондықтан біз бір-бірімізben таныспадық та.

Ал мен үшінші курстағылардың ішінен оны баспалдақпен женіл түсіп жатқандагы серіппелі жүрісінен есте сактадым. Ал 1953 жылы біздің жолымыз екіге айырылды: ол академияны қызыл дипломмен аяқтап, тұған жері Солтүстік Қазақстанға оралды, ал маған тағы екі жыл оқуымды аяқтауға тұра келді. 1955 жылы оқу орынын аяқтаған соң менің тілегім ескеріліп, тың игеруге Көкшетау облысына жолданым. Осылайша, біздің жолымыз тек 13 жылдан кейін ғана қайта түйісті.

60-70 жылдары мен «Златопольский» кеншарының директоры болып жүргенде екі рет облыстық партия комитетінің Пленумына мүше болып сайландым. 1968 жылғы 5 наурыздагы пленум элі бүгінгідей есімде. Ең басында ауыл шаруашылығы бойынша

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттінің хатшысы Григорий Андреевич Мельник облыстық партия комитеттінің бірінші хатшысы етіп Еркін Нұржанұлы Әуелбековті сайлауды үсүнді.

– Сұраптарыңыз бар ма?

– Бар деп соңғы қатарда отырган Херсон облысында Социалистік Еңбек Ері атағын алған «Херсон» кеншарының директоры Багин орнынан тұрды.

- Ал Брыжин қайда кетеді? – Оған басқа маңызды жұмыс тапсырылды. Көп ұзамай оның кәсіптік-техникалық білім беру Комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалғанын білдік.

- Кім «Қолдайды?» Бір ауыздан дауыс берілді. Маңызды сәт: Пленум теміржолшылар сарайында өтті. Ал ол кезде Ленин атындағы сарай әлі болған жоқ, ол Әуелбеков басшылық еткен кезде салынды.

Ал менің онымен жеке танысұым сол жылдың 15 мамырында ете бір келенсіз жағдайда болды. Ол республика Министрлері Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Слаҗневпен және аудандық партия комитеттінің бірінші хатшысы Моисеенкомен бірге «Златополь» кеншарына келеді. Бұл жылғы қыста қар ете аз түсті, сол себепті наурыз айында біз ылғалды жабу үшін жерді ертерек жыртып тастайық деп шешкен едік, бірақ қатқан жерге салған бораналардың тістері майырылып жатты. 1964 жылдан бері біздің шаруашылық облыста алғашқылардың бірі болып жер койнауын өндөуге көшкеніне қарамастан, шанды дауылдардан құтыла алмадық. Жыртылғаң жерлерден өтіп бара жатқан Әуелбеков желдің салдарынан болған жер эрозиясының іздерін көреді.

№ 5 озат бригаданың дала қосында «қателікпен жұмыс» қызу өтті: «Жер эрозиясына неге жол бердіндер, ал барлық техника қоста босқа тұр? » Мен 5 жыл бойы топырақ қорғау жүйесін қолданатындығымызды, бірақ қарсыз қыстың теріс әсер еткенін шамам жеткенше түсіндірдім. Ал егер сіз 15 мамырда емес, 16 мамырда келсеңіз, барлық техника механизаторлармен бірге толық дайындық сапында болар еді. Ал 17 мамырда біз жаппай егісті бастаймыз. Бізде осылай қалыптасқан. Жауабым Бірінші хатшыны қанағаттандырмады. Оның үстінен директордың сырт пішіні де жағымды әсер ете қойған жоқ. Үстімде арнайы жұмыс киімі, аяғымда көрзі етік.

- Байқаймын, Сіз топырак қорғау технологиялары мәселелерін мүлдем түсінбейді екенсіз? Қандай оқуды бітірдіңіз?

Осы кезде, қырыққандай, менің шыдамсыз мінезім көрінді.

- Мен де Тимирязев атындағы академияны, тіпті сіз өқыған факультетті бітірдім. Ал топырак қорғау жүйесі туралы тіпті дәріс те өқып бере аламын.

Алайда, мұным мүлдем әдепсіздік болды! Мен әлі күнге дейін сол кезде айтқан сөздерім үшін ұяламын. «Менің тілім - менің жауым». Осындағы ашулы күйде қош айтыстық.

«Осы менің қызметтік мансабымның соны болар», - деп ойладым. Ал кешкі мезгілде Щучье қаласынан Моисеенко қонырау соқты: «Көнілінді түсірме, бәрі реттелді. Мен неге бұл кездесуді егжей-тегжейлі сипаттадым? Себебі, Әуелбековтің кекшіл, зұлым адам емес екендігін, керісінше оның мінезіндегі тамаша ерекшелікті атап өту үшін. Егер оның орнында басқа біреу болса мені жер қылышы еді.

Керісінше, 10 жыл бойы маган деген көзқарасы аса жылы болмағанымен, жұмыстың нәтижесіне қарай іскерлік сипатта болды. Құрметті өкірман, тәрелігін өздеріңіз беріңіздер: қайдағы кекшілдік? Егер мен бес орденнің үшесін, оның ішінде Ленин орденін Еркін Нұржанұлының өз қолынан алған болсам.

Ол бірнеше рет «Златополь» кеншарына келіп, шаруашылық өмірінің барлық қыр-сырын білуге ден қойды. Тек егіншілік пен экономикадаған емес, сонымен қатар құрылыста да, тіпті мал шаруашылығының ұлттық түріне жатпайтын шошқа шаруашылығындағы оның терен білімі мен көптеген мәселелердегі кең ой-өрісі мені таң қалдыратын, оның бағалы кеңестері маган басшылық етуде көмектесті. Біз шошқа фермасына барған кезде 8 мың басқа арналған бордақылау бойынша шошқа өсіру кешенін салу қажеттілігін талқыладық. Уақыт ете келе ол түргизылды. Біз ол кісі тарарапынан ауылдардың жай-жагдайын жасау мен абаттандыруда моральдық қолдау таптық.

Бірақ құнды кеңестерден басқа негұрлым маңыздысын да алуға болатын еді. Бір күні республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының тәрагасы Сабыр Біләлұлы Ниязбеков Әуелбековпен және Никулинмен бірге Зеренді ауданының шаруашылығы шекарасына дейінгі Жамантуз жерлерінің егіс жагдайымен танысты. Ескі клуб гимаратының жанынан өтіп бара

жатқанда мен жағдайымды айтып үлгердім: «Бұрынғы шіркеуден қалған клуб, небары 80 орындық, төбенің белдік ағаштары майысып кетті, жалғыз есік, өрттен құдай сақтасын!». Нәтижесінде кеңшарға 400 орынға арналған спорт залымен екі қабатты мәдениет үйінің құрылышына қаржы бөлінді. Бірнеше жыл ішінде ауыл тұргындарының қуанышына орай мәдени-спорт кешені салынды.

Мен бес жыл бойы оның басшылығымен кеңшар директоры болып ойдағыдай жұмыс атқардым. Сөгіс алу сол алғашқы кездесуден кейін болған жок. Алайда, Шучье аудандық ауылшаруашылық басқармасында бастық болған уақытта сөгістен тыс қалуға болмады. Қол астындағы қызметкерлерінің жұмысын объективті және әділ бағалайтын Еркін Нұржанұлы жауапсыздық пен бейқамдыққа төзбейтін еді. Зеленобор совхозының Дорофеевка ауылында мас малшының кінәсінен 159 бұзауымен ферма жаңып кетті. Облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шевченкоға сөгіс, ал маган қатаң сөгіс жариялады, бірақ ол жеке құжатқа енгізілмеді. Әділ шешім. Басшылар барлық жағдайда жауапты. Әйтпесе болмайды. Және берілген жаза бойынша шара қолдану керек. Кеңшар директорларына тұнгі кезекшілік жөнінде міндеттеме жүктеп, бұйрық шыгардым. Балалық шақтан «Пионер бәріне үлгі» деген ұстаным болған. Өзім жұмасына 2-3 рет тұнгі уақытта шаруашылық фермаларын аралап тұрдым. Эрине, мұның бәрі женіл болмағанын мойындау керек, дегенмен, сол жағдайда бұл манызды еді.

Тағы бір маңызды мәселені атап өткім келеді. Меніңше, жоғары басшы өз қателігін мойындағанды ұната қоймайды, ал Еркін Нұржанұлы маган катысты жағдайда қателіктерін мойындей алды. Осыдан екі-үш жыл бұрын көрші кеңшардың бұрынғы директоры – кең пейілді, менмендігі жок керемет адам көп жылдар бұрын болған бір оқиғаны айтып берді. Әуелбеков пен Моисеенко оның шаруашылық алаңдарын аралағанда көнілдері толмайды. Моисеенко:

- «Златополь» кеңшарында алқап таза, айтары жоқ, барлық аралықтар тазартылған, неліктен сіздерде олай емес,-? деп сұрайды. Директор үшін Әуелбеков жауап береді: «Себебі ондагы директор - агроном, ал мұндағы - ветеринар дәрігер».

Ал онымен алғаш танысқанда берілген бага мүлде керісінше қолдатын.

Менің ойымша, бірінші хатшы өте жогары талапшыл, сырт шашпін қатал болғанымен, тиісті жағдайда көңіл көтеріп, әзіл-күлжынды дұрыс түсінетін қарапайым адам қалпын сақтай білді. Іүгін мысал келтірейін. Менің 70 жылдығымда бұрынғы екінші хатшы Зуб Василий Никифорович қызықты оқиғаны еске алды. Пісепті мүшесі Корябкин оның мәжілісінде сез сөйлейді. «Златополь» совхозы кездейсоқтық па әлде занды түрде ме 1969-1970 жылдары, Әуелбеков басқарған уақытта гана мемлекеттік өлектр желісіне қосыла бастады. «Златопольеде» электр желілері мен бірге бір мезгілде телефон бағаналары ауыстырылып, ауыл тұрғындары облыс және аудан басшылығына үлкен алғыстарын білдірді. Жаңа бағаналар қойылып жатыр, ал ескілері сол қалпында сымдары салбырап әлі тұр. Нағыз тәртіпсіздік. Мен Киелі кітаптан бүкіл аспан темір торға оралып, темір құстар үшатын уақыт келеді,-деп оқып едім. Меніңше, сол уақыт Златопольеге келіп жетті. Киелі кітаптағы сияқты». Зал бұл сездерді ду күлкімен қабылдады. Әуелбеков кездесудің басшысы ретінде көптің көнілді күлкісіне қосыла алмады. Бірақ мен мінбеде тұрып оның басын үстелдегі папкаға иіп, иықтары күлкіден селкілдеп отырғанын көрдім. Білмеймін, кездейсоқтық па, әлде менің сезімнің әсері ме әйтеуір аудан орталығы кешікпей қалыпқа келтірілді. Оның мен сияқты шешенді тоқтатып тастауда мүмкін еді. Бірақ тоқтатпады.

Осының бәрін айтып отырғаным, барлық жалпыға тән мінез оған да жат емес екенін көрсету. Еркін Нұржанұлы мемлекет, саяси және қоғам қайраткері бола отырып, менің жадымда адамгершілігі жогары қарапайым адам ретінде қалды.

Мен Татарский мен Мурзин бастан авторлар тобын толықтай қолдаймын, ейткені басқаларға қарағанда Әуелбеков Көкшетау өлкесінің өркендеуі үшін көп іс тындырыды. Өзінің данқты істерімен ол 90 жылдық мерейтойына ескерткіш қоюға лайық жан.

Сонғы рет біз 1994 жылы Тыңцының қырық жылдығында кездестік, яғни облыстан кеткеннен кейін 15 жыл өткен соң. Сол кезде ол мемлекеттік қызметтен кетіп, туган ауылы Жанасуда фермерлік шаруашылықты басқарды. Оның жалғыз өзі гана

тұрғанын көргенде менің жүргегімді өкініш кернеді. Мен батылданып қасына бардым.

- Еркін Нұржанұлы, мен есінде бармын ба? Күлді.

- Қалай гана ұмыгтамын, мінезің шадыр еді ғой!

Ал 1999 жылдың қантарында ол өмірден озды.

Мен өзі басшылық еткен кезде салынған Мәдениет сарайында азаматтық жаназасына қатыстым. Кезекте оның қайғырған үзенгілестерін көрдім. Келушілерді жерлеу рәсіміне шақырды. Біз Щерба Петр Дмитриевичпен автобусқа отырдық. Еркін Нұржанұлы Алматыдағы беделді Жетісай зиратында жерленсе де болатын еді. Менің ойымша, туган-туыстары оның көзі тірісіндегі қалауын ескерген болар. Өйткені, ол Кекшетау жерінің шынайы ұлы болып, туган жерін құрмет тұтатын. Осы жерде туды, сол жер өз құшагына қайта алды.

*Владимир КОРЯБКИН,  
еңбек ардагері.*

## **ЕРКІН ӘУЕЛБЕКОВ: ТАРИХИ ТҰЛҒА**

Орбір тұлға өзінше бағалы және тыңғылықты зерттеуге лайық срекшे бөлек бір әлем. Егерде әнгіме белгілі тұлға туралы болса, онда бұл мәлімдеме сөз жоқ өте әділ. Ғалымдардың айтуынша, тарихи өмірдерек жай гана тарихи кейіпкердің өміrbаяны емес, сонымен қатар тарихи зерттеу жанры болып табылады: бұл тарихи тұлға бейнесі арқылы көрсетілген нагыз тарихтың өзі. Бірақ сөздің толық мағынасында қайталаңбас адам тұлғасының дамуы, оның ішкі жан дүниесін суреттейтін өмірдерек басты назарда болғанда гана тарихи өміrbаян деп есептеуге болады. Осыған байланысты алеуметтік өміrbаян деп аталатын жанрық анықтама мәселесі тұындауды, авторларды тарихи тұлғаның өзі емес, оның өнірдің, слідін тарихи оқигаларындағы рөлі, алатын орнына байланысты маселелер толғайды. Осы ретте біздің өніріміздің және бүкіл Қазақстанның тарихында орны бөлек, рөлі аса маңызды Социалистік Еңбек Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың тұлғасы айрықша.(1930 – 1999 ж.)

Егерде жеке тұлғаны бағалау өлшемінің формальды жағын есепке алмағанда, яғни лауазымы мен мәртебесін, ал адамгершілік касиеттері - адалдық, әділдік, адамгершілігі жогары, тұғыры биік және ең бастысы халықының, елінің иғлігі жолында сенімді және адал қызмет еткен XX ғасырдың екінші жартысындағы мемлекет қызметкерлерінің арасындағы ең көрнекті қайраткерлерінің бірегейі сөз жоқ Еркін Нұржанұлы болды.

Жеке тарихи тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеу «тоқырау» заманы деп аталған кезеңнің көптеген оқигалары мен құбылыстарына жаңаша қарауга және түсінуге нақты мүмкіндік береді. Осыған байланысты дәлелсіз кінә жағып қаралау сынаржақтылық, бәрін «қара түспен» немесе кеңес заманын шектен тыс даттау айқын түрде біздің тарихымызды шындыққа жанаспайтындағы етіп көрсетуге ұмтылу болып табылады.

Е. Н. Әуелбеков сол кезеңдегі қалыптасқан саяси жүйе шенберінде кеңес экономикасын реформалауға ұмтылған партия-кеңес номенклатурасының өкілі болып табылады. Ол Қазақстанның әртүрлі аймақтарында лауазымды басшылықта болғанда жасампаздық қызыметімен мұны толық дәлелдеді,

сонымен қатар оның еңбек жолының басталуы «тың көтерү» және косығин реформаларының кезеңімен тұспа-тұс келді. [5].

Е. Н. Әуелбеков кімнің кадры болды деген сауалға бір жақты жауап беруге болады, ол Қазақстанның сол кезеңдегі басшысы Д. А. Қонаевтың демеуінде болған жоқ. Д. А. Қонаев 1994 жылы жарық көрген «Менің уақыттың туралы» атты кітабында, өзінің қызмет баптарын жогарлатқан кадрларының қатарында Президент Н. Назарбаев, Е. Дүйсенов, К. Аухадиев, З. Нұрқаділов бар екенін атап көрсеткен, алайда онда Е. Н. Әуелбековтың аты аталмаған.[1].

Әлбетте, Е. Н. Әуелбеков Д. А. Қонаевтың билік басына жогарлатушыларының қатарында болмagan. Жаппай құғын-сүргіннің нәтижесінде және Ұлы Отан соғысы майданындағы үлкен шығындардан кейін халық шаруашылығының түрлі салалары бойынша Қазақстан білікті кадрларға аса мұқтаж болды.

Қазақстан КП бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов И. В. Сталинге Кеңес Одағының үздік оқу орындарында ұлттық кадрларды даярлауға көмек көрсету туралы арнайы хат жазды. Осыған байланысты 1946 жылы КСРО үкіметінің «Қазақ ССР ұлттық кадрларды даярлау туралы» арнайы қаулысы шыкты [2]. Осы қаулы бойынша орталық жогары оқу орындарына қазақ жастары жіберіле бастады. Олардың қатарында Е. Н. Әуелбеков те болды. Ол Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясына жолдама алды.

Е. Әуелбеков тұралы алғашқы елеулі еңбек, оның 70 жылдығына орай 2000 жылы Көкшетау қаласында «Азамат» (Гражданин) атауымен шыққан естеліктер жинағында болды, ал 2010 жылы Қызылорда қаласында М. Мұхamedовтың редакциясымен кеңес дәүірі қайраткерінің 80 жылдығына орай «Дара тұлға» (Выдающаяся личность) жинағы жарық көрді [3]. 2012 жылы бұрынғы Торғай облысының партия және мемлекеттік қызмет жөніндегі серікtestері мен жолдастары «Қазақтың асыл перзенті» (Выдающийся сын казахского народа) эссе-естеліктер жинағын жариялады [4]. Еркін Нұржанұлының қызметі туралы материалдар Ресей мемлекеттік мұрагаттарында, РФҚ, РМАСПИ, Қазақстан Республикасының мұрагаттарында, Көкшетау, Арқалық қалаларында, Солтүстік Қазақстан облыстық

мемлекеттік мұрагатында, КР Орталық мемлекеттік мұрагатында, КР Президенттік мұрагатында сақтаулы. Дегенмен, кеңес шағуарлардың көрнекті қайраткерлерінің бірі, халық шируашылығының ірі үйымдастырушысы, өмірі мен қызметі қынғылғы кеңестік кезеңнен кейінгі тарихнамада өте аз зерттелген тиқырып болып қала беруде.

Сталиннің дара басқару дәуірінен кейін, КСРО партияның доминантты қошбасшысының алқалық басқару кезеңіне кіреді, бұл партия ішіндегі демократияны белгілі деңгейге дейін လамытуға мүмкіндік берді [5]. Сонымен қатар, Н. С. Хрущев партия мен мемлекеттегі билік үшін құресте аймақтық қошбасшылардың қолдауына қол жеткізу үшін «Одақтар республикалар ОК Компартиялары, крайкомдар, обкомдар, горкомдар, аудандық партия комитеттерінің үйымдастыру партиялық және қаржы-бюджеттік мәселелерді шешуде құқықтарын одан әрі кеңейту туралы» КОКП ОК хатшылығының приймы Қаулысын қабылдауга қол жеткізеді [6]. Экономика мен мәдениеттің қөптеген мәселелері тиісті шешімдер қабылдау үшін ашық талқылаудың тақырыбына айналды. Орталық пен аймақтардың экономикалық қарым-қатынасын зерттеу үшін Ресей мемлекеттік мұрагатындағы КСРО Министрлер Кеңесінің қоры баға жетпес мәнгеге ие [7]. Дәл осы Министрлер Кеңесімен мемлекеттік жоспарда жергілікті басшылардың шаруашылық мәселелері жөніндегі өтініштері қаралып, осы өтініштер бойынша сараптама жүргізіліп, тиісті шешімдер дайындалды. Мысалы, 1959 жылы ауыл шаруашылығы министрлігінде облыстық комитеттер хатшыларының бес күндік кеңесі өткізілді. Қаз ССР ауыл шаруашылығы министрлік бірінші орынбасары Аманолла Рамазановтың естеліктері бойынша, осы кеңесте бүкіл жарыс сөзге қатысушылардың ішінен Е. Н. Әуелбековтің сөйлеген сөзі ерекше болды, онда жалпы шаруашылық мәселелерімен қатар, ол тың жерлерді жаппай игеру аймақтарындағы қазақ ауылдарының мәселелерін көтерді. Өз сөзінде ол жергілікті халықтың «тың эпопеясының» игілігінен тыс қалғанын атап өтті. Ирі қазақ ауылдары жана құрылған тың совхоздарының бөлімшелеріне айналып, ал шағын ауылдар өз жұмысын тоқтатып, ұлттық тілде оқытатын мектептер жаппай жабылғандығын айтқан [8,351].

Солтүстік Қазақстан облысында 12 жыл бойы атқарған партия-шаруашылық қызметінде Е. Н. Әуелбеков: МТС директорынан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасына дейінгі билік деңгейіне көтеріліп, қысқа мерзімде құрделі жолдан өтті. Кенестік Қазақстанның басқа беделді қайраткері М. Р. Сағдиевтің айтуынша, 60-шы жылдардың ортасында-ақ Еркін Әуелбеков КСРО көлемінде беделді өңірлік көшбасшы ретінде белгілі болған.

Сондықтан оны 1968 жылы Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындау тек республиканың бірінші басшысының ақылға қоныымды шешімі ретіндеған емес, бұл уақыттың талабы және өндірістік қажеттіліктен туындаған мәселе деп тану қажет. Е. Н. Әуелбеков 38 жасында шаруашылық және саяси басшылықтың барлық сатыларынан өтіп, Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымын тәжірибелі басшы ретінде қабылдады. [9].

Е. Н. Әуелбеков Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланғанға дейін, облыс өткір дағдарыс кезеңін бастан кешірді. Облыстың төрт ауданы шаруашылықтың тиімсіз жүргізілуіне байланысты пайдасыз деп жабылды. Тағы төрт ауданға осындағы себептерге байланысты жабылу қаупі төніп тұрды. Облыс орталығы кішкентай және аз-мұз гана аббаттандырылған қалашық болды. Табанды және жігерлі басшы, халық шаруашылығының әр түрлі салаларының жіті білгірі Е. Н. Әуелбеков қысқа мерзім ішінде жабылып қалған төрт ауданды қайта қалпына келтіріп қана коймай, сонымен катар облыста тағыда қосымша төрт аудан ашты.

Е. Н. Әуелбеков облыс аумағында өндірістік күштерді жоспарлы орналастыру мәселесін шешті, ауыл шаруашылығын мамандандыру мәселесіне жіті көніл бөлді, сондай-ақ 40 жаңа кеншар, оның ішінде 30 кой есіруге бағытталған қой шаруашылықтарын ұйымдастырды. Мұның бәрі негізінен егін шаруашылығын дамытуға мамандандырылған өнір болып табылатын облыста ұйымдастырылды. Сейтіп, ол тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру аудандарында дәстүрлі мал шаруашылығын дамытуды қолға алды. Соның нәтижесінде қысқа мерзім ішінде облыстағы қой саны миллионға дейін жетеді.

Е. Н. Әуелбековтің Көкшетау облысына басшылық еткен он жылды ішінде Көкшетау қаласы және облыстың барлық аумағы сөркіше қайта жаңғырып жасарды, мұлде басқа ренге бөленді, сол шамандың талабына сәйкес дамыған қалалық және ауылдық инфрақұрылым құрылды. Осы кезеңде аудан көлемінде бірде-бір бисшы сыйбайлар жемқорлықпен ұсталып, немесе өзге де құқық бұзушылық қылмысы үшін жауапкершілікке тартылған жоқ. Бұл партия және шаруашылық кадрларының іріктеуде және орналастыруда үлпес жолға қойылған жұмыстың нәтижесі. Ол облысқа басшылық еткен уақыт ішінде 19 адам Социалистік Еңбек Ері атагына ие болды, ондаган жұмысшылар мен ауыл шаруашылығы қызметкерлері жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Көкшетау облысындағы өзінің жасампаздық жұмысының он жылды ішінде Е. Н. Әуелбеков бұл өнірді созылмалы артта қалушылар катарынан Кенес Одағының ең алдыңғы қатарлы он облысының алғы шебіне алып шықты. 1972 жылды КОКП ОК Бас хатшысы Л. И. Брежnevтің қатысуымен Бурабай курорты аймагындағы Қарасу резиденциясында Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы кеңесін өткізуі оның жемісті жұмысының жанама дәлелі болып табылады десек ешбір қателеспейміз. Е. Н. Әуелбеков 1973 жылды КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атагына ие болды, Бас хатшы Л. И. Брежневтің өз қолынан Ленин орденін және Алтын медаль алады [10]. Оның Көкшетау облысындағы он жылдық жұмысының нәтижелері Д. А. Қонаевтың сенімі мен үмітінен әлдеқайда айтартылған деңгейге асып түсті, енді оны әрі қарай Көкшетау облысының басшылығында қалдырудың мән-мағнасы жоқ екенін түсінді. Республика басшылығының алдында екі нұсқа болды: немесе оны министрлікке қайтадан отыргызу немесе күрделі міндеттерді шешу үшін жаңа аймаққа жіберу. Республика басшылығы Е. Н. Әуелбековтың бойындағы ете жақсы дағдарыс-менеджерлік қасиеттерін анықтаган сон, оны жаңадан ашылған Торғай облысындағы жағдайды тузыту үшін пайдалануды шешті.

Ендігі кезекте, Еркін Нұржанұлы туралы өзімнің жеке естелігімді айтсам деймін. 1970 жылдары Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институты сөгізжылдық мектепке арналған үш қабатты гимаратта орналасқан болатын. Соған байланысты жоғары оку орны факультеттердің оку

сабактарын орналастыру бойынша үлкен кындықтарға тап болды. Мысалы, шет тілдер факультеті №2 студенттік жатақхананың ең тәменгі қабатында орналасқан еді. 1978 жылдың қантарында облыстық партия комитеті бюросының отырысында «Мұғалімдер кадрларын дайындау бойынша Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау пединституты партия үйымының қызметі туралы» мәселе қаралды. Аталмыш мәселе бойынша осы жолдардың авторы, сол кездегі осы жоғары оку мекемесі партия комитетінің хатшысы есепті баяндама жасады. Мәселені талқылау барысында мен үлгілі оку корпусының құрылышын салу туралы мәселе көтердім. Облыстық партия комитеті бюросы шешімінің қаулы бөлігінде «Көкшетау пединститутына арналған типті оку корпусын салу туралы Республика Үкіметіне ұсыныс енгізілсін» деп жазылған. 1978 жылдың сәуір айының соңғы сенбі күні маган Е. Әуелбековтың көмекшісі телефон шалып, ертең таңертең сағат 9-да ректор Е. Боярскиймен бірге облыс және қала басшыларымен кездесу үшін Карл Маркс және Киров көшелерінің киылышында күтіп тұруымыз қажет деп айтты. Келесі күні таңертең атаптап жерге Еркін Нұржанұлы және басқа да облыс басшылары келді. Сол уақыттың өзінде пединституттың сегіз қабатты оку корпусының құрылышына жобалау-сметалық күжаттама дайындалып, 1980 жылы жұмысты аяқтау көзделген екен. Қатысушыларға арнаған сезінде ол: жоба бойынша нысанның құрылышы екі жылдан кейін аяқталуы тиіс, бірақ бұл жұмысты қалай жеделдеть қажеттігін талқыладап, шешейік, - деді.

Алайда көп ұзамай Еркін Нұржанұлы Торғай өніріне облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды, ал Көкшетау облысына бұл қызметке О. С. Куанышев сайланды. Оку корпусының құрылышы бірнеше жылға созылды және ол 1983 жылды пайдалануға берілді.

Сөз соңында мына бір ойға токтадым. Еркін Нұржанұлымен бірге жұмыс істеген замандастарының естеліктерінен немесе басқа жағдайлар бойынша оны жақын білетін адамдардың сөздерінен, ол өте адал, мейірімді, әділ және ізгі, бірақ қатал және іскер адам болғаны байқалады. Ресми емес жағдайда ол қарапайым және ашық болды, оның адалдығы сұхбаттасуышыны өзіне тартатын. Мен, ол туралы жылды сөздер айттып, естелік қалдырушылардың Еркін Нұржанұлын дәл осындай жан ретінде естерінде сактап қалғанына еш күмән келтірмеймін.

**Әдебиеттер:**

1. Қонаев Д. А. «Менің уақытым туралы» Алматы: «Санат», 1994. - 352 б.
2. Әзімбай Ғали «Жұмабай Шаяхметов - қазақ кеңестік партия номенклатурасының негізін қалаушы»: Интернет басылым., 2002.
3. Дара тұлға» эссе мен естеліктер жинағы. М. Мұхамедовтың жетекшілігімен — Қызылорда, 2010.
4. «Қазақтың асыл перзенті» естелік-эсселер жинағы. — Астана, 2012 ж.
5. Некрич А.М. Номенклатураның алтын гасыры // Кеңес қоғамы: пайда болуы, дамуы, тарихи мәресі: 2 т. 2. Апогей мен сталинизмнің күйреуі. / Ю.Н. Афанасьевтың жалпы редакторлығымен. — М.: 1997.
6. РГАНИ. Ф 47 Оп.15. Д. 138.Л. 19-20
7. ГАРФ. Р Ф. - 54 46
8. «Қазақтың асыл перзенті» естелік-эсселер жинағы. Астана 2012. 3516.
9. ГАГК Ф. 2376. Оп.1. Д 1. Л 1. «Е. Н. Әуелбековты облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлау туралы» 1968 жылғы 6 наурыздағы облыстық партия комитеті Пленумының қаулысы.
10. Жоғарғы Кеңес Президиумының 1973 жылғы 10 желтоқсандағы «Е. Н. Әуелбековке Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы» жарлығы. ГАГК. Ф.2376. Оп.1.Д 1, Л 6.

*Қадыржан ӘБҮЕВ,  
тарих ғылымдарының докторы,  
Ш. Уәлиханов атындағы КМУ профессоры,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Ресей Жаратылыстану Академиясының  
академигі.*

«Кекшетау сегодня» газетінде (03.10.2019.) «Кекшетау жерінің ұлы перзенті және оның еңбеккор халқы» мақаласы, белгілі мемлекет және саясат қайраткері В. Б. Косаревтің «Борышқа адалдық» (24.10.2019 ж.) естелігі көрнекті тұлғаның өмірбаянына және еңбек жолына, әсіресе аға және орта буын арасында, тіпті біздің газет шықпайтын аймақтарда да қызыгуышылық тудырды.

Ал осы айдарды Кекшетау және Торғай ыңды (бұрынғы) екі тың облыста қызмет атқарған ауыл шаруашылығы өндірісінің еңбек сінірген жетекшісі, саяси және қоғам қайраткері, Кекшетау жерінің адал ұлы, бүгінде еңбек ардагері, Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласының тұргыны Төлеғен Махметовтың естелік әңгімесімен жалғастырамыз. Төлеғен Махметов орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын сол кездегі Кекшетау облысы, Красноармеец ауданының «Путь Октября» колхозына қарасты Мәдениет ауылында туып, еңбек жолын тракторшы болып бастаган. Төрт жыл жұмыс істеп, үйымдастыруышылық қабілетін көрсете білген оны, жастар комсомол үйімінің хатшысы етіп сайлайды, ал аудандық комсомол комитеті көп ұзамай оны өз аппаратына қабылдайды. Келешек өмірінің келбеті жер-ананың қойнауында өркендеп көркейтінін түсінген ол Целиноград ауылшаруашылық институтына сырттай оқуға түседі. Жаңа Торғай облысының құрылуына байланысты оның еңбек жолы осы курделі тың өнірімен тығыз байланысты болды: Осында тапжылмастан 22 жыл бойы еңбек етті. Алдымен Торғай облыстық атқару комитетінің нұсқаушысы, одан соң Арқалық аудандық атқару комитеті мен Арқалық қалалық партия комитетінің үйімдастыру бөлімінің менгерушісі лауазымдарын атқарды. Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін – Торғай облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Арқалық аудандық атқару комитетінің төрагасы, Амантогай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде болды. Партия және атқарушы кенес құрылымдары жойылғаннан кейін, ол 1992-1993 жылдары Торғай облыстық әкімшілігінің бірінші орынбасары болып жұмыс істеді. 1993 жылдан – Кекшетау аграрлық

шіңеркесіп комитетінің басшысы және Ақмола облыстық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы лауазымдарында болды, нан өнімдері жүйесіндегі коммерциялық құрылымдарды биліскарады.

Жаупты шаруашылық, кеңес және партия қызметтерін штабара отырып, ол өзінің жұлдызды жерлесінің мансаптық өсүі мен беделін мұқият қадағалап, сырттай қанықты, ал Торғай облысында оның басшылығымен жұмыс істеу және онымен бірнеше рет кездесіп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне де ие болды. Осы ретте Төлеген Махметовтың облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын басқарған, ал Еркін Нұржанұлы мемлекеттік және саяси жұмыстан кетіп, тұган Жаңасу ауылында шаруа қожалығын басқарып жүрген кезеңдегі кездесулері туралы айтқан орынды. Бұл жолы самай шашы ағарған, аса мейірімді, шексіз беделге ие, халқының құрметі мен маҳаббаты, өз күйініші мен сүйініші бар, бірақ өте адал жан: «Мен облыстың бірінші басшысы болып қызмет істеген кезеңде Төлеген Махметовтың ұйымдастыруышылық және саяси қабілеттерін лайықты бағалай алмағаным өкінішті», - деп абыраймен мойындаиды. Ал Төкеннің өзі, көп жылдар еткен сон, көптеген дарынды басшылардан, ең алдымен, осы іскер басшының енбек тәрбие мектебінен өтіп, Қазақстан тарихындағы осы тенденсі жоқ кемел тұлғага өз бағасын берді, ол туралы өз естеліктерінде жазды. Бір айта кетер жайт, естелік екі тілде жазылған және оған Қекшетау облысының бұрынғы комсомол қызметкерлері мен Еркін Нұржанұлының Торғай және Қызылорда облыстары бойынша көмекшісі Виталий Брынкинның Қекшетау жеріне келген кездегі Жаңасу ауылындағы оның қарапайым бейіті маңында түскен сурет қоса берілген. Және бұл жас ұрпаққа өздерінің көрнекті жерлестерін қалај құрметтеу және тағым ету керектігін танытатын баға жетпес жәдігер.

*Александр Татарский*

## ПӘК ТАЗА АР ИЕСІ

Өмірінде арын таза сактаған, сол пәк таза қалпында дүниеден өткен Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы ой қозғау, ол кісі туралы әңгімені тілге тиек ету, қарамағында қызмет атқарған, кейінірек дәмдес болған күндерді еске алу мен үшін біріншіден үлкен бақыт, ал екіншіден жауапкершілігі өте жоғарғы деңгейдегі бастама екенін айқын түсінемін. Ерекең ағамыз туралы ел арасына тараған әңгіме мен аңыздар өте көп.

Менің ойымша Еркін Нұржанұлының кім болғанын өте жеткізіп сипаттаған, аз сөзben ауқымды жайларды ангартқан «Свобода слова» газетінің 2005 жылғы қараша айында жарық көрген Ербол Құрманбаевтың мақаласы. Осы мақаладан аудармасыз үзінді беруді жөн көрдім.

«...Еркин Ауельбеков был не только выдающимся хозяйственником, талантливым руководителем, никому не уступавшим в искусстве государственного администрирования. Он на голову превосходил всех государственных деятелей по чисто человеческим качествам. Даже его абсолютная работоспособность воспринималась как нечто обыденное на фоне кристальной честности, неподкупности, принципиальности, просто немыслимой какой-то чистоты в помыслах и действиях. Совершенно необычайная для чиновников его ранга скромность в быту и жесточайшая требовательность к подчиненным снискали Ауельбекову славу самого честного и неподкупного лидера.

Главным достоинством Е. Ауельбекова была функциональная мощь – способность выполнять огромный объем организаторской работы. Он был «шахарем», который мог тащить на себе воз целой области, а то и государства, не жалея ни сил, ни времени. Но в политической борьбе легендарная скромность Ауельбекова, озадачивавшая и чиновников, и простых людей, не привыкших к гиперскромности власть имущих, сыграла, скорее, против Ауельбекова. Честность оказалась бессильной против закулисных политических интриг...

Ауельбеков в отличие от подавляющего большинства номенклатурных руководителей, с непоколебимой

ириципиальностью избегал «блата», с какой-то скрытой прокостью противостоял бесчестию, обману и бессовестности. Он боролся с перекосами системы сознательно, потому что совесть и честь были для него естественными, абсолютными категориями. Он был очень популярен в народе. Потому что был, чуть ли не единственным руководителем, который открыто ставил на первое место народ... Ауельбеков никогда не боялся возражать вышестоящему начальству. Свой отпуск он нередко проводил в московских приемных, доказывая необходимость выделения денег для строительства нижнейших объектов...

Еркин Ауельбеков своей судьбой, жизнью своей доказал, что земля казахская не оскудила еще на носителей чести и совести – *Ар, Намыс*. Он доказал, что и на вершине власти можно оставаться честным. И он был таким до конца своей жизни...».

Міне Ербол Құрманбаев мырзаның Еркін ағамызға берген сипаттамасы осындай және ол түгелдей шындық. Бұл мақаланың мен үшін не артық, не кем жері жоқ. Тіпті осы мақаланың әр сөзіне жүгіне отырып Еркін Нұржанұлының тарихи тұлғасын сомдауға, ол кісі туралы үлкен шығарма жазуға болатын сияқты. Ағамызға берген әдемі де әділ сипаттамасы үшін Ербол мырзага үлкен рахмет айтамын.

Ал ендігі жерде Ерекен ағамызды қайдан, ері қалай білетінімді айттайын. Менің туган жерім Солтүстік Қазақстан облысының Совет, қазіргі Аққайың ауданы, ал өсіп-өнген оргам Көкшетау облысы Красноармеец ауданы болатын. Жалпы Көкше өнірі біздің әулеттің ата конысы, туган жері. Мен осы өнірде қаралайым механизаторлықтан бастап, кейін аудандық комсомол комитетінің жауапты қызметінде, ауылда өз мамандығыммен жұмыс атқардым. Сол жылдары Ерекен Көкшетау облыстық партия комитетіне бірінші хатшы болып сайланды. Бірде ол кісі біздің ауданмен танысып үлкен жиылыс өткізді. Сол жында Ерекеннің алдында аудан туралы есеп берген аупаркткомның бірінші хатшысы, жасы біразга келіп қалған, Ұлы Отан соғысының ардагері Прокуряковтың қалай қысылғанын, терлегенін көзіміз көрді. Жаста болсам сондагы түсінгенім, Ерекен ауданды ат үсті аралап шыққандагы ойына түйгенін, мінбеден сөйлеп тұрып берген

тапсырмаларын орындау біздің басшылардың біраз жыл тыным таппай істейтін жұмысы екенін ұқтым. Бұл ұмытпасам 1968 жылдың күзі болатын. 1971 жылдың көктемінде мен жаңа ашылған Торғай облысына қызметке ауыстым.

Еркін Нұржанұлы 1978 жылдың басында Торғай облыстық партия комитетіне бірінші хатшы болып сайланды, екінші рет кездесуім сонда болды. Мен ол кезде обкомның ұйымдастыру белімінде нұсқаушымын. Ол кісі жұмысының екінші күнін қарамагындағы кадрлармен танысадан бастады. Менің іс қағаздарыма қарап отырып от басымды, істеп өткен жұмыстарымның мән-жәйін қадағалап сұрады. Еліммен қандай қатынасымның барын тиянақтап алды да Мәдениет ауылындағы үлкен кәриялардың аттарын атап амандақтарын сұрады. Ауылға екі қабатты жаңа мектеп салып бергенін, әр үйге телефон орнаттырганын айтып, жол құрылсын бастап үлгермегеніне өкініш білдірді. Менің сол жолы таң қалғаным Ерекенін тіпті облыстың шалғай жеріндегі қазақ ауылшының адамдарын ұмыттай аттарымен атағаны, бастаған жақсы ісінің бітпей қалғандығына кейігені. Облыс басшысының басында шешімін күткен, орындалу барысын қадағалайтын жүздеген, тіпті мындаған мәселелер болатынын мен өз басым толық билетінмін, ал енді соған қарамай жолыққан адамдарының аттарын ұмытпауды Ерекенің үлкен жүректілігінің күесі екеніне сол жолы көзім әбден жетті.

Жалпы Ерекен көрікті Кекшениң, көгілдір Кекшениң, жалпы қазақ елінің бел баласы еді, биік-биік шындардың басына қарай қызмет бабында самғаганда қанаты талмаган, өзінің маңдайына біткен көл-көсір абырай-атакқа басы айналмаган, жүрісінен жанылмаган қыраны еді. Ол кісі қайда болса да халқына күн демей, тұн демей адап қызмет еткен, солардың қамын ойлап, елдің ертегісін ойлап тұн үйқысын төрт бөлгөн адам. Сол үшін өз жанын аяған жоқ, қасындағылардың да шылбырын босатқан емес. Осының барлығын да мен өз көзіммен көрдім және сол тәрбиеден молынан өттім. Еркін ағамыз жалпы қазақ жеріне көп еңбек сінірген мемлекет қайраткері екені, өз елі, алтын бесігі Кекшетауды, қазақтың қара шанырағы, мәдениетінің кіндігі болған көне Торғайды, қалың қазақ мекен еткен Сыр бойын, еліміздің кезінде астанасы, түп қазығы болған Қызылорданы көркейтіп құлпыртқаны, осы өнірлердің барлығында да қара

шылдықтың батасын алғаны, раҳметтіне бөленигені баршага мәлім. Қындағы күрделі жағдайларды басынан өткізсе де Еркін ағамызың карамагында қызмет етіп жүрген адамдардың біріне де дауысын көтеріп зекіген емес. Ол кісі туралы айтылып жүрген аныздар, жағылған кітаптар, естеліктер, шығарылған өлеңдер аз емес. Ішірік осылардың бәрі бірдей шындық болмауы мүмкін. Эрине, ел бисқарып, халықтың тағдырын шешкен соң, әр уақыт ат үстінде жүргенде баршага бірдей жағымды болу тіпті де парыз емес, және олай болу мүмкін де емес. Біреулер мақтаймын деп асыра сілтесе, біреулер нақақтан нақақ жамандагысы келетін сияқты. Ал Ерекең ағамызды, Еркін Нұржанұлының кім екенін бүкіл халық білді, мақтады, алғысын молынан білдірді. Ерекенді білмейтін адам кемде кем. Біздің тұсымызыда, біздің замандастарымыздың, алдымыздың ағаларымыздың алдында Ерекенді «білмеуші едім» деп айтту, болмаса «естіген емес едім» десу өзім деген азаматтарға үлкен бір кемшілік болатын. Ерекенді білемін деп айтту, ол кісі туралы естігеннін деудің өзі айтушының абырайын бір көтеріп тастайтын еді гой. Ал мен сияқты Еркін ағамыздың көп жыл қарамагында қызмет істеген, дәмдес, табақтас болған адамдардың отырган жерде орны оқшау болатын.

Жалпы мен Еркін Нұржанұлының қарамагында жұмыс істеп жүріп Алматы Жогарғы партия мектебін бітірдім, облыстық партия комитеттінің партиялық үйымдастыру және ауылшаруашылық белімдерінде қызмет атқардым. Еркін Нұржанұлы қарамагындағыларды өте дұрыс тәрбиелейтін, күнделікті жұмыс бастылықпен қалдырып қоймайтын. Ол кісінің әр сезінде, іс қымылында, тапсырмаларында терең магана, үлкен тәрбиелік мән болатын. Ерекенің орындауга берген тапсырмалары бізді үлкен іздениске итермелейтін, оқып үйренуге, ойлауга мәжбүр ететін. Ол кісі тіпті қай адамга нендей жұмыс тапсырудың өзін жалықпай қадағалауға алатын. Жалпы Ерекен берілген тапсырмалардың, қабылданған қаулылардың, белгіленген іс шаралардың уақытында орындалуын өте қатты қадағашайтын. Ол кісіге жеткен кімнің болса да өтініш-ұсыныстары ескерусіз қалмайтын. Ерекең кімге де болса әр мәселенің мән-жәйін терең түсініп, оны болашақпен байланыстырып отыру керектігін қатаң тапсыратын. Ол кісінің айтқан ойлары, көрегендігі, іс барысын қадағалауы санаңа сап

түзеп қона қалатын еді. Біз осының барлығын да көрдік, естідік және солай болғымыз келіп өстік. Осы күндері ойлап отырсақ Еркін ағамыз бізді болашаққа, үлкен жолға қажымас табандылықпен, үлкен жанашырылықпен дайындаған екен гой. Ол кісінің бізге деген өмір мектебінің пайдасын кейін өзім ел басқарғанда, атқа мініп ел басқарғанда жете түсіндім.

Ерекенің жұмысқа деген қабілеттілігін талай көрдік. Талай жазылған баяндамаларды, партияның орталық комитетіне, министрліктеге жолданатын маңызды ақпараттарды обкомның тиісті бөлімдері, басшылық жасайтын обком хатшылары, осы құжаттардың түп нұсқасын дайындаған облыс басшылары болып бірнеше рет оқып, түзеп, бар жазылған ойларды елекten өткізіп, оны өзара тұннің жарымына дейін талқылап, дайын болды дегендे көпшілік болып қол қойып Еркін Нұржанұлына кіргіземіз. Ол кісі болса біздің дайындағанымызды, тіпті бір парап, болмаса отыз-қырық парап болсын түгелдей оқып, алгідей болмай қайтаратын. Ол кісіге кірген қағаз ертөнгіге қалмайтын. Сондагы біздің таң қалдыратыны Ерекенің қаламы тимеген парап, мазмұны анағұрлым түзелмеген құжаттар, баяндамалар, қаулылар қалмайтын. Тездетіп жазып үйренгендіктен болар жазулары ол кісінің ете ұсақ болатын, үлкейткіш әйнекіз оқу тіпті қынға түсетін. Соған қарамай Ерекенің қағаз бетіне түсірген бар түзетулерін, тіпті қойған нұктесіне, белгілеріне дейін мұқият ескеріп, мән беретінбіз. Ерекен өзі қойған болмашы белгілердің өзі неге қойылғанына ой жүгіртуді талап ететін. Жасыратыны жоқ, алғаш келген кездері ол кісінің нұктесіне көніл аудармай барлығын түзедім, ескердім деп қайта бастырып кіргізгендер ынғайсыз жағдайлана қалып жүрді. Кейде Ерекенің аса тығыз шаруамен айналысып жатқанын біле тұра өзіміздің дайындаған қағаздарымызды кіргіземіз. Оңдагы ойымыз көп ештенеге көніл аудармай қайтарар дейміз. Пенденеміз гой сондагы іздептініміз женелдік. Қайдан уақыт табатынын білмейміз, әйтегірі қағазымыз көк сиямен боялып шығатын. Жалпы Ерекене кірген қағаз көп шимайланбай, женіл желпі белгілермен шықса біз үшін үлкен қуаныш болатын.

Ерекенің Көкшетауда Әлібай деген көмекшісі болды. Біз Әлекенмен комсомол қызыметінде бірге істеген едік. Сол Әлекен жаңа гана көмекші болып тағайындалған кезі болса керек. Бір күні Ерекенің түскен хатқа соққан бұрыштамасын Әлібай оқып

шығара алмайды да өзіне барады. Ерекен мән-жәйді білген соң іштібайдан оқып бітірген білімін сұрайды. Әлекен үш дипломның иессі екенін сол жерде айтып салады. Сонда Ерекен тұрып өзінде тек қана Тимирязев академиясының жалғыз дипломы барын, жаңуының түсініксіздігі содан болуы мүмкін дейді де, шапсырылған істі жеке басымен орындап үйренуді тапсырады. Әлекен кездескен жерде осыны айтып бір күліп алатын еді.

Ерекен ауданға шығарында обкомның әр бөлімінен бір үшамнан сол аудандарға жібертетін. Әрқайсымыз өз саламыз бойынша бірнеше саралтамалар жасап, баяндамалар дайындастын едік. Облыстың бірінші басшысына, әсіресе Ерекене қай сала қуралы болмасын тиянакты етіл ақпарат дайындау онайға ғүспейтін. Мұндайда жазған әр сөйлемін нактылы, әрі дәлелді болуы керек. Жазуга отырмас бұрын ауданды арапап мән жайды толық анықтайдыныбыз. Ерекен ауданды өз жоспарымен арапап келіп басшы кадрлармен, партия үйімінің хатшыларымен жиналыш еткізетін, кездесетін. Оған біз де қатысатынбыз. Біздер үшін бұл ете бір жауапты кезең болатын. Өйткені облыс басшысының аудандагы істелініп жатқан шараларға беретін бағасы отырған көпшіліктің біразының тағдырын шешетін еді. Міне осының барлығын ортаға салу үшін жан-жақты дайындық болатын, біз берген көптеген ақпараттарды оқып танысып, одан қорытынды шығаруға Ерекен бір сағаттан артық уақыт жұмсамайтын.

Еркін Нұржанұлы аудандарды арағанда тек қана шаруашылық мәселесімен шектелмейтін. Ол кісі халықтың әлеуметтік тұрмыс деңгейімен, мектеп қабыргасындағы оку тәрбие жұмыстарымен, бала бақшасының жағдайымен, ондағы балалардың тұрмыс тіршілігімен толық танысатын, медпункттің іс шарасын, тұргылықты халықтың қандай аурулармен көбірек ауыратынын, олардың қалай емделетінін мүқият сұрап білетін. Ол кісі тіпті қасындағыларды ертіп, ауылдардың көшесін арапап кететін, келе жатқан бойда үй алдында жүрген тұргындарға жолығып мән жайды сұрайтын. Ерекен үшін ұсақ дүние болмаушы еді. Тіпті сол кездесулерде от басында неше бала бары, қайда және қалай оқитыны, кім болғысы келетіні, неше ірі кара, қанша ұсақ мал барын, қаз-үйрек, тауыкты да сұрауды ұмыттайтын. Мұндай кездері аудан, ауыл басшылары Ерекен алдында маскарамыз шығып үятқа қаламызба,-деп жандары мұрнының ұшына баратын.

Тіпті кейінгі жылдары мен Арқалық аудандық атқару комитетінің төрагасы болып жүргенімде, Амантогай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Торғай облысы экімінің бірінші орынбасары кезімде, одан кейін Көкшетау облысының ауылшаруашылығын басқарған күндері де Ерекең облыстан кетсе де кездескен сайын елдің, шаруаның жағдайын қадағалап сұрайтын, ақыл кенес айтатын, болашақты ойлап қиналатын.

Ерекең ағамыз Қызылордадан Мәскеуге қызмет ауыстырып, қазақ жерінен шалғай жүрген күндері Торғай облысына келіп жүрді. Бір келгенінде ол кісі Ахмет Байтұрсынов пен Мыржакып Дулатовқа арналған Жангелді ауданында 1991 жылдың жазында берілген үлкен асқа қатысты. Біз де Амантогай ауданы атынан киіз үйлер тігіп сол асқа қатысқан болатынбыз. Ағамызды сол аста әдейілеп тауып сәлем бердім. Ерекең мені қызметтіммен құттықтап, жай жапсарды толықтай сұрап алды да, жабылған ауданды кетеру қыынға согатынын, менің үйкі құлқісіз еңбек етуім керек болатынын баса айтты. Мен сол жерде жолай ауданға соғып қонақ болуын өтіндім. Ағамыз келетін болып уәде берді. Осыдан кейін бұл жоспарымды обкомың бірінші хатшысы Кенжебек Уқинге айтып, ертең ағамызben бірге болуын өтіндім. Кенжекен республика деңгейінде әдейілеп келген қонақтарды ресми түрде шығарып салатынын, маган келуге қолының тимейтінін айтты және ағамызға серік болып ауданға обком хатшысы Жолдас-Хайыр Жаманқұлов баратының айтты. Біраzdan кейін іздел жатыр деген соң барсам Жолдас Хайыр ағамыз, ау Төлеген сен қонаққа Ерекенді шакырып өзіңе бір, қындық тілеп алған жоқсынба, ол кісі аса ешкімге қонақ болып жүргенді ұнатпайтын еді гой деді. Дегенмен, мен ағамыз берген уәде бойынша шекарарада құтетінімді айттып кетіп қалдым. Ертеңіне тұс ауа Ерекең ауданға келіп қалды. Үлкен аланға естіген халық жиналып ағамызды құрт маймен, қымызben қарсы алып сый-сияпат жасап куанышқа бөленген еді. Ағамыз ат үсті болса да аудан орталығын аралап, салынған жаңа көшени көріп, белгіленген жоспарымызды тыңдал ризашылығын білдірген еді. Кездесудің соңына таман ағамызға арнап сойдырылған семіз жылқыдан сыбага жегізіп, астына ат мінгізіп, өзіне шапан жауып шығарып салдық. Ерекең ағам шашылып қалған ауданды қайта жаңғыртып жанымды шүберекке түйіп ел үшін еңбек етіп жүргеніме риза болды ма, әлде шалғайда жүрген көкшелік інісіне

қироссткен қамқорлығыма, әйтегүірі менің бір ауыз сөзімді далаға істігімай, дегенімді істеп абырайымды ел алдыда көтеріп кеткеніне осы күнге дейін ризамын. Жаратқан ием жанын жәннәтта қылгай.

Осыдан кейін агамызбен келесі 1992 жылдың жазында тағы ләмдес болып, үш күн бойы әбден құмарымнан шыққандай болып бірге жүрдім. Мен ол кезде Торғай облысы әкімінің өмірінші орынбасарымын. Облыс әкімі Кулагин Сергей Никитьевич Ерекенмен жүруді маган тапсырып үш күн бойы облысты аралатып Қима ауданы арқылы Қекшетауга шыгарып сиптім. Қимада әкім Аманжол Сейтжанов болатын, ол Ерекене көздесу үйімдастырып қарсы алды. Сол кездесуде аудандық газеттің редакторы қекшетаулық Есмұхамбет Айтмаганбетов агамыз Еркін Нұржанұлына арнап өлең оқып берді. Еркін агамыз неше күннен бері өз жұмысымды қойып қасында жүргеніме ризашылық білдіргені болар, алде бір қимастық жасады ма, әйтегүірі, осы өлеңнің қағаз бетіне түскен түп нұсқасына сол ғырыста өзі қолын қойып, 18.06.92 деп күнін жазып ел алдында «Спиридонович баурыма байладым, ескерткіш болсын», - деп маган силады. Бұл өлең Ерекеннің қол таңбасымен біздің үйде бойтумардай әлі сактаулы.

Ерагаң келіп еліме,  
Куанып көніл бір қалды.  
Ежелгі Қима жеріне,  
Жақсыдан жарық нұр тамды.  
Ер-ага Сізді нар дейміз,  
Заманың жүгін көтерген.  
Ерекен біздің бар дейміз,  
Сактайтын елді кеселден.  
Ер-ага Сізді халқына,  
Көсем деп те білеміз.  
Келтірер сөзді бабына,  
Шешен деп те білеміз.  
Қияга қаққан қанатын,  
Қыраным деп те білеміз.  
Ту ұстап, айқай салатын,  
Ұраным деп те білеміз.  
Сөзіңіз Сіздің нұр дейміз,  
Сөз мәнісін ұққанга.

Сыйынар Сізді пір дейміз,  
Асуға биік шыққанда.  
Елімнің қамкор агасы,  
Асқар таудай панасы.  
Алтынды тонның жағасы,  
Кемел ойлы данасы.  
Ер-ага Сізді ер дейміз,  
Женгеміз жүрсін қартаймай.  
Қызығын ұрпақ көр дейміз,  
Ырыс пен бақыт ортаймай.  
Ер-ага Сізді ер дейміз,  
Қасқая қайрат қылатын.  
Ғұмырды ұзак бер дейміз,  
Жарқырап жанып тұратын.  
Жұлдыз бол жана берініз,  
Төрінде қазақ жерінің.  
Қиналмай жүзге келініз,  
Багына қазақ елінің.

Кейін Еркін Нұржанұлы өзінің от басымен Мәскеуден Алматыға қоныс аударған соң Көкшеге жиі қатынайтын болды, туган ауылында «Жаңасу» қожа шаруашылығын ұйымдастырды, ағайын тугандарымен жақсы араласты. Мен ол кездері Көкшетау облысының ауыл шаруашылығын басқарған едім. Ағамыз жұмыс орныма келіп ара тұра өз қолымен жазған тапсырыстарын беріп кететін еді. Біз бұл шаруаның барлығын да орындайтын едік. Арасында әңгімелесіп; мен тіпті кейде әзілдесіп те алатын едім. Көкше өнірінде өтіп жүрген жиын тойларда кей кездері кездесіп бірге отыратын едік. Кейде оңаша бір отырыстарда мен Ерекеннің өзі болып кейбір іс қимылдарын келтіретін едім. Ондайда ағамыз рахаттанып бір құліп алатын.

Әттең шіркін, жазымыш сзыққа, қарсы тұрган пендे болған емес. Міне қандай асыл азамат, тірлігіндеңі тазалықтың, адалдықтың эталоны болған Еркін ағамың да арамыздан кеткелі біраз жылдар болды. Әткен 2010 жылдың жазында тірі болса Еркін Нұржанұлы 80 жасқа толатын еді. Осында әдейілеп Мәскеуден елеп келген, Ерекеннің тәрбиесін молынан көрген Брынкин Виталий бастап біз, Айдархан Бисембаев, Жасболат Хасенов, Қадес Сагадиев, Владислав Косарев ағамыздың басына

шырып, құран оқытып, гүл шоғын қойып еске алдық. Көкшелік мірзі азаматтар бұл шараны шама шарықтарынша атап өтті. Мен бұл жерде әділдігін айтуым керек. Жат жер болса да ағамызға күні бүгінге дейін ауыз толтырып айтارлық құрмет жасап жүрген Сыр өнірінің азаматтарына бас иемін, рахметімді айтамын. Өттегі, торгайлықтардың да ол кісіге деген сый-құрметі ұлан-қиізы болатын еді, егерде облыс жабылып аласапранға түснегенде. Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың аты Қызылордалықтардың жүректерінде алтын әріппен жазылып, маңғұлік қалғанына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Еркін Нұржанұлымен мен Қызылордага барғанымда екі рет листархандас болдым, жұмыс орнына да барғанымын. Ол кезде Еркін Нұржанұлының қарамағында обкомың белім бастығы болып менің жолдасым Карлығаштың туған ағасы Қуаныш Білгіталов жұмыс істеген. Одан калды Торгай облысында бірге қызметтес болған, кейін Ерекенмен бірге Қызылордага қызмет ауыстырыған әріптестерім Балтабай Ақпанбетов, Өтеп Төлебаев, Бақытжан Құдаманов, Даuletжар Баялимов сол обкомда істеді, соларға барып сәлемдескенмін. Сол сапарымда мен Қызылорда обкомының алдындағы Ерекене арзыдануға келгендердің жүздеген тобын өз көзіммен көрген болатынмын. Сол сапарда мынандай болған уақыға естідім. Бірде Ерекен алыс ауданнан қайтып келе жатқанында тас жолдың бойында қоліктеге қол көтеріп тұрган қарияны көзі шалып қалады. Дереу автокөлігін тоқтаттырып әлгі адамға көмекшісін жүгіртіп жібереді. Сөйтсе ол кісі қалаға барады екен. Ерекен ақсақалды қасына отырғызып алады да жөн сұрайды. Қария облысқа Әуелбеков деген келіпті, өзін әділ дейді соған барымын деген екен. Ұбының басшылардың ондаган жылдар бойы үй мәселесін өтірік айтып шешпей келгенін мүн қылып айтқан көрінеді. Содан Ерекен көмекшісіне қарияны айтқан үйіне апарып салуды тапсырып, өзі үйге түсіп қалады. Ертеңіне обкомың ағамыз салдырып қойған қабылдау үйінен Ерекене хабар келеді. Бір жасы ұлғайған соғыс ардагері арзының тек Әуелбековке айтамын деп ешкімігө көнбейтін көрінеді. Содан Ерекен әлгі кісіні өзіне тікелей алдырады. Ақсақал кіріп келсе қарсы алдында кешегі азаматтың тұрганын көріп, бұл алдаганға көнбейтінін, қайтсе де Әуелбековке баратынын айтып бұлқантақан болады. Сондағы ақсақалдың айтатыны Әуелбеков

жолдагы адамды көлігіне мінгізіп алады дегенге сенбейтіні. Ондай жағдай ол жақта тіпті де болмайтыны анықталды. Ақсақал шын Әуелбеков алдында отырганына көзі жеткен соң бар шаруасын айтып, оның шешімін қолма-қол тыңдалап, рахметін айтып, батасын беріпті. Бұл болған шындық. Сондағы ақсақалдың бар ренжігені осы уақиғага өз замандастарының ертең сенбейтіні болыпты. Жыл өткен сайын Ерекеннің бейнесі асқақтай түсіп, аты мәңгілік жадымызда қалатынына сенімдіміз. Откенде тек қана кәзіргілермен салыстырғанда ғана түсінесің. Ал енді Ерагамызбен, Еркін Нұржанұлымен бұл күндері ел басқарып жүргендердің ішінен кімді салыстырмакпыз? Қазіргі заманда ел аузында азыз болған, шынайы мактандышқа айналған басшылардан кім бар? Менің түсінігімде, менің пайымдаудыңда бұл сұраққа жауап біреу, ондай адам бүгінгі таңда біз білетіндердің арасында жоқ. Болашақта болуы мүмкін, ылайым солай болгай. Кейін қалай боларын өмір көрсетер, ал қазір ала-аяктардың, басқа да жат қылыштылардың күні туып тұр гой. Әттеген-ай дегеннен басқа айтарым жоқ. Өте өкінішті. Өте!

**Толеген MAXMETOV,  
зейнеткер.**

## **ОЛ АР-ОЖДАН АДАМЫ БОЛДЫ**

Адамдар жүлдіздар секілді. Егер олар өшे қалса, олар туралы жарқын естелік халықтың жүргегінде мәнгі сақталады. Тұлға неғұрлым ірі және маңызды болса, одан тараитын адам болмысындағы құндылықтың шынайы өлшемі болып табылатын сәуле де соғұрлым жылты, жарық, ұзак болмақ. Болат Окуджаваның «Ар-намыс. Парасат. Абырой – міне, біздің қасиетті қаруымыз» деген сөздері осындағы тұлғалар жайында айтылған болар.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы көптеген кітаптар мен мақалалар жазылған. Маган онымен бірге Торғай жерінде қызмет ету бақыты бұйырды. Торғай облысындағы ауданың бірінші басшылары арасында «оның алғашқы ұсынғаны» (Әуелбековтің айттынша) мен болдым. Еркін Нұржанұлы – өмір жолында кездестірген ең жарқын басшылардың бірі еді.

Оның рухы мен ойларының күш-қуатына таңдай қағып, керемет үйімдастырушылық дарынын бірден танып білу әркімнің қолынан келе бермейтін. Пайдалы іс атқарудың жогары көрсеткіші мен қажыimas жігердің, терең ақыл-парасаттың иесі, қайталанбас паркы бар, мемлекеттік масштабтагы ірі тұлға.

Мен ол кісіні 1966 жылдан бастап билетін едім. Мені кеңшар директоры етіп тағайындаған кезде ол еліміздің ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқаратын еді. Сол кездері кадрларды ұсынуға қатаң қарайтын. Алдымен Орталық комитетте әңгімелесуден ететін, содан кейін министр бұйрық шыгарып, кеңшарды басқаруга сенімхат беретін. Бұл қатаң іріктеу ауданда басталып, обкомда жалғасып, кейін Алматыда аяқталатын. Сондыктan кеңшар директорлары болып лайықты кадрлар, білікті мамандар жұмыс істейтін. Сол «қызыл» директорлар ауыл шаруашылығын көтеріп, халықты түрлі өніммен толық қамтамасыз етті. Тәуелсіз Қазақстанның күрылғанына 25 жыл толса да, бұл деңгейге бүгінгі күнге дейін елі жеткен жоқпыз.

Еркін Әуелбеков 1968 жылдан бастап Көкшетау облысын басқарды. Сол кездері 66,8 мың тонна ет өндірілсе, бес жылдан кейін - 130 мың тонна, яғни өнімі екі есеге артты. Облыс 4 миллион тонна астық жинап, елдің ірі астық қоймасына айналды.

Е. Әуелбеков тәжірибелі шаруа адамы ғана емес, мемлекеттік басқаруда алдына жан салмайтын дарынды басшы болды. Ол Қазақстанның, тіпті Кеңес Одағындағы мемлекет қайраткерлерінен де асып түсті деуге болады. Бірақ, оның асқан шеберлігінің ең

жогары мемлекеттік деңгейде ашылуына жол берілмей, жағдайы тәмен және артта қалған өнірлерді дамытуға, алдымен Торғай облысына, ал 7 жылдан кейін Қызылорда облысына ауыстырыды.

Мен оның басты қасиеті – ауқымды үйімдастыру жұмысын орындаудағы функционалдық құш-құатының қуәгері болым. Ол асқан енбеккорлығының арқасында бүкіл облыстың, тіпті мемлекеттің бар жүгін өз мойнына ала білетін. Ол басқарған облыстардың экономикасын жогары дәрежеге көтерді. Нан, ет, сүт тағамдарының бұрындары болмagan өнімі, әлеуметтік-инфрақұрылымдық обьектілердің өсуі, шағын ауылдарды сақтап қалу, жаңа кәсіпорындарды, кеншарлар мен аудандарды, жана мәдениет пен тұрмысты үйімдастыру – осының бәрін алып жүрген адам, мениң көз алдымда, кез-келген мәселені шеше алатын алып бейінс кійпіндес көрінді.

Алайда, саяси күресте Әуелбековтің аңызга айналған адалдығы, билік басындағы адамның асқан қарапайымдылығына үренбegen шенеуніктерді де, қарапайым адамдарды да ойландырыды және оларды өзіне қарсы қойды.

Адалдық – астыртын саяси арандатушылық алдында әлсіз болып шықты. Ол жүйенің ауытқуымен күресті, ейткені ол үшін арнамыс табиғи қасиет болатын. Сондықтан ол Орталық комитет пленумында Д. А. Конаевты (билік үшін күрес емес), Г.В. Колбинді облыстар мен республика басшылары құнделікті ақыл айтып, ұсақ-түйек мін тағуды қажет ететін қуыршақтар ("ваньки-встаньки") емес деп сынга алған болатын.

Әрине, мұндай сын республика басшылығының күдігі мен жақтырмаушылығын тұғызбауы мүмкін емес. Әуелбеков бос сезге емес, накты іске сенетін. Ол үшін ең бастысы айналасындағылардың, соның ішінде биліктегілердің не айтып, не ойлагандарды емес, облыста ненің және қалай атқарылып жатқандығы болатын. Ол мемлекеттік көлемде ойлайтын, ал қалғанының бәрі қосалқы дүние болды. Әуелбековтің мақсатқа жетудегі белсенеділігі одак басшылығына қолайсыз болып, белгілі бір мазасыздықтар тудырып, кейін соның бәрі республика басшылығына және оның өзіне қайтып келіп, кері әсерін тигізіп жататын.

Жаңында жүрген опасыздар мен қарсыластары Әуелбеков дөрекі және мейірімсіз адам деп мәлімдеді. Иә, ол жалқаулық, дүниекорлық, әрекетсіздікке келгенде тік, әрі біржакты адам болды.

Мұндай басшылар ар-намыс үшін от пен семсердей еді. Торғай облысын осындағада адамдардан тазартты, сол үшін оған үстемшіл, дөрекі деңеген әділетсіз айыптаулар тағылды. Алайда, мұндай адамдарды да ол қудалаған емес. Ол тік мінезді, әрі қатал бола тұра кінә тағылған басшыны бағалауда әрдайым ұстанмалық танытатын.

Бірақ, шығармашыл, іскер басшыларға онымен жұмыс істеу жеңіл де тартымды болды. Торғайда онымен болған әр кездесу, сұхбаттасу барысында жинақылық пен ұлken жауапкершіліктің қажеттілігін сезінетін едім. Ол менің енбек жолымда кездестірген ең мысы басым облыс басшыларының бірі болды.

Еркін Нұржанұлы менің жадымда парасатты, адаптация, дарынды тұлға ретінде сақталып қалды. Өмірінің соңғы сәтіне дейін сол қалпынан айнымай кетті. Ол жоғары адамгершілік құндылықтар иесі ретінде халық жадында мәнгілікке қалады. Оның бойында адамгершілік қасиеті мол болатын, адамдарға мұқият шынайы қамқорлықпен қарайтын. Соңдықтан да ол ел ішінде кеңінен танымал болды, өйткені ол халықтың мұддесін ашық түрде бірінші орынга койған жалғыз басшы болды десек артық айтқандық емес. Ол билік басында да адаптация болып қалу мүмкін екендігін дәлелдеді. Оның өмірлік ұстанымы офицерлік ар-намыс туралы айтылған сөздер болатын: "Алдымен өзінді, содан кейін солдатты тәрбиеле".

Еркін Әуелбеков – нағыз біртуар асыл тұлға. Ғылымда адамдардың тек 5-7 пайызы гана жүртты соңынан ертуге, қабілетті көшбасшы болуы мүмкін деңеген пікір бар. Ал солардың тек 1 пайызы гана анағұрлым дарынды және табысты адамдар. Әуелбеков осы шын мәнісіндегі «алтын пайызға» жатады, себебі ол өз заманынан көп жылдарға озып кетті және көпшілікке адаптациялық енбекпен өмірдің кез-келген жағдайларында табысты басқару мүмкін екендігін дәлелдеді.

Еркін Нұржанұлы экономика және халық шаруашылығының барлық салаларын дамыту мәселелерін жақсы менгерген, терен білімді адам болған. Оның тікелей қатысуымен республика экономикасының қуатты индустримальық және ауыл шаруашылық әлеуеті құрылды. Ол созуарлықты ұнаттады. Жұмысқа деңеген қабілетті жоғары қызметкер ретінде ол барлығынан тынбай енбек етуді талап етті. Ол әрқашан жинақы, ширақ, талапшыл еді. Қазіргі кезде кең өріс алған шен құмарлық пен бітпейтін мәселелер, жоспарлар мен стратегияларды талқылаудағы бос сөзді жаны

жақтырмады. Бітпейтін міндеттер, көзбояушылық пен жалған сейлеудің жалпай үрдісі мансапқұмар мен сезуарлар тобының қалыптастырады. Ал қаражат пен уақытты бос жұмсау Кеңес Одағының құлдырауына әкелген себептердің бірі болды.

Кеңес мемлекетінің құлдырауы Коммунистік Қытайды есенгіретіп, бағдарын жоғалтты. Қытайлтықтар әлемдегі ең ірі және күшті державаның құлдырау себептерін зерттеу үшін бірнеше институттар құрып, алдына басты мақсат қойды: орын алған жағдайың басты себебін анықтау.

Бір-біріне тәуелсіз және құпия түрде жұмыс істей отырып, олардың әрқайсысы жеке ел басшытығына өз қорытындысын баяндады. Олар бірауыздан КСРО-ның құлдырауының басты себебі – жогары басшылықтың жылдал билік басында отыруы деген түркіримға келді. Қалғанының бәрі – соның салдарынан болған. Қытайлтықтар өз қорытындысын жасады. Қытайда қаншама енбегі сінген адам болса да, әрбір 10 жыл сайын басшы взгеріп тұрады. Бұл халық пен ел иғлігі үшін жасалатын үрдіс.

Оз іс-әрекетімен киарату процестерін жүргізіп, халықтың наразылығын тудырып, зар жылатқан саясаткерлер халық жадында, тарихта қалды.

Ауыл шаруашылығының, ауылдардың, шагын қалалардың кишауы, халықтың мәжбүрлі түрде көшуі, жұмыссыздық, дананың болмауы және мындаған отбасының кедейлігі, шенеуніктердің қарапайым адамдарға деген немікүрайлылығына тәзу мүмкін болмай барады. Радикалды реформалардың жалауы астында өз пайдакунемдік мақсаттары жатыр. Халықтың алдында тәубеге тусу мен кешірім сұрауға мәжбүр болумен мұның орнын толтыру екіталай. Әуелбеков мұндай "реформистік кереметтердің" себептерін, олардың салдарын, бастамшылары мен олардың ізбасарларының мінез-құлқын көрегендікпен айқын сезді. Сондықтан оны батыл түрде қабылдамады.

Еркін Нұржанұлы Әуелбековті білетін және оның жарқын бейнесін жадында сақтаған қарапайым халықтың жүргегінде оған деген шексіз алғыс жатыр. Ол тарихи міндеттердің шынында болды. Ол өз өмірінің сонына дейін халық алдындағы тарихи жауапкершіліктің ауыр жүгін батыл да лайықты түрде алғып етті. Сондықтан да ол әрдайым халықтың жадында.

**Тәліп ӘБІШЕВ,**  
**ауыл шаруашылығы ғылыми дарының кандидаты.**

## **ДАНЫШПАН, ЕЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ**

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков Көкшетау облысына қарасты, Рұчай ауданының Жанасу (бұрынғы Фрунзе) ауылында дүниеге келді. 1953 жылы Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясын тәмамдаған соң, өзінің еңбек жолын Солтүстік Қазақстан облысының Коновалов МТС-да бас шгроном болып бастады, 1963 жылға дейін Коновалов МТС, кейін «Марьевский» совхозында директор болып қызмет етті. Ол ерте басшы болды, бірақ өзін өте қарапайым ұстайтын. Сол жылдары үлкен бір қария Ерекенді кеңсе алдында кездестіріп сұраса керек, ол туралы Ереке өзі есіне алып былайша баяндаған еді:

- «Балам, мен совхоз директорына жолыгайын деп едім, сен оның қашан келетінін білмейсінбέ?», - деп ақсақал сұрапты.

- «Ата, директорыңыз мен боламын, Сіздің маган айтар қандай шаруаңыз бар еді?» - деп жауап бергенімде, ол осыншама жас адамның қалайша совхоз директоры болғанына сене алмапты.

Осылайша, еңбекпен шындалған талантты жас маман 33 жасында Қазақстан Компартиясы Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Ал 1964 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрагасы болып тағайындалады.

1978 жылы Сақан Құсайыновтың орнына Қазақстан Компартиясы Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған кезінде, Сәкене қарал: «Мен сізге Солтүстік Қазақстан облысының облыстық атқару комитетінің төрагалығын тапсырдым, енді сіз маган өтеудесіз» деп айтып залды бір күлдіртіп еді.

Қазактарда «Жақсыдан шарапат» деген мақал бар, бұл біздің Еркін Нұржанұлы туралы айтылған. Ол ҚазКСР ауыл шаруашылығы Министрінің орынбасары, Азық-түлік дайындау министрі, содан кейін 10 жыл бойы - туган Көкшетау облысы обкомының бірінші хатшысы болып жұмыс істеген кездерінде, әлі күнге дейін халық аузында айтылып жүрген қызықты оқиғалар көп.

Торғай облысының аудандарына жасаган сапарларының бірінде ол Амангелді ауданының бір қойшысымен сөйлескені бар:

- Сенің өзіңнің қанша қойың бар? – деп сұрапты.

Шопан оған 10 қой, деп жауап айтқанда, Еркін Нұржанұлы отарды санап шығуға тапсырма беріпті. Отарды санап мал басының санаққа дәл келетіндігін, жетіспеушілік жоқ екендігін, 10 қой оның өзінікі екендігі жөнінде оған баяндалады.

Жергілікті басшылар қой басы санының толықтығына риза болды. Бәрі орнында. Ал Ереке болса:

- Мына қойшыны жұмыстан босатындар, - деді.

Онымен бірге еріп жүрген жандар үшін бұл ашық күндеңі бастарына түсken найзагайдай болып еді. Ал қойшы болса:

- Бұл қалай болғаны, менің кішкентай балаларым бар, олар жыл бойы интернатта тұрады, егер мені жұмыстан шыгарсаныз, менің не механизатор, не құрылышты мамандығым да жоқ, қайтіп күн көремін? – деп сұрай бастады.

- Бар мәселе сонда, ақсақал, білдей бір отар бағасың, ал өзінде бары екі сиыр мен 10 қой гана, сен қалайша отбасынды асырамақшысың? Егер қойды көбірек ұстасан, балаларды да қамтамасыз етесің және орталықтан үй де аласың.

- Ал мен бұны қаламайды деймісін, бұл жергілікті басшылар маган рұқсат бермей жүрген, жемшөп, мал ұстаганым үшін менің жалақымнан үнемі ұстап отырады, – деп қойшы шал безек қага бастады.

Осы әңгімeden кейін малшыларға олар өздері қалағандай мал ұстауға рұқсат беріліп, оларға ешкім тыйым салған жоқ. Халық бұл туралы әлі күнге дейін ризашылықпен еске алады. Ол жоғары өнімділікті арттыру мақсатында егіс алқаптарын кенейтуге тыйым салды. Арқалық қаласының әрбір тұргынына бір-бірден ағаш отырғызу міндеттін қойды, қаланың орталығында Женіс паркін салды. Орталық саябақта ескі ИЛ-18 ұшагы орнатылды және онда балалар кинотеатрын ашты. Саябақтың ортасында 3-4 станциямен қосылған балалар темір жолын салды, мұндай одақ бойынша сирек кездесетін. Заманауи әуежай, вокзал, автовокзал, көпқабатты тұргын үй салынды, бірінші қабатында сыйымдылығы 1000 адамды қабылдайтын әмбебап универмаг

орналастырылды. Бұның барлығы қалага еуропалық мегаполис іспетті сипат берді. Облыстық партия комитетінің 8 қабатты гимараты және басқа да әкімшілік гимараттар пайдалануға берілді. Осылайша ол Торгайды дамытты. Торгайдың көндаласы ғулдене түсті.

Әзінің 50-жылдық мерейтойын Ереке шағын ортада атап өтті. Мерейтойлық кеште марқұм Сәкен Жұнісов, «Торғай таңы» газетінің редакторы М. Бижановтар өлеңдерін оқыды.

Еркін Нұржанұлы Торғай облысын басқарғанда Арқалық қаласында авиамотор шыгаратын, жұқ машиналарын шыгаратын, кірпіш зауыттары, ауысымына 100 тонна ұн шыгаратын дірмен, астық комбинаты, құрама жем цехы пайдалануға беріліп жұмыс істей бастады. Қызылтал көмір кешенін ашу, Сұрган гидроэлектр станциясын, 500 орындық қонақ үйі бар заманауи әуежай салу істері жоспарланды. Сол кезде Қызылтал көмірінің әр тоннасының құны 6 рубль болды. Ал Сұрган ГЭС қазір Астанаға электр энергиясын жеткізер еді. Бірақ Әуелбековты Қызылорда облысына ауыстыруға байланысты бұл белгіленген жоспарлардың барлығы аяқсыз қалды. Қызылордада Әуелбековтың бастамасымен Арап теңізінің мәселесі бүкіл Одак, тіптен ЮНЕСКО арқылы әлемдік деңгейге дейін көтерілді. Кеңес кезеңінде Атырау облысына берілген Құмкөл мұнай көн орны Еркін Нұржанұлының тікелей араласуының арқасында Қызылорда облысына қайтарылды. Сондай-ақ Қекшетау және Арқалық қалаларындағы сияқты бірнеше гимараттар салынды. Нәтижесінде қазір Кіші Арап одан әрі дамып, адамдар өз мекендеріне қайта оралды. Ерекенің бастамасымен Қызылорда-Кекшетау бағытты бойынша поезд қозгалысы ашылды. Осы және басқа да қол жеткізген тамаша жетістіктері үшін халық Еркін Нұржанұлына әлі күнге дейін риза. Ол әрдайым халық туралы ойлады, өзі туралы ойлаған жоқ, бірақ оған өз еңбегінің жемесін пайдалануға мүмкіндік берген жоқ. Ерте өмірден өтті. Біз оның балалары Бақытжанға, Сәулеге және немересі Шыңғыска денсаулық пен бақыт тілейміз.

*Темір ТІЛЕМІСҰЛЫ,  
Қазақ КСР білім беру ісінің үздігі,  
партия-кеңес жұмысының ардагері.*

## **ҚАЙСАР ТҰЛҒА, ҚАЖЫРЛЫ ҚАЙРАТКЕР**

Көкшетаудан шыққан женіл машиналар кортежінің алған бағыты әуежай болатын. Облыс басшылары Сарыарқаның інжүмаржаны Бурабайға қысқа демалысқа келген СОКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Леонид Ильич Брежнев пен зайыбы демалыстарының аяқталуына байланысты мемлекет басшысын шығарып салуға келе жатыр. Жылдамдығын бәсекесітпеген кортеж бірден Л.И. Брежнев самолетінің жаңына барып тоқтады. Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері жапа-тармағай машиналарынан тез түсіп, құдды әскерде жүргендей, самолет трапының жаңына барып, сап түзеп тұра қалды.

Машинадан шыққан Леонид Ильич асықпай басып, шығарып салуға келген облыс басшыларымен қоштаса бастады. Олармен жылы шыраймен қоштасқан Леонид Ильич неге еkenі белгісіз Е.Әуелбековтың сол жағында тұрган обкомның екінші хатшысы Василий Никонорович Загорскийге қол бермей, бірден Ерекенің жаңына барды да;

-- Еркін Нұржанович, мәнді демалыс ұйымдастырылғандарыңа рахмет. Ризымын. Жұмысыңа сәттілік тілеймін, алған осы бағытыңнан тайма!

Леонид Ильчті шығарып салысымен кабинетіне келген Еркін Нұржанұлы, Брежнев жолдастың «алған бағытыңнан тайма» дегендеге нені мензеді еken және обкомның екінші хатшысы Загорскийге неге қол бермей кетті деп ойга шомып отырғанда, кабинетке обкомның ауылшаруашылық саласын басқаратын хатшы Евгений Михайлович Золоторев кірді.

-- Еркін Нұржанович, терен ойда отырған сияқтысыз, мен сізге кедергі жасаган жокпын ба?

-- Жоқ Евгений, мен Леонид Ильчтің айтқан сөздері нені мензенді еken және Василий Никоноровичке не себепті кол бермей кетті еken деп ойланып отырмын.

-- Еркін Нұржанович, оған басыңызды қатырманыз. Егер білгініз келсе, оның мәнін екінші хатшының Загорскийден сұранызы. Жауабын сол айттар. Күнде ол сіздің қай ауданга баратыныңызды аңдып отырады. Сіз есіктен шыққанда, ол тесіктен шығып, демалып жатқан Леонид Ильчтің мазасын алумен болды. Менің ойымша, ол «сарбазыңыз» күнде Бурабайға

сізді мадактауга барды деп ойламаймын. Ар жағын өзініз де сезіп отырған шыгарсыз.

Золотаревты шыгарып салысымен Ерекең өзіне тән шапшаң қимылмен, тез шешім қабылдауға дағдыланған әдетімен Дінмұхамед Ахметұлы Конаевты жалғайтын қызыл телефонга қол созды. Димекен де Әуелбековтың телефон согуын тосып отырғандай, телефонды алысымен Ерекенің дауысын бірден танып,

- Еркін, жағдайларың қалай, Леонид Ильичті шыгарып салдындар ма, көніл-күйі қалай екен? деген сұраптарды қоя бастады.

- Көніл-күйі жақсы, ризашылығын білдіріп қайтты. Менің сізben ақылласатын бір шаруам бар еді.

- Тыңдал тұрмын, айта бер, Еркін.

- Екінші хатшы Загорский Василий Никаноровичті басқа жұмысқа аудыстырсаңыз, ал олай болмаса мен жұмыстан кетемін.

Мән-жайдың бәрін тыңдал болған Димекен, өзіне тән сабырлы дауыспен:

- Еркін қазір жұмыс аяқталған кез, Загорскийдің мәселесін ертең шешем. Ол республикалық кәсіподактар Кеңесіне хатшылықта аудысады. Бұдан былай жұмыстан кетем дегенді мен естімейін. Сен сияқты іскер де батыл обкомның бірінші хатшыларын дерек даярлап шыгаратын менде инкубатор жок. Екінші хатшы болатын кадрды өзің таңдай бер.

Кабинетінде жеке қалған Ерекең күндегі әдетінше жұмыс аяғында үстел үстіндегі құнтізбе бетін аударып қараса, тамыз айы да жақындал қалыпты. Осыдан он жыл бұрын Ерекең өзі туып өсken Көкшетау облысына обкомның бірінші хатшысы болып сайланған екен. Ия, уақытта өлшем жоқ деген осы.

Есіне Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясын қызыл дипломмен бітіргеннен кейінгі еңбек жолын бастаған Солтүстік Қазақстан облысындағы «Марьевский» совхозы түсті. Оның алдында аудан басшылары Ерекенің Мәскеудегі Тимирязев академиясын бітірген қызыл дипломын көріп, оны шаруашылықтың бас агрономы етіп тағайындағы. Ал егін орагы кезінде совхоздың директоры басқа жұмысқа аудысып кетуіне байланысты аудан басшылығы Еркін Нұржанұлын директордың міндетін коса атқаруды тапсырды. Дәл сол кезде

Ерекен бар жоғы 25 жаста болатын. Ол бірден шаруашылық жұмысына қызу араласып, өзінің білімі мен біліктілігін көпшілікке таныта білді. Егін орағы табысты аяқталып, шаруашылық жұмысын корытындылаған облыс және аудан басшылары Еркін Әуелбековты совхоз директоры етіп бекітті.

Директорлық қызметке кірісісімен Ерекен халыктың әлеуметтік тұрмысын жақсартуды қолға алды. Тың игеру жылдары жана салынган үйлер сол кезде одактас республикалардан келген басқа ұлт өкілдеріне бірінші кезекте беріліп, өзіміздің қазактар шетқақпай қалатын. Сол жағдайды байқаган Ерекен, ауылдастарымен акылдаса келе, асарлық әдіске көпшілікті жұмылдыра білді. Бүкіл ауыл болып, сенбі, жексенбідегі бос уақыттарын үй тұргызыуга арнап, ылай илеп, саман құйған жігіттерге бас болып жүрген соң, қалған жұртта тыс қалмай, ұйымшылдықтың арқасында бір маусымда қазактар баспаналарын жақсартып алды.

Еркін Әуелбековтың лауазымының тез өсуі ага үрпақ өкілдерінің көз алдында өтті. Оған бірден бір себеп, Еркін Әуелбековтың өзі жетекшілік ететін шаруашылық тұргындарының әлеуметтік тұрмыстарын көтере білуі, өнім өндірудің қосымша көздері іздестіріліп, еңбек адамдарының күш жігері сондай ұрымтал тұстарға жұмылдыра білуінде еді. Отken ғасырдың алпысыншы жылдары кадрларды таңдаудағы қоғамда қалыптасқан талап бойынша үйімдастыру қабылеті бар, қай қызметте болсын өзін жақсы қырынан көрсете білген адаптация да ары таза адамдарға әрдайы үй жол ашық болатын. Ерекен Солтүстік Қазақстан облысында істеген қысқа уақытта өзін сондай қырынан көрсете білді. Қарапайым халыктың арасында қызу енбекте Еркін Әуелбеков қайнап пісті. Болмысындағы алғыр мінез де, жан жақты іскерлік те, өжеттілік пен ерлік те, міне осы тұста бой көрсетіп, жас Еркіннің азаматтық тұлғасын ерекшілендіре тұсті.

Бар жоғы сегіз жылға жетер-жетпес уақытта Ерекен осы облыстағы лауазымды қызметтердің бәрін жемісті атқарып шықты. 1961 жылы ол Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Содан соң Ерекен облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарылатылды, көп ұзамай Еркін Нұржанұлы облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекітілді.

Осыншама лауазымды қызметтерді мінсіз атқарып, салауатты да салиқалы қалпынан айнымайтын Ерекенің тұлғасынан парасат пайымы және байыпты іскерлігі сезіліп тұратын. Облыс жүртшылығы Еркін Әуелбековты осындай қырынан тани білді. Қабылдауга көтгендер ақыл-кеңес сұрайды. Ондай жандар қашанда риза көнілмен раҳметтерін айттып шығатын. Осындай құрметке ие болу екінің бірінің мандайына жазыла бермес бақыт және ол әкесі Нұржанның қанымен, анасы Қалиманың ақ сүтімен дарыған өнегелі тәрбиеден болатыны хак. Қазактың «ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсін» дегені осындайда айтылған ақиқат болар. Жагымды жаңағыл жерде жатпайды дегендей, Еркін Нұржанұлының басшылықтағы табандылығы мен дарындылығы, адамдармен тез тіл табысып, оларды ортақ іске жұмылдыра білуі жөніндегі іскерлігі республика басшылығына да жетті. Орда бұзатын отыз жасқа жана толған Еркін Әуелбековты сол жылдары Қазак КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған Мәсімхан Бейсебаевтың ұсынысымен ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары етіп тағайындалды. Осындай жауапкершілігі зор республикалық көлемдегі қызметті атқаруға Еркін Нұржанұлы тас түйін дайын еді. Өзіне де басқаларға да қатаң талап коя білетін Әуелбеков бұл жұмысты үйіріп әкетті.

Тың игеру жылдары, әсіресе солтүстік облыстардагы кадр саясатының өрекшел бұрмалануы, келімсектердің лауазымды қызметтерге онды-солды жаппай тағайындалуы кезінде, оның тегеуірінді іс-әрекетімен азаматтық жігер таныта білуі екінің бірінің қолынан келе бермейтін батылдық болатын. Өзінің бастығы министр Моторикамен иық қағыстыра жүріп, Ер-ага қиқар мінезді министрді өз дегеніне көндіре білді. Оның бір дәлелі министр еңбек демалысына кеткен кезде, министрдің міндеттін атқара жүріп, министрліктегі жетекші екі басқарманың басшылығына қазақ кадрларын тағайындалды. Соның бірі өзінің сенімді серігіне айналған талантты үйимдастыруыш ауыл шаруашылығы ғылыминың кандидаты Талап Әбішев. Ерекенің билікке осылайша қазақ кадрларын тартып орналастыруы, бұл Жұмабек Тәшенев ағамыздың салып кеткен сүре жолының жалғасы деп бағалау керек.

Еркін Әуелбековтың министрліктегі кадр саясатына батыл араласуы сезіз министр Моторикаға ұнады деп айта алмаймыз.

Олар ашық тартысқа бармаса да араларынан бір сыйзаттың өткені байқалып тұрды. Ерте ме, кеш пе екі басшының болмысындағы көзқарастар теке-тіресетіні анық еді. Е.Әуелбеков болса теориялық үздік білімін санаулы жылдарда озат тәжірибемен ұштастырып, биліктілігін іс жүзінде реформатор екенін дәлелдеп үлгерді. Және қай жерде жүрсе де, қандай басшылық қызметте болса да өмір бойы ұстаз болып қызмет жасаған Нұржан әкесінің өсінет етіп айтып кеткен «Балам, қолында билік бола қалса, қарапайым адамдарға қамқоршы бола біл, ұлтының намысын ешкімге таптатпайтын бол» деген нақылын ешқашан естен шығармайтын. Сондықтан да болар Ерекен Қазақстанның дамуы мен ұлтының өсіп өркендеуіне үлес қосуды өмірлік мақсат етіп қойса, министр Моториконың тың игеру жылдары елімізге келген келімсектер сияқты консерваторлық көзқарастан арыла алмайтыны және қазақ мамандарына менсінбей қарайтыны жасырын емес еді. Еркін Нұржанұлы министрлікке келген бетте осыны бірден байқаған болатын. Ал министр Моторико ашық айқасқа баруда Еркін Нұржанұлының білімпаздығы мен қыннан қыстырып сөйлейтін шешендігінен сескенетін еді. Сондықтан ол Д.А. Қонаевпен кездескен сайын Әуелбековке қамқоршы болғансып, оны есіру керек екендігін жиі-жиі Димекене айтып жүретін. Екі басшының арасындағы тартыстың тамыр жайып кетуін қаламаған Дінмұхамед Ахметұлы болашагынан үлкен үміт күттіретін Еркін Әуелбековты Моторикога жығып бермей, оны Қазақ КСР-ы астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі етіп жоғарлатып жіберді.

Тың игеру жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі зор қарқынмен дами бастады. Осыған орай Қазақстанга бет бұрып Ресей мен басқа республикалардан ағылған кадрларда есеп болмады. Әсіреле солтүстік облыстардағы жағдай еш сын көтермейтін қалғе жетті. Мұндай келеңсіз көрініс сол жылдардағы республиканың бірінші басшысы Димаш аға Қонаевтың назарынан тыс қалмады. Көкшетау облыстық партия комитетіне бірінші басшыны тағайындау кезінде Дінмұхамед Ахметұлы үміткерлерді көп таңдамады. Жас та болса басшылық қызметтің түрлі сатысында ысылып үлгерген Әуелбековке ұсыныс жасады. Ұзак жылдардан бері Көкшетау облысында бірінші басшының басқа үлттан

булына байланысты, жергілікті кадрлардың үнемі назардан тыс қалатынын, жас қазак мамандарын өсіріп, шаруашылықтың түрлі салаларына орналастыру керектігін, оларға қолдан келгенше жағдай жасау қажеттілігін ескертті. Шынында, Е.Әуелбеков осы облысқа келгенше Қөкшетау облысында лауазымды қызметтегі қазақ кадрларының үлес салмагы жоқтың қасы еді. Олардың бірен-сараны ғана совхоз-колхоздардағы партия комитеттерінің хатшылығынан аспайтын.

Бірінші басшылық қызметте жүріп, Еркін Нұржанұлы облыстың экономикасы мен ауыл шаруашылығын республикадағы алдыңғы қатарлы аймактардың қатарына қости, ұлттық кадрлардың білім алып, қызметтерінің өсуіне үнемі қамқорлық жасап отырды. Диқандар арасынан үздік жетістіктерге жеткен қазақ жігіттеріне Социалистік Еңбек Ері атағын алып берді. Қептеген аупарткомның бірінші хатшылығы мен аудандық атқару комитеттері төрағалығына жергілікті кадрлар тартылды.

Бұл арада ерекше атап өтетін жағдай, Еркін Нұржанұлы кадрларды іріктеуде тамыр-таныстық немесе жеқжаттық емес, адамның қабілеті мен іскерлігіне ерекше назар аударатын. Бұл принциптен Ерекен ешқашан ауытқаған емес.

Ер-аганың осындай адал енбегін облысқа демалуга ара-тұра келетін Леонид Ильич Брежнев те, республиканы ұзак жылдар басқарған Димаш аға Қонаев та байқады, соған орай олар әділ бағасын берді де. Қырық беске келген шағында Еркін Әуелбековке ұзак жылғы жемісті енбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осындай жаста мұндай атаққа республикадағы обком хатшыларының бірде-бірі жетпеген еді.

Қазак «әркімнің өзі шығар биігі бар» деп бекер айтпаган. Бұл нақылдың Әуелбековке тікелей қатысты екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Ерекене Еңбек Ері атағы берілсімен, әсіресе Алматыда оның артынан пыш -пыш сөз айтушылар көбейді. Қазактың «жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сейлер» дегені шындыққа айналды.

Қонаев төнірегінде жүргендер жай сөйлеп емес, шайқап сөйлей бастады, «елуге жетпей Еңбек Ері атағын алған Әуелбеков, енді бір екі жылдан сон екінші жүлдyz алса, өзінді тағынан кетіреді» дегенді Димекене жеткізуге асықты, соған бар

куштері мен кулық-сұмдықтарын салып бақты. Пыш-пыштаушылардың кейбіреулері емірден озып кетсе, енді біреулері шапандарын теріс айналдырып киіп, сол тірліктен елі арыла алмай жүр. Ақыры сөз тасуышылар өз ойлагандарына жетті.

Әуелбеков алдымен артта қалған Торгай облысын көтеруге жіберілсе, жеті жыл өткен соң Ер-аганы «Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын көтеру үшін» деген дақпыртпен Сыр өніріне жіберді. Мұның бәрі Алматыдағы ак үйде жасалынған сценарий бойынша жүзеге асырылды.

Қындықтан каймықпайтын Әуелбеков үшін мұндай «таяғайындау» оның жігеріне құм қоя алмады. Қайта ол екі облыстың да проблемаларын шешудің жолдарын тауып, оны бүкіл республикаға жария етті.

Мысал ретінде Қазақстан компартиясы XVI съезінде сөйлеген сөзінде Әуелбеков делегаттар назарын Қызылорда облысының не себепті үнемі артта қалып келгенін, оған республика басшылығы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбегенін, уақыт талабына сай халқының 98 процентін қазактар құрайтын аймаққа ерекше назар аудару қажеттігін ашына жеткізді.

Ер-ага қай облыста еңбек етсе де қының қыстырып, түйінді мәселелерді түйістіру жолында адамдарға сенім артып, соларға арқа сүйесе, Алматыдағы сөз тасуышылар өзара лауазым үшін таласудан, бірін-бірі көре алмаудан, ру мен жүзге бөлінушіліктен аса алмады. Қайсысы бірінші басшыға барып сөз айтсам сондағана менің ұлайым артады деген тар ұғым шенберінде қалды.

Осыған орай 1985 жылы қараша айында Москвада өткен СОКП Орталық партия комитетінің кезекті пленумына қатысқан қызылордалық күрішші, Социалистік Еңбек Ері Жадыра Таспамбетованың Алматыға келісімен «Қазақстан» теларна журналисіне берген сұхбаты еске оралады. Өз сөзінде Жадыра пленумнан алған әсерін еш бүкпей ортаға салды. «Бұл пленумның ерекшелігі сол, мен КПСС Орталық партия комитетінің бас хатшысы М. Горбачевспен кездестім, ол кісі Еркін Нұржанұлымен Москвада бірге оқығанын еске алып, арнайы сәлем айтты» деуі мүн екен, дереу Ж.Таспамбетованы Алматыдағы «ақ үйге» шақырып алтып, ондағылар ендігәрі мұндай сөзді аузына алмауын қатаң ескерткен.

Сол кезден бастап біреулер Д.Қонаевтың орнын басар бірден-бір адам Әуелбеков десе, басқалары ондай жоспардың алдын алып, Ерекенді Алматыға жолатпаудың түрлі қитұрқы амалдарын ойластырумен болды. Өкінішке орай, Димаш Ахметұлы да пәндешилік танытып, төңірегіндегі жандайшаптардың събыры мен қыбырынан аса алмай, қогам мен мемлекеттің мұддесін қоргаудың орнына рушылдықты қөздеңен өресі төмен мамансымақтардың жетегінде кетті.

Елдің экономикасы мен саяси жүйесін Горбачевше реформалау барысында КСРО халық депутаттар съезіне баламалы кандидаттарды ұсыну басталды. Неге екені белгісіз, «ұйықтап отырып шешім қабылдайтын» кеңес елінің жоғарғы органына жұмыс десе ішken асын тастай салуға дағыланған, үнемі ізденісте жүретін және әрдайым нәтижеге жетуді мақсат тұтатын Е.Әуелбеков Алматыда жасалған сценарий бойынша Қызылорда облысынан КСРО халық депутаты болып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің аймақтық даму комитеті төрағасының орынбасары қызметіне сайланды.

Мен өзім 1989—1991 жж. аралығында Қазак радиосының Мәскеудегі КСРО Жоғары Кеңесінде парламент тілшісі болған кезде, комитет отырысында оның мүшелері елдің, халықтың көкейтесті мәселелерін шешумен емес, саяси ойынга беріліп, әркім өз көрпесін өзіне қарай тартумен айналысатыныш байқадым. Қарақан бастарының қамдары үшін ғана тірлік жасаудың әрекеттеріне көnlі толмай жүрген Ер-аганы талай кездестірдім.

Бір жолыққанда «мынандай қүйімізben елден айырылып, халықты тентіретіп жіберетін шығармыз» деп ішіндегі қүйігін жасырмап еді. Шынында да көпшілікті ұшқыр ойымен, өткір сөзімен, қонымды ұсыныстарымен өзіне қаратып алатын асыл аганың осындан қүйзеліс жағдайда жүргенін көру бізге әрі өкінішті, әрі ауыр еді.

...Бір топ қазақстандық журналистер – Сарбас Ақтаев, Қажы Қорғанов үшеуміз алғаш рет КСРО халық депутаттарының I-ші сессиясына барғанда, алғашқы жолыққанымыз Мұхтар Шаханов болатын.

Мұқаң өзіне тән бауырмалдылықпен бәрімізді бауырына қысып, амандық саулықтан кейін біреуді іздеңдей жан-жагына

қарап алды да: «Ал, жігіттер, ана жерде оқшаулау жүрген Ер-агаға сәлем бергендерін жөн болар. Естеріңе салайын, мен халық депутаттарының бірінші съезінде әзер дегенде кезек алып, мінберден 86-шы жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты ашы шындықты жанайқайымен жеткізгенде, Қазақстанның 99 депутаты маган сырт қарап, амандаспай қойған. Сонда Ер-ага келіп: «Жарайсың Мұқтар, азаматтығынды таныттың» деп арқамнан қақканы бар. Өзім жабырқау жүргендеге, Ер-аганың осындай адамгершілігі маган үлкен әсер етті», – деп Мұқан ағынан жарылды.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы материалдар жинаған кезде сөзге тартқан азаматтардың бәрі де Ерекенің азаматтығы мен адалдығын, қызметтегі іскерлігін, жұмыста қанша қатал болғанымен, қарапайым адамдарға деген көзқарасы сыпайы да әділ болатынын, адамдармен тез тіл табысып, оларды келелі істерге жұмылдыра біletін қасиеттерін ерекше атап етті. Мемлекеттік қызметті мінсіз атқара жүріп Әуелбеков өзін ары таза, дарынды басшы ретінде есімін бүкіл қазақ еліне кеңінен танытты. 1986 жылғы Алматыдагы желтоқсан көтерілісі кезінде республика басшылығына кімдерді тағайындау жөніндегі қазак жастарының қолда ұстаган плакаттарында Еркін Әуелбековтың есімінің бірінші аталуы көп жайты аңғартса керек.

Жалпы Еркін Әуелбеков бүкіл болмысымен әділетсіздік пен занды аяққа басатындармен аяусыз құресетін қайраткер, бірбеткей басшы еді. Әсіресе ұтты мен еліне қатысты өрекшелдікке жол бергендермен аяусыз құресте сол кездері дара шыққан басшы болатын.

Торғай облысында бірінші хатшы болып істеп жүргендеге партия обкомына тұргындардан жаппай хат түсे бастады. Хаттың негізігі мазмұны – облыс орталығында ет комбинаты жұмыс істеп тұрса да, оның өнімдері не себепті дүкендерден көрінбейді деген сауал еді. Хаттармен танысып болған Еркін Нұржанұлы дереу облыстық ішкі істер басқармасының басшысы полковник Иван Шутякты шакырып алып, мәселенің анық-қанығына жетуді тапсырды. Тексеру кезінде мынадай жайт анықталды. Өнім дайындау мен оны тарату саласында істейтіндер кілен басқа ұлттың өкілдері болған, атап айтқанда шұжық цехының менгерушісі Трофимов 15 жылға кесіліп, басқа цехтардың

менгерушілері осындай қылмысы үшін абақтыдан бірақ шықты. Олар дайын ет өнімдерін Кавказға және басқа өнірлерге жөнелтумен айналысып, ұйымдастық топ күрган. Еркін Нұржанұлының табандылығының арқасында, қылмыстық топ ауыздықталып сottалды, содан кейін ет комбинатының өнімдері облыс халқының кәдесіне жарап, сottалғандардың орнына қазақ мамандары тартылып, ет комбинатының жұмысы тәртіпке келтірілді.

Еркін Нұржанұлы Байқоңыр космодромы әскери басшылығының өзімшілдігі мен шектен шықкан әрекеттеріне тұнғыш рет қарсы шыққан қазақ басшысы еді. 1986 жылдың көктемінде Байқоңыр әскери бөлімшесінің кінәсінен Сырдарияның төменгі сағасындағы облыс халқының жартысына жуығы тұратын Қармақшы, Қазалы және Арап аудандары мен Байқоңыр қаласын уландыру қаупі төнді.

Осы жағдайға байланысты Е.Әуелбеков СОКП Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы М.С. Горбачевке шығып, мән-жайды түсіндірді. Дереу Мәскеуден Главкосмос басшысы генерал-лейтенант, екінші космонавт Герман Титов бастаған комиссия келді. Аталған мәселе облыстық партия комитетінің бюросында каралып, Еркін Нұржанұлы космодром басшысы генерал-лейтенант Юрий Адвиреевич Жуковты аяусыз сынап, жерден алып жерге салды. Мұндай қылмысты аяқсыз қалдыруға болмайтынын, заң бойынша осыған жауапты космодром басшысы Жуковты партиядан шығарып, сотқа берілетінін мәлімдеді.

«Сасқан үйрек артымен сұнгиді» дегендей, генерал Жуков өлемен жағдайға түсіп, Әуелбековтан кешірім сұраумен болды. Бұдан былай жергілікті билік органдары мен тұргындар мүддесіне қол сұқпайтынын, аймақтың экологиялық талаптарын қатаң сактайтынын, тағы аңдарды ендігәрі атуға бармайтынын айтып, ант-су ішті. Осылайша жөн-жосықсыз кеткен космодром басшысын Еркін Нұржанұлы сабасына түсірді.

Г.Колбин Қазақстаннан кетсімен дс оның орнына қойылатын кадрлардың ішінде Еркін Нұржанұлының есімі жиі аталатын болды. Оның жолын кесу үшін арнайы тапсырма алғандар, Мәскеу мен Алматы арасын тоздыратын болды. Сол жылдары Қазақ КСР-ның Мәскеудегі тұрақты және өкілетті өкілі болған

Серікболсын Әбділдин агайды жолықтырып, осы мәселеге байланысты жөн сұрағанда былай деген еді: «Бұл адамдардың көбі мемлекеттің жұмысымен жүрген жоқ, бос тұрған лауазым – Қазақстанның бірінші басшысына кімдерді қою немесе қоймау жөнде арыз тасушылар», - деп күле жауап беріп еді. СОКП Орталық Комитетінің адамдары Мәскеуге келіп түсken хаттарды тексеруге мені шақыратын. Басты үміткерлердің ішінде Е.Әуелбеков, З.Қамалиденов, Н.Назарбаев, М.Сағдиев және М.Мендібаевтар болды. Барлық үміткерлердің артынан арыз-жалаға толы хаттар орталыққа борап келіп жатты. Сол жақта жүріп, мен сол арыз-шағымдардың түгелін оқып шықтым. Кім жазғандарынан да хабарым бар. Мақтай Сағдиевке тиісті арыздар аз түсті, ең көп арыз-шағымдар жазылғаны Нұрсұлтан Назарбаевқа қатысты болатын.

Мәскеуден егемен еліне келген Ер-аганы мұнда ешкім күтпеп еді. Сондықтан біраз уақытқа дейін Ерекең жұмыссыз жүрді. Алайда билік басында отырғандар Е.Әуелбековты ұзак уақыт бойы қызметсіз қалдыруға дәттері шыдамады. Оның үстінен республикалық газеттерде «есімі бүкіл елге белгілі мемлекет қайраткері Еркін Әуелбеков не себепті жұмыссыз отыр, бұл дегеніңіз тәуелсіздігімізге дақ түсіретін жағдай гой», деп дабыл қаққан мақалалар шыға бастады. Өйткені Еркін Әуелбеков сияқты танымал азаматтың әлі де болса беделі зор еді. Бұл дабыл биліктегілердің құлагына да жеткен болар. Ақыры, Ер-агага Президент кеңесшісі қызметі ұсынылды.

Менің қызмет орным Сатпаев пен Желтоқсан көшелерінің қылышында болғандықтан, таңертең немесе кешке қарай Ер-аганы жұмысынан кетіп бара жатқанда немесе үйіне келе жатқанда жиі кездестіруші едім. Өзіне жарасымды қоныр дауысымен сәлемімді алып, қал-жағдайды сұрап жататын. Сөзге тартып, денсаулығыңыз қалай дегендеге де «кудайға шүкір» деп, қысқа гана жауап қайтаратын.

Шынында да Ер аганың сырқаттанып, ауруханага түсті дегенін естіген емеспін. Арықша сымбатты келген тік бойынан өзін-өзі күтіп ұстайтыны білініп тұратын. Тек қана өткір жанарынан әлде бір сыртқа шықпай жатқан шер жатқандай көрінетін.

Еркін ағаның дүниеден озы да кенеттен және жұмбақ қүйінде қалды. Құлшे жеңгеміздің ага қазасына байланысты айтқаны: «Ерекен ешқашан ауырып немесе дәрігерлерге барып көрінбеп еді. Қазасынан бірнеше күн бұрын төртінші басқарманың емханасына барып, бір тісін емдеtíп, укол салдыртқаны бар», дегені сол қазаның артында бір жұмбақтың шешілмей қалғанынан құпия сыр шертіп тұргандай. Әуелбековтың әулеті бакильтықта кеткен бір туысынан айырылса, ұлттымыз бүкіл өмірін адалдық пен азаматтықты ту етіп өткен қайсар тұлғалы ұлы перзентінен айырылды.

Әуелбековты білетін адамдардың айтуынша, Еркін Нұржанұлы парасатты, адап азамат, алғыр тұлға. Ол сол болмысынан өзгермей солайша өмір сүрді, солайша қайраткер ретінде қалыптасты, солайша өмірден озды. Оның өнегелі ұлттық тарих пен құндылықтарды сақтай білетін азаматтық бейнесі Әуелбековты білетін барша жұрттың жадында мәнгілік сақталады.

**Мейрам БАЙҒАЗИН,  
Нұр-Сұлтан қалалық ардагерлер  
кеңесінің мүшесі, Қазақстаниң  
құрметті журналисі.**

## III

**ЖОҒАРЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПЕН  
ІЗГІЛІКТІҢ АДАМЫ**

*Біздің көрнекті жерлесіміз, талантты басшы және үйымдастыруши, саяси қайраткер туралы Қазақстаниң және Ресейдің белгілі мемлекет қайраткері, кезінде Еркін Нұржанұлының басшылығымен Торғай және Қызылорда облыстарында жұмыс істеген, оның ең жақын комекшісі болған Виталий Алексеевич Брынкин өз естеліктерімен боліседі.*

*Бұл естеліктер көрнекті қайраткердің тұганына 85 жыл тулуына орай Қызылорда облысы үйымдастырган конференцияда жүртіштырылған алдындаған.*

**Құрметті конференцияға қатысуышылар!**

Е.Н. Әуелбековтің өмірі мен қызметі алғаш рет «Конференция» аясында қаралып, ақылды үйымдастыруышының ұсынысы бойынша ол «Танымдылық» деп аталған екен. Бұл конференцияға ерекше рең беріп, ал бізге бұрын жарық көрген материалдар негізінде және басқа да ақпарат көздеріне сүйене отырып, біздің бәрімізді тың ойларға жетелейді «Ол қандай болды?» деген сауал төнірегінде гана емес, оның одан да маңызды жағы «Оған не себеп болды?», «Оның қуатты күші неде?», «Оның орасан зор еңбегінің магнасы қандай?», «Не үшін осындан жасампаздық жасауга ұмтылды?» деген мәселелер туындалап, оларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік беріп отыр.

Танымдылық нысанының, яғни асыл азаматтың қалдырылған мұрасы мен кол жеткізген толайым жетістіктері, абыройлы мәртебесі туралы көп айттылады деген болжам жасауға болады. Бұл орайда өзімізді шекілемейік. Бәрімізға белгілі, бұл жерде оның оппоненттерінің тұрақты түрде айттып келе жатқан қандайда бір күнкіл әнігімелерінен басқа, Е.Н. Әуелбековтің жеке басына табынушылық бейнесін сомдауға бағытталған ой жоқ, керісінше көшбасшының ірі мемлекеттік үйымдарды және әлеуметтік-

экономикалық үрдістерді тиімді басқаруды ұйымдастыру кабілеттін ақиқатын тауып, кыр мен сырын ұғынуға тырысудамыз.

Ұзақ жылдар бойы бірге жұмыс істеп, қарым-қатынаста болғандықтан қалыптасқан көзқарастар негізінде, мениң ойымша, оның жеке тұлға ретіндегі архетипін және мінез-құлқын қалыптастырган аса маңызды үш қасиетін атар едім.

Бірінші. Берік генетикалық тектілігі.

Бұл мәселеде, жер бетіндегі ең көрнекті адамдардың генетикалық мұрагерлері өз өмірлерін ұйымдастыруды мықты ата-тегінің болғаны жеткілікті деп санап, ел аузындағы «атаға тартып ұл тұмас» дегенді растиғаны болмаса, өмірде мардымды ештенеге қол жеткізе алмаганы туралы көптеген мысалдарды назардан тыс қалдырмау керек. Е.Н. Әуелбеков олардың қатарына жатпайды. Міне, осы тұста екінші қасиетін атаған жен. Өзін-өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейі, мінез-құлықты, ерік күш-жігерді тәрбileу арқылы тұа біткен бойындағы өзіндік ерекше табиги дарынын тиімді пайдалануға он ықпал етті. Және тағы да бір асыл қасиеті – алдагы мақсаттарды айқындай білу, оларға қол жеткізу үшін онтайлы және нәтижелі тәсілдерді қолданудағы асқан қабілеттілігі.

Е.Н. Әуелбековтің бойындағы осы үштік ата-тегінен берілген және өзі қалыптастырган сапалы қасиеттері кез келген уақытта өзінің генетикалық иесінің еркін орындауга дайын тұрды.

Бойындағы күш-қуаты, орасан зор ұйымдастыру жұмыстарын атқару қабілеті Е.Н. Әуелбековтің асқан жетістіктері болатын. Соның арқасында ол тиімді шаруашылық басшысы, талантты жетекші, мемлекеттік - әкімшілік басқару өнерінде өзінің көптеген замандастарымен салыстырганда кәсіби қабілеті және адамгершілік қасиеттері жағынан едәүір биік тұратынын іс жүзінде дәлелдеді.

Балалық шағында, мектеп ұжымында, жасөспірім студенттік ортада, Мәскеуде бірге оқыган қазақстандық жерлестері арасында, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтарында жас маманының бастапқы қызметі кезеңінде болсын, былайша айтқанда, барлық жерде көшбасшылық қасиетін танытып қана қоймай, қашанда әрбір оқиганың көшбасы болды, алға қойған мақсаттарды орындау және оларға қол

жеткізу жолындағы ұйымдастыру жұмыстарының көшбасшысы атанды. Барлығымен бірге бола жүріп, бәрінің алдында болды.

Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін өзінің дара көрнектілігімен және елеулі күшімен, өз қызметін жіті ұйымдастыруда, өзін-өзі ұйымдастыруда санқырынан танылған, қайыспас қайсарлығымен, қандай бір жағдай болмасын өзін-өзі жоғары деңгейде ұстай алатындығымен және сабырлылығымен, өз қадір-қасиетін сезінетіндігімен ерекшеленді.

Ой-толғамының ашықтығы және ішкі жан дүниесінің мақсаткерлігі болашақты болжауына және өзінің іс-қимылын уақытылы саралап өрге өрлеуіне мүмкіндік берді. Ол сарқылмас қуат көзі болатын. Бүтіндей сіңіргіш икемді жады бар, сана-сезімі мен акыл ой үйлесім тапқан қайсар еді. Оның назарынан тыс қалған немесе қас-қағым сәт болса да оған тікелей қатысы бар оқигаға көңіл белмеуі, өзімен әнгімелесіп отырған адамнан, сез арқауы болып жатқан тақырыптан оның шет қалғанын ешқашан байқаған емеспін.

Оның тәуелсіз, қатты, кейде қатал мінезд-құлқына байланысты көп пікірлер айтылып жүр. Әрине, мұны жоққа шыгаруға болмайды, оның өзіндік себебі де бар, оның мұндан еркше мінезд-құлқы танытуына адамдардың адамгершілік аурудың көріністеріне ұшырагандары десек қателеспейміз. Ол қандай болды, оның сондай болуына мүмкіндік туғызды және бұл да оның ажырамас адами болмысының бөлігі болып табылады. Дегенмен, кейбіреулер мұның бәрі оның нәзік, жаралы, ете сезімтал және шығармашылық жанының жамылғысы деп санауга бейім.

Дегенмен Е.Н. Әуе́лбеков оңайлықпен сез таластыратын адамдар қатарына жатпайтынына қарамастан, төзімді, батыл және ойланған білетін басшыларға, ез пікірін ұсынудан және оны дәлелдеуден қаймықпайтындарға үлкен сыйластықпен қарады.

Ол жеке басының өнегелі іс-әрекетімен ықпал етуге және қалыптасқан дәстүрді бұзып, әлдеқайда тиімді жұмыс істеуге болатынын дәлелдеуге тырысты. Ақ-адал қалпын сақтай отырып, халық үшін, оның әл-ауқатын жақсарту үшін қызмет етуге болатынын көрсетті.

Сол кездегі әкімшілік ұстанымдардың қыспақтарында қалғысы келмей, ол өзінің басқару технологияларын жасап, батыл және дәйекті түрде іске асырады, құрылған жүйенің қагидаларын қатаң

үстанады. Бұл басшының мінез-құлқының негізгі принциптерінің моделін және ең маңыздысы оның өз-өзін ұйымдастыруын анықтауга және іс жүзінде қолдануға мүмкіндік берді.

Өзіне тән жүйелілікпен және тәртіппелікпен әр күннің нағижендерін қорытындылау және талдау ережелерін қатаң басшылыққа алды. Қорытынды нағижендері жеңе құнделігіне жазылды. Санаулы минуттардың ішінде ол өз өмірінің кез келген күнін тауып, талдап, жағдайды бағалап, өз шешімдері мен іс-әрекеттерін дәл бағамдап бере алатын. Әрбір ақпарат оның санасынан өз орнын тауып, алдағы іс-қимылдыңдағында айқан көрініс беретін.

Құрметті Құлшे Оспанқызы, осынау көрнекті тұлға жайында келешекте тек қазақстандық ғалымдарға емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің ғылыми өкілдері ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Әуелбековтер әuletінің баға жетпес игілігі мемлекеттің тарихи игілігіне айналуы қазіргі таңда өте маңызды.

Е.Н. Әуелбеков өзгеше қажеттіліктермен өмір сүрді. Стандарттарды басқаша түсінді. Тек шынайы дүниелерді ғана қолдады. Өзіндік басқару технологияларын басшылыққа ала отырып, оларға қол жеткізу дегі өзінің түсінігіндегі мақсаттары мен ұйымдастыру тәсілдерімен қабыспайтын және ақылға сыймайтындардың бәрін уақтап сыптырып тастайтын. Ол матрица жасады. Алгоритмдерді құрастырды. Ешқашан жаңылмады, шегінбеді, өз қағидаларын бір облыстар екінші облысқа ала жүріп, жогары нағижендерге қол жеткізді.

Мемлекеттік статистика Е.Н. Әуелбековтің басшылығымен облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының базалық көрсеткіштерінің басым бөлігі бастапқы кезеңмен салыстырғанда пайыздарға емес, бірнеше еселеп есkenін айқын көрсетеді.

Мен оның мінез-құлқының тағы бір қызықты түсын атап өткім келеді. Оның түпкі мақсаттарды анықтаудагы ерекше тәсілдері жақын серіктестерінің өзін жай ғана таңқалдырып қоймай, қайран қалдыратын.

Жаңа облыстағы жұмыстың бірінші жылында қол жеткізген көрсеткіштер оны аса қатты қызықтырмайтын. Е.Н. Әуелбеков өз басшылығымен қол жеткізген жетістіктерін одан әрі еселей түсу үшін күрескен кезде оның жүрегі оттай жанатын. Ол өзі қол жеткізген жетістігінен асып түсу үшін жанаямай майдай тер

төгіп, жанкештілік танытатын. Осы бір «Өзінен өзің асып түс!», деген адами қағида оны жана биік белестерге көтерітуге күлшындырып, қажырлы еңбек өз нәтижесін беріп, үстемелі жана жетістіктерге жеткізетін.

Бұгінде оны менеджменттің кибернетикалық типі дер еді. Мұндай ақыл-ойдың қайнар көзі – өз-өзін ұйымдастырумен, бірегей басқару технологиясымен ұштасқан табиғи таланты бар асыл адам болатын. Көптеген жарияланған материалдарда жазылғандай ол уақытты басып озған жоқ, уақыт табиғаттың өз заңдары бойынша өтіп жатты. Ол мемлекеттік ұстанымдарды дәстүрлі түрде қабылдаудан озды. Даму міндеттерін жүзеге асыруды ұйымдастыру тәсілдері мен құралдары туралы объективті және субъективті түсініктер. Е.Н. Әуелбековтің феномені – оның өзгелермен бір уақыттағы кеңістікте жүріп, басқа дәүірдің өлшемдеріне сәйкес өмір сүріп, жұмыс істегені.

Халықаралық ғылыми ортага танымал әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Л.Я. Дятченко өзін Көкшетау облысындағы Е.Н. Әуелбековтің шәкіртімін деп санайды. Басқару жүйесіндегі көшбасшылардың рөлін зерттей келіп, әлемдік ғылымдағы статистикалық мәліметтерге сүйеніп, адамдардың 5-7 пайызы ғана басқаларды нақты мақсаттарға жетелей алғын көшбасшы бола алады деген тұжырымға келеді. Өз кезегінде, элита теориясы осы саннан ен дарынды және озық көшбасшылардың шамамен бір пайызын ғана құрайды.

«Әрине, Е. Н. Әуелбеков шын мәнінде осы алтын пайызға жатады, себебі ол өзінің бар өмірімен, ерен еңбегімен кез келген ахуалда, өмірлік жағдайда және әлеуметтік-экономикалық формацияларда ойдағыдай басшылық жасау мүмкін екендігін дәлелдеді. Сол үшін біз оны жоғары бағалаймыз. Сондықтан біз одан үлгі аламыз», - дейді галым. Көптеген қазақстандықтардың құрметіне ие көрнекті әлеуметтанушы галымның ұстанымы міне осындаі.

Е.Н. Әуелбеков ұсақ жаңылыс есептері оларды ірі мақсаттарға кол жеткізуғе жұмылдыра білетін сирек адамдар қатарына жатады. Өйткені, өмірде қалай болады? Адам қателесіп жолдан таяды немесе ағаттық жасайды. Одан әрі не болмақ? Сол қателіктерді ұмытып, немесе ешқашан болмагандай кейіп таныту керек пе?

Ешкандай әрекет етпей, ұнжырығасын түсіру қажет пе? Мұндай жолды кім болса сол таңдауы мүмкін, тек Әуелбеков емес.

Аудиторияның дос көңілін пайдаланып, мен алғаш рет біздің танымымыздың бас кейіпкерінің өміріндегі бір келенсіз жағдаймен белісейін. 1964 жылы Целиноград облысының Шортанды кентінде откен тың жердің егіншілігін ұйымдастыру жөніндегі ірі кеңесте Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Еркін Нұржанұлы Қазақ КСР басшыларының бірінің өтініші бойынша, А. И. Бараев әзірлеп тың игеруде белсенді түрде енгізілген егіс алқаптарының топырақ коргау жүйесінің маңызды элементтеріне ашық түрде қарсы тұрган КОКП ОК бірінші хатшысы, КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы Н. С. Хрущевтың ұстанымын қолдады.

Сол жылдардың өзінде Е.Н. Әуелбековтің жолында қандай да бір мәртебелі лауазымды тұлға тұрса да, оған қарсы тұру мүмкін емес еді. Сондай-ақ, оған мемлекеттің бірінші басшысының қатысуымен осындаи кикілжің тудырган проблеманың бар ауыртпалығын және туындаған оқиғаның ықтимал салдарын сезбеді, деп кінә тагу да мүмкін емес.

Патриот ретінде, жауапкершілігі жоғары адам ретінде ол қазақстанның аграрлық ғылымының маңызды жаңа бағытын коргау үшін және қолтеген басшылар мен мамандарды әкімшілік кудалаудан құтқару үшін «ұлыны сактау үшін, ұсақты құрбандыққа шалды», - деп айтқанда, ол өз беделіне нүқсан келтірді. Әрине, бұл сез сейлеуден кейінгі қапалану сезімі болашақ академик А.И. Бараевтың және оның қозқарасын бөліскендердің жадында мәнгі қалды. Алайда Е.Н. Әуелбеков ешкімнің алдында ақталмады. Бұл әлсіздердің әдеті. Оның құдіретті жеке тұлғасы үшін бұл жағдай жаңа кәсіби мақсаттарды қалыптастыруға тұрткі болды. Оған қол жеткізуіді істі мақсатты түрде ұйымдастырумен, егіншіліктің ғылыми негізделген жүйесіндегі кез келген ауытқушылықтармен жаңкештілікпен күрсек жүріп қамтамасыз етті. Өмірінің сонына дейін өзінің практикалық әрекеттерімен, көшілік алдында қолдауға мәжбүр болған позицияға қарама-қарсы, өзінің ұстанымын бекітті. Қекшетау және әсіресе Торғай облыстарында топырақ коргау жүйесінің барлық элементтері осының айқышын дәлелі.

Е.Н. Эуелбековтің дара тұлғасын, оның ерекше жағдайдағы іс-әрекеттерін ашатын бұдан да елеулі мысал бар. Басшы, агрармаман, мемлекет қайраткері ретінде ол тың игерудің жогары сапалы тауарлы астықтың бүрын-сонды болмаған көлемінің артуы, сонымен қатар мал шаруашылығы өнімдерінің өсуі, әлеуметтік-инфрақұрылымдық объектлердің, тұргын үй мен жана қоныстардың пайда болуы, халық үшін мәдениет пен тұрмыс жағдайларының едәуір жақсаруы екендігін жақсы түсінді.

Алайда, өз елінің шынайы патриоты ретінде, ол тың игеру қалыптасқан экожүйені ірі күйзеліске әкелетінін айқын сезінді. Судың тепе-тендігі бұзылды. Шаруашылыкты жүргізуін ұлттық дәстүрі мен тұрмыс-салтына қысым жасалды. Сонымен қатар басқа да көптеген құмәнді мәселелер туындағы. "Қажетті және жол берілмейтін" деу арқылы бірдей мақсаттарға кол жеткізуіді қамтамасыз ететін саналы басшы-адамның жағдайын елестету кыын емес.

Тек ұстамды, жігерлі және ақылды басшы гана іс жүзінде қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінде жүріп, айтартықтай оң нәтижелерге кол жеткізе алады.

Е.Н.Әуелбеков басшылық еткен барлық жерде ол өзін тек аймақ әкімшісі гана емес, шынайы мемлекет қайраткері ретінде таныта білді.

Бұл оның мәндейтина жазылған тағдыр. Конференцияға қатысушылардың назарын бір гана мысалға аударғым келеді. Сол кезеңде Торғай облысында жұмыс істеген адамдардың естерінде, ол қызметке тағайындалған бірінші күннен бастап-ак қайнаган қызу еңбектің көрігін қыздырды.

Республика басшылығының өзіне жасаган әділетсіздігіне деген күйіншін жүргегінін түбінде қалдырып, оны беймәлім күш-куатын сала нақты іс-қимылымен, ішкі мәдениетінің қолдауымен, ұлттық патриоттық сезімімен және ежелгі Торғай елі халқының өмір сүру жағдайларына жанашырлық танытуымен басты.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізін көрсеткіштері оның солтүстік аймақтарында қалыптасатынын түсіне отырып, ол соган қарамастан жана мақсат биігіне көтерілу үшін ежелгі қазактың ұлттық тарихының, дәстүрлерінің басым белігі қалыптасқан, халықтың ұлттық мұддесіне шын берілген және сенімді, адал, ғасырлар бойы сонда тұрып, еңбек еткен,

елімізге ұлттымыздың көптеген танымал зиялды қауым өкілдерін, жазушыларын, бірегей батырларын сыйга тартқан онтүстік аймақты дамытуға баса назар аударды.

Оған дейін Ә.Жәнібековтің жүзеге асыра бастаған осы өлкенің тарихын қалпына келтірудегі идеологиялық негізін ұстана отырып, ол облыстың онтүстік аймағында өндірістік және әлеуметтік инфракұрылымдарды дамытып, және осының негізінде тұргындардың тұрмыс-тіршілік деңгейін тиісті түрде қамтамасыз ету үшін ауқымды жобаны қолға алды.

Қостанай және Целиноград облыстарының сол кезеңдегі басшылары ең көкейтесті мәселелерге толы, жәйсіз аумактарын жаңадан құрылған Торғай облысына қосу туралы шешімді қуанышпен және ерекше желпініспен қабылдаған болатын және Е.Н.Әуелбековтің осы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы олардың жіберген орасан қателіктері мен олқылықтарын қалпына келтіру бойынша бастаған кең көлемді жұмыстарды жүзеге асыра бастағаны олардың мың ұйықтаса түстеріне енбейтін жаңалық болды. Әркөкірек және маңғаз екі облыстың жетекшілері Торғайдың жаңа басшысының атына жиі жалған репликаларды жіберіп, қызғаныштан жарылардай болды.

Алайда Е.Н. Әуелбековті енді тоқтату мүмкін емес еді. Ол өзінің алдына қойған мақсатына қол жеткізу үшін желқайық желкенімен қанаттанып ілгері жылжыды, бұл жолда тежеу немесе оған жетуге кедері болған қындықтардың барлығын тас-талқан етті, сондай-ақ, бір уақытта осынау маңызды тарихи өңірде тұрып жатқан халықтың өмір сүру жағдайына қатысты мемлекет жол берген салақтықтың толығымен көзін жоғалтты.

Айтылғанның бәрі, өзінің жана орнына тағайындалуына кімнің қандай мақсатпен келетінінің жарқын үлгісі. Мәселен, Е. Н. Әуелбеков – жасампаздық және іс-әрекет жасау үшін келсе, ал енді біреулері мансаптық өсүін, баюды немесе тағайындау мерзімінің аяқталуын күтті.

Е.Н.Әуелбековтің өте маңызды қасиеті туралы айтпауга болмайды, өйткені оған ол сияқты болуға мүмкіндік барді. Ол ана сүтімен бойына дарыған адамгершілік құндылықтың ең маңызды сұлулығы «Ар-ождан және әділеттілік бойынша өмір сүрді». Бұл философия – оның өмірлік ұстанымына, сенімі мен үмітінің символына айналды. Ол осы қағидаларға ие болды және көрсетті,

өзімен бірге жұмыс істегендерді және араласқан адамдарды сөзсіз соларға бағынуға шақырды. Сан түрлі тәсілдер арқылы осы қагидаларды өзінің экімшілік және өмірлік ықпалында болғандардың бәріне толығымен жеткізуге тырысты.

Е.Н.Әуелбековтің бұл гажайып мінезінің ерекшелігін белгілі қазақстандық журналист Ербол Құрманбаев өз очеркінде классикалық дәлелділікпен көлтіреді:

«Әуелбековтың абсолютті жұмыс қабілеттілігі тіпті кристалды адалдығы, сатылмаушылығы, қагидаттылығы, ой мен әрекеттегі қандай да бір тазалықтың жайсыздығы аясында күнделікті нәрсе ретінде қабылданды... Ар-ојдан мен құрмет ол үшін табиғи, абсолютті санаттар болды». Оның жаһында өмір өткелдерін жүріп өткен әрбір адам, осы сөздермен, ол туралы жарқын естелікке қол қояды.

«Сырт көз» айтқан тағы бір пікірмен бөлісу артық болмайды.

Тарих ғылымдарының докторы, Белгород ұлттық университетінің профессоры, Кеңес дәуіріндегі, оның ішінде Қазақстанның саяси қайраткерлерінің өмірі мен тағдырын зерттеуші ғалым А.И.Молчанов, Е.Н. Әуелбековтің осы иглілігін басшылықта ала отырып жариялаган монографиясында оған «...Аристократ Рухының жарқын үлгісі», - деп өзінің жоғары бағасын берді.

Осы тамаша ғалымның ұстанымымен толығымен келісуге болады және дәл сол себепті Е.Н. Әуелбеков осы қагидаттарды түсінбеген, мойындаған және қолдамаған адамдар үшін ешуақытта жеңілмейтін, адамгершілік тұрғыдан қол жетпес жан болды.

Адамзаттың бұл негізгі құндылықтарының бірі онда жан күйі ретінде қалыптасты, кейіннен оның азаматтық және қогамдық-саяси имиджінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналды.

Жоғарыда қойылған сауалдарға жауап іздеуде зерттеудің объективтілігі туралы Е.Н. Ауелбековпен бірдей лауазымдық қызметте істеген басқа басшылармен салыстыра қарауды талап етеді.

Оның үш облыстың бірінші басшысы лауазымы қызметінде болған 22 жыл ішіндегі әр түрлі кезенде ол Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің 56 бірінші хатшыларымен қатар қызмет атқарды.

Олардың басым көпшілігі бүкіл ел танитын салиқалы адамдар еді. Сол кезеңнің жоғары талаптарына сәйкес олардың практикалық және теориялық даярлық деңгейлері жоғары болды. Саяси, мемлекеттік және шаруашылық басшылықтың маңызды мектебінен өтті. Республикамыздың және еліміздің сенімді тірегі болды. Олардың жетекшілік етуімен бүгінгі Қазақстанның материалдық және әлеуметтік базасы жасалып, дамыды, үлттық рухани орта сақталып, қолдау тапты.

Бірақ осындай маңызды адамдардың аясында Еркін Нұржанұлы өзінің даналығымен, даралығымен ерекше көзге түсті және бүгінгі тілмен айтқанда креативтілігімен айшықталды. Және ең маңыздысы сол, оның дара тұлға ретінде өрге өрлеген биік беделі, іріленген бейнесі қалыпты адамның тірі сезімінің даусызы және тенденсі жоқ жанды сезімінің ауқымын көнектең түсті.

Әрдайым салмақты және жинақы. Спорт мұсінді және вте сымбатты ер азamat. Кішіпейіл және қайырымды. Мінбеде артық дифирамбасыз сөйледі және басқа да көп жақсы қасиеттері болды. Осындай көшбасшыға жақын болғын келеді. Осындай азаматтың үлгісінде өз өмірінді жазғын келеді. Мұндай жан үшін отқа да суға да тұсуге даярсын. Оның бұл қасиеттері парасатты, шығармашыл және жауапты замандастарын қызықтырыды, сенімді болуга, күресуге, озық өмір сүріп, уақыттан оза енбек етуге жетелейді. Осы қагида тәнірегінде бірлескендер онымен бірге соңғы дәм-тұзы таусылғанша қатар жүрді.

Қазақ халқы әлі де талай ірі көшбасшыны, нағыз шынайы мемлекет қайраткерлерін тәрбилип өсіретіні сөзсіз. Бірақ Қазақстан Республикасының тарихи пантеонында өз заманының аса көрнекті мемлекет қайраткери Е.Н. Әуелбековтің есімі мәнгілік сақталады.

Конференцияға қатысушылар менің кейбір ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін қолданғаныма назар аударды деп ойлаймын. Баяндалған ақпараттық материалдардан тыс мен конференция қатысушыларына Е.Н. Әуелбековтің тұлғасы көптен бері тек ресейлік ғалымдар үшін ғана емес, сонымен қатар қолда бар материалдарға сәйкес ГФР-ның, Оңтүстік Кореяның және тағы да басқалардың ғылыми қоғамдастығы үшін де ғылыми-зерттеулік қызығушылығын тудырып отырғанын жеткізгім келді. Ғылымның осы бағытына

қызығушылық танытқандардың көпшілігі қазақстандық галымдардың өз басқару элитасына зерттеу жұмыстарын жеткілікті дәрежеде көнінен жүргізбейді, деп санауы негізсіз емес. Олардың пікірінше, ұлттық басқару мәдениеті өкілдерінің бай игілігін ашатын халықаралық ғылыми қоғам саласына білсенді түрде кіру қажет.

Бәрімізгі белгілі, бұл мәдениет 1917 жылы, 1953 жылы, тіпті 90-жылдары қалыптаса бастаған жоқ, оның басталу көзі тым теренде жатыр, сонау қазақ хандығының құрылу кезеңінде, «Дала элитасы» ежелгі басқару жүйесін құрган және құнды тәжірибе жинақтаған енбектері бүгінгі күнге дейін шынайы зерттелген жоқ.

Осы бір өтеп өзекті зерттеу көністігі тек теориялық және әдіснамалық мағынаға ие болып қана қоймай, сонымен қатар, Қазақстанды XXI ғасырға жетелейтін бүгінгі және болашақ ұлттық басқару элиталарын тәрбиелеп, даярлауга қажетті іріктемелі үлгі болып табылады.

Сөз соңында айтарым, жоғарыда атап өткенімдей, Е.Н.Әуелбековтің замандастары аз емес еді, бірақ халық жадында өшпес із қалдыргандары көп болған жоқ. Яғни, біздің жерлесіміз маңыздырақ, елге шапағаты кебірек тиғен, жарқын бейне болып табылады. Сондықтан да ол жер бетінде өшпес із қалдыры. Бұған дәлел – Қызылорда облысы халқының осы ұлы адамга деген таусылмас құрметі.

Бұл құрмет 1985 жылы басқару элитасының патриархтары, облыстың беделді азаматтары – Исатай Әbdікәрімов, Ідріс Қалиев, Елеу Қөшербаев, Сейілбек Шаумаханов, Әbdіжамал Нұрпейісов, Алдаберген Бисенов, Жансұлтан Демеуов және т.б. ділі өзге адамды асқан ілтипатпен, өз басшысы ретінде қабылданғанда басталған болатын. Е.Н.Әуелбековтің біз бүгін тілге тиек етіп отырған ой-өрісі мен іс-әрекетінің сол уақытта халық арасында қабылдануын қолдап, өлшеусіз түсіністік білдіргені үшін баршага шын жүректен шынай құрметімді және ризашылығымды білдіргім келеді.

Қызылорда қаласында Е.Әуелбековтің 85 жылдығына арналған кешенді іс-шараның оның қызметтестерінің, жұртшылықтың, жастар мен облыстан тыс жерлерден келген қонақтардың қатысуымен кең көлемде аталаған өтілуі облыс әкімі – Қырымбек Елеуұлы Қөшербаевтың, республика

басшылығының, оның Тұнғыш Президенті Н.Назарбаевтың және Қызылорда облысы халқының арасындағы сөзсіз беделін растайды. Бұл маңызды оқига Е.Әуелбековпен бірге еңбек еткен жеке өмірбаянымның ең әсерлі, үміттылmas сәттерін еске алуға ерекше мүмкіндік берді.

Бұл жерде ненің басым екенін анықтау да онай емес. Еркін Нұржанұлының беделі ме, әлде қызылордалықтардың әдептілігі мен мәрттігі ме? Бір-бірінен ажырамас осы екі ұғымның қатар өмір сүретіндігіне және бүгінгідей есте қаларлық оқигага қатысушылардың алғысына бөленетіндігіне сенімдімін.

Тәңірім Қызылорданың берекелі жеріне тыныштық пен шұрайлыштық, халқына табысты да бақытты өмір сыйлайды деген сенімдемін.

Шақырган және көрсеткен ықыластарының үшін менің шынайы алғысымды қабыл алыңыздар.

## **Қымбатты Құлше Оспанқызы!**

Сіздің өтінішіңіз бойынша Сіздің мерейтой салтанатында ортаға салған ойларымның желістерін жолдап отырымын, менің түсінігімде бұл оқиғага қатысуымның себебі неден, қалай қалыптасқаны белгілі, өйткені бұл оқиға жарты гасырга жуық өмір кезеңін қамтып отыр.

Бұл Еркін Нұржанұлына, Сізге және сіздің жанұяңызға деген шын жүректен білдірген ең шынайы, сыйластық сезімім, Сізге және сіздің жанұяңызға ыстық ықылас, ізгі ниеттен туған менің жүрекжарды ақ батам, Сіздердің жанұяларыныңдың мұрағатынан өз орнын тауып, сакталды деген ойдамын.

## **Қымбатты Құлше Оспанқызы! Құрметті конактар!**

Мен турасын айтқанда, Мәскеуден Сізге және сіздің тегінізге жүрекжарды сыйластық сезімі бар барлық адамдармен бірге болу үшін қанаттана ұшып келдім.

Бұл отбасылық жеке оқиға тек Қазақстандаға емес, сонымен қатар Ресейдің көптеген аймақтарында: Владивосток, Омбы, Свердлов, Нижний Новгород, Мичурин, Калининград және Мәскеуде өмір сүріп жатқан көптеген адамдардың және серіктестерінің басын біріктірді.

Озінің салтанатты мерейтойында Қазақстанның барлық тарихи өнірлерінің өкілдерін және түрлі кәсіби мұдделерді біріктіре алатын әйелдер әлемде көп емес екендігіне сенімдімін.

Мұндай құрмет ұлы адамдардың өмірі мен қызметіне жағдай жасау үшін өз өмірін арнаған әйелдерге гана беріледі. Ал бұл Сіз туралы, қымбатты Құлше Оспанқызы.

Өйткені, ең маңызды, әрі беделді мемлекеттік және қоғамдық-саяси жобаны табысты жүзеге асыру тағдыры Сізге тиді, оның толық аты – Еркін Нұржанұлы Әуелбеков.

Қымбатты Құлше Оспанқызы, рұқсат етсөніз, Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың тәрбиеленушілері мен серіктестерінің атынан Сіздерге осы тамаша адам жолындағы өмірлік ерліктеріңіз үшін алғыс айтамын.

Әрине, Еркін Нұржанұлы табиғатынан талантты адам болатын. Бірақ бұл өмір қанша дарынды тұлғалардың тағдырын тәлекекке салды. Қаншама көрнекті асыл азматтар төреши үақыттың шырмауында жоғалды. Ал сіздің шынай қамқорлығыныңда Еркін Нұржанұлы алмазды қоршауға, көрнекті мемлекет және қогамдық-саяси қайраткері, танымал кеңес жетекшісі және партия көшбасшысы деген биік мәртебеге ие болды, қазактың тарих шежіресінен лайықты орнын алды. Бүгінгі Сіздің мерейтойыныңда, қымбатты Құлше Оспанқызы, Еркін Нұржанұлы туралы көптеген жақсы сөздер айтылады. Бұл ұлы адам туралы ешуақыт өшпейтін естеліктер.

Және ол туралы қанша айтылса да, бұл толық көлемде сіздікі, Сіз туралы, сіздің тағдырының туралы дүние. Ол үшін, Құлше Оспанқызы сізден қымбат өмірде ештеңе болған емес, ол өзінің жұбайынан, гажайып әйелінен басқа ешнәрсені артық қойып, ұнатқан емес.

Осыдан 45 жыл бұрын Көкшетау қаласында облыстың бірінші ханымы – облыстың жас, жарқын, жігерлі басшысының әйелі мәртебесінде 30 жастағы жас әйел пайда болған кезде, менің сөздерімнің шынайылығына сендеремін, кекшетаулықтардың бойларын сол кезде сирек кездесетін өзінің бірінші басшысы үшін аса жоғары мақтаныш сезімі биледі.

Осы жас жұлдызың бойларында бәрі де өте тартымды болды: жастық та, патриотизм де, облысты қуатты, әрі көрікті де тартымды ету ниеттері де, стилі мен әдістері де, іске деген тұрақтылықты ұштауда, өзінің киелі туған жерін гүлдендіруге ұмтылышы да, тиімді және табысты еңбегі де, онда тұратын адамдардың тұрмыс жағдайларын көріктендіруі де бәрі-бәрі ғажап еді.

Біз сол кезде комсомол қызметкерлері едік, жас, бірақ сол кездің өзінде шынайы әйел сұлулығын көруге және бағалауға мүмкіндігіміз болды. Оның тұла бойында барлығы әдемі және көз тартар көрікті болатын. Әртүрлі адамдармен өзін бірдей сезіну қабілеті және оның тікелей әрі айқын мақсаттарын көрсететін санадағы тәртібі де.

Ол барлық кезде де сенімді еді. Осындаған деңгейдегі басшылардың жұбайларының дүниекүмарлығы олардың қаншасының тағдырын өкінішке ұрындырды. Бақытына карай, Әуелбековтер отбасында адам баласының бойында кездесетін қысынсыз қасиеттердің бірі де болған жоқ. Осы ретте Құлше Оспанқызының бойындағы асыл қасиеттердің бірін ортаға салуға болады – ол Еркін Нұржанұлы сынды заңғар да ұлы тұлғаның абырайын таптауға ешқандай да желеу берген жоқ.

Ол өз әріптестерін дүниекүмарлыққа салынбауга, жеке бастьарының, тамыр-танаистарының қамымен айналыспауга шақыратын, сондаға тыныш ұйықтайтын боласындар, - деп жиі айтатын.

Жылдар өтті. Мен күн сайын өз өміріме қарап, оның сөздерінің шынайылығын сезінемін. Ұйқы шыныменен тыныш. Тағдыр тәлкегіне ұрынып, адамгершілік қасиеттерге жат қылыктарға бой алдырған адамдар өмірдің ауыр жүгін арқалап жүр.

Құлше Оспанқызының ауыртпалық пен эмоционалдық күйзеліске төзімділігі бір сикырға ұқсайды. Бойындағы бүкіл жаксы қасиеттеріне сеніп артып, өзі мен өзінің отбасына түскен ауыр күйзелістерге қарсы тұруда Еркін Нұржанұлының өзіне үлгі бола білді. Бұл сегіз қырлы, бір сырлы мінсіз әйел, өзінің адами қасиеттерін сактап, осы тамаша мерейтойға дейін жеткізді. Соган байланысты Құлше Оспанқызының тағы бір өмірлік маңызы бар қасиетін атап өткім келеді. Ол келесі бір әрекеттерден тұрады.

Еркін Нұржанұлы қашанда уақыттан оза жүретін. Горбачев қайта құру туралы бастама көтергенде кезде, қызылордалықтар қайта құру Әуелбековтің келуімен біздерде ертерек басталды, - деп әзілдейтін. Олардың әйелдерінің «бірінші партия жетекшісінің ханымы» тұғырындағы қызметтері нәтижелерінің айырмашылығы сол, менің ойымша, Құлше Оспанқызының Раиса Горбачеваға қарағанда тұғыры қай жағынан алсан да әлдекайда биік болды. Бай табиги сұлуулығымен де, мінез-құлқының ашықтығымен де, өз күйеулеріне ықпалы жағынан да.

Ең маңыздысы сол – олардың әрқайсысының өмірлік серіктерінің жасаған иглікті істеріне халықтың берген әділ бағасы. Бәріне айқын:

- біреуінде жоғалған елі мен беделі;
  - ал біреуінде шексіз құрмет пен жарқын естеліктер болды.
- Күлше Оспанқызы – шын мәнінде, ұлы әйел.

Мерейтойға дейін жеткен жетістігінің барлығы оған, оның отбасына, оның тегі мен үрпақтарына тиесілі. Және мен бұл сөздерді айтқан кезде, ең алдымен қазақ әйелдерінің ұлылығы, адам табиғатының шынайылығы туралы ойлаймын. Және оның бойындағы ата-ана желісінің тікелей және ата-бабаларының бірегей генетикалық мұрасының ерекшелігі болса керек. Ал тұқым қуалаушылық арқылы берілген бір ак унция жұздеген фунт басқа жүре пайда болған қасиеттерден артық екені бағыдан мәлім.

Бүгінгі қонақтардың алғыс пен құрмет сезімдерімен өрнектелген бұл игі тілектер ата-анаңыз жайлы жарқын естеліктер мұрасына енсін.

Құрметті Күлше Оспанқызы! Сізді өмірініздегі тамаша мерейтой мерекесімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыз. Мықты денсаулық, отбасыңызға ынтымақ пен иглік тілеймін. Балаларыңыз, немерелеріңіз бен шеберелеріңіз әркашан да табысты болсын. Сіздің әзулетінізге жолдаған қазақстандықтардың жүрекжарды ақ тілек баталары Жаратқанның назарында болсын.

Осы залдағы қонақтарыныңдың арасында географиялық және уақытша бағалаумен бірге жұмыс істеу мәртебесі көбіне маган бұйырған екен. Осыны пайдалана отырып, Сіздің тамаша мерейтойлық кешінізде, Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы жарқын және таусылmas естеліктерге орай тілегімді білдіремін.

*Виталий БРЫНКИН,  
Алматы, 18 мамыр  
2013 жыл.*

## ЕҢБЕК ӘМІРШІСІ

Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған өткен ғасырдың сексенінші жылдары, идеологияның маңызды саласы көрнекілік үгіт бойынша тәжірибе алмасу мақсатында – ел астанасы Алматы қаласына бардым. Менің бұл сапарымдағы ең үлкен олжам «Еңбек – әлемнің әміршісі» деген ұғымды түсінуім еді. Кейінрек осы жазуды Шиелі кентінің көрнекті жерінде, тау жақта орналастыруға бұйрық бердім. Менен кейін жеті аудан әкімі ауысты, және Құдайдың оларға иглігі болсын, әрбір осы қасиетті жазбаны сақтай білді, ол әлі күнге дейін әрбір өтіп бара жатқан адамның жадын, санасын қайта жаңғыртуға қызмет етуде. Иә, бұл барлық адамдар үшін ұлы ұран, барлық адамзатты адал еңбекке шақырады. Онсыз әлемде өмір жоқ, бақыт жоқ, байлық та тек оған байланысты.

Еңбексіз ештеңе де болмайды. Сондықтан әрбір адамға, азаматқа, басшыға баға беру кезінде бірінші кезекте оның еңбекке, еңбекқорлыққа, еңбек қызметіне деген қабілетіне баға береді.

Адам – табиғаттың ең табысты, ең керемет, ең күрделі жаратылышы. Әрбір адам өзінше ерекше. Әрбір адам – шешімі табылмаған жұмбак, ашылмаған құпия. Әр адамның өз бастауы бар, ол отбасы үшін, әuletі үшін, айналасындағылар үшін өте пайдалы болуы мүмкін, ал оның жасампаз еңбегі ел, халық, мемлекет үшін, әрине де, байлық, бақыт әкеледі.

Егер «Еңбек – әлемнің әміршісі» болса, онда бүтінгі мақаланың бас кейіпкері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков – «ұлы еңбек иесі» екендігін айтқым келеді.

Еркін Нұржанұлы өзін жасампаз, жанкешті еңбекке арнаған адам. Бұл өмірге жұмыс істеу және еңбек ету үшін гана келген сияқты. Ол адамдарға тән басқа құндылықтарға, қызығушылықтарға, құмарлыққа ниет танытпады.

Бағыныштылар арасында, сонымен қатар басшылар арасында да жұмыс үшін өзін де, өзінің өмірін де аямайтын жанкешті жандар болады. Олар толығымен жұмысқа

беріледі, бар жан-тәнімен қызмет етеді, өздерінің бар күшін, білімі мен білігін ортаға салып, ұйымдастыруышылар, көшбасшылар, бағыттаушылар есебінде ұйымның, саланың, ұжымның негізін қалыптастырады. Жұмысты негізінен дәл осындай жандар орындаиды. Ал барлығымен бірге жүріп, жұмыстың болмашы көрінісін, өзінің осыған қатыстырын жасап, бірақ өздерін ғана ойлайтындар қаншама?

Е. Әуелбеков мейлі басшы немесе қарапайым қызметкер болсын, өмір бойы осындай жандармен құресумен болды. Осылайша ол ағысқа қарсы жүзді. Ол бұл жағдайлардың оның жеке өміріне кері әсер ететіндігі туралы ойлаган жок.

Ерекенің бойында Алла берген табиғи талант, тағдыр қалыптастырган зияткерлік және тәжірибе болды. Сондыктан да Ереке әрқашан өз міндеттерін адал, нәтижелі, жоғары деңгейде атқара білді.

Бұл үшін оның барлық мүмкіндіктері болды, ол әрдайым неге болса да дайын еді, ол өз заманының батыл және табанды қоғам және мемлекет қайраткері болды. Әділетсіз болмау үшін біз шындыққа тұра карауымыз керек.

Ол Мәскеу қаласында Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясында тамаша білім алды. Еңбек жолын МТС бас агрономы, МТС, совхоздың директоры болып бастады, халық депутаттары облыстық кеңесінің облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық атқару комитетінің төрағасы, екі министрліктердің бірінші орынбасары, министр, Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстарында партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін есті, үлken өмір мектебінен өтті, үлken тәжірибе алды, биліктің ең жоғары сатысына дейін көтерілді. Ереке еш жерден секірмей, ретіменнен, адал түрде биліктің барлық сатысынан өтті.

Дарынды адам тез арада білімді, зияткер бола алады, бірақ тәжірибелі бола алмайды. Тәжірибе жылдар өте келеді, бұл баға жетпес құндылық, ерекше сипат, ерекше қабілет, ол әркімге берілмейді. Ал Қазақстанда кеңес заманында үш облысты басқарып, үлken тәжірибе жинақтаған, еліміздің дамуына баға жетпес үлес косқан хатшылар бар болғаны үшеу болды: Еркін Әуелбеков, Асанбай Асқаров, Мұстақим Ихсанов.

Бұрынғы және қазіргі басшылардағы барлық сәтсіздіктер мен кемшіліктер әрдайым тәжірибеден, тәжірибелің жетіспеуінен, олар бірден басшы болғысы келгендіктен болды.

Еркін Нұржанұлының өзге басшылардан бір ерекшелігі оның көп оқып, көп біліп, көп еңбектенуінде болды. «Кім өзін аямаса, өзгені аямайды» дегендей, ол өзі жазып, өзі сызба жасап, өзі есеп жүргізіп, өзін-өзі қамшылай түсіп, өзін-өзі мазалап, өзін-өзі жазалап, өзін ешбір аямайтын. Жұмысты, лауазымдық міндеттерін, халық пен мемлекет мүддесін әрдайым бәрінен биік, бірінші орынга қоятын. Е. Әуелбеков халық шаруашылығының барлық саласында сол саланың кәсіби кадрлары деңгейінде талдау жүргізіп, міндеттер қойып, талап етіп, жұмысты ұйымдастыра алды. Ерекенің басты жетістігі, құрметі мен женісі, еңбекте еді, әрдайым еңбекте еді, тек қана еңбекте еді.

«Мемлекет басқару өнері – барлық өнердің шыны», деп ежелгі гректердің бір данышпаны айтқан екен, яғни мемлекетті, халықты басқару бұл үлкен өнер, саясат, бітімгерлік, философия, әрине, облысты басқару да оңай емес, тіпті аудан, ауыл, әлгіден соң өз-өзінді басқару да оңай шаруа емес. Тек өзін бағалай алатын, өзін бағындыра алатын, өзін басқара алатын, өз-өзіне дос бола алатын, өзін сақтап, өзін тыңдай алатын басшы гана халықты басқара алады. Ереке дәл осындай басшы болатын.

Әдетте, ұзак уақыт бойы басшы болып жұмыс істеген әрбір басшы алдымен жоғары көңіл-күймен, ынта-жігермен жұмыс істейді, содан кейін уақыт өте беделді болады, жұмыс өзінің қалыпты кезегімен жүре береді және басшы ерекше күш-жігерсіз жұмыстың тәсілдері мен формаларына көшеді, бір қолмен жұмыс істейді, ал екінші қолмен өзінің жылы да жайлы жерін сақтау үшін шаралар қабылдайды. Еркін Нұржанұлы Қызылорда облысының ОККП хатшысы болып тағайындалғанда, ол КОКП ОК мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, бүкіл Одаққа танымал облыс хатшысы болатын. Бұрынғы уақыттарда Қызылордада сылбыр жұмыс істейтін басшылар болған. Бірақ, Е. Әуелбеков ондай емес еді.

Ол жұмысқа хатшы лауазымына жаңадан тағайындалған жас адам ретінде кірісті. Күндіз-түні тынымсыз жұмыс істеді. Еңбекші халықпен тығыз қарым-қатынаста болды, облыстың әр бүрышын арапап, оның өткені мен қазіргі жағдайына терең талдау жасады, өзекті және өмірлік маңызы бар мәселелерді анықтады.

Өзекті мәселелерді шешу бойынша кешенді шараларды жан-жақты қарап, әзірледі. Республика мен Одақ басшылары алдында өз қағидаттары бойынша және табанды түрде міндеттер қоя алды. Нәтижесінде Одақ және Республика деңгейінде Қызылорда облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту бойынша бес қаулы қабылданды. Нәтижесінде Қызылорда облысы III санаттагы облыстан II санатқа ауыстырылды. Шөл коэффициенті енгізіліп, халықтың жағдайы жақсара бастады. Облыста мұнай өндіру мақсатында бұргылау жұмыстары басталды. Өндіріс және құрылым салаларында нақты жұмыстар атқарылды. Е. Өуелбеков облыста заңдылықты, тәртіпті, тазалықты, әділдікті қалыптастыру үшін өзін және өз қүшін аямады. Е. Өуелбековтың тагы бір ерекшелігі – оның тазалығы, өмір жолының тазалығы еді. Ол көп жыл басшы болып жұмыс істеді, бірақ ешқандай мүлік жинаған жоқ. Халықта «Ақша адамды бұзады» деген сөз бар. Алайда, Ереке ешқашан ақиқаттың жолынан тайған емес.

Е. Өуелбеков Мәскеуге ауысқанда, оның үйінде тіпті қалыпты теледидардың болмағанын біз өз көзімізben көрдік. Оны Алматыдағы көпқабатты үйлердің бірінің үш бөлмелі пәтерінен соңғы сапарга шығарып салды. Нәтижесінде біз Е. Өуелбековтың шағын жанұясының бүгінгі күні орташа деңгейден төмен өмір сүруінің күәсі болдық.

Міне, ол осындай адал, таза және әділ азамат еді.

Періштер болмаса да, барлық адамдар осындай болса еken. Көптеген адамдар тойымсыз, надан, байлықтың соқыр құлдарына айналған қазіргі заманда, Ерекенің тұлғасы аңыз бер арманга айналуы мүмкін.

Қазақстанда Е. Өуелбековты түсінетін де, түсінбейтін де, жақсы көріп, жақсы көрмейтіндер де, мақтау айтатындар да, жек көретін де адамдар бар. Бұл – занды

құбылыс. Себебі, халық арасында «Жақсы адамның жауы көп, ал жаман адамның ұрысы көп», - деген сөз бар.

Е. Әуелбеков – күрделі, көп қырлы, қарамақайшылықтардан, аныздардан тұратын және ешкімге ұқсамайтын, жұмбак тұлға. Сондыктан кейбіреулер кейде отырып: мен бір кездері Е. Әуелбековпен бірге бір жерге бардым, дастархан басында бірге отырдым, бірге жүрдім деп айта бастап, – оған баға бергісі келеді, бұл уақытты бос өткізу деп білемін.

Терен құдық ішінен көлбақаға аспан да алақандай болып көрінуі мүмкін.

Еркін Нұржанұлына баға беру үшін құдық ішінен емес, белгілі бір биіктікten қарау керек, онымен бір тағдырлас, құрдас, серіктес болу керек, оның өмірінің, қызметінің құпияларын білу және түсіну керек. Е. Әуелбековке екі жерде екім, бұл дұрыс, не бұрыс деп баға беруге болмайды. Халық даналығында: «Ештене жасамайтын адам ғана қателеспейді», - деген сөз бар. Бұл жер бетінде тұратын барлық адамдарға қатысты. Жақсы, ақылды адам да қателесуі мүмкін, бірақ ол өз қателіктерін түзете алатын адам болды. Халық ішінде «Өз қателіктерін мойындай білген адам, он адамға көмек бере алады», - деген де даналық бар.

Іә, барлық адамдардай, барлық басшылардай Ерекенің де өз кемшіліктері, қателіктері, өкініші мен реніши, армандары болды.

Өмірінің соңғы минуттарында қазактың дана қариясына келіп: «Сіздің қалыңыз қалай?», - деп сұраганда, ол: «Аллаға шүкір, жақсы», - деп жауап береді. Санада «Жақсы сөз – жетістіктің жартысы» деген ұғым барда, олар ешқашан жағдайым жаман деп айтпайды.

«Қаза болған қазактың ішінде жаманы жок, ал тірілерінің ішінде қайғысызы жок» деген де сөз бар, тірі кезінде қазактар ешкімді аямайды, бірақ өлген соң ол туралы жаман сөз айтпайды. Біріншіден, мен осы себепті Еркін Нұржанұлының кемшіліктері мен қателіктері туралы айтқым келмейді. Екіншіден, Еркін Нұржанұлы өз қателіктерін жақсы білетін, ол құллі Одак деңгейінде мәселелер көтере алды. Тірі кезінде бәрін түсініп, бәрін

мойындағы. Баршамыз ерте ме, кеш пе бір күні аттанатын олғаннан, Ереке өзі бір байладар жасайды деген ойдамын. Үшіншіден, және бұл ең маңыздысы, Ереке өз құрдастарынан және өз дәуірінен бір бас жоғары болса, ал оның қыын және қызықты өмірі, оның ерекшеліктері мен артықшылықтары, халық пен ел алдындағы баға жетпес сібігі, оның қателіктері мен кемшіліктерінен мын есе жоғары болды. Және де бұл Аллаға белгілі. Төртіншіден, бұл өмірдегі жақсы және жаман істер үшін, сый беретін де, жазалайтын да бір Аллағана.

Өмір өте қызық, түсініксіз, кейде барын салып еңбек еткен жандар, олардың алдында көп бауырымен жоргалашыларға қарағанда басшыларға керексіз болып қалады. Кейде орташа жұмыс істейтіндер, барлығымен келісе салатындар, барлығын мақтал, басын изел қолдап, ешқашан қарсы сөз айтпайтындар саясатта ұзакқа қалады. Болмашығана кемшіліктер мен қателіктер жіберіп, жақсы жұмыс істегені үшін Е. Әуелбеков әділетсіздіктің, келеке ту мен қорлықтың құрбаны болды.

Ереке, бұл тек қана сіздің тағдырыңыз емес, бұл алаштың игі жақсыларының тағдыры. Сондықтан да ешинарсеге де, ешкімге де ренжудің қажеті жок. Халық, уақыт және тарих барлығын өз орнына қояды.

Үлкен өкінішке орай, бүкіл өмірі әділдік үшін күресте өткен, Республиканы басқару үшін жеткілікті әлеуеті бар адамның өмірі қайғылы аяқталды. Сондықтан онымен бірге жұмыс істеген, құрметтеген, оған ізетпен қараган Ерекенің әріптесі, серіктесі ретінде бүгін оның кемшіліктері туралы айтқым келмейді. Мадактау немесе төмендету арқылы Ерекені көтеру, не кемшіліктерін көрсету мүмкін емес. Еркін Нұржанұлы туралы тірі кезінде де, өмірден өткеннен соң да жаман сөз айту, «Айға қарап үрген иттің ісімен тен».

Күннің сәулесін жаба алмайтынымыздай, сол сынды Е. Әуелбековтың тазалығын, жапқиярлығын, ошпес ізін, үлгілі өмірін, тарихи сөздерін де жасыра алмайтынымызды, ұмытпайтынымызды әділ айту керек.

**Сейілбек ШАУХАМАНОВ,  
Қызылорда қаласы.**

## ЕСІМІ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАДЫНДА

Өнірдің тарихы мен оның мактандышына айналған тұлғалардың лайықты істерінің жастарга рухани және патриоттық тәрбие берудегі мәні зор. Алайда, бұл мәселеде кемшиліктер аз емес. Оның бір себебі, көптеген мектептерде кеңес заманындағы мектептердегей өлкетану үйірмелері жүргізілмейді, екіншіден, қазіргі уақытта өлкенің тарихы туралы және сол жерден шыққан тұлғалар туралы әдебиеттер аз.

Жас үрпак Сырдария аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуына қомакты үлес қосқан тұлғалар туралы аз біледі. Облыстың 70 жылдығын дайындау және мерекелеу барысында БАҚ-та олар туралы материалдар аз болды. Облыста қоғамдық саяси кайраткерлерге арналған кездесулер, кештер және т. б. шаралар аз өткізділді.

Ешten де кеш жақсы демекші, біз бұл олқылықтың орнын толтыруды жән көрдік. Мектептерде өлкетарихына көп көңіл бөліп, балаларды облыстың дамуына лайықты үлес қосқан тарихи тұлғалармен таныстыру қажет.

Қызылорда облысын ол құрылған уақытынан бастап (1938-1991 жж.) 17 адам басқарды. Олардың әрқайсысы мүмкіндігінше облыстың дамуына өз үлестерін қости. Дегенмен, олардың арасында ерекше құрметке ие болғандары да болды. Атап айтсақ, олардың бірі Еркін Әуелбеков, оның басшылығы КСРО-ның қайта құру мен жариялышы қезеңіне сәйкес келді.

Әуелбеков облысты 1985-1989 жылдары басқарды. Ол кім және қандай істерімен есте қалды? Еркін Нұржанұлы Қызылорда облысының басшысы болып тағайындалғанға дейін кім болды?

1930 жылы 22 маусымда бұрынғы Көкшетау облысы Рузай ауданы Фрунзе ауылында дүниеге келді. 1953 жылы Тимирязев атындағы Москва ауыл шаруашылық Академиясын бітірді. 1953-1957 жылдары СКО Преснов ауданының Коновалов МТС-ның бас агрономы, СКО Преснов ауданының Николаев МТС-ның директоры болып жұмыс істеді. 1957-1961 жылдары "Марьевский" кеңшарының директоры, 1961-1963 жылдары СКО

облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1963-1965 жж. – СҚО облыстық атқару комитетінің төрағасы, 1965-1967 жж. – ҚазКСР ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, 1967-1968 жж. - астық өнімдері және құрамажем министрі, 1968-1978 жж. Көкшетау және 1978-1985 жж. Торғай облыстары партия комитеттерінің бірінші хатшысы болды. 1985 жылдың 22 қаңтарынан бастап Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Әуелбеков алғашқы күннен бастап жылдар бойы қордаланған мәселелермен танысып, шешуге кірісті. Сол жылдың 2 акпанында облыс активінің алдында ол облыстың сол кездегі жай-жағдайына талдау жасап, өз жоспарларымен бөлісті.

Ол кезде облыстың ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі, құрылымың жағдайы республиканың орташа көрсеткіштерінен көп артта қалған болатын. Күріш шаруашылығы дамығанымен, оның сапасы мен агротехникалық шараларды жақсарту қажет болды. Бақша дақылдары негізінен жеке сектордаған жақсы өнім берді. Жонышқа өнімділігі 4-5 центнер, ал көршілес Шымкент облысында гектарына 12-14 центнер құрады. Ал бұл өз кезегінде мал шаруашылығын дамытуға кері әсерін тигізді. Картоп пен көкөніс өндірісі де орташа республикалық көрсеткіштен әлдекайда тәмен болды. Ет өндірісі де жылдан жылға тәмендеп, облыс 1985 жылы мемлекетке 10 мың тонна ет берешек болды. Ірі қара малдың орташа салмағы 302 кг құрады, әр сиырдан 230 кг сүт алынды.

Өнеркәсіп өндірісі де басқа өнірлермен салыстырганда артта қалды. Өнеркәсіп өнімі республика бойынша орта есептен 4 есе тәмен болды. Еңбекке қабілетті халықтың 20 пайызы жұмыссыз жүрді. Қызылордалықтар ет, сүт, жұмыртқа, көкөніс пен картопты республика және одак бойынша 1,5-3 есе аз тұтынды.

Осыған қарамастан облыстың бұрынғы басшылары қызмет бабында жогарылап, мемлекеттік наградалармен марапатталып жатты. Күрделі құрылымың жоспары орындалмаған. Бір жыл ішінде бірде-бір үй салмаған кеншарлар болды. Құрылымың бойынша облыс орташа

республикалық көрсеткіштен З есес артта қалды. Облыстың коммуналдық саласында да күрделі жағдай қалыптасты. Сол себепті жаңа басшы жылу, су, көлік және монша мәселелерін шешу міндетін қойды.

Мәселенің күн тәртібіне енгізумен гана шектеліп шешу мүмкін емес еді. Жауапты тұлғалар тағайындалып, олардан қатаң талап етілді. Әуелбековтің облыстық партия комитетінің активінде сейлеген сезінде тұргын үйді әділ бөлу, азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеге, жиналыстар мен іс-сапарлар санын азайту, кабинеттерді, қызметтік көлік пен тұргын үйді жөнді пайдалану, көрнекі ақпарат және т.б. көптеген мәселелерге аса көніл болді.

Облыс активінде алғашқы сез сейлегенінен бастап Еркін Нұржанұлы облыс халқына ұнады. Ол ескертусіз көптеген кәсіпорындарға, дүкендер мен басқа да халыққа қызмет көрсету мекемелеріне барып, халықпен ашық әңгімелесті. Қызылордалықтар әлі күнге дейін Әуелбековтің мекемелерге барып, қоғамдық көлікпен қатынайтынын, адамдармен әңгімелесетінін айтады. Әуелбековтің іс-әрекеті қарапайымдылықтың, жауапкершіліктің және мәселелерді шешуде ерекше тәсілдерді қолданудың үлгісі болды.

Әңгіме барысында адамдар барлық мәселелерді ашық айтатын, өйткені Еркін Нұржанұлы өзін басшымын деп таныстырмайтын. Себебі, көптеген жағдайларда жұмысшылар мен қызметшілер өз басшыларынан корқып, ашық әңгіме айтпайтын.

1985-1989 жылдары облысты басқарған Е. Әуелбеков халықтың әр түрлі жіктерінің, жеке тұлғалардың, төмендегі бастықтардың мүдделерін үнемі талдап, бақылап отырды, мәселелерді өнірлер мен тұргындардың ерекшеліктеріне қарай отырып жұмыс барысында шешетін. Ол өзінің «жаңа тәртібін» енгізді. Ол бастықтарды үйренген артықшылықтарынан айырды, кабинеттік жұмыс стилінен ажыратты, олардың тұргын үйлерінің биік дуалдарын алдырып тастанады, қоғамдық көлікпен жүруді міндеттеді және т. б.

Әуелбековтің «жаңа тәртібі» бойынша бастауыш партия ұйымдарының қызметкерлерінен бастап облыстық

партия комитетінің қызметкерлеріне дейін белгілі бір көшелерге, шағын аудандарға, дүкендерге жауапты тұлғалар тағайындалды, олар өз участкесіндегі коммуналдық және басқа да мәселелерді шешуге жауапты болды. Е. Әуелбековтің өзі «60 лет Октября», қазіргі Желтоқсан көшесіне, осы көшедегі медучилищенің жатақханасына, «Көктем» гастрономына бекітілді.

Әуелбековтың басшылығы Арап теңізінің проблемасын республикалық және бүкілодактық деңгейге көтергенімен есте қалды. 1988 жылдың 2 шілдесінде Мәскеу қаласында Бүкілодактық партия конференциясында Әуелбеков Одак пен партия басшылығының алдында бар шындықты жайып салып, облыстың және барлық Арап өнірінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын жақсарту жөнінде пәрменді шаралар қабылдауды үсүнді. Сол кезде облыстың жан басына шаққандағы табысы Одактың орташа көрсеткішінен 2 есе төмен болатын. Ол КСРО Министрлер Кабинетінің «Қызылорда облысын жедел дамыту жөніндегі шаралар туралы» қаулысының қабылдануына қол жеткізді.

Е. Әуелбеков КСРО Министрлер Кабинетінің «Арап теңізі аймагының экологиялық және санитарлық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын қабылдату үшін және оны уақытылы жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерін жұмсады. Облыс басшылығының бастамасымен сол уақытта КСРО КП ОК, Қазақстан КП ОК, КСРО Министрлер Кенесі және Қаз КСР Министрлер Кенесінің бес партиялық-мемлекеттік құжаттары қабылданды. Әуелбековтің күш-жігерінің арқасында шөлді жерлерде жалақы төлеудің коэффициенттері енгізілді.

Қызылорда облысының өндірістік қуатын дамыту үшін «Күмкөл» мұнай кенішін игерудің маңыздылығын айтып жатудың өзі артық. 70-ші жылдардың басынан бастап Онтүстік Торғай кенішінде барлау жұмыстары жүргізіліп, оны игеру 1984 жылы басталған болатын. Әуелбеков басшылықта келгеннен кейін бұл көң ауқымды жұмыс жалғасын тапты. Осы мәселе бойынша мұнай өнеркәсібі министрінің бұйрығы шықты. Нәтижесінде 1986 жылы 33

## **Көкшениң асыл перзенті**

ұнғыманың 28-де мұнай табылды. Осылайша, Е. Әуелбеков «Құмқөл» кен орнын игеру үшін барлығын жасады.

Әуелбеков басшылық еткен кезеңде «Ісмер» тоқыма фабрикасы, «Рисмаш» зауыты ашылды, Шалқия кеніші пайдалануға берілді және тағы да басқа илгі істер атқарылды. Ол жоғарыда аталған жобаларды республикалық және мемлекеттік деңгейде мемлекеттік бағдарламаларға енгізу үшін табандылық таныттып, көп күш-куат жұмысады.

Ол Кремльдің биік мінберінен Қызылорда облысының проблемаларын шешуде бюрократизм танытқандары үшін денсаулық сактау министрі Е.Чазовты, Мелиорация және су шаруашылығы министрі Х.Васильевты, Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау министрі А. Ежевскийді, Қаржы және еңбек министрлері Гостев пен Гладскийді сынға алды. Мысалы, КСРО Министрлер Кабинеті мен КОКП ОК «Қызылорда күріш зауыты» бойынша қаулыларының бірнеше рет қабылданғанына қарамастан, А.Ежевскийдің басшылығындағы Министрліктің жауапсыздығынан құрылыш ұзаққа созылып кетті, бұл туралы ол съезд делегаттарын хабардар етті.

Сол қын кезендерде кейбір сәтте Е. Әуелбеков асыра сілтеп өзінен жоғары тұрган әріптестерін кемсіткісі келетіндей көрінген болар. Біз сол уақыттарда елге жаны аштын қайтаркерлерді әдейі бір-біріне қарсы қоятын кезең болды деп білеміз. Басқа еш нәрсе айта алмаймыз.

1989 жылдың тамызында Е. Әуелбеков КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, Ұлттық саясат және халықаралық қатынастар жөніндегі ұлттық кеңес комиссиясы төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. 1991 жылдың аяғында КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанға оралды. 1999 жылы қайтыс болды. Облыс тұрғындары Еркін Нұржанұлының біздің облысты дамытуға сінірген еңбегін ұмытпайды.

***Мұрат МҰХАМЕДОВ,**  
**Қызылорда облысы әкімінің орынбасары,**  
**саяси гылымдардың докторы.***

## ӘҮЕЛБЕКОВ ФЕНОМЕНІ

Адамдардың енбекін бағамдау мен бағалауға келгенде кеңпейіл де жалпақшешейлігімізге басып, бүтінгі күні республиканы, облысты, тіпті ауданды немесе сол деңгейлердегі міскемені басқарған кісілерді мемлекет және қогам қайраткері деп бағалап жүрміз. Мәселе сол адамның жоғарғы не төменгі ляуазымда болғаны емес, оның қай қызметте болмасын бойындағы күрескерлік қасиетінің болуы не болмауында. Қайраткер адам қогамның даму жолын терең зерттеп түйсінген және сол қогам үшін не ол қогам адамзатқа, елге залал келтіретін болса, оны не жақтап, не қарсы жатпай-тұрмай жанкештілікпен ерекше еңбек ететін, жолында кездескен қындықтардың жеке басына, карьерасына тигізуі мүмкін залалдарынан тайсақтамайтын, сол мақсатқа айналасындағыларды жүмылдыра білетін, қызмет бабын жеке мұддесіне пайдалану деген ұғым бойында болмайтын, нәтижесінде саясатқа, экономикаға, әлеуметтік салаға орасан өзгеріс жасап, адамдардың ойлау жүйесіне түбекейлі серпіліс әкелетін күрескер-тұлға. Біздің қайраткер атап жүрген адамдарымыздың көбі осы биіктен көріне алды ма? Әрине, ол кісілер кезінде хал-қадерінше қызмет жасады, өз қатарластарының алды болды. Дегенмен біліктілігі жетсе, батылы жетпей немесе жеке мұддесін құйттеу, пенденшілікке баруы көп адамның сол деңгейден шығуына кедегі болды. Оны көбіміз көре тұра, біле тұра қайраткер деп қолпаشتай берсек, шындал келгенде бұл теңгермешілігіміз ҚАЙРАТКЕР деген сағалттындағы бағасы бөлек атаққа киянат болар еди.

Ал Еркін Нұржанұлы Әуелбеков болса, шын мәніндегі мемлекет және қоғам қайраткері болып тугандай, бала кезінен сабакқа зерек болып, Москвадагы жогарғы оку орнын қызыл дипломмен бітіріп, біліммен сусындағ алғанинан кейінгі басталған еңбек жолының қай сатысында журмесін, қай қызметте болмасын мәселені мемлекеттік деңгейде ойлады, сол деңгейде шеше білді. Осы жолда кедергі де аз болған жоқ, өмірі қақтығысқа, күреске толы болды. Кеп ретте женді, өзінің қойған мәселесінің елдік іс екеніне қарсыластырының да, жоғарыдағылардың да көзін жеткізе білді.

Осы жерде басын ашып айта кететін жай қазіргі кезде Темірбек Жүргенов, Жұмабек Тәшенов, Еркін Эуелбеков сиякты

қоғам қайраткерлеріне бага бергенде олардың күрескерлік құмылын мемлекеттің сол кездегі саясатынан бөлек алып, тіпті сол қоғамдық жүйеге қарсылас етіп көрсетуге тырысу белен алуда. Олай ету олардың ұстанымына қиянат, әруагын құрметтемеу болар еді. Сондықтан оған түсінік бере кеткенді жөн көріп отырмын.

Біздің қайраткерлеріміз өмір сүрген социалистік жүйе адамзат дамуында өзіне дейінгі кезеңдері еңбек адамын қанаумен, билік басына келген ат төбеліндей топ пен қарапайым адамдар арасына жік тұгызып келгендіктен, онымен күресуді бастаган, әлеуметтік әділеттілікті, адамдардың тенденцияны ту еткен, мұлде жаңа қоғамдық құрылым болғандықтан, бұрынғы байлығынан, билігінен айрылғысы келмейтін ескі қоғам өкілдері оны жау санаса, ол қоғамды әлі де қабылдай қоймағандарды былай қойғанда, сол қоғамды құрушуылар арасында да дұрыс жол іздеу үстінде үнемі күрес болуы занды құбылыс екенін ұмытпау керек.

Ерекен 1985 жылы қантар айының аяғына таман Қызылорда облысына басшылық жасауға келген сәтінен бастап, 1989 жылдың ортасында Мәскеуге қызмет ауыстырылған аралықта өзінің мынандай ерекше жұмыс істеу тәсілімен жүргітты тәнгі етті:

-алғашқы құндері-ақ қаланың сауда нұктелері мен базарларын өз көзімен көріп, бәрімізді қалалық атқару комитеті төрағасының кабинетіне жинаады. Қала тұргындарының тұтынатын ішіп-жемінің адам басына шакқандагы мөлшерін, калориясын, нені сырттан, нені өзіміз өндіретінімізді бүгешігесіне дейін сұрап толық мәлімет алып, ол көрсеткіштердің республиканың басқа қалаларымен салыстырында өте төмен екеніне қала басшыларының көзін жеткізді. Мұндай жағдайға төзбейтінін, оны түбегейлі өзгерту бағытында жұмыс істеуді талап ететінін білдірді;

-бірер күннен соң Жобалау институтының гимаратына облыстың құрылышы, архитекторларын жинап, қаланың бас жоспарымен танысып, облыстагы құрылыш индустриясының мүмкіндігімен танысты. Силикат қыш шығаратын зауыттың өз қуатында жұмыс атқармай отырган себептері нақтыланып, қаладагы үй комбинатының республикада жоқ құрқылтайдаңың ұясындаи бөлмелері мен 2,5 метрлік биіктіктең төбесі қала халқының өскелен талабына сай еместігі әнгіме болды. Орталық

алаң мен Ы.Алтынсарин кинотеатры аралығынан қөлік жүргізуді тоқтатып, ол аралықты жастардың демалатын орны ету керектігі айтылды;

-алғашқы күндердің өзінде тұрғындардың 3 мыңдан аса шағым-арыздарымен танысып, 1,5 мыңдай адамды жеке қабылдады. Қойылған мәселелері мейлінше шешімін тауып жатса, шешілмегендерінің себебі түсіндірлі. Осыдан соң арыз жазатындар саптыылып, арызды жазып беретіндер жұмыссыз қалды. Тұрғындар біреуден қиянат көрсе, бұрынғыдай Мәскеуге, Алматыға емес, «Әуелбековке жазамын» дейтін болды;

-сала басшыларынан ең бірінші Денсаулық сактау басқармасының басшысын қабылдап, халықтың денсаулығына байланысты мәліметтерге қанығып, Арап теңізінің тартылуына байланысты қалыптасқан экологиялық ахуалдың облыс халқының денсаулығына адам төзгісіз әсер етіп жатқаны анықталып, бұл жағдайды түбекейлі өзгерту алдағы күннің ерекше шаруасы болатынын жеткізді;

-осы және басқа да толғағы жетіп отырған экономикалық, әлеуметтік мәселелер осыған дейінгі партия-кеңес органдарында қалыптасқан жұмыс стилін түбекейлі өзгерту жедел түрде өткізілген облыс активінде жария етілді.

Ерекен келгенге дейінгі облыс экономикасы осылай тұралап қалғанына, тұрғындарының әлеуметтік жағдайы шықпа-жаным шықпашың, экологиялық ахуалдың ушығып тұрғанына қарамастан ел басқарған басшылар не бітірген деген сұрақ өзінен-өзі туындаитыны рас. Таңғаларлығы сол, бұл жағдай оларды алаңдатпағаны былай тұрсын, тілті олар өз жағдайларын күйттеудің қамына кіріспі, ол әрекеттері Одақтық партия органы «Правда» газетінде бірде «Битая карта», тағы бірде «У обкома на виду» атты мақалаларының шығуына тұрткі болып, өздерін былай қойғанда Сыр елінің халқын бүкіл Одаққа масқара еткен еді. Бірақ кейінгі басшыларға бұл да сабак болмай, Ерекен келгенде жаппай мемлекет есебінен өздеріне коттедж типтес үйлер салуды үрдіске айналдырып, оларын биік қоршаулатып, жасынап-жайрап жүріп жатқан кезі еді.

Ерекен барлық облыс, қала, аудан қөлеміндегі басшыларға артық аумағы бар тұрғын үйлерін балалар бақшасына, емханаға беруді талап етті, биік қоршауларын кестірді, кеншарларға қонақ үй, асхана, жоқ жерлерге монша салғызыды.

Қала басшыларының әр шағын аудандарда тұруы сол жердегі тұргындардың қам-қарекетін білуіне, оны шешуіне көмектеседі деп, біздің солай етуімізге ықпал етті. Өзінен бастап, облыс, қала басшыларына қала көшелері бекітілді. Мәселе көшелердің тазалығы, көгал болуы гана емес, сондагы тұргындардың әлеуметтік жағдайын, көніл-күйін зерттеу, мүмкіндігінше көмек беру. Қаладагы үлкендең-кішілі мекемелердің бәрін дерлік өзі бірнеше рет аралап, жақсыларын басқаларға үлгі етті, кемшіліктері барларынан түзету міндетті түрде сұралды. Көп басшылар өз мекемесінің айналасындағы былықтарын білмейтін болып шықты. Ерекен сонда: «*тәртіп қай жерден бітсе, сол жерден әрі қарай тәртіпсіздік басталады, сондықтан әркім өз шекарасына дейін тәртіп орнатуга міндетті, сонда гана барлық жерде тәртіп болады*» дейтін.

Шөл және шөлейт өнірлерде тұратын басқа облыстар әлдеқашан алып жүрген айлық, зейнетакыларына 15 пайыздық қосымшаны Ерекен келісімен қолға алғып, кеткен есемізді қайырды. Осы 15 пайызды жұрт осы кезге дейін «*Әуелбеков пайызы*» деп атап жүр. Облысты III категориядан II категорияға көтеру облыс жұртшылығының тұтынуына қаншама женілдік алғы келіп, елді мекендер мен олардың инфрақұрылымдарын жобалауда стандарттар бір саты жоғарылады.

Арал өнірін апат аймагы етіп жариялауды заңдастырганына байланысты осы кезге дейін кей аудандар 50, қалған аудандар 30 пайыздық айлықтарына өтемакы қосылтуы Ерекеннің Сыр өнірі мен көршілес Актөбе, Өңгістік Қазақстан облыстарына жасаган ерен еңбегі мен нағыз қайраткерлігінің арқасы деп тануымыз керек.

Облыс халқының мұддесімен санақсызы келмеген «Байқоңыр» гарыш айлагы әскери басшыларының Сырдарияға өнеркәсіпперінің кәріз суын ағызына, қалдықтарымен теміржол бойын ластауына жауап беруін Ерекен талап еткенімен онымен санақсызы келмеген генералдарын Мәскеудегі партия органдары арқылы алдына келтіруі және оларды жарты сағат бойы қабылдамай күттіріп қоюы не деген ерлік десенізші!? Ерекен бұл мәселені түбебейлі шешу үшін кейін Мәскеуден Герман Титов бастиған гарышты игеру басшыларын қатыстыра отырып, облыстық партия комитетінің бюросында қарайды, бұл қылыштарына тиісті баға беріледі. Осыдан соң космодром генералдары «*Әуелбеков қазақ емес шыгар*, 30 жылдан аса

облыстың қазақ басшыларымен қызметтес болғанда дәл мүндай бізді ағымызга тік тұргызған ешбір басшы болған емес» деген екен.

Бұрынғы басшылар күріштен мол өнім алыш, тек соның көрсеткішімен көрінуді мақсат тұтып, сырттан әскери автоколонна, облыстан тыс жерден де студенттер шақырып, алашапқын жасаса, Ерекен күрішті жинау науқаны қарсанында «облыс күрішінің көлемі тың өлкесінің бір кеңшарының егетін бидайы көлеміндей-ақ екен, сондықтан автокөлік басқармасы КАМАЗ-дарга бірнеше тіркеме қосақтап қырманнан злеваторга оз күшімен тасысын, ал кеңшар оз көліктерімен қырманга тасуды қамтамасыз етуі тиіс» деген талап қойды. Сырттан студенттер алдырган жоқ. Сөйтіп күрішті артық шығынсыз жинауды енгізді. Аудан, кеңшар басшытарының жұмысы тек күріштің көрсеткішімен бағаланатын үрдісті тыып, облыс экономикасы тек күріштік бағытты ұстанып қалмай, өнеркәсіпті, құрылышты дамытуға бағыт алды.

Женіл және жергілікті өнеркәсіпті дамытудың мүмкіндіктерін таба білді, оларға үйлерінде отырып қалған әйелдерді тартып, жұмыс қүшін молынан пайдаланып, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартға тұсті. Ауыл шаруашылығына пайдаланатын техникаларды шыгаратын «Рисмаш» зауытын қолға алып, алғашқы жаткаларды шығара бастады. Қызылордада, Арапда, Жаңақорғанда жаңа өнеркәсіп орындары ашила бастады.

Ең бастысы «Құмкөл» мұнай кенишінің игерілуі Ерекеннің төл туындысы десек болады. Мұнайлы өлкеге айналуымыз үшін біліктілік танытып, оны Жезқазган облысынан 30 жылға жалға алушады ерлігі, Одақтық мұнай министрлігінің «Құмкөлді» игеруді Ресейдің «Татарнефть», «Башкүртнефть» құрылымдарына беріп қойған бұйрығын бұздырып, оны «Манғыстаумұнайгазға» берізудегі жаңкешті енбегі үлкен көрекендік болған еді. Соның арқасында Одақ тарағанда мұнай кениші Ресейдің билігінде қалып қоймай, облыстың қыын-қыстау кезеңдерде тарап кетпеуін сақтап қалған болатын. Дәл осындаі қайраткерлік Ерекеннен басқа адамның қолынан келмейтін іс дер едім.

ТМД елдерінде жоқ Облыстық медициналық орталық гимараты мен республикада жоқ диагностикалық орталығының кішкентай Қызылордага салынуы Ерекеннің Арапды апат аймағы деп жариялату үшін Одақтың екі, республиканың 3 қаулысын

шығартуының және оларды келешек «Құмқөл» кенішінен алынатын мұнаймен есептесетінін жобалап кетуінің арқасы. Айналасы 3-4 жылда осыншама өзгерістер, жаңа бетбұрыстарды енгізу бүған дейінгі облыс басқарған басшылардың бірде біреуінің қолынан келмеген еді. Сол кездегі атқарылған ауқымды істер жайлы, басқа өнірдегілер «Әуелбеков Қызылордага совет үкіметін орнатып жатыр» деп баға берген екен. Ол нағыз шынайы баға болатын.

Осынау іргелі істер оңай жүзеге асқан жоқ. Көп күш жігерді, дәлелдеуді, күресуді қажет етті. «Қайши пікірлер арасында ақиқат емес. шешімін таптаған мәселелер жатады» дейді Бальтасар Грасиан. Іскер адамды құлықпен күн кешкендер жақтырмайды, аққөніл, ақпейіл адамдар таңдана қарайды, ал ақылы бар, бірақ өз ойы жоқтар пайдаланады. Күнделікті іс-әрекеттен әдет, әдеттен мінез, мінезден тағдыр туындаиды. Ерекенің тағдыры оңай болды деп айта алмаймын.

Сыр елі Еркін Нұржанұлы Әуелбековті қашанда құрмет тұтады. Қызылорда қаласының теміржол вокзалинан басталып, «Мәңгілік алау» жанынан өтетін көшеге қайраткердің атының берілуі де тегін емес. Енді, міне, дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернатқа оның есімі беріліп, ауласына Ерекене мәрмәр тастан мүсіні қойылды. Был Ерекенің 90 жылдығы да ерекше аталаип өтпекші болып, іс-жоспар жасалған болатын. Бірақ елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты кідірістеп тұр.

Жұсіп Баласагұнның «Адам – бұл дүниеге қонақ, оның өмірі өткінші, сондықтан ол артына жақсы ісі мен жақсы сөзін қалдыруы керек» деген сөзін Еркін Нұржанұлы Әуелбеков толық орындаі алды деп есептеймін.

Елі барда Ерекендей қайраткер ағаның ұлылығы ұмытылмайды, әлі де ол кісінің қалдырган ізіне, қайраткерлік ісіне талай ескерткіштер орнатыла береді деп ойлаймыз.

*Сәдуақас АҢСАТ,  
облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрагасы,  
Қызылорда қаласы мен Қармақшы  
ауданының «Құрметті азаматы»*

## **КІР ШАЛМАҒАН АР**

Бұл күндері (22 маусым) Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тоқсан жақсқа толар еді. Біздің облыс басшылығына ол 1985 жылдың қантар айында келді. Арап маңында төрт жарым жыл жұмыс істеді. Бірақ осы қысқа мерзім ішінде көп нәрсе жасап үлгерді. Бейнелеп айтқанда, ол теренде тыныс алу үшін өлкемізге балғын бір жұтым ауа әкелді. Тек экономикадаған емес, сонымен қатар өлкенің барлық маңызды салаларында түбегейлі қайта құру басталды. Сырдария тұргындары осы күнге дейін оның игі істері мен бастауларын еске алып, оны «біздің Әуелбеков» деп атайды. Бұл Еркін Нұржанұлының адал, жемісті және жанкешті еңбегін мойындау болып саналмай ма?

Жариялыштық пен ашықтық, қағидаттылық пен талапшылдық – Е. Әуелбеков өз қызметінде дәл осындай қағидаттарды ұстанды. Оның стилінің, мінезінің басты белгілерін қызылордалықтар осы күнге дейін еске алады, бұл мемлекет басшысы К. Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында белгіленген «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес келетін қарапайымдылық, адамдарға қамқор болу мен мұқтаждықтарына көніл бөлу және сезімталдық сынды құндылықтар.

Осы жолдардың авторына онымен оның көмекшісі, облыстық партия комитетінің ұйымдастыру белімінің менгерушісі ретінде тығыз қарым-қатынас жасауға, әртүрлі өмірлік жағдайларда оның көптеген істерінен хабардар болуға тұра келді. Осы уақытқа дейін осы адамның аса құнды тұлғасының құшті әсерін ұмыткан емеспін, оны терен құрметтеймін және жоғары бағалаймын. Мәскеу ғалымдарының бірі тіпті «Әуелбеков феномені» деген термин енгізді, бұл еліміздің қоғамдық өміріндегі атальыш құбылыстың ерекше екендігін дәлелдейді.

Сол кезде партия комитетінің жас қызметкерлері болған біздер үшін 1985 жылдың 22 қантарында бірінші хатшы болып сайланған обком пленумында онымен алғашкы кездесу жарқын әсер қалдырды. Оның салмақты және пық создері, біздің алдымызда тәжірибелі басшы, ауқымды ойлай билетін, жігерлі, мақсатты әрекет ете алатын, терен және мықты адам тұргандығын бірден байқатты.

Ауельбеков Е. Н. іс жағдайына етө тез ене алды. Ол сайлаудан кейін он күн өткен соң, облыстың партиялық-шаруашылық активімен кездесуде облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, экономиканың жекелеген салаларының, әлеуметтік-мәдени саланың жағдайына толық талдау жасады. Осы секторлардың әрқайсысы бойынша нақты міндеттер мен жұмыс бағыттары анықталды. Дәл сол кезде бұл ескі позицияда қалып, өнеркәсіптік әлеуеттің жедел дамуынсыз, облыстың болашағы жок, лайықты болашаққа сенім арта алмайды. Өнірді мақсатты индустрияландыру барлық әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі буыны болуы тиіс деген тезис алғаш рет айтылды.

Бұдан басқа, Арап өнірінің барлық бағыттар бойынша үдемелі өсүінің маңызды шарты ретінде басшылар жұмысының стилі мен әдістерін түбебейлі жақсарту, кадрларды іріктеу мен орналастыру қажеттігін көрсетті.

Істі егжей-тегжейлі білу, парасаттылық (осы сөздін ең жақсы мағынасында), жұмыс бойынша әріптестердің күш-куатын нақты міндеттерді шешүгे бағыттай білу - көптеген қының сұрақтардың оң нәтижелер табуын қамтамасыз етті.

Қызылорда облысының бірқатар тарихи сәттері оның есімімен тығыз байланысты.

Ол бірінші болып Арап экологиялық апат мәселесін жалпы мемлекеттік және халықаралық деңгейге көтерді, оның теріс салдарын жою туралы алғашқы мемлекеттік шешімдерге бастама жасады. Атап айтқанда, КСРО Министрлер Кеңесінің «Арап теңізі ауданындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбебейлі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» белгілі қаулысының бастауында тұрды.

Оның ұсыныстары негізінде КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдете жөніндегі шаралар туралы» арнайы қаулысы шықты. Бұл құжатты қабылдау үшін сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрагасы Қалиев Үйдырыс Қалиұлына ак тасқала астанасы – Мәскеуде жаңа (1987) жылды қарсы алуға тұра келді. Бұл актінің жобасы республикалық ведомстволарды қоспағанда, КСРО Мемлекеттік жоспарының 14 одақтас министрліктерімен және 16 комитеттерімен Мәскеуде келісліді.

1985-1989 жылдары біздің өніріміз бойынша КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесі, Қазақстан Компартиясы ОК және

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жалпы саны бес маңызды партиялық-мемлекеттік құжат қабылдады.

Олардың қабылдануына мұрындық болған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы бастаган өнірдің барлық сол кездегі тобының табанды және тынысмұз жұмысы еді. Оның жақын серіктестері осы құжаттарды белсенді әзірлеушілер мен орындаушылардың бірі болды. Олар – Ы. Қ. Қалиев, Е. М. Золотарев, Н. И. Ибраев, В. А. Брынкин, В. В. Рябов, А. К. Қалыбаев, К. Ш. Шүкенов, А. Абзалиев, В. В. Ковалев, К. Н. Нұрекешов, В. Ф. Лушникова, А. К. Ұбыраев, О. Жанәділов, В. К. Бішімбаев, А. С. Дәүлетбаев, Н. И. Попов және аймақтың басқа да лауазымды тұлғалары.

Жоғарыда айтқанымыздай қабылданған стратегиялық құжаттардың едәуір бөлігі табысты орындалды. Осы жылдары Шалқия кенішінің, Қызылорда ауданараптық жылу орталығының, Арап-Сарбұлак топтық су құбырының бірінші кезегінің, екінші теміржол жолдарының құрылышы аяқталып, пайдалануга берілді. «Рисмаш» зауыты, аяқ киім фабрикасы, ОКЗ, Арап көтергіш-көлік жабдықтары зауыты кеңейтілді, қайта жаңартылды және техникалық қайта жарактандырылды. Қыска мерзімде Шиелі және Қазалы қалаларында аяқ киім фабрикасының филиалдары, тігін өнеркәсібі қесіпорындары, Арап электротехникалық зауыты ашылды. Облыс орталығын Мәскеу және елдің басқа да ірі қалаларымен байланыстаратын жаңа әуежайдагы жүйелі авиарейстер бастау алды.

Оның жаңында Арап өңірінің мұнай және газ байлықтарын анықтау бойынша кең геологиялық барлау жұмыстары белсенді жүргізілді, Құмкөл кен орнының шекаралары белгіленді, ал 1988 жылдан бастап оны пайдалану басталды, бұл алдағы жылдары өнірде тұбегейлі жаңа өнеркәсіп саласын құруға мүмкіндік берді.

Облыс тұргындарының басым бөлігі көршилес Жезқазған облысының заңнамалық иелігіндегі Құмкөл мұнай кен орнының жерлерін ұзак мерзімге жалға беру жөніндегі облыс басшылығының бастамасы мен жігерлі жұмысының арқасында Қызылорда облысы мұнай өндіретін өнір болғанын біле бермейді деп ойлаймын. Еркін Нұржанұлы және сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрагасы Ы. Қ. Қалиев өзінің жоғары беделі мен мәртебесіне сүйеніп, өзінің дипломатиялық қабілеттерін кең пайдалана отырып, көрші облыстың бірінші хатшысы

Давыдовпен және облыстық атқару комитетінің тәрағасы Жұмабековпен келіссөздер кезінде осы мәселені біздің өнірдің пайдастына шешті.

Бұл керемет жанның қаншалықты парасатты және көреген болғанына біздер кейін келе 1997 жылы елдің әкімшілік-аймақтық қайта құрылуы кезеңінде, бірнеше облыс жойылған уақытта көз жеткіздік.

Ауқымды құрылыс бағдарламасы жүзеге асырылды. Төрт жыл ішінде тұргын үй салу және пайдалануға беру еki есеге, жылына 160-тан 330 мың шаршы метрге дейін өсті. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының оқу корпустары мен студенттік жатақханалары тұргызылды, жыл сайын облыстың әр ауданында бір мектептен іске қосылды. Облыстық драма театрының заманауи гимараты, басқа да әлеуметтік сала нысандары пайдалануға берілді.

Ауылда тар жерлерді жою бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Облыстың бірқатар шаруашылықтарында («Задарынский», «Шіркейлі», «Мәдениет», «Ақкүм», «Теренөзек», Киров, Калинин, Ильич атындағы, совхоз-техникум және т.б.) сұт кешендері қайта жаңартылды және қайта салынды, қой шаруашылығы мен етті мал шаруашылығын қарқынды дамытуға арналған азықтық цехтар мен бордақылау алаңдары қатарға қосылды. Қесіпорындарда қосымша алаңдарды енгізу есебінен құс фабрикасының қуаты артты. Облыстың бірнеше шаруашылықтарында жеміс-жидек бактары пайда болды. Жоңышқа, жүгері, азықтық дақылдардың, картоп және көкөніс егіс алқаптары кеңейтілді. Александровский кентінің жанында және 14 разъезд ауданында арнайы ауыспалы егістер енгізілді.

Нәтижесінде облыс бойынша 1985 жылдың басымен салыстырғанда негізгі азық-тұліктірді жан-жақты пайдалану: ет - 16 килограммға, сұт - 103 килограммға артты. Жергілікті құс фабрикасы облыстың тауық жұмыртқаларына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етті.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы және облыстық атқару комитетінің тәрағасы Е. М. Золотаревтің табандылығы, керемет күш-жігері мен жоғары беделінің арқасында КСРО Министрлер Кеңесінің Тәрағасы Н. И. Рыжковтың 1988 жылғы 29 тамыздағы N 1733-р өкімі

қабылданды және облыс тұргындары үшін жалақыга 15 пайыздық арттыру коэффициенті енгізілді.

Бұл мәселе бұған дейін облыс басшылығы, одактық басшылықтың алдында бірнеше рет көтерілген болатын, алайда ол үнемі тапсырма бере салумен аяқталып отырды. Е. Н. Әуелбеков болса Бүкілодақтық XIX партия конференциясының трибунасын пайдаланды. Бір ай өтпей жатып, 1988 жылдың тамыз айының басында орталықтан жұмыс тобы келіп, сол жерде тұратын адамдардың өмір сұруінің қын жағдайларымен танысып, өліп қалған Арап теңізін, ондаган тастанды кемелерді көрді, алыстағы учаскелерде болып өнір тұргындарымен кездесті. Жергілікті тұргындар мен Байқоңырга қызмет көрсетуші персоналдың қатал және қатаң өмір сұру шарттары жұмыс тобы мүшелеріне қатты әсер тигізді. Белгілі №1733 өкімі осылайша туды.

Оның тікелей басшылығымен мемлекеттік органдар қызметінің стилі мен әдістерін жетілдіру, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін арттыру, тәртіп орнату бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. 1985 жылғы 9 сәуірдегі партия обкомының пленумы қоپтеген аға буын тұргындарының әлі күнге дейін есінде. Е. Н. Әуелбековтың сөз сөйлеуі жарияланған газет нөмірлері қолдан қолға алынып, бүге-шүгесіне дейін оқылып отырды. 30 жыл бұрын айтқан қоپтеген мәселелер бүгінгі күні де өте өзекті. Сол жылдары бұл сөз сөйлеу кенеттен іске қосылған бомбаның әсеріндей болды.

Обкомның бірінші хатшысы басшылардың заң бұзушылықтары мен міндеттерін теріс пайдаланулары туралы, олар мен қарапайым адамдардың арасындағы алшақтық жайлы, қатардағы азаматтардың алдында билік беделінің бұзылуы туралы ашық айтты.

Көреген және ақылды басшы ретінде ол билік органдарының жұмысындағы ашықтық пен жариялылықты, әлеуметтік әділеттілік қағидастын сактауды талап етіп, протекционизмге қарсы қүресті, тәртіпті ұстануды, лауазымды тұлғалардың жауапкершілік сезімін арттыруды қажет деп санады.

Бірінші хатшының бос сөз сөйлемейтіндігіне қызылордалықтар жақын арада көз жеткізді. Тұргын үйді бөлуде тәртіп орнатылды, өздерін теріс істермен көрсеткен лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылды. Әсіресе, ол кейір басшылардың

экономикалық орындылыққа нүксан келтіретін «жедді көрсеткіштерге» деген ұмтылысина, көніліне тәзбестік таныгты. «Артық гектарды» өсіру қосымша шығындарға алып келді. Және бұл суару сұнының жетіспеуі уақытында орын алды. 1985 жылдың көктемінде ол совхоздардың директорларына: «ескі күнәларға көзімді жабамын, бірақ егер сіздер бұны тоқтатпасаңыздар, аяушылық болмайды», - деп ескертті. Бұл сездерді кейбіреулер шындал қабылдаған жоқ, нәтижесінде сол жылы жұмыстан шығарылды. Енді бұл тақырып қайта көтерілмеді.

Еркін Нұржанұлының облысқа келуімен сайланбалы партиялық активтің (Қазақстан Компартиясы ОК, обком, горком және аудандық партия комитеті мүшелері), барлық деңгейдегі депутаттық корпустың рөлі айтарлықтай өсті.

Ол бірінші болып, сол кезде Байқоңыр гарыш айлағының әскери басшылығының өзімішлідігіне және қадағаланбауына ашиқ қарсылық білдірді. 1986 жылдың көктемінде армия бөлімшелерінің күнәсінен облыс халқының жартысына жуығы тұратын Сырдарияның (Қармақшы, Қазалы және Арас аудандары, Байқоңыр қаласы) төменгі жағында судың улануының нақты қаупі туындағы.

Е. Н. Әулбековтың етініші бойынша КОКП ОК Бас гарыш басқармасы басшыларының бірі, генерал-лейтенант, екінші нөмірлі гарышкер Герман Титовтың басшылығымен Мәскеуден жогары дәрежелі комиссия келді. Бұл мәселе облыстық партия комитетінің бюросында талқыланды, бұл ретте әскери қызметшілер облыстық комитеттің бірінші хатшысының катан және жағымсыз сыйнина ұшырады. Оның нәтижелері бойынша бұлжытпай орындалған шешім қабылданды.

Облыс басшысы оған оппонент ретінде, алдағы уақытта көптеген қындық экелуі мүмкін ең қуатты ведомство – КСРО Қорғаныс министрлігі екендігін білді. Бірақ ол жеке әл-ауқаты туралы аз алаңдайтын. Осы оқиғадан кейін әскерилер жергілікті биліктің пікірімен санаса бастады, Ақай, Төретам кенттері тұргындарының өзекті мәселелеріне бет бұрды.

Оның бастамасымен өңірдің мәдениеті мен спортын көтеру үшін де көп жұмыс жүргізілді. Велоспорттан әлем, одактық біріншіліктердің бірінші чемпиондары мен жүлдегерлері (Сергей Капустин, Светлана Шалғымбаева, Марат Сатыбалдиев және т.

б.) облыста осы жылдары пайда болды. Басты жанқүйері облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған «Мелиоратор» футбол командасы (қазіргі «Қайсар») жергілікті жігіттерден құралып, Орта Азия мен Қазақстанның мықты командаларының алғашқы алтылығына кірді. Сонымен қатар, 1989 жылы ол КСРО Кубогының 1/8 финалына дейін жетіп, КСРО Кубогының болашақ иегері, КСРО Жоғарғы лигасы чемпионатының бірнеше дүркін қатысушысы Харьковтан келген «Металлистке» бір доп айырмасымен есе жіберді.

Өзінің күнделікті қызметінде ол үнемі Сырдария өңірі тұрғындарының қыындықтары мен өзекті сауалдарына қызығушылық танытып, неге де болса дайын отырып, барлық нәрсеге жіті көңіл бөлуге тырысты. Облыста облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының аяқ баспаған елді-мекені қалған жок. Каракүм немесе Қызылқұм, Қаратай немесе Бетпақ Дала шеті болсын. Бұл Арап теңізінің жағасындағы Ақbastар да, бұл метеостанциялар орналасқан Шірік Rabat пен Богдок та, сол жерден ауа райында болжамдар аламыз, бұл Тышқантам да, Кегрел де, «Женіскем» де, мал өсірушілер тұратын және қыстайтын «Аттаншы» да, бұл басқа облыстармен шекарадагы Сарысудагы қой шаруашылығының шалгайдагы участкері де. Сол Сарысудагы «Қалыбайбауы» шатқалында орын төпкен Еркін Нұржанұлы бір ретте дәм татқан шабанның жазғы конысы сақталды ма, жок па, ол да белгісіз.

Жүйелі өткізілетін «Бірыңгай саяси күндер» (әр айдың үшінші жұмасында) және «малшылар күні» (әр айдың төртінші күні) жаңа мазмұнмен толтырылды, іс жүзінде барлық өнірлердің бірінші басшылары (партияның облыстық комитетінің хатшылары, облыстық атқару комитетінің төрагасы және оның орынбасарлары), облыстық ведомстволар мен төмен тұрған қалалық және аудандық органдар осы күндер шенберінде айнала бір рет төмен еңбек буындарымен кездесіп, халық алдында есеп берді. Барлық сұралктар бойынша тұрғындарға кездесу барысында түсініктемелер берілді, ал қаржылық, материалдық ресурстарды қосымша қарауды немесе іздестіруді талап еткен сауалдар жүйелендірілді және олар бойынша бір ай ішінде облыстық және аудандық БАҚ беттеріндегі «сұрақ қойылды» арнағы айдарларында тиісті түсініктемелер берілді.

Қала (аудан) басшыларының, коммуналдық және басқа да қызмет көрсету қызметтерінің (сауда, электр, газбен жабдықтау) басшыларымен бірге шағын тұрғын-үй аудандардағы ашық аландарда халықпен кездесіп, сауалдарга жауап беретін «ашық есік күндері» де тәжірибеге енді.

Еркін Нұржанұлы, әлбетте, төменгі бөлімшелердегі істермен еткін-тегжейлі, асықпай және мұқият танысты. Егер уақыт жетпесе шаруашылықтарда салынған қонақ үйлерде түнеп, таңертенген бастап танысады жалғастырды. Мысалы, бұндай жағдайлар Қармақшыдағы «Жаңақала», «Ақжар», «Мәденінет», Жалағаш Қазақстан, Ленин комсомолы, «Түркістан», «Келінтөбе», 23 партсъезд Жаңақорған атындағы, «Бозқөл», «Қызылқұм», Қазалы ауданының Энгельс атындағы совхоздарына барған кезде болды.

Бос сөзді болмас үшін, 1986 жылдың 4 сәуірінде Теренөзек ауданының 21 Партийнде атындағы кеншарына (қазіргі О. Мәлібаев ауылы) «малшылар күніне» барған сапарымызды мысалға келтіремін. Сол кезеңде 1500-ге жуық адам тұрған шаруашылықта таңғы сағат 9-да келіп, қарангыда, кешкі 6-да кетіп едік. Осы уақыт ішінде ол мал шаруашылығының тұрмыс-тіршілігімен және өндірістік жағдайларымен танысты. Мал шаруашылығының шалгайдагы участкерлінде бақташылар және олардың отбасы мүшелерімен әңгімелесті, совхоздың оргалық мекен-жайларында шаруашылық тәсілмен салынып жатқан тұрғын үйлерді қарап, ФАП, балалар сүт асханасын, мектепті, 5 мың бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңын аралады. Бір сағат бойы мал бордақылау алаңында жұмыс істейтін малшылармен әңгімелесіп, бір күндік мал салумен, оларды тамақтандырудың рационымен танысты. Отे қызықты және жанды әңгіме болды. Сол жерде, малшылар үйінде біз оларға дайындалған азықтан (осы кезеңде сағат 15.00-16.00 болатын) түскі асты іштік.

Түстен кейін шаруашылықтың бас мамандарымен, партия комитетінің хатшысымен және ауылдық кенес төрағасымен әңгіме жүргізілді. Әсіресе облыс басшысынан кенес төрағасына «көп таяқ тиді». Халықтың денсаулығы мен санитарлық сауықтырылуына қатысты (шаруашылықта таза ауыз суы бар қанша құдықтар бар, жеке ауладағы дәретханалар мен қазылған шұнқырлар қанша, санэпидстанцияда күәландырудан өткен бе,

сапасы бойынша ішуге су жарамды ма, ауылда жүкті әйелдер қанша, олардың қаншасы анемиямен ауырады, жеке ауладагы азық-түлік мәселесін шешу жағдайы туралы және т.б.) сұраптарға ол орынды жауаптар таба алмады.

Шамамен сағат 16.30-да клубта Е. Н. Әуелбековтың ауыл тұргындарымен кездесуі етті. Кездесу барысында ол партияның облыстық комитеттің сонғы уақытта атқарған жұмысы, азық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есеп берді, болашакқа арналған жоспарларымен бөлісті, жануарды алты ай бойы толық кондицияға жеткізіліп, салмағы 400 кг кем емес етіп мемлекетке тапсыруды қажет ететін мал бордақылау кешенінің жұмысы бойынша кеншардың директоры Алдаберген Құлбаевтың қызметін он бағалады, ауылда балалар сүт асханасының ашылуына және жұмыс істеуіне, Иркутск облысындағы орман шаруашылықтарының бірінде жұмыс істеп өз күшімен ағаш жинап жатқандарға тоқталды (50 адам), сондай-ақ, осы шаруашылықта орын алған кемшиліктерді айтЫП, нақты тапсырмалар берді.

Жұмысшылардың ұсыныстарын, қатысушылардың облыстық партия комитетінің атына айтқан сындарын тындал, азаматтарды қабылдады. «Мал өсіруші күнінде» көтерілген барлық сұраптар бақылауға алынды және олардың орындалу мерзімі бойынша толық көлемде іске асырылды.

Осындай сценарий бойынша облыстың барлық кәсіпорындары мен шаруашылықтарына барып, оларды жергілікті билік ұсынған емес, өз жоспары бойынша аралап, кейде оларды тығырыққа тіреді. Ал одектас және республикалық басшылар келген кезде, оларды мәселелері жеткілікті болған жерлерге апарады. Мысал ретінде, Арас өнірінің экологиялық мәселелері айқын және бірден сезілетін Арас ауданындағы Бөген кентін айтуга болады.

Сондай-ақ, бірінші хатшы аймақтың лауазымды тұлғаларының қызметі, олар жіберген бұзушылықтар мен қарапайым еңбеккерлерге қатысты әділестіздіктер туралы үлкен ақпарат алған азаматтардың етініштерімен жұмыс істеу тиімді бақылауга қойылғандығын атап еткен жөн. Күн сайын оның атына жолданған 100 және одан да көп етініштерді қарап шығатын. Мысалы, 1985 жылы партияның обкомындағы етініштердің саны 1984 жылмен салыстырганда 4,4 есе өсті. Көмек және әділдік іздеген адамдар,

оны облыста таба бастаганының нәтижесінде жоғары тұрған партиялық органдар арқылы келіп түсken жазбаша өтініштердің саны 20-дан 3 пайызға дейін қысқарды.

Одан көмек сұраган кезде, егер өтінішті занды және әділ деп санаса, оны орындау мүмкіндігін барынша қарастырды. Әсіресе қарт адамдарға, көп балалы аналарға және өмірлік қызын жағдайға тап болған жандарға көмек қолын соудан бас тартпады. Мұны растайтын көптеген жағдайларды еске түсіре аламыз, бірақ мен тек бір гана оқигаға тоқталғым келеді. Оған жергілікті газеттің журналисті ауру қызын Г. Илизаровтың (Қорған қ.) белгілі клиникасына орналастыру туралы өтініш білдірді. Еркін Нұржанұлы, КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаты және КОКП ОК мүшесінің барлық өкілестіктерін пайдалана отырып, науқастың осы медициналық мекемеде емделіп, барлық курсынан өтуіне қол жеткізді.

Е. Н. Әуелбековтың тұлғасы айналасында өте талапшыл басшының бейнесі қалыптасты, оның осы қырынан көптеген адамдар үрейленетін. Іс жүзінде, ол ерекше ештеңе талап етпеді. Білікті, жауапты және адаптациялық үшін мұндай талапқа сай келу еш қындық тудырған емес. Егер кейде ол тым қатал болса, онда бұл ыстық жүректен және адамдарға жақсылық жасау ниетінен болатын.

Е.Н. Әуелбековтың аймақтың басшысы ретінде қателері болды ма? Әрине, болды. Олар туралы партиялық форумдар мен коммунистер жиналыстарының мінберінен тікелей және ашық айттылды. Мысалы, олардың қатарында Е. Қ. Қөшербаев, Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қ. Қайруллаев, облыстық Әділет басқармасының бастығы, А. А. Коренченко, партия ардагері, О. Әбішев, локомотив депосының слесары және т. б. болды.

Сонымен қатар, ол әділдік сезіміне ие болды. Егер адамды абайсызда ренжіткен болса, ал мұндай жағдай кейде орын алатын, оның алдында кешірім сұрап, өз күнәсінің орнын басқа да жолдармен толтыруды өзіне еш кемшілік санаған жок. Мәселен, құдқық қорғау органдарының (У. И. Ихсанов, Е. Д. Демесинов, С. С. Үмбеталиев), сауда (Т. Н. Оразов) басшыларынан олардың атына жіберілген қисынсыз айыпптары үшін кешірім сұрады.

Менен үнемі: «Еркін Нұржанұлы жұмыс кабинетінен тыс жерде қандай еді?», - деп сұрайды.

Бірден айтайын, өзі атқарып отырган жоғары лауазымдар өзінің ізін қалдырып, оның қунделікті мінез-құлқына және адамдармен қарым-қатынас жасауға өз түзетулерін енгізді. Мысалы, қызметтестермен және багыныштылармен кездескен кезде ол сәл жабық болып, көп ашылмады. Бірақ отырыстарда өз оргасының жаны, көнілді және әңгімешіл болды. Пианинода, домбырада жақсы ойнады, қазақ әндерін шырқады. Оның сүйікті әндерінің қатарында Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта», «Арыс жағасында», Никита Богословскийдің «Подмосковные вечера» әндері болды.

Партияның облыстық комитетіндегі Жаңа жылдық кештердің бірінде студенттік жылдары жазған өз өлеңдерін қазақ тілінде оқып, ханымдармен еркін турде вальс билегені әлі есімде.

Әдебиеттегі жаңалықтармен, «Новый мир», «Дружба народов», «Звезда», «Октябрь», «Иностранный литература», «Простор» және т. б. журналдарда жарияланған жаңалықтармен үнемі алғашқылардың бірі болып танысадын. Театр өнерінің үлкен табынушысы болды, Мәскеу және Алматы қалаларына жасаған іссапарларында жаңа қойылымдарға баруды еш тастаған емес. Олардың ішінде - Шағын театр, «Современник», Ленин комсомолы, Мәскеудегі Таганкадагы театр, Алматыдағы М. Эуезов атындағы театрдың спектакльдері бар. М. Эуезов театрының облыстығы бір айлық гастрольдерін, көрнекті пианист Святослав Рихтердің концертін Қызылордада ұйымдастыруға бастамашы болған.

Ол тағам мен кімді де қатты талғамайтын. Жұбайы кішкентай немересін бағуга Алматыға кеткен уақыттары (кейде 10-15 күнге), өзге біреудің көмегінсіз, үй шаруашылығымен айналыса беретін. Одан бөлек, әріптестерін ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін, қызының тойын шағын ортада атап өтті. Әрине, кей кездері оның бүндай жабықтығы, қарсыластарына, ол туралы артық дүние бітүге кедері жасады. Ал, басқа жағынан қараганда, оның беделіне нұқсан келтірерлік ешбір ілік те болған жоқ.

Еркін Нұржанұлының қарапайымдылығы және азаматтық ұстанымы туралы осы келесі бір факт бойынша айтуға болады. Ол КСРО Халық депутаты болған кезде, оған Мәскеуде жекешелендіру құқығымен пәтер берді, бұл оған кейінгі жылдары

тыныш және бай, қуатты өмір сүруге толық мүмкіндік беретін. Алайда, ол басқа да көптеген халық қалаулылары сынды, бұл қадамға бармады. 60 жастан асқан зейнеткерге Қазақстанда жоғары мемлекеттік лауазымдарда жұмыс істеуге мүмкіндік берілмейтінін жақсы біле тұра, ол КСРО ыдырағаннан кейін және егеменді мемлекеттер құрылғаннан кейін де өзінің қағидаттарына адал бола білді. Ол үнемі: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» («Чем быть султаном в чужой стране, лучше быть подметкой в своей стране»), - деп айтатын.

1997 жылы Алматыға іссаппармен барғанымда, мен оның үйінде болдым. Еркін Нұржанұлы, жұбайы және немересі үшеуі қарапайым үш бөлмелі пәтерде тұратын. Жалпы, радикалды реформалардың қажеттілігін түсіне отырып, ол елде болып жатқан кейбір жағдайларды макұлдан, қабылдай алмайтын. Руханияттың әлсіреуі, адамдардың байлықтың соңына тұсуі, дәстүрлі адамгершілік құндылықтардың құлдырауы оның бойында үлкен аландаушылық тудыратын. Осы жолы ол ашық әңгімесімен бөлісті. «Сен өзінің турашылдығыңмен, адалдығыңмен неге кол жеткіздің? Сенің қазір еш дүниен жок», - деп туған-туыстарым қыспакқа алуда. Ал менің оларға айттар жалғыз жауабым: «Иә, балаларыма, жакындарыма мұра етіп мен материалды құндылықтың бірін де қалдырмаймын. Менің зәулім үйім де, шетелдік автокөлігім де жок. Бірақ, мен сендерге өзімнің кір шалмаған арымды қалдырамын. Бұл менің ең үлкен және баға жетпес байлығым!». Осы ойын ол 1998 жылы Астана қаласының тұсаукесерінде болған соңғы кездесуімізде де айтты.

Ол менің және онымен бірге өмір сүріп, қызмет етуге тұра келген жандардың есінде дәл осындай тұлға ретінде сақталды.

Е. Н. Әуелбековтың басшылығымен жұмыс істегендердің көвшілігі Арас өніріндегі осы аты аңызға айналған тұлғаның біздің жер алдындағы еңбегін лайықты бағалаганы үшін ризашылықтарын білдіруде. Адамдар үшін жүрегі әрқашан ашық жаннның иғі істері мен есімі мәңгігে сақталып қалғаны үшін де риза. Облыс орталығында оның есімімен мектеп, көше аталады, оның өмірі мен мемлекеттік қызметіне арналған мұражайы бар лицей алдында бюст орнатылған.

*Кенес МАХАМБЕТОВ,  
Нұр-Сұлтан қаласы.*

## ҚАЙСАР ТҰЛҒА

Шынайы тұлғалар замана туындысы екені бесенеден белгілі. Туасы текті, орта мекінгі шытын медальмен бітіріп, кезінде Одакқа белгілі оқу орны – К.А.Тимирязов атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын ойдагыдай аяқтаган Еркін Нұржанұлы Әуелбеков еңбек жолын МТС бас агрономдығынан бастаған еді. Ерекше еңбеккорлықтың арқасында кейінгі 14 жылда әртүрлі жоғары лауазымды қызметтерде болып, соナン соң министр, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына көтеріліп, республикаға ерте танылды. Алайда оның атының дүркіреп шыққаны, көрнекті саяси қайраткерге айналуы, тіпті күндердің күнінде республика басшыларының бірі болуы мүмкін деген әңгімелердің қарапайым халық арасында кеңінен таралуы кешегі қайта құрумен тұстас келіп еді. Ол заңды болатын. Ерекен еркін елдің шынайы басшылығына лайық адам еді...

ХХ ғасырдың аяғы әлем тарихын аса күрделі өзгерістерге алып келді. Жетпіс жыл өмір сүріп, адамзат ағымына тұтас әсер етуге ұмтылған алып империя – КСРО замана үдерісіне ілесе алмай, тұралады. Сөйтіп қоғамның қай саласында болмасын берекесіздікке бет алған партиялық жеке билік, жалаң ұрандардан шаршаган кеңес халқы жаңа тыныс, жаңа леп іздеді. Содан кейінгі кезде ұмытыла бастаған әлеуметтік әділеттілікке, демократия мен тәртіпке жаппай рухани сұраныс туды. Соңғы кездері Қазақстанның саяси сахнасында сүйіспеншілікпен аты аталып, оқшаулау бой көтере бастаған Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың Сыр бойына келуін халықтың ерекше қабылдауының түп төркіні де осында жатқан болатын.

Басқасын былай қойғанда, Көкшетау, Торғай облыстарындағы белсенді қызметінен жақсы хабардар облыс активі жаңа басшыны қызу қолдады. Оның алғашқы кездесудегі сөз саптауы, өзін-өзі еркін ұстауы, көніл күйі тыңдаушыларға срскшс әссер стті. Мұндай жаңаңықтан тез құлактанған облыс жүртшылығы Ерекенде әділеттілік пен тәртіптің символындей қабылдады. Ел алданған жоқ, адал үміті ақталды.

Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің облысқа үлкен дайындықпен келгендігі пленумдағы алғашқы сөзінен айқын байқалды. Қызылорда тарихы мен оның Ыбырай Жақаев сияқты Сыр бойының визиткасындай болып кеткен еңбек адамдарымен жақсы таныстыры, сондай-ақ Қызылорда астық өнімдері комбинатын жобалау мен Шиелі астық қабылдау пунктін дамытуға бірсыныра еңбек сініргені өзінің облыста жұмыс істеуге дайын екенін, үлкен үмітпен келгендігін білдірді. Тіпті осындағы қазақтың қара шаңырағындағы елге келгеніне өзі де қуанышын жасырмады. «Бүгінгі күннен сіздердің, қызылордалықтардың қатарларыңызда боламын» дегені жай қызыл сөз емес, шынайы ықыласы болғанын кейінгі өмір көрсетті. Өзін сайлаған пленум мүшелеріне шын жүректен ризашылық сезімін білдіре отырып, ол Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениетін онан әрі дамыту, гүлденуі мен оның республикада өзінің атына лайықты орын алуы, алда тұрған үлкен де жауапты міндеттерді шешу, жаңа белестерге шығуы үшін бар күш-жігерін, білімін еш аямайтынын танытты. Еркін Нұржанұлы аймақтың қандай бағытта дамуы керектігіне, ол кезде негізгі дақыл болып саналатын күріш өндіруді ұлғайтуға емес, оның сапасын арттырудың, облыстың болашағын индустримальдырудың, халық шаруашылығының басқа салаларын, әсіресе, әлеуметтік мәселелерге айрықша назар аударудың қажеттігіне көніл бөлді. Бұл ойлар шамалы күннен кейін өткен облыстың партия-шаруашылық активінің жиналышында да кеңінен ашық айтылды.

Еркін Нұржанұлы қызметке қызу кірісті. Ол облыс алдындағы міндеттерді жүзеге асыру бағытында халық арасында көбірек болып, облыстың жағдайын тереңірек білуғе, өз мақсатын кеңінен түсіндіруге тырысты. Бұл үшін сол кездері қалыптасқан жұмыс нысандарын тиімді пайдалануға ұмтылды. Өзі сайланған қантар айынан жыл аяғына дейін 50—ден астам кездесулерде болып, сөз сөйлемді. Олар: облыстық партия-шаруашылық активінің жиналышы, облыстық, калалық, аудандық конференциялар мен пленумдар, бірынғай саяси күндер, халық депутаттары облыстық кенесінің сессиялары, партия ұйымдарының есеп

беру-сайлау жиналыштары, халық депутаттарының облыстық кенесіндегі партия тобындағы кездесулер т.т. болса, келер жылы мұндай 46 кездесу болды. Осында сан түрлі мәртебелі жиналыштарға қатысып, сөз сөйлеу қанша күш-жігерді, білімділікті қажет ететіні аян. Ерекен әрбір жиын, әрбір кездесуге үлкен дайындықпен барып, үлкен тебіреніспен сөз сөйлеп жүрді.

Облыстық партия комитетінде он жеті жылдан астам қызметте, оның соңғы он шакты жылында бөлім менгерушісінің орынбасары, менгерушісі болғанымда дәл Ерекендей жоғары деңгейдегі басшыны, партиялық номенклатураның дәл Ерекендей қайсар қайраткерін көре алмадым. Нағыз тұлға ретіндегі азаматтық өрелілік, қызмет бабындағы ешкімге ұқсай бермейтін ұйымдастыруыштық қабілеті, партиялық іскерлік, аса бір жинақылық, ерекше сауаттылық, өзіне де, өзгеге де биік талап қоюштылық, айрықша жауапкершілік, басқа да толып жатқан қасиеттердің бір адамның басынан табытуы өмірде сирек кездесетін белгілі. Рас, бұлардың негізі ата қанымен, ана сүтімен дарыған. Дегенмен, Ерекен өзін әркез байгеге дайындағандай, бір сәт талап тінін босатып көрмеген кісі болатын.

Негізінен ауыл шаруашылығы бағытында ғана дамып келе жатқан облыстың ол кезде республика деңгейінен кенже қалғанын түсіну қын емес еді. Мысалы, облыста шығарылған өндіріс өнімінің көлемі республика көрсеткішінің бір пайызына да жетпейтін. Осында өндіруге болатын халық тұтынатын тауарлардың көбісі сырттан әкелінетін. Еңбек ресурстарының төрттен бір бөлігі пайдаланылмады. Әрбір енбеккердің шынайы табысы Қазақстанның орташа көрсеткішінен 1,5 есе кем болды. Тұрғындардың азық-түлік өнімдерін пайдалануы да тәмен еді. 1984 жылы облыс халқының әр адамы, Ленинскіні қоспағанда, 30 кг ет жеді, ал тиісті норма 65 кг болатын.

«Табиғаттан рахым күтіп отыра алмаймыз, оны тартып алу міндеттіміз», - деп санаған кенестік сынаржақ саясат салдарынан Арал теңізінің суы тартылып, кезінде бір көлдері екіншіге ұласып жататын сұлы, шүйгінді аймақ жел тұрса, көзге тұзды шаң құятын шөлейтке айналған болатын. Оның

үстіне жер кіндігі Төретам өнірі ескери, ғылыми-техникалық сынақ полигоны болып, қасіret орталығына айналған еді. Осының барлығы табиғаттағы тепе-тәндікті бұзды. Бірақ мұны Сырға келген Мәскеуліктер көріп, біліп жүрсе де мойындақ қоймады. Орталық негізінен ескерилердің жағдайын жасап, жергілікті халықпен санаспады. Байырғы тұрғындардың әлеуметтік мәселелері назардан тыс қалды. Мұны тек Ерекен ғана жан-жақты дәлелдеп, тиісті орындарға «соқырга таяқ ұсташқандай» етті. Облыста республикалық денгейде жиын өткізіп, оған сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрагасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты қатыстырып, Арап қасіretін айқындақ түскен болатын. Міне, осындақ қажырлы жұмыстардың арқасында ғана «Арап – экологиялық апат аймагы» деген мәртебеге ие болған облыс пен оның аудандары түрлі женілдіктер алды. Бұл белгілі жағдайда енбектегі адамның жалақысына 15 пайыздық қосымша үлес әкелді. Облыстың үшінші категориядан екіншіге өтуі де елеулі оқиға болды. Ия, айта берсен, толып жатыр. Осыларды жүзеге асыру үшін Ерекен бір сәт тыным таппай жүріп, Орталық партия-кеңес органдарының маңызды-маңызды 5 қаулы-қараарларын қабылдаттырыды. Оның ішінде мынандай бірер құжатты атай кеткен артық болмас: 1986 жылғы 25 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету шаралары туралы», 1988 жылы 19 қыркүйекте КПСС Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Арап тенізі аймагындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту шаралары, осы бассейндегі су және жер ресурстарын пайдалану мен қоргауды күшетудің тиімділігін көтеру туралы» қаулылары. Бұл тек Ерекен сияқты ерлердің ғана қолынан келетін шаралар еді.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков шын мәнісіндегі партиялық номенклатураның ірі өкілі болатын. Ол облыстық партия комитетінің секретариатында жыл басы мен ортасында алда тұрған міндеттерге тұрақты назар аудара отырып, облыстығы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді партиялық басшылық, кадрлар арқылы шешудің қажеттігінә айрықша көңіл бөлді.

Ең бірінші, кадр саясатына, резервпен жұмыс, оның жариялышығы, пленум, бюrolарға құжат дайындау, облыстық партия комитетті бөлімдерінің өзара тығыз байланыста жұмыс істеуі, қалалық, аудандық партия комитеттері аппараттарындағы қызметкерлердің дайындығын шындағы түсү бағытында пленум, бюро материалдарын, оларда қандай мәселелердің қалай қаралатынын зерттеу, күнделікті жұмыста коммунист басшылардың есептерін жүйелі тындалап отыру, еңбекшілердің арыз-шагымына қырагылық таныту т.б. мәселелерге тұрақты қоңіл бөлді. Әсіресе, тапсырмалардың орындалуы, қызмет бабында сөз беріп істің бірлігі қатаң бақылауга алынды.

Облыстың артта қалу себептерінің бірін жаңа басшы кадрлық саясаттан іздеді. Кадр мәселесі арнайы облыстық партия комитеттің пленумында қаралды. Кадрлар арасында паракорлық, қоғам мүлкін талан-таражға салушылық, пайдакунемдік, жағымсыз қылышқа бейімделе қоюшылық, жағымпаздық, өз абыройын өзі түсірушілер катты сынға ұшырады. Алғашқы екі жылда 200-ден астам облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің номенклатурасындағы басшы кадрлардың жұмыстан босауы бұған дәлел бола алды. Салтанатшылдықпен, жетістіктерді далитып көрсету, кемшиліктерді жасыру фактілерімен аяусыз күрес жүрді. Тәртіп бұзушыларға жариялышық жасалып, сын және өзара сынның дамуы үшін объективті жағдай жасалынды. Төменнен бақылау күшеттілді. Басшылардың халықпен байланысы нығайды. Әрине, мұның барлығы еңбекшілердің белсенділігін, жаңашылдығын, олардың кәсіби мүмкіндіктерін дамытуға игі ықпал етті.

Адамның кең мағынадағы жеке мәдениеті қалыптаспай, оның қызметтің берекесі бола қоймайды. Ерекен бұл бағытта өзіне қатаң талап қойғыш, әбден қалыптасқан кадр болатын. Бірінші хатшы болып сайланғаннан кейін маган оның алғаш тапсырғандары ертеңгілік дene шынықтыруға қажетті спорттық заттар тізімі мен Саяси ағарту үйінің кітапханасынан дер кезінде алып келіп отыруға 10-15 мерзімді басылымдар тізімі болды. Бұл газет-жүрнналдар уақытылы қайтарылып, жаңарып отырды, әлдеқалай

оқылмай жатып қалған емес. Мен мұны кейде кітапханашыдан сұрап отыратынмын. Шынын айтқанда, аппараттағылар жаңа басшының әрбір қырына тұракты қызығушылық танытты. Өйткені оның бойында өзгелер алар өнеге де, үлгі де, тағылымды дүниелер де мол болатын.

Ерекенің жұмыс режимі де бөлекше еді. Ертеңгілік сағат 8-де жұмыс орнында болады. Түскі үзіліске сағат 13.00-де шыгады, 14-ке 5-10 минут қалғанда үйден қайтады. Мен бұрынғы және жаңа көмекшілеріне әзілдеп: «Күлше женгеміз түстікті табылдырықта тосып тұрады ма?» дейтінмін. Сейтсем, Ерекен тұстенгеннен кейін он-он бес минуттай пианинода ойнайды еken де жұмысқа шыға беретін көрінеді. Пианино дегеннен шыгады. Ерекен облысқа алғашқы келген кезінде біршама уақыт обкомның қонақтар тоқтайтын үйінде (резиденция) тұрды. Соның екінші қабатында пианино болатын. Оны осында жатқандардың бала-шағасы болмаса, ешкім айналдыра қоймайтын. Ал Алматыдан келген өнер адамдары күй сандықтың пернесін бірер рет басып қоя салатын. Оның сырын онша біле бермейтінбіз. Ерекен өзінің дағдылы әдетімен пианиноны пайдаланайын десе, ол көне қоймайды. Ол кезде қалада пианиноны жөндей қоятын мамандар да бірен-сарап болатын. Соны жөндөтемін деп шала бүліндім деген еді облыстық атқару комитетінің бөлім менгерушісі Ыбырайхан Нәлібаев ағамыз бір сезінде.

Бірде ертеңгілік, жұмыс кабинетіме кіре бергенімде біріншімен байланыстағы көк телефонның шырылдап жатқан үстінен шықтым. Дереу трубканы көтеріп едім, Ерекен орысшалап: «Где ты находишься?», - деді. Мен ертемен облыстық ауруханаға жедел жағдайда түскен жақын бір адамға барып шыққанымды айттым. Ол тағы да: «Я ничего не знаю, ты в 8 часов должен был быть на месте», – деді. Мен сағатыма қарасам, 8-ден бес минут еткен еken. Бұл маған өмірлік сабак болды. Міне, Ерекен, шіркін әрбір сағат емес, әрбір минутті есепке алатын ішкі тәртібі құшті, оны маңайындағылардан да талап ететін басшы еді гой!

Сан жылғы тоқыраудан шаршаган халықтың арыз-шағымдары көп нәрсеге өзінше, өзгеше қарайтын жаңа

басшының келуімен обкомға қардай борады. Мысалы, 1985 жылы өткен жылмен салыстырғанда шағымданушылар қатары 4,4 есеге көбейді. Жұртшылық үніне сергек Ерекен бір арызды толық оқымай, ешкімге тапсырма бермейтін. Арыздардағы негізгі мәселелердің асты қара сиямен сзыылғанынан байқайтынбыз. Мәселелері жергілікті жерде шешіліп жатқан соң жұртшылық Мәскеу, Алматыға хат жолдауды күрт азайтты. Мен арыздарды арнайы талдай қойғаным жоқ, бірақ оның басым көшілігі шешімін тауып жатты. Мұны үгіт-насихат беліміне түскен хаттардан байқадым. Әрине, осы сәтті пайдаланып қалғысы келгендер де болмай қалмады. Алайда, олар дегеніне жете алмады. Ондай арыздың бірсыптырасы біздер туралы да болған еді.

Еркін Нұржанұлы ерекше қабілетті жан болатын. Кабинетіне кіргенде үстел беті жана сұртіп алғандай таптаза жататын. Жұмыс бабында қағаздар аса көп болды. Солардың барлығын оқып үлгіретін. Бұған таң қалмаған обкомда адам болмады. Біздің бөлім тарапынан да плenum, активтерге, басқа да жиналыстарға талай баяндамалар дайындалды. Олар сағат 9-10-дарда берілгенімен түскі үзіліске дейін қайтып жататын. Содан оны ескертпелер, жана қосқан ойларымен толықтырып қайта ұсынамыз. Осы үдеріс тағы да қайталанатын. Үшінші рет тағы да өз өзгерістерімен оқылған баяндама мәтіні кейін түзетумен хаттамаға ұсынылатын.

Рас, республикалық деңгейдегі Еркін Нұржанұлы сияқты өресі биік шынайы басшыға материалдар дайындау оңай емес-ті. Мен шағын жиналыстар мен кездесулерге қатысты материалдар тұрасында болған бір жай туралы айта кетсем деймін. Ерекен сөзінің тағы бір қындығы, оның алдымен орыс тілінде дайындалатындығы еді. Ерекен ойларын көмекшісі Кеңес Махамбетовке айтып, сөздің негізгі мәтінін сол дайындал жүрді. Содан сөз көбіне жиналыс болатын күні біздің бөлімге тиеді де, барымызды салып тығыз аударамыз да береміз. Мұндай жағдайда сөзді ауызша сейлеу стиліне жақыннатуға уақыт жетпей жататын. Мәтінді тағы да үстінен қарауға, жөндең, қайта баса қоюға ол кезде компьютер атымен жоқ. Сол себепті

мұндай жүйемен дайындалған материал ойдағыдай сапалы бола қоймайтын. Осы үшін мен идеология бөлімінің менгерушісі ретінде ескерту алдым. Оны мойындаپ қана қоймадым, хатшыға ойларын бізге айтуын, сейтіп сөйленер сөздің мәтінін бірден қазақ тілінде дайындау жөнінде ұсыныс жасадым. Мұны дұрыс еken деп келіскеңімен көбіне орысша ойлап, орысша сейлеп дағдыланған Ерекен бұл жолға бара қоймады да, бұрынғы сүрлеумен кете берді. Маган сапасыз материал (бұл тек сөздерге қатысты, - автор) бересің деген сын да жалғаса тұсті. Шындық үшін айта кетейік, біздің бөлім бюро, пленум сияқты уақыты барышылық жыныдарға материалдар дайындаудан бірде-бір ескерту алған емес. Мұны сол кезде обкомда істегендер жақсы біледі.

Бір күні облыстық партия комитетінің кезекті бір бюросының басталар алдында мынандай оқиға болды. Ерекен әдеттеңідей залда отыргандарды бір шолып өтті де, кейбір кіслерді қағытып тастантын өзінің ежелгі әдетімен, маған көз тастап: «Бакиров – кандидат каких-то исторических наук, до сего времени не предоставил мне удовлетворяющего материала», - деді. Ерекен жалпы ғылым кандидаттары болғандардың немесе екі институт бітіргендердің жұмыстарына көнілі тола қоймаса, оларды ретін тауып бір қағып тастантын еді. Бір гана оку орнымен соншалықты биікке жеткен кісіні түсінуге болатын. Дегенмен мен де, адам баласымын ғой, бұл жолы осыншалықты көпшіліктің алдында арамызда болған әңгімені ұмытып, мынандай сынауына қатты ренжідім. Кінә жалғыз менде емес еді. Сол себепті мен: «Ереке, әркім өз сөзін өзі жазуы керек қой», деп қарсы жауап бердім. Кеңейтілген бюроға шақырылғандар көп, бұрын пленум өтетін зал лық толы еді. Енді адуынды бірінші хатшы бөлім менгерушісіне не істер, не дер еken деп жүрт аңтарылып қалды. Бірақ тексті адам ғой, маған ешнәрсе айтпады. Басқа біреу болса, маған дұрыс материал дайындаі алмасаң, мен сені несіне ұстап отырмын деп қана қоймай, мәселемді бюрода қарауга ұсыныс жасауы да мүмкін еді. Оған бармады. Біршама үнсіз ойлы отырды да бюроны бастап

кетті. Осы әділеттілігі үшін мен Ерекенді өмір бойы сыйлап еттім. Кейін атын мектепке беру туралы алдыңғы ұсынысты облыстағы кейбір «пысықтар» өткізбегеннен соң, екінші ұсынысты дайындалап, оны жаңа аймак басшысы болып келген Қырымбек Көшербаевқа өткізуімнің мәні де осында болатын.

Еркін Нұржанұлы – намысшыл басшы еді. Әсіресе, облыстың намысына қатысты мәселеге аса жауапкершілікпен қарайтын. Өзі көбіне орысша сөйлеп жүргенімен ұлттық қасиеті басым еді, айқын еді. Бір мысал келтіре кетейін. Жергілікті халықты менсіне бермейтін, империялық әктемдіктің нағыз көріністері бойларын жайлаган Байқонырдағы әскерилер канализацияның суын Сырдария өзеніне ағызып жібергенде Мәскеулік генералдарға дейін обкомға шақыртып, аяқтарын бір етікке тықкан болатын. Бұрынғы басшылар есікті ашып жауып жүрсе, Ерекен осылай етті.

Еркін Нұржанұлы айрықша талантты, қайсар тұлға болғанымен, ол да табиғаттың туындысы, Алланың пендесі екені белгілі. Сондықтан да оған жаңылышу, аяқты шалыс басу жат емес-тұғын. Адам жаңылмаса, дұрысты қайдан үйренеді. Соншалықты биік дәрежедегі қайраткер кадр мәселесінде кейбір кемшіліктер де жіберді. Оны кейін өзі де сез ретінде айтып қалыпты. Бұл да ойлап қарасаң – мықтылық. Ерекен облыстың бұрыннан белгілі басшы адамдарын түгелдей таныды дей алмаймын. Кейбір көтеруге келмейтіндерді жогарылатты. Сырттан келген кадрлардың бірде-біреуі облыста тұрактамады. Меніңше, мұның бірнеше себептері болды. Біріншіден, Ерекен басшы кадрлармен қатынаста дистанцияны тым алыстау ұстады да, сондықтан оларды тануда жансақтықтар болды. Екіншіден, Ерекен сияқты әділеттілік десе ештеңеден тайына коймайтын қайсар тұлғаны республика басшылығы ұнатқаннан Қызылордаға жіберді дей алмаймын. Содан өзіне ере келген кадрларды өзі тандай алмауы да мүмкін.

Ең маңыздысы да бастысы, Ерекен 1985 жылдың 22 қантарында сайланып, 1989 жылғы шілденің 25-інде КСРО Жоғары Кеңесінің ұлттық саясат және ұлтаралық қатынастар

жөніндегі Ұлттар Кенесі (Совет Национальностей) Комиссиясы төрағасының орынбасарлығы қызметіне ауысуына байланысты облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығынан босағанына дейін өзінің алғашқы айқындаған ұстанымынан еш айнымады. Сол үшін барын салды, әсте тартынып қалмады. Құрылыштары сәл ертерек басталған Құмкөл, Шалқия кеніштерін Еркін Нұржанұлы облысқа аса тиімділікпен қызмет еткізді. Ол үшін қанша тер төгілді, Қызылорда мен Алматы және Мәскеу арасында қанша табан тозды.

Қазақ «Жер басқанның ізі қалар» дейді. Әңгіме қандай іздін қалғанында. Ерекең жайында алда да талай әңгіме айтылар, талай сыр шертілер. Облысымызға ерен еңбек сінірген, аса құрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өзгерістердің басы-қасында болған қайсар қайраткер туралы сезімді қазактың белгілі ақыны Кәкімбек Салықовтың мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Ер еді ғой  
Еңбек етсе міні жок,  
Қатал деме,  
Еккен нәзік гүлі көп.  
Сан айқасқа атой салып кірісті,  
Ары таза кеменгердің бірі боп.

Расында да, бұл сөздерден артық айту кын да шығар. Ерекең сияқты тұлғалардың бүгінгі тәуелсіз заманымызда жарқырай түсінің, оны Алаштың анасы аталған Сыр бойының асқақ тұтуының нәзік сыры да, терең мәні де осында жатқан болатын. Сыр елі Ерекеннің атын облыстағы мәндайалды мектептердің біріне беріп, көшенің бойында тас бюстін қойып, есімін халық жадында мәңгі қалдырып отыр. Бұдан асқан құрмет бар ма?

*Бәкір ӘБДІЖӘЛЕЛ,  
саяси ғылымдардың докторы, профессор.*

## КӨГІЛДІР КӨКШЕ

Оқиетпесі аспанга тірек болған,  
Тасқыныңда көлінің күн шомылған.  
Көк қарагай, ақ қайың қуә болып,  
Шежіреге, аңызға бойы толған

Бұлтты сүйген көгілдір Көкшем менің,  
Биігіне, шіркін-ай, жетсем деймін.  
Жүрек тербел, жыры толғап, ойландырып,  
Сондай таза әсем боп өтсем деймін.

Ақбөкендер жарасып сағым қуған,  
Алтын бидай щықпенен бетін жуған.  
Құнары мол, киелі қазақ жері,  
Ел ардагы Еркіндей ерлер туған.

Ақан менен Біржан сал үн қосқан жер,  
Құлагердің шабысын көрген бұл ел.  
Сәйгүліктер жаратқан бүгін тағы,  
Құдіретіңе ризамын, о туған жер!

*Шота УӘЛИХАНОВ.*

Е.Н.Әуелбековтың өмірі біздің бүгінгі ол туралы естеліктерімізде өз жалғасын тауып келеді, оның шын мәнінде бүкілхалықтық танымалдылығында, ол әрдайым танымнан, құрмет пен құрметтеуден артық болды. Бұл шынайы маҳабbat. Халықтың ең лайықты ұлдарының біріне деген маҳаббаты. Табиғаттың өзі оның бойында Кеңес заманы тұсында талантты басшы және саяси қайраткердің керемет мансабын жасауға және қазіргі Қазақстан жағдайында жаңа істі бастау арқылы көптеген қыындыққа төтеп беруге көмектескен қасиеттерді ұштастыруды. Ол өз халқының және туган Отанының мұддесі туралы әңгіме қозғалғанда бойындағы өмірлік күшжігерін аямай жұмысап, жомарттық танытты. Сондықтан да, біздің отбасымызда, сол сияқты басқа да көптеген отбасыларында, әсіресе аға буын арасында, Еркін Нұржанулының есімі ерекше ықыласпен, құрметпен және сүйіспеншілікпен аталады. Мениң әкем әрқашан Көкшетау жерінің батасын алған ұлының, балалық шағынан өз халқының бастапқы, көне дәстүрлерін бойына терең дарытқандығын және өз халқы алдындағы өтелмейтін парызы бар екендігін сезінетін, - деп айтатын. Осылайша, мұрагат деректер мен еңбек сіңірген ардагерлердің пікірлеріне сүйене отырып, өзінің «жұлдызды» ағасы туралы тоғыз баласы бар бұл үлгілі отбасының ең кішісі Күләш Нұржанқызы еске алады. Бұл жанұяның отағасы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі құрметті атағына ие болды және еліміздің екі жоғары орденімен марарапатталды, бұл ауыл мұғалімдері арасында өте сирек жағдай еді, сондықтан да ол ауыл гана емес, аудан тұрғындары арасында да құрметті адам болды. Оның елді көркейтуге еңбегі сіңгендейтін және беделді ағасының үш облысқа басшылық жасап жеткен жетістіктеріне тоқталмай, оқырмандардың назарына онын тарихи отаны, Көкшетау жерінде оның өз халқы мен мемлекетінің ігілігі үшін еткен еңбегі, қызметі лайықты түрде мойындалып, бағаланбай жатқандығы туралы күйіне айтады.

*Александр ТАТАРСКИЙ.*

**ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ  
ҮШІН – ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖОЛ ТАРТУ**

Менің әкем Әуелбеков Нұржан – педагог, Қазак КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім, Ленин және Октябрь революциясы ордендерімен марапатталған. А나ам Әуелбекова Қалима – үй шаруасындағы әйел, 1-2 дәрежелі Ана даңқы ордендерімен марапатталған. Екеуі тогыз перзентті өмірге экеліп, тәлім-тәрбие берді. Олардың ең үлкені Еркін Нұржанұлы 1930 жылы туылса, ал мен үйдің ең кішісі 1954 жылы тудым. Арамыздығы жас айырмашылығының алшақтығына байланысты, оның балалық және жасөспірімдік кезеңі туралы толық айта алмаймын. А나амның естеліктері бойынша ол қарапайым бала болып өскен, бірақ асқан зейінділігімен және барлық нәрсөні «лездे» есте сактау қабілетімен ерекшеленген. Ол өз табиғатында өте ұқыпты және таза болды. 12 жаста болған кезінде анамыз оған арнап костюм тіккен екен, соның кеуде тұстарына түрлі белгішелерді іліп, бұл менің ордендерім мен медальдарым деп елестететін, - дейді. Бәлкім, бұл оның болашағын сурттайтін «жоғарыдан келген белгілер» болар.

13 жасқа дейін мен «Жаңасу» ауылында тұрдым және менің балалық естеліктерімде қалған басты жайт, ол Кенес одагының қай бұрышында қызмет жасаса да, әрбір демалыс сайын 2-3 күнге ата-анасының үйіне міндетті түрде келетін. Ол кіші Отанына келген кезде біздің үйде ауыл адамдары жиналатын. Олар ағаммен ауыл өміріне катысты түрлі тұрмыстық тақырыптарға әңгіме құратын.

Менің ағам Еркін Нұржанұлы спортты, музыканы, әсіресе қазақ халық әндерін, шахмат, теннисі, сонымен қатар пианинода ойнағанды жақсы көретін.

1993 жылы Алматыдағы жылды және жайлды пәтерін қалдырып, өзінің кіші Отаны – Жаңасуды жандандыра тұсу туралы шешім қабылдады. «Жаңасу» деп аталатын шаруа қожалығын құрды, мектеп салды, ауыл тұрғындарын, әсіресе жастарды спортқа тартуга ықпал етті.

Ол егіс кезеңінің басында қоқтемде келіп, егін жинау аяқталғаннан кейін терен күзде бірақ кететін. Үйге кетер

алдында ол менің үйімде ағаларымды жинайтын. Міндепті шарт – балаларымен және немерелерімен бірге келу болатын. Ол кезде анамыз әлі тірі еді. Ол балаларды өте жақсы көрді және оларға үнемі төрден орын беретін.

Оның ауыл тұрғындарының өмірін одан әрі жақсартумен байланысты болашаққа жасаған жоспарлары көп болатын, бірақ олар жүзеге асырылмады, тек қана орны толmas өкінішпен аяқталды.

1999 жылдың 29 қантар күні ол мезгілсіз өмірден өтті.

Мен ағамның халық шаруашылығы өндірісінде талантты үйімдастыруши, мемлекеттік қайраткер және өзінің саналы өмірін, жиган-терген білімі мен тәжірибесін Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін көтеруге арнаған дана саясаткер ретінде танимын, қазіргі Қазақстан тарихына енгенін мақтан тұтамын. Оның үстіне Қазақстанның үш облысында бірінші басшы болып, бұл аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бойынша Республикада алдыңғы қатарға шығара алды. Құрметті оқырман өзім өте жас болғандықтан, мен мұның барлығын кейін көптеген кітаптардан, брошюралардан, көрнекті мемлекет басшыларының көптеген мақалаларынан, оның әріптестері мен замандастарынан, қарапайым еңбеккерлерден естіп білдім. Осы басылымдардың бір ғана атауы оның өз халқының иглілігі үшін жасаған жетістіктеріне таңданыс, қуаныш пен үйлесім туғызады. «Іске шексіз адалдық», «Көрнекті адамның өмірі», «Лайықты еңбек ері», «Жарқын тарихи тұлға», «Көрнекті саяси қайраткер», «Ол іскерлігімен ерекшеленді», «Ерекше адам», «Ол кіршіксіз таза болды», «Ол біздің жадымызда қалды». Әрине, оның барлық жетістіктерін тізіп шығу мүмкін емес, олар өте көп және олардың барлығы көп қырлы, бірақ осы жарияланылымдардың, пікірлердің барлығын бір дүние біріктіреді: оның сол кезеңдегі бар болмысы туған елінің, республиканың, еңбек етіп, өмір кешкен өнірлерінің және жалпы халқының тағдырына шексіз берілгендейгін көрсетеді. Бұл туралы 2019 жылғы З қазандагы біздің ардагер-көкшетаулықтардың мақалаларында: «ол өз халқының көшбасшысы болды, ол оның қындығымен өмір сүрді,

оның өмірін жақсарту үшін жұмыс істеді», - деп жақсы айтылған. Мен осы тұрғыда біздің еңбек сінірген жерлесіміз, білікті басшы Төлеген Махметовтың «Көкшетау сегодня» газетіндегі сөзіне ризамын, ол менің ағамның беделі туралы асқан ризашылықпен және өте ықшам түрдө: «...Ол халық арасында өте танымал болды. Өйткені, бірінші орынга ашиқ түрде халық мұддесін қойған жалғыз басшы еді», - деп жазған болатын. Өз естеліктерінде менің ағамның қол жеткізген жетістіктері үшін алғыс білдіретін басқа ардагерлер маган ренжімейді деген ойдамын, бірақ бұл сөз өз халқы үшін, оның ойлары мен іс-әрекеттерінің ауқымдылығы қаншалықты зор болғандығын ашиқ көрсетеді. Менің ағам Ленин орденді Көкшетау облысын басқарған кезінде, 43 жасында өзінде бар марапаттарға қоса сол кездегі ұлан-ғайыр қуатты елдің жоғары марапаты – Ленин орденін және астық өндірудегі үлкен жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері Алтын Жұлдызын төсіне қадағанда мен тек 19 жаста ғана едім. Ал дәл осы облыска, өзінің тарихи отанына басшылыққа сайланғанда оның жұлдызды сағаты туды, бірақ бұл уақытта (1968 жылдың наурыз айы) ол небәрі 38 жаста болатын. Осы уақытқа дейін ол тек Қазақстанда ғана емес, Кенес Одағында өнірдің ең жас басшысы болғанына қарамастан, Солтүстік Қазақстан облысында және Министрліктерде басшылық қызметтерде болған уақыттарында жинақтаған мол тәжірибесі бар еді.

10 жыл ішінде оның басшылығымен облыс көптеген салалар бойынша ең жоғарғы көрсетіштерге қол жеткізді, ал астық өндіру бойынша одактың 10 жетекші аймагының қатарына кірді. Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытумен қатар өнеркәсіп, құрылым, көлік, әсіресе тұрғын үй және жол құрылышы, Қызылорда, Омбы және Қостанай қалаларында темір жол құрылышы дамып, Беловод, Преснов су коймалары іске қосылды. Көкшетау жерінің бидайы және бірінші басшының беделі Васильков алтын кен орнын игеруді және бүтінгі күні алтын өндіретін жетекші кәсіпорын атануына, тау-кен байыту комбинатының құрылышын салуга мүмкіндік берді. Каолиннің бай шогырланған кен орнында каолин комбинатының құрылышы басталды. Көкшетау қаласына

жақын жерде жазық далада әдемі әуежай салынды. Қысқа мерзімде үй құрылышы комбинаты, фарфор зауыты, таспа тоқу фабрикасы, ет комбинаты, «Металлист» және тұрмыстық техника жөндеу зауыттары, үй еңбегі және тұрмыстық химия фабрикасы салынып, іске қосылды.

Сол жылдары үлкен тираждармен шықкан бұқаралық ақпарат құралдары облыста, қалада және өнірлерде өтіп жатқан өзгерістер туралы үнемі жариялад отырды және сақталған мұрагаттар мен күні кеше болғандай естеліктер өткен уақытта болса да, халық игілігі үшін жасаған басшыларға деген мактандыш және құрметпен ой айтуға мүмкіндік береді. Ал егер олардың барлығы менің қатаң және өз қағидаттарына берік ағам басқарған обкомының тұрақты бақылауында болғанын ескерсек, онда бұл естеліктер маган, қала мен аймақтардың барлық тұргындарына Көкшетау облысы мен Көкшетау қаласының өркендеуі мен жасарып гүлденуі, қуатты болуы бәрімізге де маңызды және өте қуанышты, мән-мағынасы бөлек.

Ағам қай жерде жұмыс істесе де, халықтың әл-ауқатын, өмір сұру деңгейін арттыруға бар күш-қуатын жұмсады, қамқорлық жасады, ол мәселелер әрқашан бірінші орында тұрды. Осы қамқорлығы мен адамдарға деген ықыласы үшін халық оған осы күнге дейін риза, оны құрметтейді және ұмытпайды. Облысқа басшылық ету кезеңінде аудан орталықтарын, елді мекендерді және шағын ауылдарды дамыту бойынша көптеген жұмыстар атқарылды. Дәл осы жақсы көрсеткіштер облысының ауылды қайта құру және жандандыру бойынша республикада жетекші орындар алуға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда Ақмола облысының орталығы саналатын Көкшетау қаласын дамытуға, құруға және абаттандыруға қосқан шексіз үлесі үшін кейде ынғайсыздау болса да өз туган-туыстары, ардагерлер, тұргындар, ендігі жерде ұрпактары атынан зор алғыс пен ерекше құрмет білдіруге болады. Ол шағын қаладан тың игерудің нағыз гүлденген орталығына айналды. Бұл жайында «Менің уақытым туралы» кітабында жақында өмірден өткен, ал 1968-1973 жылдары, оның қалыптасуына – Көкшетау қалалық атқару комитетінің төрағасы болған Евгений

Петрович Красноперов сенімді және айқын түрде айтады. Ол облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының барлық ойға алған жоспарларының орындаушысы болды. Сол уақыттағы жағдайы қазір біздер көріп жүргендегідей жақсы деңгейде емес еді, ол қаланы жаяу аралап, өз көзімен көріп, абаттандырылмаған және асфальт жамылғы төсемліген көшелерді тәргіпке келтірді, аббаттандырып, гүлдендірді, шан-қоқыстан тазартты. Ардагер өз кітабында төмендегідей жазба қалдырган: «1968-1973 жылдар аралығындағы кезең қаланың қалыптасуы үшін негізгі уақыты болды. Қаланың өркендеуі үшін өлшеусіз үлес қосқан, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков облыс орталығының проблемаларын шешуге Қазақстанның көптеген министрліктері мен ведомстволарының зерттеу және жобалау институттарының мамандарын тартты. Еркін Нұржанұлы қаламен алғашқы танысады менімен бірге, көп жағдайда жаяу және жексенбі күндері жүргізіп, салынып жатқан үйлердің жогарғы қабаттарынан немесе Бұқпа шоқысынан қаланы жиі шолып, оның құрылышы бойынша белгілер жасайтын. Е. Н. Әуелбековтың бастамасымен 20 жылға арналған қаланы дамытудың бас жоспары әзірленді. Оны жүзеге асыруда 30 Министрлік пен ведомство, оның ішінде кейбір одактық ведомство қатысуы тиіс болатын. Осы бір гана мысал қаланың әлеуметтік дамуының күрделі міндеттерін шешуге мемлекеттік көзқарас ауқымын көрсетеді, және оның болашақ перспективаларын иелену оны шығармашылық қызыметтің барлық жылдарында сүйемелдейтін болады, бұл оның көрнекті басшы және ұйымдастырушылық таланты туралы айтады. Жоғарыда көрсетілген белгілерден басқа қалада баспахана, АТС, бас пошта, тұрмыстық үй, облыстық кітапхана гимараты, қазіргі заманғы «Көкшетау» сол уақыттағы В. И. Ленин атындағы мәдениет сарайы, екі конак үй, спорт кешені, партияның облыстық комитетінің гимараты және саяси агарту үйі салынған. Осы кезеңде 1-ші және 2-ші Кеңес ауруханалары деп аталатын екі барак үлгісіндегі гимараттың орнына облыстық және қалалық аурухана кешендері, тубдиспансер, 3 емхана, медицина училищесі гимарат салынды және ашылды. Халыққа білім беру нысандарының материалдық

базасы жаңа № 1,3,5,6,7,13 мектептермен, автокоалашықтағы қазақ мектеп-интернатымен, 4,2 мың орындық мектепке дейінгі балалар мекемелерімен толықты. Жаңа гимараттарда жаңадан ұйымдастырылған автожол, кітапхана техникумы, музика мектебі орналасқан. Құрылышылардың білікті кадрларын даярлау үшін ГПТУ ашылды. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, жас техниктер стансасы ұйымдастырылды. Қала және облыс өміріндегі маңызды оқиға кейін Ш. Уәлиханов атындағы педагогикалық институт ашылды, кейін университет болды. Қурдели салымдарды құю құрылыш индустриясының қуатты базасын құруға ықпал етті: үй құрылышы комбинаты, темір-бетон бұйымдары зауыты, ағаш өңдеу комбинаты, № 2 кірпіш зауыты, қазіргі бар құрылыш ұйымдарын нығайтуға және жаңа құрылыш ұйымдарын құруға, тұрғын үй құрылышының қарқының арттыруға мүмкіндік берді, ал қала картасында жаңа шағын аудандар: Боровской, Юбилейный, Центральный және элеватор кенті пайда болды, қаланың орталық ауданында құрылыш белсенді жүргізілді, бульвар типтес көшелер, скверлер салынды. Қаланы абаттандыру және көгалдандыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілді, мәселен, 1968 жылы мениң ағам жұмысқа жаңадан кіріскең уақытта бір гана орталықтағы К. Маркс көшесі асфальтталған болса, 1973 жылға таман автобус қозғалысы жүзеге асырылған барлық негізгі көшелердің бәріне дерлік асфальт жамылғы теселді. Дәл осы кезеңде қалада және оның айналасында ең көп ағаштар мен бұталар отыргызылды, қаланың айналасында жасыл белдеу салынды, ал қаланың онтүстік бөлігінде саябақ салынып, онда балалар темір жолы ашылды. Қысқа мерзімде Ленинградтық «Монумент» зауыты Ш.Уәлиханов пен В.Куйбышев ескерткішін жасап, қаланың көрнекті жерлерінде орнатылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында каза тапқан жауынгерлерге арналған обелиск салынды, Кенес Одағының Батырлары мен батыр қалалардың аллеясы салынды және әскери ерлік пен каза тапқандарды еске алу белгісі ретінде «Мәңгілік алау» Данқ мемориалы орнатылды.

Еркін Нұржанұлы осы жылдар ішінде дарынды басшы ретінде гана емес, көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер

ретінде де өсті. Ол бірнеше рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің және Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясы ОК және КОКП ОК мүшесі болып сайланды. Оның беделі Қазақстан мен Кеңес Одағының мемлекеттік және саяси элитасының ең жоғары сатыларында танылды. Ағамның Торғай облысына ауыстырылуына оның облысты, әсіресе Қекшетау қаласын одан әрі дамыту жөніндегі жоспарларын үзді. Осы уақытқа дейін Қопа көлін тазалау жұмыстары жүргізілген жок, қала орталығында жоспарланған жастар сарайы мен жасөспірімдер сарайы салынбады, көлдің айналасындағы ескі құрылыштар аумағында мәдениет және демалыс саябағы бар жасыл аймақ жок, бульвар типтес көшелер өзінің кисынды аяқталуын таппады, сонымен қатар оның жайластырылған бөлігі көп жағдайда кираган, сондай-ақ ол көзделген және жобалаған тағы басқа жоспарлары орындалған жок.

Оның Торғай облысындағы жеті жылдық жұмысы атальыш өнірдің әлеуметтік дамуы мен экономикасының өсуін айтарлыктай жаңартты. Облыс тек республикада гана емес, сол кездеңі үлкен елде лайықты аймақ ретінде танылып, екінші деміне ие болды.

Және мен осы өнірдегі еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Тәліп Әбішевке менің ағамды «үлкен есімді тұлға, мемлекеттік ауқымдағы басшы, Отанымыздың нағыз патриоты ретінде» танытып жариялаган макалалары үшін ризамын. Оның макалалары «Ол ар-ождан адамы болды», «Қауіпті бәсекелес», «Ол өз халқының нағыз патриоты еді» деген атаулармен шыққан еді. Бірақ, менің ағама, әсересе, ол үш жылдан артық жұмыс істеген Қызылорда облысы жұртшылығының айтар алғыстары көп, осы аз уақыттың өзінде ол бұл қын облыс пен онда тұратын барша халықтың тарихында жарқын із қалдырыды, ондағы ауыл-аймақ, жұртшылық оған бар жасаған иғілігі үшін осы күнгіс дайін риза. Дәл осы Қызылорда қаласында орталық көшелердің бірі оның есімімен аталуы да бекер емес, мүсіні орнатылған мектеп-лицей ағамның есімімен аталады, оның өмірі мен қызметі туралы үнемі тәжірибелік конференциялар өткізіліп тұрады, өмірбаяндары

бар кітаптар жарық көруде. Бұл тұрғыда маган неге оның тарихи Отаны, жетекшілік талантты және өз халқы үшін бәрін жасаған дана саясаткерлігі кеңінен ашылған - берекелі Кекшетау жерінде, оның орасан зор еңбегіне, өзінің ризашылығы бар халқының, сондай-ақ оған бұрынғы Кеңес Одағының жоғары басшылығы берген бағасының лайықты түрде берілмеген түсініксіз. Иә, қалада оның есімі берілген көше бар, жақында ол облыс басшылығының алғашқы жылдары тұрған үйінде барельефі бар мемориалдық тақта жаңартылды, бірақ бұл шара да менімен бірге ашылуында болған жолдастары мен ардагерлердің, бұрынғы серіктестерінің арқасында жүзеге асты. Бірақ бұл облыс үшін, әсіресе әр аудан, белгілі әлеуметтік нысан, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін кәсіпорындар оның есімімен байланысты қала үшін өте аз. Тіпті оның бейіті жатқан туған ауылы қарайтын Г. Мұсірепов ауданында, көп жылдан бері саябақта бюст орнатылған. Ал Кекшетауда ше? Көп жылдар бойы ардагерлердің күш-жігерімен, оның достары ескерткіш, содан кейін тіпті бюсті орнатуга тырысты, бірақ басталған іс-шара аяқсыз сез жүзінде қалды, көріп отырғанымыздай орнынан қозғалған жоқ. Ал мұның себебі неде? Осы сауалға облыс пен қаланың атқарушы және заң шыгарушы билік басшылары жауап беруі мүмкін. Оның мерейтойына – туғанына 90 жыл толуына орай, осы өнірге едәуір еңбегі сіңген агама деген басқа көзқарасты көреміз деп үміттенеміз. Бұған ардагерлердің беделі де ықпал етеді деген сенім мол.

Құрметті оқырман, мен қандай да бір жалпылама материалға үміткер емеспін, сондай-ақ менің естеліктерім көп жағдайда мұрагат материалдарына, еңбек сінірген басшылар мен саяси кайраткерлердің сөздеріне негізделген, және де сол жылы сөздері мен жарқын естеліктері үшін оларға айттар алғысым шексіз.

*Күләш ӘУЕЛБЕКОВА,  
Еркін Нұржанұлының қарындасы.*

## **ЕРКІН НҰРЖАНҰЛЫ ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР**

Еркін Нұржанұлы туралы өткен шақта айту өте қын.

Бұл адамдар үшін, халқы үшін иғі істер жасауға тұган осы сәздердің шынайы мағынасындағы нағыз тұлға, азамат, патриот болап саналады.

Оны жақсы билетін жандардың барлығы бір өзіне ғана тән табиғи ұйымдастырушылық талантына таң қалады.

Ол қай жерде жұмыс істесе де, нақты сол өнірге қатысты мәселелерді дәп басып, оларды шешу жолында өзінің іскерлігі мен шебер ұйымдастырушылық қабілетін жұмылдыра білді, жан аямай, тынымсыз енбек етті.

Осы орайда оның Арап өнірінің өзекті мәселелерін әлденеше рет еліміздің үкіметі деңгейінде және халықаралық форумдарда күн тәртібіне шығара білуінің өзі үлкен маңызды мәселе десек кателеспейміз.

Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеген кезеңінде ол осы мәселелеге жүртшылықтың назарын аудару үшін барын салды. Ол республика басшылығын, одак көлеміндегі органдарды Арап тенізінің экологиялық апатты өнірдегі ел тіршілігіне кері әсерін тигізіп жатқанына айрықша көңіл бөлді, олардың назарын аударды. Суармалы аудандардың ауыл тұрғындары тұзды, тыңайтқыш қалдықтары, пестицидтер, өзге де ауыл шаруашылығы қалдықтары бар ирригациялық каналдардан ауыз су тұтынып отыргандығын айта келе, осы өнірде өлім-жітім деңгейі артуда дәп сендірді. Ол Арап тенізінің бассейні экологиялық тепе-тендікті қалпына келтіру үшін жедел және көлемді, үйлестірілген көмекті талап ететін экологиялық апат аймагы болып табылатынын тікелей мәлімдеген. ОК мүшелері бас изеп келісім танытқандарымен, алайда мұндай өткір, әрі өжет сөз сөйлеулер республика басшылығына әрдайым ұнай бермегені анық.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының жағдайын асқан ыждағаттылықпен, істін мән-жайын терең зерттей отырып, саралаған адамдар саусақпен санарлық қана. Оның үстінен Еркін Нұржанұлы өз ой-пікірінен ешуақыт бастартқан емес,

сандарды, фактілерді келтірді, талдау жасады, сендірді. Ол сез сейлекенде тыңдаушы қауым, оның туралығына, батылдығына, бүкіл дүниені шынайы жақсартуға деген ниетіне үнемі таңқалатын.

Орталық Пленумының трибунасына Еркін Нұржанұлы шыққан кезде, әдетте залда тыныштық орнайтын. Ол міндепті түрде маңызды, салмақты, қажетті нәрсе айтатынын бәрі білетін.

Еркін Нұржанұлының тағдырын, оның өмірлік жолын ойлай отырып, біз оның белгілі бір қоғамдық-саяси жағдайларда қалыптасқанын түсінеміз. Оның ерекше жеке қасиеттері, мектепте, жогары оқу орнында танытқан терең қабілеттілігі мен үздік окуы, оған турасын айтқанда, әркім қол жеткізе бермейтін биіктіктерге көтерілуіне кеңінен мүмкіндік берді.

КОКП ОК мүшесі, КСРО Жоғарғы Кенесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері – осының барлығы оның еңбегі, талантына, ақылына, оның аса көрнекті ұйымдастыруышылық қабілетіне деген лайықты құрмет.

Сонымен катар Еркін Нұржанұлы әлі де болса бірқатар ауқымды істерді тындыратын еді, оған оның күш-қуаты толық жететін. Ол жағдайды мұқият талдай отырып, қазіргі реформалардың барысы туралы көп ойлады. Бұл мәселелер оның соңғы жылдары және өмір сүрген күндеріндегі ой-өрісінің жемісі болды. Әрине, ол XXI ғасыр қарсанында экономика мен қоғамның біртіндеп ырықтандырылған даму үрдісіне айналатынын, әлем ашықтық пен демократияға ұмтылатынын, өтпелі елдерде, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан экономикадағы жүйелі трансформациялық процестер еркін нарық экономикасына жылжуудың әбден занды эволюциялық кезеңдері екендігін анық түсінді.

Сонымен қатар, оны халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі – жұмыссыздықтың өсуі, әлеуметтік қорғалу деңгейінің төмендігі, деңсаулық жағдайының нашарлауы, білім беру деңгейінің төмендеуі сияқты өткір мәселелер қатты мазалайтын.

Бұл жағдайда ол республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын реттеудегі

мемлекеттің рөлін тәмендетпеу үшін барын салды. Өйткені, кез келген өзгерістер, реформалар ең алдымен қаралайым адамға бағытталуы тиіс, олардың басты мақсаты – оның өмір сүру жағдайын жақсартуға қызмет ету. Егер осындай міндет қойылмаса, бұл жағдайда мұндай реформалар тиімсіз деп білді.

Менің ойымша, бұл ұстанымда оның даналығы, өз халқының тағдыры туралы терең ойлары, оның халықты шамадан тыс күйзелістерден сақтап қалу ниеті көрініс тапты. Егер оның білімі, таланты, қабілеті сұранысқа ие болса, ол өз халқының игілігі үшін әлі де көп нәрсе жасайтын еді.

Бұл адам жасампаз, өте іскер болды. Сол кезде онымен жұмыс істеген әрбір адам Еркін Нұржанұлы туралы көптеген азыздар жүргенін есіне алады. Бұл оның адамгершілігін, достыққа адалдығын, шынайы басшы екендігін сипаттайтын азыздар болатын. Бүгін бізге дәл осындай – өзінің жеке басының қамын жемейтін, жақын адамдары мен отбасының игілігі туралы ойламайтын адал, барша халқының тағдырына бой ұрган қайырымды, әрбір іс үшін жаны ауыратын адамдардың жетіспейтіні өкінішті.

Жоғары мемлекеттік деңгейдегі басшының ауқымы, ойлау тереңдігі, істің шынайы жағдайын білуі оған ұсак-түйек, жеке мәселелер туралы сөз қозғауға мүмкіндік бермейтін. Ол әрдайым келелі міндеттерді шешуге ұмтылды, өз халқы туралы ойлады. Бұл өз халқының шынайы, талантты көшбасшысы болды. Министр, министрлер Кеңесі тәрағасының орынбасары болып жұмыс істей отырып, менің кейде әлеуметтік салага байланысты жекелеген мәселелер бойынша оған жүгінуіме тұра келді. Оның мінез-құлқын, ең аз деген кемшіліктерді қалай қабылдайтынын біле отырып, мен әрдайым: «Еркін Нұржанұлы, бұл мәселеде сіздің жергіліктілер кінәлі емес, жай ғана көмектесу керек, жағдай солай болып тұр», - деп ақырын айтатынын. Ол үнемі сөл ғана күліп: «Қобалжыма қарындасым, мен барлығын керек етіп жасаймын», - деп айтатын.

Әрқашан өз өмірінің соңғы қүндеріне дейін кездескен кезінде мені «қарындасым» деп ататын. «Сіздің қалыңыз

қалай, қарындастым?» Және бұл кезде оның көздері ерекше жарқын сәуле мен жақсылыққа бөленетін.

1999 жылдың қантар айының соңында теледидардан Еркін Нұржанұлы қайтыс болғанын естігенде, мен шыдамай көзімे жас алдым. Оны сақтай алмағандықтың ауыр да ашы қайғысынан жылап жібердім. Бұл біз үшін орны толmas қаза еді. Өйткені ол өз халқының көшбасшысы болды, ол оның қыындығымен өмір сүрді, оның өмірін жақсарту үшін жұмыс істеді. Оның рухы, оның есімі, бейнесі әрдайым бізben бірге болады! Мұндай адамдар ешқашан өлмейді! Халық тірі болғанша оны әрдайым есте сақтайтын болады. Оның жарқын есімі Қазақстан тарихына, халықтың тарихына мәңгіге жазылған.

*Манура АХМЕТОВА,  
Қазақстан Республикасының  
вице-премьері.*

## **ОСЫ ЖҰРТ ЕР МӘНТАЙДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?**

Жүректің төрінен орын беріп, мақтан тұтып аялап отырган асыл сріміз қадімгі когілдір Кокшепің, қазақ елінің сүйіктісіне айналған Социалистік Еңбек Ері, Көкшетау облыстық тәжірибе станциясының атақты шопаны Мәнтай Сәрсенұлы Әлкебаев қой. Еңбек Ері атанаң, халық қалаулысы болып сайланған сәтте облыстық басқару тізгінін ұстаган ел ардақтысы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков Мәнтайды туган бауырындай құрметтеп, мәртебелі жиындарда төрге шығарып, үнемі ілтипат білдіруші еді.

Уақыттан өткен құдірет жоқ-ау, сірә. Небір асылдардың ай нұрлы жүзін уақыттың шымылдығы көлеңкелеп, көмескі тарттыратыны бар. Бәлкім, кейінгі ұрпақ өзі өмірден өтсе де өнегесімен, бір кездегі адап еңбегімен, ерен ерлігімен қаншама гибрат ұқтырып жататын тұлғалардың ел есінде еміс-еміс сақталған бейнелерін сол уақыттың тозаңынан аршып алғып, қәдеге жаратса, елдік істің санатына жатпас па еді. Өз заманында атақ-данқы асқақтаған, қеудесіне адап еңбегінің қайтарымында Алтын Жұлдыз қадаған Мәнтай Әлкебаевтың есімін қазір кім біліп жатыр. Олқылық па, олқылық?! Жоқ іздеген жолаушыдай өткеннің өмір сабактарынан еліміздің абзап азаматтарының ерлік дастанын ежіктең оқысандыз, мен мұндалап тұратын-ақ есім.

Мәнтай Сәрсенұлы еңбек әліппесін 1951 жылы қабырғасы қатып, буыны бекімеген он бес жасында Көкшетау ауданындағы №111 жылқы зауытында жылқышының көмекшісі болып бастаған. Жас балага желмен жарысқан жылқы бағу қайдан оңай болсын. Дала сырын дархан көкірегіне тоқыған арыдағы ақсақалдар жылқыны сол жылқының өзіндегі қайратты адам гана бағады дейтін. Төрт түлік малдың ішіндегі тегеуіріні қатты, бағу мен бабы шиыршық атқан жылқы ішіне кіруі бозбаланың бозекпе еместігін аңғартса керек. 1956 жылы жиырмага толған Мәнтай сол уақытта екінші тың аталаң, елдің бәрі жаппай иінін илеп жатқан қойшының құтты таяғын қолына ұстайды. Тегін тандау емес еді. Өйткені, әкесі Сәрсен де қойшы болған.

—Мәнтай Сәрсенұлын жақсы білемін. Елімізге сіңірген еңбегін де, ажарлы азаматтық бейнесін де, кіслік қасиеттерін де, — дейді Баратай ауылының тұмасы, бүгінде Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрагасы Шияп Шарапұлы, — Баратайдың аргы бетінде

ұйыса өскен қалың қайың шоктарының бауырында ата коныстарынан қалған белгі әлі жатыр. Әлкебай әuletінің жұрты. Мәнтайдың экесі Сәрсеннің енбек десе ішер асын жерге коятын жансебіл адам болғандығын, ортақ істен бір сәт бас тартып көрмеген қогамдық жұмысқа жана шырылығын біздің елдің көнекөз қариялары әдемі аныз қылып айттын. Тіпті кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде Сәрсен атамыз майданнан броньмен босатылған. Ол уақытта бронь эскери зауыттың мамандарына, ірі лауазымды қызметкерлерге берілсе керек кой. Ал қойшыға бронь берілуі кездесе бермейтін жай. Соған қараганда, кан майданға қажетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, кой басын өз төлі есебінен көбейтіп, игіліктің иесі болып отырган Сәрсен атамыздың еңбегін бағалаган гой. Ал Мәнтай аға заманында, атақ-абыроны аспандап тұрған шағында ешқашан асып-таспаған, мактануды білмейтін марқасқа еді. Бар білере ел қамын ойлау. Осындай азаматтардың ерлікке толы ғұмырын қайта жаңғырту, есімдерін ұмытпайтындаи шаралар қарастыру кейінгі ұрпақтың парызы.

Көкшетау қаласынан таяқтастам жердегі Ұялы ауылында шопанның аға көмекшісі болып кой бағуды колға алған Мәнтай Сәрсенұлы арада аз уақыт өткен соң тындырымды еңбегімен көзге түсіп, өзі де жеке отар алып, аға қойшы атанады. Қазіргі күні гой еңбектің кадірін елеп-екшей бермейтін біреулер, құдай-ау, аға қойшылық та айтуға тұратын лауазым болып па деп ойлауы мүмкін. Білетіндердің айтуына қараганда, бар шаруашылық бетіне қарап отырган бір отар қойды жөпшененді кісіге сеніп тапсыра қоймаган екен. Өйткені, ол дегенініз құллі шаруашылықтың ортақ табысына қосылатын қомакты үлес.

Кой багу тансық іс емес еді. Экесі де қой бақсан, мал жайын жақсы білетін Мәнтай Сәрсенұлы 1964 жылы отарындағы 2217 қойдың әрқайсысынан 7,1 килограмм жұн қырықты. Осы көрсеткішті бағамдау үшін көне газет тігінділерін, өткен замандағы қойшылардың еңбегін қаужайтын естеліктерді сүзіп, сараладық. Кейде екі жарым-үш килограмнан жұн қырыққандар болған екен. Бәлкім бұл орта, әйтпесе ортадан төмен көрсеткіш. Эр қойдан 4-5 килограмм жұн қырқу кез-келген қойшының маңдайына жазыла бермейтін сыбага. Ал жеті килограмнан асырып жұн қырқу ерен жүйріктің ғана шығандай шапқанда қол жеткізетін көрсеткіші.

Оз ісіне асқан жауапкершілікпен қараган Мәнтай Сәрсенұлы 1965 жылы езінің алғашкы рекордтық көрсеткішін жаңғыртып,

отарындағы әр бастаң 7,8 килограмнан жүн қырқады. Дәл осы дәүірдегі статистиканың қасаң тілімен өрнектейтін болсақ, қырқылған жүннен тұл-тура мың дана ерлер костюмін тігуге болады екен. Бір отар қойдың жүнінен мың костюм. Міне, осы табысы үшін Мәнтай Әлкебаев КСРО Жоғары Кенесі Президиумының Жарлығымен 1966 жылдың 22 наурыз күні Социалистік Еңбек Ері атанып, кеудесіне Алтын Жұлдыз қадады. Алтын Жұлдыз бар мұратын адаптациялық тапқан адаптациялық жүректі, қарапайым қойшының қеудесінде күн нұрындай жарқырап, шуағын төгіп тұрды. Өзі де алтын жұлдызыға лайық парасаты мол, кісілігі көп қеуде болатын. Бір қызығы, Еңбек Ері атанып, данкы аспандап тұрганда Мәнтай Сәрсенұлы небары отыз жастағана екен. Отызында орда бұзып, аскар таудай атаққа шығуы, абырай арқалауы ғажап көрініс емес пе.

Әр жыл сайын тамаша табыстарға жетіп жатқан таяғы құтты қойшының абырайы одан әрі аспандай берді. Алтын Жұлдыздың жанына Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендері мен әлденеше медальдар тағылды. 1963 жылы Мәнтай аға Қазак ССР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланды. Ел сенім артқан, үміт еткен Еңбек Ері қарапайым ауыл тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға білек сыйбана кірісті. Бұл кезде қолынан қой бағуғана емес, халықпен тілдесу, үлкен істерді ұйымдастыра білу қабілеті мол Мәнтай Сәрсенұлы белімше менгерушісі болып тағайындалған болатын. Осы жылдары елге бұрын жүргізілмеген автобус жүргізілді, ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсететін кең де жарық клуб үйі салынды. Бастауыш белім ошагы орталуа мектепке айналды.

—Мәнтай аға кең жүректі, абзал ниетті азамат еді. Ол кезде ауыл адамдарының мұқтажы таусылған ба? Өтініш айта келгендердің ешкайсысын құр жіберген кісі емес, — дейді облыстық ардагерлер кенесі төрагасының орынбасары Амангелді Ақынов, — көзіміз көрген соң айтамыз, өзіміз де сол кісінің тәлімді тәрбиесін ұқтық. Жарықтық, өз ісіне жан-тәнімен берілген, жауапкершілігі жоғары адам еді. Тапсырылған істі таптүйнақтай қылып атқаратын. Тіпті сол кезде Мәнтай Сәрсенұлы істеген істі тексерудің де еш қажеті жоқ дейтүгүн пікір жиі айттылуши еді. Өйткені, бастаған ісін жеріне жеткізе атқару ол кісінің сүйегіне біткен дағды.

Абзал аға осы ауылдағы тағдырдың жазуымен жетім қалғандарды балалар үйіне жібермей, бауырына басып өзі баққан

екен. Өз перзенттерінен кем көрмеген. Тіпті кейін әлгі балалар ат жалын тартып мініп, азамат атанғанда да қамқорлығынан қағыс қалдырмаған. Еңбегі анызға айналған, кіслік келбеті, адамгершілік қасиеті кейінгі жастың темірқазық нысанасы болған Мәнтай Сәрсенұлы небары 59 жасында өмірден озған. Аз гүмір еңбекпен жазылған өнегелі шежіреге толы.

Заманында көрнекті қalamгер, жерлесіміз Естай аға Мырзахметов те «Тынымсыз жігіт» деп аталатын көркем әңгімеге бергісіз очерк жазған еken. Жазушы өз дүниесінде Еңбек Ерінің қол жеткен табыстарымен қоса, ішкі жан-дүниесінің, рухани әлемінің таңының мөлдірекен шығындаі тазалығын да қоса өріпті. Бәлкім, ерлік іс рухы биік, жаны таза адамның ғана қолынан келетін шығар. Арада жылыстап жылдар өтті. Бір кездे есімі елге мәлім болған Еңбек Ері туралы тіс жарып айттып жатқан да ешкім жок. Қалылған тірліктиң жетегінде жүріп өткеннен өгейсіреп бара жатқан соң қарымтасын қайтарар бір ұсыныс айтталық. Оның үстіне осы кітаптағы, басқа да басылымдардагы абзал жерлестіріміз туралы естеліктерді Кекшениң мактандыши аяулы Еркін Әуелбековтың биылғы 90 жылдығына орайластырып жаңғыртып жатырмыз гой. Ал Мәнтай ағамызды Ерекенің ерекше құрмет тұтқаның сөзіміздің басында айттық. Жаңағы ұсынысымызға оралсақ, Мәнтайдай есіл ердің есімін ел есінде сақтау үшін өзі жан аямай еңбек етіп, мәндайының терін сіңірген Зеренді ауданының орталығындағы бір көшеге из болмаса мектепке есімі берілсе еken дейміз. Кезінде жалғыз ғана Ұялы ауылының, облыстық тәжірибе станциясының абырой-данқын барша елімізге мәлім еткен Социалистік Еңбек Ерлері Мәнтай Әлкебаев пен Фрида Литау, Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Петр Рау, Шайдолла Хасенов, Сейілбек Ғабдуллин сынды озаттарға шынайы құрметтік белгісіндей облыс орталығында мемориалдық «Данқ тақтасы» қойылса нұр үстіне нұр болар еді. Еңбек адамын дәріппеу жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі де сан мәртебе айтқан жок па. Өскелен үрпакқа үлгі боларлықтай шаруаны тезірек қолға алсақ, елдің еңсесін бір көтеріп тастар едік.

*Байқал БАЙӘДІЛОВ,  
Балталы СӘРСЕҢБАЕВ,  
Қазақстан Журналистер  
одагының мүшелері.*

## **ЖОМАРТ ӨМІР ІЗДЕРІ**

Барлық тірі жанға жүректен шыққан жылы естелік керек. Облыстың көптеген қарт адамдарының жадында жақында гана біздің тың өлкеміздің Әуелбеков бастаған жылнамасы есте қалды: 1968-1978 жылдары Қекшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Еркін Әуелбековтың туганына 75 жыл толды. Оның өмірін зират тақтасында жазылған 1930-1999 жылдарға сыйғызу қын. Оның өмірі біздің бүгінгі естеліктерімізде, мойындалу мен құрметтеп биік болған, оның шын мәніндегі бүкілхалықтық махаббаты арқылы жалғасын табуда. Бұл шынайы махаббат еді. Халықтың өзінің ең бір сүйікті тұлғасына деген махаббаты.

Еркін Әуелбековтың кәсіби және адамгершілік беделі, біздер бүгіндері елестеткеннен әлде қайда биік болды. Бұндай тексті бедел көпшілік алғысымен көмкеріледі, ал жұрт арасындағы сөздер оған қасиеттілікке тән парасаттылықты тағады. Әуелбеков тірі кезінде де, өмірден өткен соң да – Адам болып қалды. Ол әрдайым табанды жандарды сыйлады, себебі өзі де нағыз тұлға болатын.

Табиғаттың өзі оның бойында Кеңес режимі кезеңінде кіршіксіз партиялық мәнсап жасап, ол құлаған соң аяқта нық тұрып қалуға және жаңа іс бастауға көмектескен ерекше қасиеттерді тоғыстырыды. Халық пен мемлекет істері сөз болған уақытта, ол өзінің өмірлік күшін аяп қалған емес. Сондықтан болар облыстың өзге де отбасыларындағыдай, біздің отбасымызда да Еркін Нұржанұлының есімі әрдайым ерекше құрметпен айталағытын. Менің әлем, ол туралы сөз қозғаганда, бала шагынан бойында кір шалмаған руханияттылығы бар киелі көкше жерінің ұлы перзенті, өз халқының алдындағы нағыз зиялды адамның өтейтін парызын үнемі сезінетінін атап өтетін.

Қагидаттарға толы, ұшқыр ойлы жан ретінде Еркін Нұржанұлы, үлкен ұят сезімі бар жандарға көп қуаныш сыйлайтын, әрі мына әлемде орнын толтыру қын рухани

күштің шынайы бағасын білді. Онымен кей-кездері келісім табу қыын болатын, бірақ келіспеу де мүмкін емес еді. Өте қатал, талапшыл, қагидатшыл, көп сөзді ұнатпайтын, бірақ қазақ халқының нағыз ұлы ретінде, ең сенімді, дұрыс, дөп түсетін, образды және көркем сөздерді тауып айта алатын, өзге жандар ойлай бермейтін көп істін салдарын алдын ала сезінетін, басқалардан көбірек білетін жан еді. Құрылыс, кәсіпорын, оку орындары мен шығармашылық ұжымдарда болған кезінде Әуелбеков айналасындағыларды өндірістің әр түрлі салаларындағы терен хабардарлығымен таң қалдыратын. Ол барлық нәрсеге қызуғышылық танытатын. Кейде тіпті, болмашы дүниеге де көңіл бөлөтін, бірақ бірінші тұлға үшін ұсақ-түйек деген ұғым жоқ... Темірдей тәртіп, белсенділік, және жер бетіндегі бар байлықтан биік бір дүниеге ұмтылған, оның замандастарына тән құнды қасиеттердің бірі адамгершілікке қызмет ету ісі болатын, оның барлық еңбек жолында бірде-бір емделу парагы болған емес. Шынын айтқанда Әуелбеков: «Бұндай жандардан шеге жасау керек. Әлемде бұдан мықты шеге болmas еді», - деп айттатында адам болған жоқ. Ол терезенің ар жағындағы жаңбырлы түнде бетін қолымен жаба көз жасын төге алатын, күн батқан уақыттағы теңіз бетін жалқан көз шағылыстырап сәулеге, ормандағы керемет көрініс пен тыныштыққа, адамдардың ізгі істері мен ақылына тамсана алатын шынайы жан еді. Көкшетау қаласында драма театрын салу, музыкалық мектеп пен облыстық филармонияға жақсы гимараттарды ұсынуды талап еткен дәл осы Әуелбеков болатын. Оның көп мәрте көрсете білген табанды қүш-жігерінің арқасында Васильков КБК және К. Маркс көшесі бойындағы көпқабатты үйлердің құрылысына қаражат бөлінген еді. Осы күнге дейін қалаға сән беріп отырган, Көкшетау қаласының орталығы Әуелбеков басшылық еткен жылдарда салынған құрылыстар. Мен 70-жылдардың басына, балалық шақтың алыс еліне және адамның ең бақытты өмір кезеңіне ораламын. Профессиональный және Гагарин көшелерінің киылтысында, ауладағы баталардың қуанышына орай арасында сазы бар бір үйме құм жатыр, оның жанында таудай болып құрылыс

материалдары үйілген – бұның барлығы жылдам түрде облыс басшысы тұратын екі қабатты зәулім үй салу үшін қажет дүниелер. Енді аз уақыттан соң ұмыт болған менің балалық шағымның өлкесі, - жол салынып, ағаштар өсіп, гүлзарлар отырғызылып элиталы құрылыш алаңына айналады. Бұрын Әуелбеков үйі Көкшетау қаласының нағыз жүргегінде, Ленин (Сәтпаев) көшесіндегі үш қабатты жеке үйде орналасқан. Дәл осы Әуелбеков қаланың көп аудандарын әдемі тұрғын жайларға айналдыра алды, облыс орталығында «Юбилейный» және «Боровской» шағын аудандары пайда болды, элеватор кенті, автоқалашық қайта құрылды. Тіпті өзінің еңбек демалысын республиканың бүкіл өнірі үшін үлкен жауапкершілік алған жан, көп жағдайда мәскеулік қабылдау бөлмелерінде өткізді – себебі, аса маңызды объектілерді салу үшін қаражаттың қажеттілігін ең жоғары деңгейде дәлелдеу қажет болды. КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Николай Косягин Еркін Әуелбековты өз дегеніне жететін табанды қазақ деп атайдын.

Кейде жүректегі ауыртпалықсыз, оның жақын серіктестерінің, окушыларының, пікірлестерінің адами мойындауларын оқу мүмкін емес. Еркін Әуелбеков есімінсіз кенес дәүіріндегі қоғамдық үдерістің тұтастығы мен құндылығын түсіну де мүмкін емес. Бұл үдерісті кезеңнің бастамашысы болып табылатын адамға тиісті баға беру – біздің борышымыз.

Еркін Әуелбековтың жерлестері оның батыл қадамы: зейнеткерлікке шыққаннан кейін ол өзінің кіші Отанына – Рузай ауданының Жаңасу ауылына оралып, өтпелі кезеңнің киын жағдайларында (90-шы жылдардың басы) өз халқымен қалып, оған жайғана өмір сүруге емес, өзіне, өз күшіне сенуге көмектескендігін ешуакыт ұмытпайды. Аудандағы үлгілі шаруа кожалығының біріне айналған кәсібін құруға, ол өзінің бірегей ұйымдастыруши таланты және бүкіл тәжірибесін ортага салды.

Адамдардың есінде нағыз патриот, жақсылық жасаушы жан, мемлекеттік ауқымдагы қайраткер есебінде калуға лайық Еркін Әуелбеков, адамзатқа қызмет етіп, қарызын

өтеуді басты орынға қоятын басшылардың қатарында болды. Және оған осы қарызын толығымен өтеуге мүмкіндік берген бақытты тағдыр бұйырды.

Ол сүйген, дамуына кеп күш пен қуатын жұмсаған Көкшетау қаласының орталығында, өзінің көпқырлы өмірімен оның есімі берілген көше өмір сүруде. Және осы қалада тұратын әрбір қарт адам өз ішінен, біздерді бүгінгі әділетті, тыныш және жарқын күнге жеткізуге өлшеусіз үлесін қосқан Еркін Әуелбековтың ескерткішін қалаға кіре беріс манда, жазық далага бет алған төбелердің етегінде орнатуды армандаиды.

*Әлия АХЕТОВА.*

## **МӘҢГІЛІК ЕСТЕЛЕКТІҚ ӘНҰРАНЫ**

Менің қолыма қалам алуыма үлкен тұлға, өз Отанының нағызы патриоты, қазақ халқының біртуар ұлы – Әуелбеков Еркін Нұржанұлының 90-жылдық мерейтойы себеп болды. 2020 жылдың 22 маусым күні ол тірі болса 90-жылдығын атап өтер еді, тіпті, оның арамыздан кеткеніне 20 жылдан астам уақыт өткеніне де сену қын. Еркін Нұржанұлы – өз заманының жарқын тұлғасы, мемлекеттік ауқымдағы басшы болатын. Оның мол тәжіриbesі, зор білімі, ұйымдастырушылық талантты Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болған кезде пайдаланылмағаны өкінішті. Ол үкіметтің немесе кез келген облысты басқара алар еді. Өкінішке орай, бұны болдырган жоқ, оның беделінен қорықты.

Сымбатты, сымдай тартылған, дене бітімі мығым, ол өмірінің сонғы жылдарының өзінде шанғымен серуен құратын. Оның жұмбак өлімі 28 қантар күні орын алды, күндіз ол шыңғымен жүріп, ал тұнде инфаркт алған. Бір күн бұрын тісіне пломба қойған, ол жерде екпе жасаған. Әуелбековты еске алғанда, оны еріксіз түрде Қазақстанның бүгінгі басшыларымен салыстырасын. Жалпыға ортақ сыйбайлас жемқорлық біздің қоғамымызды, экономикамызды ыдыратуда. Экономиканың басым бөлігі – көлеңкелі. Жер койнауындағы байлық сұраусыз таратылуда. Зейнетақы, азық-түлік пен дәрі-дәрмек те жетіспейді, бұл шынымен де осылай. Ауылдық жерлерде тұрып, мен бұл қындықтарды айқын сезінемін.

Қазіргі уақытта, біздің ұрпағымыздың ұлы өкінішіне орай, басшылық кадрларды іріктеу кезінде ұйымдастырушылық қабілеттері мен адалдық, колдарының таза болуы сияқты ұғымдар ескерілмейді және кәсіпқойлық та маңызды емес. Айналанда еңбек етушілер емес, өңкей шенеуніктер, басшылар.

Еркін Нұржанұлына тағдырдың аз уақыт өмір сыйлаганы, неткен өкінішті. Оның бар ұлылығын ұтынған соң гана, біздер бар когам және мемелекет болып, шын мәніндегі жақсы кісіні, үлкен тұлғаны жоғалтқанымызды түсініп отырмыз. Жаңа мемлекет құрылып жатқан қазіргі кезеңде, ол және оның замандастары құрган құндылықтар жоғалып, кей кездері оның жағдайды саралаудағы көрегенділігі, қогамды жаңғыртудағы мемлекеттік көзқарастың жетіспейтіндігін көріп жүрміз. Оның

құллі өмірі жанашылдық, тың дүниелер үшін құресте болғаны, және ол халқына, қазақ жерін гүлдендіру ісіне сонына дейін қызмет еткені біздің үрпақ есінде, және ол іс оның қолынан келді. Бүгіндері, қогамның барлық жігі, ең төменнен бастап, биліктің ең жоғары сатысына дейін жемқорлыққа белшесінен батқан. Дамудың бұл зиянды жауымен құрес, әзірше, біз қалайтын және көзге көрінер нәтижелерін берер емес. Өкінішке орай бұл қазіргі басшылар қызметінің кемшилігі екендігін, мойындауга тұра келеді. Ал сыйбайлас жемқорлықты жену біздің көрнекті жерлесіміз өмір сүріп, еңбек етіп, өсиет еткен жағдайда ғана мүмкін болады.

Құрметті демалысқа шыққан уақытында, Еркін Нұржанұлы өзінің серіктеріне, туған-туыстарына және жақындарына ешбір байлық қалдырмаңдар: сәнді автокөліктерді де, банктердегі есеп шоттарын да. «Мен барлығына өзімнің кір шалмаган арымды қалдырамын. Бұл менің ең үлкен, баға жетпес байлығым», - деген екен. Ал, бұндай сөздерді адамгершілігі және адами тұрғыдан құқығы бар адам ғана айта алады, оның өзі де іс-әрекеттері де кіршікіз таза болатын. Жемқорлықпен құресушілердің өздерінде жылжымайтын немесе жылжымалы мүлік, банк шоттарында қисапсыз есептері бар кезде, жемқорлықты жену мүмкін емес. Бұның барлығы қандай жолмен келгені белгісіз, шынайы еңбек терімен тапқан дүние емес екені де бірден байқалады. Е. Әуелбеков болса осы сөздің терең мағынасындағы нағыз коммунист ретінде, халқы үшін өмір сүрді, халықтың бірде-бір тиынын қалтасына баспастан адал қызмет етті. Сондықтан да бұл еңбек адамының өмірлік және еңбек жолы, ол туралы жазуға, айтуга әбден лайық.

Бұл оның замандастары үшін емес, вә халқына беріле, адаптация етудің жарқын үлгісі есебінде ескелең үрпақты тәрбиелеу үшін қажет. Бұл тарих үшін, үрпактары үшін, біздің баршамыз үшін аса қажет. Себебі, біздер Отанымыздың гүлденеүі жолында адаптация етудің жарқын үлгісі болып табылады, бұл баға жетпес мұра, барлық қазақстандықтардың игілігі, бүкіл мемлекеттің баға жетпес байлығы, өйткені онсыз жаңа қогамды жақсартуға және құруга болмайды. Сондықтан да 90-жылдығына

орай лайықты сый ретінде Көкшетау қаласының орталық алаңдарының бірінде оның ескерткішін қойып, сонымен қатар оның есімін СҚО немесе Ақмола облыстарының егінді аудандарының, Нұр-Сұлтан қаласы көшелерінің біріне беру, барша қазақстандықтардың Еркін Нұржанұлы Әуелбековтың жарқын бейнесіне деген ізгі құрметі болар еді. Өткен шак біздер үшін тарихи маңызы бар оқиғалармен, жетістіктермен, бірақ, көбіне адамдармен есте қалады. Ескі достарыммен жолыққан шақтарымызда, биыл 90-жылдығы аталағы өтетін Еркін Нұржанұлы туралы сөз қозмаған сәттерімізді еске түсіру қыын, және ол туралы тек қана жылдың сөздердің айтылатыны мені қатты қуантады. Бұл түсінікті жайт. Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау өнірлерінде тұратын көптеген замандастарымыз оның тікелей басшылығымен мақсатты және жауапты өмір сүруге, енбек етуге, жасампаздыққа үйрендік. Бірақ бұл жағдайдың өзінде ешкім, тіпті туыстары да, осы қатаң басшының қамқорлығына ие болды деп айта алмаймыз. Оның айналасындағыларға деген қатандығы бүндай қарым-қатынастарға жол берген емес. Еркін Нұржанұлы бойында сирек кездесетін үйымдастырышулық және саясаткерлік қабілеті бар, өзгелерден бұрын және алыс көре алатын, өмір бере алатын дүниелерден көпті қажет ететін, адамдарды бағалай алатын және оларды үлкен енбек белестеріне жетелей алатын тұлға болды. Ол үшін үлкен мемлекеттік және шағын жеке міндеттер бір қатарда тұрды. Осылайша ол өмірінің ең қарапайым күнін маңызды саясатқа, үлкен істерге айналдыра білді. Көпшілікті басқару өнерінін бұл түрін, бүгінгі жаңа қоғам қалыптастырып жатқан мына замандағы басшылар менгерсе жақсы болар еді. Үлкен тұлға, жогары білімді маман, өз ісінің шебері, білікті үйымдастырушы, ол шын мәніндегі халық адамы болатын. Оның көптеген салаларды саралаудагы зияткерлік білімі, маңызды шешімдерді қабылдаудагы парасаттылығы мен жылдамдығы, жұмыс барысындағы сарқылмас күш-жігері, табандылығы, баршаның таңданысын тудыратын өндірістер, кәсіпорындар кызметін үнемі бақылауда ұстау қабілеті ешқашан ұмыт болмайды.

Бұл ретте оның кішіпейілділігі, адамдарга құрметтеп, қамқорлықпен қараганы, халық ішіндегі үлкен беделге, әрбір облыс басшысы ие бола бермейтін құрметке ие болуға жол ашты.

Оны халық неліктен осыншама құрметтеді? Біріншіден, ол қарапайым жандардың мүдделерін жанкешті қоргады. Екіншіден, ол мемлекет дамуы жолындағы курескер болды, жастарға үлгі, қарттарға құрмет көрсете білді. Үшіншіден, Еркін Нұржанұлы еліміздің жарқын болашағы үшін өзін, құш-жігерін, құндері мен тұндерін аяган емес, өз әріп тестерінен де осыны талап етті, нәтижесінде лайыкты түрде қазақстандықтардың сүйікті тұлғасына айналды.

Менің Әуелбековты періште немесе киелі жан деп атайдын ойым жоқ, себебі, республикамыздагы толық бір өнірді басқара отырып, мінсіз болу қын шаруа. Ол кезеңнің өзінде де ауыр жұмыстан, жауапкершіліктен қашып, өзіне тиесілі еместі қолына басып қалуды қөздеген жандардың аз болмағандығын мойындауымыз керек. Ол тек бүгіндері гана қоленкелі іс қалыпты дүниес ретінде қабылданады. Ал, сол кезеңде облыстық партия қөшбасшысы, заң бойынша өмір сүргісі келмейтін, ұяты жоқ адамдармен аяусыз құрес жүргізді. Ондай жандарға ешбір кешірім болған жоқ. Қазір де Әуелбековтың қатаң және аяусыз болғанын әр жерден естүге болады. Бірақ, бұндай қатаңдықты ол тек арам жолмен пайда табуды ойладап, аяқ астына оратыла беретін жандарға гана көрсеткенін тағы бір атап еткім келеді. Ал, өз ісін адал атқарып, қогам иғілігі үшін пайдалы дүниелер жасағысы келетіндердің баршасына Еркін Нұржанұлы үлкен құрмет және жылылықпен қарады. Ондай жандарға ол ешқашан дауыс қөтерген емес, тіпті, оның кемшіл тұсын көрсету керек болған жағдайдың өзінде, аса бір байыппен, құлаған адамды қолынан демеп қөтеріп, қын жағдайдан шығуга көмектесердей етіп жасайтын. Бұл әдетте өз жемісін беретін. Өмір әркашан көп қырлы және қын. Бұрынғы және қазіргі қыннышылықтардың айырмашылығы олардың өзіндік ерекшелектерінде. Егер бұрын қалыптасқан мораль мен мінез-құлық нормалары шегінде әркім өзін жүзеге асыра алатын болса, енді бұл шенберлер адамгершілік қасиеттерді кездестірмей, тұлғаның ұмтылыстары соншалықты кен тарап, көп жағдайда қогам мүдделерінен тыс кетеді, бос және талапсыз қалады, жауапты жобалар мен бағдарламаларды іздеуге сирек түрткі болады. Өз іс-әрекетіне жауап бере білу – бұл адамдық дарын, оны баға жетпес құндылық ретінде бағалай білу керек. Сондықтан да осындай

адами қасиеттен айырылуды, қоғамның қайғы-қасіреті деп бағалаган жөн.

Әуелбеков бүкіл саналы өмірін халықта, қоғамдық мұдделерге адаптация мен көзмет етуге арнаған – бұл қазіргі заман талабына лайықты халықтың болашағы, қоғамды демократияландыру және жалпы ел егемендігін нығайту үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алған әкімдерге үлгі болуы қажет. Еркін Әуелбековтың жарқын есімі еліміздің тарихына берік еніп, Қазақстан Республикасының және бүкіл қазақ халқының игілігіне айналды. Себебі, халық даналығында, адамның тарихтағы орны таразымен емес, халық бағасымен өлшенеді деген сөз бар. Еркін Нұржанұлының отбасының шежіресі Орта жүздегі атақты Атығайдан бастау алады. Атығайдың он екі тармагынан ол Қалқаш руына жатады, одан біртіндеп Құдайберді-Құлымбет-Қошқұлы-Аманжол-Жәдік болып тарқайды. Жәдік-Әуелбектің атасы, Әуелбек Еркіннің атасы, Әуелбектен Еркіннің әкесі Нұржан тарады. Оның әкесі ҚазССР еңбек сікірғен мұғалімі болды. Сырымбет, Бірлестік орта мектептерінде және өзінің туған Жаңасу ауылының бастауыш мектебінде директор болып жұмыс істеді. Нұржан Әуелбековтың педагог және тәрбиеші ретіндегі ерекше қабілеттері туралы әр жылдары оның алдында осы ауылдың тумалары – Қазақстан Министрлер Кеңесінің бұрынғы тәрағасы Байкен Әшімов, география гылымдарының докторы, профессор Жандаев Мұқатай, а/ш гылымдарының докторлары Есенеев Токтар, Жандаев Мертай, сондай-ақ Сырымбет ауылынан шыққан бұрынғы Білім министрі К. Балахметов, Қазақстанның танымал мұсіншісі Досмағанбетовтердің білім алғандықтары айғақ. Өз кезінің дарынды ақыны, көрнекті саяси қайраткер Кәкімбек Салықов, Шымкент, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Рамазанов және тағы басқалары оның алдында оқыған. Педагогикалық қызметтегі үлкен еңбегі үшін Нұржан Ленин орденімен марапатталды. Еркін Нұржанұлы атаптап мектептерде оқып, орта мектепті алтын медальмен бітірді. Содан кейін бүкіл әлемге әйгілі Тимирязев атындағы Мәскеу а/ш академиясын үздік бітірді. Оның еңбек жолы өте қызықты және үйренуге тұрарлық. 23 жасында МТС бас агрономы лауазымында жұмыс істей бастады, 25 жасында егінді

совхоздың ең жас директоры атанды, 31 жасында, ол кезде сирек кездесетін жағдай болған, аудандық ауқымдағы мансаптың сатыны айналып етіп, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің бірінші орынбасары болды. 33 жасында - облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, 34 жасында - облыстық атқару комитетінің төрағасы. Ал 35 жасында ол республикалық деңгейге шығып, Қазақ ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары болады. 1967 жылдың сәуірінде оны Қаз.ССР астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі етіп тағайындалды. Жас жетекшінің жұлдызды сағаты 1968 жылдың наурыз айында келіп, оны Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады. Осылайша, 15 жыл бойы сегіз лауазымда қызмет атқарған ол, 37 жасында КОКП тарихында обкомның ең жас бірінші хатшысы, және қандай хатшысы болды! Көкшетау облысының тарихында 1944 жылдан 1997 жылға дейін, облыстың таратылуына дейін, 53 жыл ішінде облыс басшылығында облыстық партия комитетінің 16 бірінші хатшылары, облыс басшылары мен әкімдері болды, олардың ішінде 10 жылдан артық - тек Еркін Нұржанұлы ғана жұмыс істеді. Ол Көкшетау жерінде көрнекті мемлекет және саяси қайраткер деңгейіне дейін өсті. Дәл осы жылдары облыс өзінің құрылғаннан бері ең үлкен экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуына қол жеткізіп, бұрынғы КСРО облыстары арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша алғашқы ондыққа берік енді. Көкшетаулықтар осы онжылдықта, облыс орталығының заманауи әкімшілік және мәдени орталыққа айналғанын ешқашан ұмытпайды. КОКП ОК мүшесі, КСРО Жогарғы Кеңесінің депутаты, Социалистік Еңбек Ері, үш Ленин ордені, Октябрь революциясы ордені, үш Еңбек Қызыл Ту ордені және көптеген медальдары - оның еңбегіне, таланттына, ақылына, аса көрнекті ұйымдастырушылық қабілетіне деген лайықты құрмет. Сапарын 1968 жылы Көкшетау қаласында бастаған Е. Эуелбеков еңбек жолын 1978-1985жк. Торғай қаласында жалғастырды, содан кейін 1985-1989 жылдар аралығында Қызылорда облысында болды. Соңғы жылдары, өкінішке орай, «тоқырау дәуірінің» өкілдеріне уақыттың, дәуірдің, тіпті жеке тұлғалардың таңбаларын ілу сәнге айналды. Біздің замандастарымыз және осы мақалада сипатталған кейіпкер өмір

сүрген және жұмыс істеген жылдар «тоқырау уақыты», «Брежнев дәүірі» деп аталды. Және, тиісінше, осы кезеңде өмір сүрген және жанкешті еңбек еткен адамдар да осы анықтамаға еріксіз түседі. Жеке өзім бұнымен келіспеймін. Және де тарихшылар елдің тоқырауға ұшырауының өзге де сараптамалық анықтамаларын табады деп сенемін.

Ол жылдар туралы бұрын да бұгін де жүрт не деп айтсын, өзге өнірлерді қайдам, ал Қекшетау жеріне бұл сөздердің ешбір қатысы жоқ, болған де емес. Фактілерге сүйене отырып, алпысыншы жылдардың соңынан бастап жетпісінші жылдардың соңына дейін Қекшетау облысы осы он жыл бойы дамып, экономикалық тұрғыдан нығайып, адамдардың әл-ауқаты күрт жақсарып, олардың мәдениеті жоғарыладап, спорттық жетістіктердің пайда бола бастаганын нақты айта аламын. Мен бұның барлығы облыс басшылығында біздің жерлесіміз, дарынды ұйымдастыруши, сол кезеңнің көрнекті партия және мемлекет қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тұргандықтан болғанын қуана айтқым келеді. Ол өте жасампаз, еңбеккор, ұйымдастыруши және саясаткер ретінде ұлы адамдардың қатарына жатады.

Ол туган өлкенің ролі мен беделін, оған дейін көтерілмеген биіктеге көтере алған бірден-бір жан. Біздің бай тәжірибелі енді қолданылмайтыны, ал ауыл шаруашылығы құлдырап жатқандығы қандай өкінішті. Бұл үрдіс ұзаққа созылмай, біздің Қекше өнірі үздік наң өндірушісі ретінде өзін жақсы жағынан элі көрсетеді деп сенгім келеді. Уақыт... оған көп дүние тәуелді, ол кез келген басшының тарихтагы орнын айқындейды, сондай-ақ ол адамдар мен олардың көзқарастарын, ақылын, ересектігін қалыптастырады, ақиқатты тексереді. Оның қоршаган өмірімізді қалай өзгертетінін, тұтас ұрпақтардың еңбек жемісін жер бетінен жоютынын көру, неткен өкінішті. Бірақ ол адамдар туралы, әсіресе, Еркін Нұржанұлы Әуелбеков сынды жақсы атакқа лайық адамдар туралы естелікті өшіре алмайды.

Біздің замандастарымызға емес, жас шамасына қарай оны білмеген адамдар да осы үлкен ұйымдастыруши, көрнекті мемлекет және саяси қайраткер, қамкор және адал дос бола білген ұлы тұлға туралы жақсы акпараттандырылған. Оның есімі біздің жерімізде көптеген ұрпақтың жадында өмір сүре алады.

